ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN
OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№3/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Наваи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфиелд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан РеспубликасыАқпаратжәнеқоғамдықдамуминистрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.09.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфиелд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.09.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate ProfessorAlikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
P**imenova M.V.**	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan,Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.
Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».
The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022
Signed for printing 26.09.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house
Circulation 200. Price agreed. Order No. 89
Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АМИРОВА А.Б., БЕЙСЕНБАЙ А.Б., ШЫРЫН Х.	Қазақ, ағылшын тілдеріндегі «халық» ұғымының мақал-мәтелдердегі көрінісі	7
КАСПИХАН Б.К., СӘРСЕНБАЙ Ж.А., ИГИЛИКОВА С.И.	Тонықөк ескерткішінің графикалық және орфографиялық ерекшеліктері	19
КОПБАЕВА Ж.Т., АБДИРАСИЛОВА Г.Қ., БЕКЕНОВА Г.Ш.	Түркі ескерткіштері тіліндегі есімдіктер мен қазіргі түркі тілдеріндегі параллельдер: көне жұрнақтар негізінде	31
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ӘЛІМБЕК Г.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтел қолданысы	43
МЫРЗАБАЕВА Б.Д., АЛКЕБАЕВА Д.А., БАЕШОВА Б.Ш.	Қазіргі тіл біліміндегі «тіл» және «сөз» ұғымдарының арақатынасы, сөздің прагматикалық мәні	64
НУСУПОВА А.Ж., ТОҚТЫБАЕВА Ж., КУРМАНБЕКОВА З.Р.	Қазақ тіліндегі гибрид сөздер: жасалуы және қолданысы	78
ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Этномәдени компоненттің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы орны	88
РАМАЗАНОВ Т.Б., СОЛТАНБЕКОВА А.Ә., ШОРТАНБАЕВ Ш.А.	Мектеп оқулықтары терминдерінің тілдік ерекшелігі («Құқық негіздері» пәні мысалында)	99

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә.	Есенғали Раушановтың «1932 жыл. Қазақстан» өлеңінде аштық зұлматының бейнеленуі	117
AMANKULOVA L.A., ZHALGASBAYEVA K.B.	Manifestations of national mentality in contemporary kazakh poetry	126
BAILIYEVA U.B., DADEBAEV ZH., DAUTOVA B.D.	The degree of equivalence in translating the concept of “qairat” (willpower) in A. Kunanbayev’s works	134
БАЙТУРИНА У.К., ШОМАНОВА Г.К.	Американский текст Ф. Достоевского. Идея и сюжет как открытия реализма	147

КЕМЕҢГЕР Қ.Р., ЖҰМАҒҰЛ С.Б.	Мағжан Жұмабайұлының «Ертегі» поэмасы: тарихи және көркемдік шындық	155
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., ҚАМАРОВА Н.С., ШОҚАЙ М.Т.	Әбіш Кекілбайұлы – публицист	164
МӘДІБАЕВА Қ.Қ., МАҒАЗБЕКОВ Н.Ж., РАХМАНОВА Н.М.	Абайдың ақындық кітапханасы: ортағасырлық түркі поэзиясы дәстүрі	177
ТОҚТАР Г.М.	Тәуелсіздік идеясы алаш қаламгерлерінің басым бағыты	187

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BAZARBEKOVA D.M., ADILOVA ZH.K., SAMSENOVA G.S.	Application of precedent texts in russian language lessons	198
BEISENBAYEVA L.ZH.	Assessing students' oral proficiency in cooperative learning (cefr framework)	209
КҮЗЕМБЕКОВА Ж.Ж., ДЕМЕСИНОВА Ж.О.	Айтылым субтестілерінің құрылымы мен бағалау жүйесі	217

ҒТАМР 16.01.09
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.01

А.Б. АМИРОВА[1]
***А.Б. БЕЙСЕНБАЙ**[2]
Х. ШЫРЫН[3]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[1,2]
Еге университеті, Измир, Түркия [3]
(e-mail: aika210683@mail.ru[1], ardak_beisenbay@enu.kz[2], hatice.sirin@ege.edu.tr[3])

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «ХАЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі «халық» ұғымының мақал-мәтелдердегі көрінісі талданады. Екі халықтың дүниетанымы мен рухани құндылықтары мақал-мәтелдерде қалай бейнеленетіні салғастырмалы түрде қарастырылады. Зерттеу барысында «халық» ұғымының ұжымдық бірлік, әділдік, рухани күш және мәдени мұра ретіндегі рөлі анықталады. Қазақ мақал-мәтелдері халықтың ұжымдық санасын, ортақ құндылықтарын дәріптесе, ағылшын мақал-мәтелдері жеке тұлға мен қоғамның өзара байланысына негізделген. Зерттеу барысында салғастырмалы талдау, сипаттамалы әдіс, мәнмәтіндік талдау, этнолингвистикалық талдау тәсілдері қолданылды. Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінде халықтың бірлігі, билікке деген көзқарасы, әділдік пен еңбекке қатысты ұстанымдары салғастырмалы түрде талданды. Нәтижесінде екі халықтың тарихи-мәдени ерекшеліктеріне байланысты мақал-мәтелдердің мазмұндық айырмашылықтары анықталды.

Зерттеу нәтижелері мәдениетаралық зерттеулерге, тіл үйрету әдістемесіне, этнолингвистика, әлеуметтану салаларына практикалық негіз бола алады. Бұл зерттеу қазақ және ағылшын тілдерінің паремиологиялық қорындағы «халық» ұғымының лингвомәдени ерекшеліктерін анықтауға, олардың құрылымдық, семантикалық және прагматикалық сипаттарын ашуға бағытталған.

Түйін сөздер: паремиология, лингвомәдениеттану, халық ұғымы, салғастырмалы талдау, мақал-мәтел.

Кіріспе. Мақал-мәтелдер – халықтың өмір тәжірибесін, дүниетанымын, рухани құндылықтарын жинақтаған тілдік бірліктердің бірі. Мақал-мәтелдер ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сананың көрінісі ретінде халықтың әлеуметтік-мәдени ұстанымдарын бейнелейді. Әсіресе «халық» ұғымы мақал-мәтелдерде қоғам құрылымы, билік пен әділдік, бірлік пен ынтымақ, еңбек пен даналық секілді негізгі категориялар арқылы көрініс табады. Жаһандану дәуірінде мәдениеттер мен тілдер арасындағы өзара түсіністікті дамытуда мақал-мәтелдерді зерттеудің маңыздылығы арта түсуде. Тіл мен мәдениет өзара тығыз байланыста болғандықтан, әр ұлттың дүниетанымы оның тілдік бірліктерінде, соның ішінде мақал-мәтелдерінде айқын көрінеді. Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі «халық» ұғымының көрінісін зерттеу екі түрлі мәдениеттің дүниетанымдық негіздерін салғастыру арқылы олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінде «халық» ұғымының қандай рөл атқаратыны, оның қоғамдағы орны, билікке, әділдікке, бірлік пен еңбекке қатысты мағыналық ерекшеліктері анықталады. Бұл мақал-мәтелдердің семантикалық,

құрылымдық және прагматикалық сипаттарын зерттеу арқылы халықтың дүниетанымдық ерекшеліктері айқындалады.

Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдер арқылы «халық» ұғымының ерекшеліктерін анықтап, олардың ұжымдық сана мен рухани құндылықтарды бейнелеудегі рөлін талдау. Осы мақсатқа жету үшін зерттеуде салғастырмалы талдау, сипаттамалы әдіс, мәнмәтіндік талдау тәсілдері қолданылды. Зерттеудің өзектілігі – халық даналығын сақтаған мақал-мәтелдер тек тарихи мұра ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен құндылықтарды жеткізуші құрал ретінде мәдениетаралық зерттеулерде, тіл үйрету әдістемесінде және этнолингвистикада маңызды орын алатынында. Сонымен қатар бұл зерттеу ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған мәдени жобаларға да негіз бола алады.

Мақал-мәтелдерхалықданалығыменшешімдерінің,таңдауларыменқұндылықтарының үлгісі ретінде тіл білімінің ерекше зерттеу нысанына айналған. *Лингвистикалық* тұрғыдан олар фразеология аясында қарастырылып, кейін тіл біліміндегі жаңа бағыттардың дамуына байланысты паремиология саласында қарастырыла бастады. Бұл саладағы зерттеулердің негізгі мақсаты – мақал-мәтелдердің құрылымдық, семантикалық, прагматикалық ерекшеліктерін анықтап, олардың қоғамдағы, мәдениеттегі және қарым-қатынастағы қызметін зерделеу.

Қазақ паремиологиясы Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай т.б. ғалымдардың еңбектерінен бастау алады. Ал мақал-мәтелдердің тіл білімінде зерттелуі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқын алды. Бұл бағыттағы көлемді еңбектердің бірі – М. Әлімбаевтың «Өрнекті сөз – ортақ қазына» атты еңбегі. Бұл зерттеуде автор мақал-мәтелдердің мағыналық құрылымына, олардың халық даналығы мен тәжірибесін бейнелеудегі ерекшеліктеріне тоқталады [1]. Р. Сәрсенбаев «Қазақ мақал-мәтелдерінің *лексика*-семантикалық ерекшеліктері» атты диссертациясында мақал-мәтелдердің құрылымы мен олардың семантикалық өрісін сипаттайды [2]. Ә. Қайдар «Халық даналығы» еңбегінде мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын қарастырып, олардың ұлттық мәдениеттегі орнын анықтайды [3]. Ж. Исаева «Дүниенің паремиологиялық бейнесі» зерттеуінде мақал-мәтелдерді әлемнің тілдік бейнесімен байланыстыра қарастырса [4], Б. Динаева «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі» атты еңбегінде олардың прагматикалық қолданысына назар аударады [5]. Сонымен қатар Ш. Қарсыбекова мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеп, олардың ұлттық дүниетаным мен тілдік бірліктер жүйесіндегі рөлін қарастырды [6].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Әлемдік *лингвистикада* мақал-мәтелдерге қатысты зерттеулер де кеңінен жүргізілуде. Мақал-мәтелдерді прагматика, стилистика, когнитивті *лингвистика* тұрғысынан зерттеу қазіргі заманғы тіл білімінде маңызды орын алады. Ж. Вида өз зерттеулерінде мақал-мәтелдердің прагматикалық ерекшеліктерін қарастырса [7], Г. Нахбергер (2002) мақал-мәтелдердің сөйлеу әрекетін түзудегі рөлін талдайды [8]. М. Эйкелмен (2007) мақал-мәтелдердің саяси пікірлер мен халықтық стереотиптерді қалыптастырудағы орнын зерттейді [9], Бургер (2010) мақал-мәтелдердің әлеуметтік қызметі мен мәдени құндылықтарды бейнелеудегі рөлін қарастырады [10]. Ағылшын тіл білімінде мақал-мәтелдер көбіне олардың прагматикалық, стильдік, қоғамдық-мәдени, когнитивтік ерекшеліктерін сипаттау тұрғысынан зерттеледі. Мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметі олардың коммуникациядағы орнын, қолданылу ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Сондай-ақ ағылшын мақал-мәтелдері ұлттық таным мен мәдениеттің көрінісі ретінде қарастырылып, олардың халықтың өмір сүру салты мен ойлау жүйесін бейнелеудегі маңыздылығы талданады.

Қазақ және ағылшын паремиологиясын салғастырмалы зерттеулерде мақал-мәтелдердің құрылымдық, мағыналық, прагматикалық және этнолингвистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Бұл бағытта мақал-мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, олардың ұлттық ерекшеліктерін анықтау маңызды рөл атқарады.

Мысалы, қазақ мақал-мәтелдері көбіне табиғатпен, көшпелі өмір салтымен байланысты болса, ағылшын мақал-мәтелдері индустриалды қоғам мен урбанизацияның ықпалымен қалыптасқан.

Зерттеуде қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі «халық» ұғымының ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу барысында салғастырмалы талдау, сипаттамалы әдіс, мәнмәтіндік талдау, этнолингвистикалық талдау тәсілдері қолданылды. **Салғастырмалы талдау әдісі** қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердегі «халық» ұғымының мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін салыстыру үшін қолданылды. **Сипаттамалы әдіс** мақал-мәтелдердің мағыналық ерекшеліктерін анықтау және олардың лингвомәдени мәнін ашу мақсатында пайдаланылды. **Мәнмәтіндік талдау тәсілі** мақал-мәтелдердің қолданылу ерекшеліктерін қарастыру және олардың мағыналық реңктерін анықтау үшін жүргізілді. **Этнолингвистикалық тәсіл** қазақ және ағылшын халықтарының дүниетанымын мақал-мәтелдер арқылы салыстыру үшін пайдаланылды. Зерттеудің материалдары ретінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдер корпусы пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері қазақ және ағылшын халықтарының мәдени құндылықтарын салыстыра отырып, «халық» ұғымының ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін мәдениетаралық қарым-қатынастарды зерттеуде, тіл үйрету әдістемесінде қолдануға болады.

Талқылау мен бақылау. Мақал-мәтелдер ойлаудың тарихи үлгісі бола отырып, халық тәжірибесінің сөз нұсқасын құрайды. Яғни белгілі бір қоғамдық орта мен биліктің қарамағында, бір аймақта өмір сүрген әлеуметтік топтың түрлі шешімдерінің сөзге айналуы немесе тілде сақталуы мақал-мәтелдердің қалыптасуына алып келеді. Сонда мақал-мәтелдер – түрлі таптаурындар мен үнемі қайталанып отыратын дәстүрлі түсініктердің жиыны. Халықтық пікірге айналмаған сөз мақал бола алмайды. Өйткені мақал тек сөйлеуде өмір сүреді және онда ғасырлық тәжірибеге негізделген ойлардың көрінісі жинақталады [11, 211]. Мақал-мәтелдерді тудырушы халық болғандықтан, ондағы жинақталған ой-пікірлер қоғамдық өмірмен тікелей байланысты. Қазақ, ағылшын тілдерінде қалыптасқан мақал-мәтелдерде адам, қоғам, әлеумет тақырыптары басты тақырыптардың бірі саналады. Өйткені адам жеке дара өмір сүре алмайды. Белгілі бір топтың, қоғамның арасында өмір сүргендіктен, сондағы көрген-білгені, түйгені мен түйсінгенін мақалға айналдырады. Сондықтан қазақ, ағылшын паремиологиясында «халық»/«people (nation)» ұғымы маңызды орын алады.

«Халық» ұғымының қазақ, ағылшын тілдеріндегі түсіндірмесіне назар салайық. Халық – белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны. Ел-жұрт, көпшілік, бұқара [12, 885]. People. All the men, women, and children who live in a particular country, or who have the same culture or language (белгілі бір елде тұратын немесе мәдениеті, тілі бірдей ерлер, әйелдер және балалар тобы) [13]. Nation. A country, especially when thought of as a large group of people living inone arewith their own government, language, traditions, etc (үкіметі, тілі, дәстүрі бір, бір аймақта тұратын адамдар тобы) [13]. Ағылшын тіліндегі «people» лексемасы «адам» сөзінің көпше түрінде келіп, көпшілік, қауым деген мағынаға саяды. Ал «nation» сөзін қазақ тілінде «ұлт» сөзімен баламалау үдерісі бар. Алайда бұл сөздің берілген анықтамасына сәйкес қазақ тіліндегі «ұлт» сөзімен тең түспейтіні көрінеді. Қазақ қоғамында «ұлт» сөзі «этнос» сөзінің бір баламасы ретінде қолданылады. Сонда ағылшындықтар үшін «nation» сөзі белгілі бір жүйеде, басқаруда, аймақта өмір сүретін әлеуметтік ортаны құрайды. Д. Қалиев, А. Вентсель ұлт құрылының XIX ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқандығын айта отырып, Геллнердің пікірін келтіреді: «Екі адам бір-бірінің бір ұлтқа жататынын мойындаған жағдайда ғана олар бір ұлтқа жатады. Басқаша айтқанда, ұлтты адам құрайды. Ұлт – адам сенімдері мен құндылықтарының жемісі» [14, 105]. Демек ұлт болу үшін бір қоғамдық құрылыс мүшелері ортақ құндылықтар мен ортақ мәдениетке бірігуі керек. Бір мемлекет ортақ құндылыққа біріккенде ондағы халық (этносына қарамай) ұлт құрайды. Сонда біздің ұлт ұғымымыз бен ағылшын тіліндегі ұлт ұғымының арасында айырмашылық бар. Бұл мақал-мәтелдерден

де анық көрінеді. Өйткені ағылшын тілінде бір мемлекетте өмір сүретін адамдар тобы «nation» лексемасымен беріледі.

Қазақ тіліндегі «халық» ұғымы түрлі лексемалар арқылы беріледі. Мысалы, ел, жұрт, халық, бұқара, қараша, қауым, көпшілік т.б. Ал ағылшын тіліндегі «nation» сөзі people, race, folk т.б. лексемаларымен мазмұндас келеді. **Қазақ тіліндегі «халық» сөзі көбіне этникалық-мәдени, тарихи тұрғыдан қолданылса, ағылшын тіліндегі «nation» сөзі көбіне саяси және мемлекеттік құрылыммен байланысты қолданылады. Қазақ, ағылшын тілдеріндегі «халық» ұғымына қатысты мақал-мәтелдерді талдай отырып, оларды мағыналық топтарға бөлдік: халық билік пен әділдік өлшемі ретінде;** халық бірлігі елдің күші ретінде; **халық ұжымдық даналықтың иесі ретінде;** ұжымдық еңбек елдің өркендеуінің негізі ретінде. Төменде әр топқа жеке-жеке тоқталып өтеміз.

Халық билік пен әділдік өлшемі ретінде. Бұл топтағы мақал-мәтелдер халықтың биліктің қайнар көзі екенін және әділдіктің негізі халықтың пікіріне тәуелді екенін көрсетеді. Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдері халықтың рөлі мен биліктің заңдылығын анықтауда ұқсас ұстанымдарды көрсетеді. Екі мәдениетте де халықтың пікірі мен шешімі әділдік пен мемлекеттің болашағын анықтайтын негізгі фактор ретінде саналады.

1-кесте. Халық билік пен әділдік өлшемі ретінде

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде	*Лингвомәдени мәні*
Халық сөзі – қаһарлы.	**The voice of the people is the voice of God.**	Екі мәдениетте де халықтың пікірі ақиқаттың өлшемі ретінде көрінеді. Бұл демократиялық және әділетті қоғам ұстанымдарын көрсетеді.
Халық ұйғарса, хан түйесін сояр.	**What is right for the people, is right for the nation.**	Халықтың қалауы заңнан да биік деген идеяны білдіреді. Қазақ тілінде ханға бағыныштылық айқын болса, ағылшын тілінде халықтың ұжымдық құқығы басымырақ.
Хан – қарақшы, халық – сарапшы.	**A crown does not make a king, the people do.**	Биліктің заңдылығын тек халық анықтайды деген тұжырымды білдіреді.
Халық – кеуде, патша – бас.	**The people make the nation, not the land.**	Мемлекеттің басты күші – халық, билеуші тек басқарады.

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, қазақ мақал-мәтелдерінде хан мен халықтың арақатынасы нақты көрінеді. Ал ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер демократиялық принциптерге сүйенеді. Қазақ мақал-мәтелдерінде «халық» сөзі көбіне «хан» (билеуші) сөзімен қатар қолданылып, екі ұғымның қарама-қарсы мәнде тұратынын көрсетеді. Мысалы, *Хан – қарақшы, халық – сарапшы; Халық – кеуде, патша – бас.* Бұл мақал-мәтелдерде «хан» және «патша» сөздері билеушіні білдірсе, «халық» мемлекеттің негізгі тірегі ретінде сипатталады. Сонымен қатар «сарапшы» (бағалаушы, шешім қабылдаушы) және «кеуде» (тұлға, дененің негізгі бөлігі) сөздері халықтың маңыздылығын көрсетеді. Ағылшын мақал-мәтелдерінде «voice» (дауыс) және «people» (халық) сөздері басты мағынаға ие. Ағылшын тілінде халықтың билікке әсері олардың «даусы» арқылы беріледі, ал қазақ мақал-мәтелдерінде халықтың әрекеті мен шешімі маңызды рөл атқарады. Қазақ мақалдары іс-әрекетке бағытталған («хан түйесін сояр» – нақты әрекет), ал ағылшын тіліндегі мақалдар көбіне жалпы ережелер мен философиялық тұжырымдарға негізделген. Екі тілде де халық биліктің көзі ретінде қарастырылады. Қазақ тілінде «*халық – сарапшы*», ал ағылшын тілінде «*people make the nation*» деген ой айтылады. Демократиялық құндылықтар екі тілдегі мақал-мәтелдерде де көрініс табады. Қазақ мақалдарында ханның жеке тұлға ретінде сипатталуы айқын (*хан түйесін сояр*), ал ағылшын тілінде билеуші көбіне абстрактілі билік символы ретінде беріледі (*A crown does not make a king*).

Халық бірлігі елдің күші ретінде. Бұл топтағы мақал-мәтелдер халықтың бірлігі мен ынтымағының маңыздылығын көрсетеді. Халықтың бірлігі мен ынтымағы кез келген мемлекеттің тұрақтылығы мен өркендеуінің негізгі факторы саналады. Бұл ұғым қазақ және

ағылшын халықтарының даналық сөздерінде айқын көрініс тапқан. Әр ұлттың мәдениеті мен тарихи тәжірибесі мақал-мәтелдер арқылы беріледі, сондықтан оларды салыстыра, салғастыра талдау арқылы халықтың құндылықтары мен дүниетанымын түсінуге болады.

2-кесте. Халық бірлігі елдің күші ретінде

Қазақ тілінде	**Ағылшын тілінде**	***Лингвомәдени мәні***
Бірлік бар жерде тірлік бар.	**United we stand, divided we fall.**	Екі тілде де ұлттың бірлігі елдің тұрақтылығын қамтамасыз ететінін көрсетеді.
Халық бірлігімен күшті.	**Strength lies in numbers.**	Көпшілік топтың бірлігі күш беретіні туралы идеяны білдіреді.
Жақсыны халық мақтар, жаманды халық даттар.	**The people united will never be defeated.**	Халық біріксе, жеңілмейтінін көрсетеді.

Кестеде көрсетілгендей, қазақ мақал-мәтелдерінде «бірлік» ұғымы халықтың ұжымдық күші мен елдің тұрақтылығының негізі ретінде сипатталады. Бұл ұғым көбіне «халық» сөзімен байланысып, бірліктің маңыздылығын көрсетеді. Мұндай мақал-мәтелдерде «бірлік» (ынтымақ, тұтастық) және «халық» (қауым, ел) ұғымдары негізгі мағыналық орталық саналады. Ағылшын мақал-мәтелдерінде «united» (біріккен), «strength» (күш), «people» (халық) сөздері басты мағынаға ие. Бұл лексемалар қазақ тіліндегі «бірлік», «күш», «халық» ұғымдарымен мағыналас келеді. Сонымен қатар ағылшын мақалдарында халықтың бірлігі жеңіске жетудің басты шарты ретінде қарастырылады. «*Бірлік бар жерде тірлік бар» мақалында* шартты мағына бар. Яғни бұл даналық сөзде бірлік болған жағдайда ғана өмір сүру мүмкін деген ой жеткізіледі. Ал ағылшын тіліндегі «*United we stand, divided we fall» мақалында* «united» (біріксек) және «divided» (бөлінсек) сөздері қарама-қарсы мағынада қолданылып, антонимдік байланыс жасайды. Қазақ мақалында нақтылық басым болса, ағылшын мақалында салыстырмалы құрылым жиі кездеседі. «*Strength lies in numbers» мақалында* «in numbers» (көпшілікте, санда) тіркесі арқылы бірліктің артықшылығы айқындалады.

Екі тілде де халықтың ұжымдық күші ерекше рөл атқарады. Мемлекеттің тұрақтылығы халықтың бірлігіне тікелей байланысты деген түсінік беріледі. Бұл ұқсастықтар халықтардың тарихи тәжірибесінің ұқсас екенін және олардың қоғамдағы татулық пен ынтымақты жоғары бағалайтынын көрсетеді.

Қазақ мақал-мәтелдерінде халықтың бірлігі тіршілік пен өмір сүрудің негізгі шарты ретінде қарастырылады (*Бірлік бар жерде тірлік бар*), ал ағылшын тіліндегі мақалдарда бірлік күш пен жеңістің кепілі ретінде көрсетіледі (*The people united will never be defeated*). Қазақ мақалдары нақты өмірлік жағдайларды сипаттауға бағытталған (мысалы, тіршілік, халықтың іс-әрекеті), ал ағылшын мақалдары жалпы қағидаларды білдіреді. Қазақ тілінде халық бірлігі табиғи қасиет ретінде қарастырылса, ағылшын тілінде бұл мақсатты түрде қол жеткізілетін әрекет ретінде сипатталады. Қазақ халқының көшпелі мәдениетінде бірліктің маңыздылығы өмір сүру мен тіршілік ету қажеттілігіне негізделсе, ағылшын мәдениетінде бірлік әлеуметтік-саяси күш ретінде сипатталады.

Халық ұжымдық даналықтың иесі ретінде. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерде халық даналығы мен көпшілік пікірінің маңыздылығы туралы түсінік кеңінен таралған. Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінде халық даналығының маңыздылығы айқын көрініс табады.

3-кесте. Халық ұжымдық даналық иесі ретінде

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде	Лингвомәдени мәні
Халық – қапысыз сыншы.	**The wisdom of the crowd is greater than the wisdom of one.**	Ұжымдық ақыл бір адамның ақылынан жоғары деген идеяны көрсетеді.
Қанша білгіш десе де, халық сүймес арсызды.	**Wisdom is in the crowd.**	Көпшілік даналықтың қайнар көзі деген түсінікті білдіреді.

Қазақ мақал-мәтелдерінде халықтың даналығы ұжымдық тәжірибеге негізделетіні айқын көрінеді. Кестеде берілген мақалдар-мәтелдердегі «қапысыз» (қателеспейтін, әділ), «сыншы» (бағалаушы), «білгіш» (ақылды адам) және «арсыз» (ұятсыз, әдепсіз) сөздері халықтың сыншылдығы мен әділ бағасын көрсетеді. Қазақ танымында халықтың пікірі ең жоғарғы моральдық өлшем ретінде қарастырылады. Ағылшын мақалдарында «wisdom» (даналық), «crowd» (көпшілік) және «greater» (жоғарырақ, артық) сөздері арқылы халықтың ұжымдық пікірі мен тәжірибесінің бір адамның ақылынан күштірек идеясы көрініс табады. Бұл тұжырым қазақ мақалдарындағы халықтың әділ сыншысы ретіндегі рөлін еске түсіреді.

Лингвомәдени жағынан алғанда екі тілде де халықтың пікірі жеке адамның ақылынан жоғары қойылады. Қазақ мақалдарында халықтың пікірі тек даналық көзі ғана емес, сонымен бірге моральдық-этикалық өлшем ретінде де көрініс табады. Әлеуметтік және моральдық құндылықтар екі мәдениетте де халықтың пікірі арқылы анықталады. Қазақ мақал-мәтелдерінде халықтың даналығы тек теориялық емес, сонымен қатар моральдық тұрғыдан бағаланатын өлшем болып саналады. Мысалы, *«халық сүймес арсызды»* мақалында халықтың әділеттілігі мен моральдық құндылықтары көрінеді. Ал ағылшын мақал-мәтелдерінде бұл аспект айқын көрінбейді, олар тек ақыл мен тәжірибеге сүйенеді. Қазақ тіліндегі мақалдар көбіне этикалық нормаларды қалыптастырады, ал ағылшын тілінде олар өмірлік тәжірибеге негізделеді. Қазақ мақал-мәтелдерінде халықтың пікірі жеке тұлғаның әлеуметтік қабылдануы үшін шешуші фактор ретінде қарастырылады. Ал ағылшын паремиологиясында халықтың пікірі тек ұжымдық даналық тұрғысынан қарастырылады.

Ұжымдық еңбек елдің өркендеуінің негізі ретінде. Қазақ және ағылшын халықтарының даналық сөздерінде ұжымдық еңбектің және қоғамның бірлігі мен ынтымақтастығының маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Екі мәдениетте де жеке адамның жетістігі мен қоғамның табысы бірлескен еңбек пен ортақ жауапкершіліктің нәтижесі ретінде қарастырылады.

4-кесте. Ұжымдық еңбек елдің өркендеуінің негізі ретінде

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде	Лингвомәдени мәні
Көп түкірсе – көл болады.	**Many hands make light work.**	Ұжымдық еңбек үлкен жетістікке жетелейтіні көрсетілген.
Ауыл болсаң, қауым бол.	**It takes a village to raise a child.**	Қоғамдастықтың бірлескен жауапкершілігі маңызды екені айтылады.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде ұжымдық еңбектің құндылығы бейнелі әрі нақтылы түрде сипатталады. Кестедегі мақал-мәтелдерде «көп» (ұжым, көпшілік), «түкірсе» (әрекет ету), «көл» (нәтиже) және «ауыл» (қоғам, қауымдастық) сөздері «халық» семантикалық өрісінің негізін құрайды. Ағылшын мақал-мәтелдерінде «many hands» (көп қол), «village» (ауыл), «raise a child» (баланы тәрбиелеу) сөздері арқылы ұжымдық жұмыстың, жауапкершіліктің және қоғам рөлінің маңыздылығы көрсетіледі.

Қазақ және ағылшын мәдениеттерінде ұжымдық еңбек пен қоғамның ынтымақтастығы үлкен жетістіктерге жетудің маңызды шарты ретінде қарастырылады. Екі тілдегі мақал-

мәтелдер де көпшіліктің бірлескен жұмысы арқылы жеке адамның немесе қоғамның табысқа жететінін көрсетеді. Қоғамдағы тәрбие мен ортақ жауапкершілік қазақ және ағылшын паремияларында ұқсас мағынада сипатталған. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер метафоралық құрылымдарға (тамшылардың көлге айналуы) көбірек сүйенеді, ал ағылшын тілінде нақты әрекетке негізделген құрылымдар қолданылады (Many hands make light work).

Қазақпаремияларықауымдастықтыңбіртұтастығынкөрсетуүшіншарттықұрылымдар мен себеп-салдар байланыстарын пайдаланады (Ауыл болсаң, қауым бол), ал ағылшын мақал-мәтелдерінде «it takes» сияқты құрылымдар арқылы қажеттілік баса айтылады (It takes a village to raise a child). Бұл мақал-мәтелдер қазақ мәдениетінің табиғатпен тығыз байланысын және ұжымдық еңбектің табиғи үдерістермен теңестірілуін көрсетеді, ал ағылшын мәдениетінде қоғамның функционалды рөліне баса назар аударылады.

Халық және билік арасындағы қарым-қатынас. Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы көбіне билік пен халықтың қарым-қатынасына байланысты. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерде халық пен басшы арасындағы өзара байланыс және олардың ел болашағына тигізетін әсері айқын көрініс табады. Екі мәдениет те басшының әділдігі мен халықтың жағдайының мемлекеттің күш-қуаты үшін шешуші фактор екенін ерекше атап өтеді.

5-кесте. Халық пен биліктің қарым-қатынасы

Қазақ тілінде	**Ағылшын тілінде**	***Лингвомәдени мәні***
Ханды Құдай ұрайын десе, қарашысымен қас болар.	**One rotten apple spoils the whole barrel.**	Жаман басшы халықты бүлдіреді деген идеяны білдіреді.
Патша залым болса, жұрт тозады, патша ғалым болса, жұрт озады.	**A nation's strength is in its people.**	Мемлекеттің күші – халықтың жағдайына байланысты.

Жоғарыда берілген кестеден байқағанымыздай, қазақ мақал-мәтелдерінде хан мен халық бинарлы оппозиция ретінде «хан» (билеуші), «Құдай» (жоғары күш), «қараша» (қарапайым халық), «патша» (билеуші), «жұрт» (ел, халық) лексемалары арқылы беріледі. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер билеушінің әділетсіздігі халықтың күйреуіне әкелетінін және әділ басшы мемлекеттің өркендеуін қамтамасыз ететінін көрсетеді. Ағылшын мақалдарында «rotten apple» (шіріген алма) және «barrel» (бөшке) арқылы басшының теріс қасиеті бүкіл қоғамға зиян тигізетінін білдіретін метафора қолданылған. Ал «nation's strength» (ұлттың күші) және «people» (халық) сөздері мемлекеттің болашағы оның халқына байланысты екенін көрсетеді.

Салыстыру түрінде берілген «*One rotten apple spoils the whole barrel*» мақалында «one rotten apple» (бір шіріген алма) билеушіні, ал «whole barrel» (бүкіл бөшке) мемлекетті білдіреді. Ағылшын мақалында қазақ мақал-мәтелдері секілді себеп-салдарлық байланыс бар, бірақ қазақ тілінде ол нақты адамға бағытталған болса, ағылшын тілінде жалпылама метафора қолданылады.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінде билеушінің мінезі мен әрекеттері халықтың жағдайына тікелей әсер ететіні көрсетіледі. Екі мәдениет те басшының әділ болуы мемлекет тұрақтылығының кепілі екенін ерекше атап өтеді. Мемлекет тек басшының ғана емес, бүкіл халықтың бірлескен әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Қазақ тіліндегі мақалдарда билеушінің жеке қасиеттері (залым, ғалым) мен оның халыққа әсері нақты түрде көрсетіледі (*Патша залым болса, жұрт тозады*). Ағылшын тілінде бұл түсінік жанама түрде беріледі (*One rotten apple spoils the whole barrel*).

Сонымен, қазақ және ағылшын мақал-мәтелдердегі «халық» ұғымының сипатын төмендегі ассоциациялық сызба арқылы көрсетуге болады:

1-сурет. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «халық» ұғымының ассоциациясы



2-сурет. Ағылшын мақал-мәтелдеріндегі «халық» ұғымының ассоциациясы



Нәтижелер. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерде **«халық»** және **«nation»** ұғымдары халықтың қоғамдағы рөлі, бірлігі, әділеттілігі, еңбегі, даналығы мен билікке ықпалы тұрғысынан сипатталады. Бұл зерттеу барысында екі мәдениетте де халық мемлекеттің негізгі тірегі екені және оның бірлігі, әділдігі мен даналығы елдің тұрақтылығы мен дамуына шешуші ықпал ететіні анықталды.

Қазақ және ағылшын халықтарының мақал-мәтелдерінде **халықтың бірлігі мен ынтымағы** негізгі құндылық ретінде қарастырылады. Қазақ мақал-мәтелдерінде бірлік өмір сүрудің және тұрақтылықтың басты шарты ретінде көрсетіледі (*«Бірлік бар жерде тірлік бар»*), ал ағылшын мақалдарында бірлік ұлттың күші мен жеңіске жетудің басты факторы ретінде беріледі (*«United we stand, divided we fall»*). Мақал-мәтелдер халықтың **әділеттілік пен даналықтың иесі** екенін көрсетеді. Қазақ тіліндегі мақалдарда халықтың пікірі

ұжымдық даналықтың көзі ғана емес, сонымен бірге моральдық және этикалық өлшем ретінде де қарастырылады (*«Халық – қапысыз сыншы»*). Ағылшын мақалдарында халықтың пікірі ұжымдық тәжірибеге негізделген даналық ретінде сипатталады (*«The wisdom of the crowd is greater than the wisdom of one»*). Бұл қазақ мақалдарында халықтың әділдігі мен билікке ықпалына басымдық берілсе, ағылшын мәдениетінде халықтың ұжымдық шешім қабылдау қабілетіне ерекше мән берілетінін көрсетеді. **Ұжымдық еңбек пен қоғамдағы жауапкершілік** те екі мәдениетте маңызды орын алады. Қазақ мақал-мәтелдері еңбектің маңыздылығын табиғи заңдылықтармен байланыстырады (*«Көп түкірсе – көл болады»*), ал ағылшын мақалдары еңбектің ұйымдасқан түрде болуының маңыздылығын көрсетеді (*«Many hands make light work»*).

Қорытынды. Қазақ тіл біліміндегі мақал-мәтелдерге қатысты зерттеулер салыстырмалы, салғастырмалы және сипаттамалы бағыттарда жүргізіліп, олардың тақырыптық топтамалары, логикалық құрылымы, жасалу ерекшеліктері зерделенді. Бұл зерттеулердің негізгі бағыты – мақал-мәтелдердің лексика-семантикалық сипатын анықтап, олардың халық тәжірибесіндегі орнын белгілеу. Сонымен қатар қазіргі таңда мақал-мәтелдер когнитивті лингвистика, прагмалингвистика, ұлттық код және когнитивті модельдер тұрғысынан зерттеліп, олардың коммуникативтік қызметі мен мәдени құндылықтар жүйесіндегі орны айқындалуда. Әсіресе, билік пен халықтың қарым-қатынасы қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінде ерекше орын алады. Қазақ мақалдарында билеушінің әділдігі мен халықтың оған деген қарым-қатынасы нақты сипатталады (*«Патша залым болса, жұрт тозады, патша ғалым болса, жұрт озады»*), ал ағылшын мақал-мәтелдерінде билік пен халықтың өзара байланысы метафоралық түрде беріледі (*«One rotten apple spoils the whole barrel»*). Қазақ мәдениетінде халық пен билік арасындағы байланыс тікелей сипатталса, ағылшын мәдениетінде бұл ұғым кең мағынада, жүйелі құрылым арқылы көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі **«халық»** және **«nation»** ұғымдарының мәдени, әлеуметтік және тарихи ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Екі мәдениет те халықтың қоғамдағы рөлін, оның мемлекеттің негізі екенін көрсетеді. Қазақ мәдениетінде халық ұжымдық күш, әділеттіліктің қайнар көзі, ал ағылшын мәдениетінде халық демократиялық қоғамның негізі, билік пен мемлекеттің маңызды факторы ретінде қарастырылады. Бұл зерттеу екі мәдениет құндылықтарын салғастырып, олардың тарихи ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді

Әдебиеттер

1. Шойманова М. Қазақ тіліндегі гендерлік қатынасқа байланысты мақал-мәтелдердің дүниетанымдық сипаты // Қазақстанның ғылыми әлемі, 2013. – Б. 7-11.

2. Сәрсенбаев Р. Қазақ мақал-мәтелдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері. фил.ғыл. канд.дисс. – Алматы, 1961. – 224 б.

3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Т.4. – Алматы: Атамұра, 2000. – 320 б.

4. Исаева Ж. Дүниенің паремилогиялық бейнесі. фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 25 б.

5. Динаева Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі. – Астана: Фолиант, 2013. – 160 б.

6. Қарсыбекова Ш. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері. фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 28 б.

7. Vida J. Pragmatic and Stylistic Aspects of Proverbs/Vida Jesenšek. Introduction to Paremiology: A Comprehensive Guide to Proverb Studies. – Berlin: Walter de Gruyter GmbH & Co KG, 2015. – P. 133-161.

8. Nahberger, G. Ende gut, alles gut – Anmerkungen zu einer sprechakttheoretischen Analyse von Sprichwortern. In D. Hartmann & J. Wirrer (eds.) // Wer A sagt, muss auch B sagen. Beitrage zur Phraseologie und Sprichwortforschung aus dem Westfalischen Arbeitskreis, 2002. – P 255-272.

9. Eikelmann, M. Zur historischen Pragmatik des Sprichworts im Mittelalter. In D. Hartmann, & J. Wirrer (eds.) // Wer A sagt, muss auch B sagen. Beitrage zur Phraseologie und Sprich wortforschung aus dem Westfalischen Arbeitskreis, 2002. – P 95-105.

10. Burger, H. Funktionen von Phraseologismen in den Massenmedien. In H. Burger & R. Zett (eds.) // Aktuelle Probleme der Phraseologie. Bern: Peter Lang., 1997. – P. 11-28.

11. Чобаноғлу Ө., Әшірханова Қ., Жұматаева З. Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі // ЕАГИ Хабаршысы, №2/2023. – Б. 207-220.

12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.

13. Cambridge Dictionaty [Electronic resource] URL: https://dictionary.cambridge.org.

14. Қалиев Д., Вентсель А. Ұлт құрылысы процесі: тарихи маңызы мен мысалдары // Адам әлемі. №2 (92), 2022. – Б. 102-115.

А. АМИРОВА, А. БЕЙСЕНБАЙ
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Х. ШЫРЫН
Эгейский университет, Измир, Турция

ВЫРАЖЕНИЕ ПОНЯТИЯ «НАРОД» В ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ НА КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В статье анализируется выражение понятия «народ» в пословицах и поговорках на казахском и английском языках. Мировоззрение и духовные ценности двух народов рассматриваются в пословицах и поговорках. В ходе исследования определяется роль понятия «народ» как коллективного единства, справедливости, духовной силы и культурного наследия. Казахские пословицы прославляют коллективное сознание, общие ценности народа, английские пословицы основаны на взаимосвязи личности и общества. В ходе исследования были использованы подходы сопоставительного анализа, описательного метода, контекстного анализа, этнолингвистического анализа. В казахских и английских пословицах анализировались единство народа, отношение к власти, принципы справедливости и труда. В результате выявлены содержательные различия пословиц и поговорок, обусловленные историко-культурными особенностями двух народов.

Результаты исследования могут служить практической основой для межкультурных исследований, методики преподавания языка, этнолингвистики, социологии. Данное исследование направлено на выявление лингвокультурных особенностей понятия «народ» в паремиологическом фонде казахского и английского языков, раскрытие их структурных, семантических и прагматических характеристик.

Ключевыеслова: паремиология, лингвокультурология, понятие«народ», сравнительный анализ, пословица и поговорка.

A. AMIROVA, A. BEISENBAI
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
H. SIRIN
Ege University, Izmir, Turkey

THE EXPRESSION OF THE CONCEPT OF «PEOPLE» IN PROVERBS AND SAYINGS IN KAZAKH, ENGLISH

Annotation. The article analyzes the expression of the concept of «people» in proverbs and sayings in Kazakh and English. The worldview and spiritual values of the two peoples are considered in comparison with how they are represented in proverbs and sayings. The research defines the role of the concept of «people» as a collective unity, justice, spiritual strength and

cultural heritage. Kazakh proverbs glorify the collective consciousness, the common values of the people, English proverbs are based on the relationship between personality and society. The research used the approaches of comparative analysis, descriptive method, contextual analysis, and ethnolinguistic analysis. Kazakh and English proverbs analyzed the unity of the people, the attitude to power, the principles of justice and labor. As a result, significant differences between proverbs and sayings are revealed, due to the historical and cultural characteristics of the two peoples.

The research results can serve as a practical basis for intercultural research, language teaching methods, ethnolinguistics, and sociology. This study is aimed at identifying the linguistic and cultural features of the concept of «people» in the paremiological fund of the Kazakh and English languages, revealing their structural, semantic and pragmatic characteristics.

Keywords: paremiology, linguoculturology, the concept of «people», comparative analysis, proverb and saying.

References

1. Şoimanova M. Qazaq tılındegı genderlık qatynasqa bailanysty maqal-mätelderdıñ dünietanymdyq sipaty // Qazaqstannyñ ğylymi älemı, 2013. – B. 7-11.

2. Särsenbaev R. Qazaq maqal-mätelderınıñ leksika-semantikalyq erekşelıkterı. fil.ğyl. kand.diss. – Almaty, 1961. – 224 b.

3. Qaidar Ä. Čylymdağy ğūmyr. T.4. – Almaty: Atamūra, 2000. – 320 b.

4. İsaeva J. Dünienıñ paremilogialyq beinesı. fil.ğyl.kand.diss.aftoref. – Almaty, 2007. – 25 b.

5. Dinaeva B. Qazaq tılındegı maqal-mätelderdıñ tanymdyq-pragmatikalyq aspektısı. – Astana: Foliant, 2013. – 160 b.

6. Qarsybekova Ş. Qazaq tılındegı maqal-mätelderdı toptastyrudyñ etnolingvistikalyq prinsipterı. fil. ğyl. kand. diss. avtoref. – Almaty, 2004. – 28 b.

7. Vida, J. Pragmatic and Stylistic Aspects of Proverbs/Vida Jesenšek. Introduction to Paremiology: A Comprehensive Guide to Proverb Studies. – Berlin: Walter de Gruyter GmbH & Co KG, 2015. – P. 133-161.

8. Nahberger, G. Ende gut, alles gut – Anmerkungen zu einer sprechakttheoretischen Analyse von Sprichwortern. In D. Hartmann & J. Wirrer (eds.) // Wer A sagt, muss auch B sagen. Beitrage zur Phraseologie und Sprichwortforschung aus dem Westfalischen Arbeitskreis, 2002. – P 255-272.

9. Eikelmann, M. Zur historischen Pragmatik des Sprichworts im Mittelalter. In D. Hartmann, & J. Wirrer (eds.) // Wer A sagt, muss auch B sagen. Beitrage zur Phraseologie und Sprich wortforschung aus dem Westfalischen Arbeitskreis, 2002. – P 95-105.

10. Burger, H. Funktionen von Phraseologismen in den Massenmedien. In H. Burger & R. Zett (eds.) // Aktuelle Probleme der Phraseologie. Bern: Peter Lang., 1997. – P. 11-28.

11. Chobanoğlu Ö., Äşırhanova Q., Jūmataeva Z. Maqal-mätelderdegı ūlttyq mınezdıñ körınısı // EAGİ Habarşysy, №2/2023. – B. 207-220.

12. Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıgı. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 967 b.

13. Cambridge Dictionaty [Electronic resource] URL: https://dictionary.cambridge.org.

14. Qaliev D., Ventsel A. Ūlt qūrylysy prosesı: tarihi mañyzy men mysaldary // Adam älemı. №2 (92), 2022. – B. 102-115.

Авторлар туралы мәлімет:

Амирова Айжан Бейсембайқызы – *Л*.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Амирова Айжан Бейсембаевна – докторант Евразийского национального университета имени *Л*.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Amirova Aizhan Beisembaevna – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Бейсенбай Ардақ Бақытұлы – филология ғылымдарының кандидаты, *Л*.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Бейсенбай Ардак Бакытулы – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени *Л*.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Beisenbai Ardak Bakytuly – Candidate of philological Sciences, Associate Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Хатидже Шырын – философия докторы (PhD), Еге университетінің профессоры, Измир, Түркия.

Хатидже Шырын – доктор философии (PhD), профессор Эгейского университета, Измир, Турция. PhD

Hatige Sirin – PhD, professor, Ege University, Izmır, Turkey.

ҒТАМР 16.41.25
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.02

***Б.К. КАСПИХАН[1]**

Ж.А. СӘРСЕНБАЙ[2]

С.И. ИГИЛИКОВА[3]

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан[1,2,3]
(e-mail: b.kaspikhan@gmail.com[1], janat.sarsenbay@yandex.kz[2], igilikkyzy@mail.ru[3])

ТОНЫКӨК ЕСКЕРТКІШІНІҢ ГРАФИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Көне түркі жазба ескерткіштерінің ішінде Тонықөк ескерткішінің алатын орны ерекше. Өз заманында үш қағанға кеңесші болған дана Тонықөк ескерткіші жақсы сақталған көлемді Орхон ескерткіштерінің қатарына жатады. 62 жолдан тұратын ескерткіш мәтіні ортағасырлық түркі мемлекеттерінің құрылымынан, тарихи оқиғалардан, Тонықөктің даналығы мен ерлік істерінен хабардар етеді. Тонықөк ескерткішінде Білге қаған мен Күлтегін ескерткіштерінде кездеспейтін таңбалар бар. Ғылыми айналымда бұл таңбалардың оқылуына қатысты түрлі пікірлер бар, сондықтан да ескерткіштегі барлық таңбалардың сипаттамасын беріп, графикалық ерекшеліктерін анықтау өзекті мәселелердің бірі. Сонымен қатар Орхон бойынан табылған ескерткіштерге тән ортақ орфографиялық ережелер болғанмен де, Тонықөк ескерткішінде жекелеген сөздерді таңбалағанда орфографиялық ерекшеліктер кездеседі. Тонықөк ескерткішінің өзіне тән орфографиялық ерекшеліктерін анықтау мәтінді нақтылауға, дұрыс оқуға, сапалы ғылыми аудармалар мен түсініктемелер әзірлеуге мүмкіндік береді. Жұмыс барысында ескерткіштің әр жылдардағы эстампаждары мен фотосуреттері салыстырылып, ескерткіш бетіндегі таңбалардың сипаты сараланып, автор қолтаңбасы анықталды. Мәтіннен таңбалану ерекшеліктерін анықтау үшін В. Радлов атласында жарияланған ескерткіш эстампажы графикалық редакторлар көмегімен нақтыланып, ескерткіштің соңғы суреттерімен салыстырылды. Орхон ескерткіштеріне тән орфография ережелері Тонықөк ескерткіші бойынша тексеріліп, ескерткіштің ерекшеліктері анықталып, талдау жасалды. Жұмыс нәтижелерін көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін, тарихи грамматика пәндерін оқыту барысында, ескерткіш мәтінімен түпнұсқада танысу үшін де қолдануға болады.

Түйін сөздер. көне түркі жазба ескерткіштері, орфография, эпиграфика, Тонықөк, таңба.

Кіріспе. Көне түркі жазба ескерткіштерінің ішінде Тонықөк ескерткішінің алатын орны ерекше. Өз заманында үш қағанға кеңесші болған білге Тонықөк ескерткіші жақсы сақталған көлемді Орхон ескерткіштерінің қатарына жатады. Ескерткіштер туралы алғашқы хабарламалар шығып, жинақталып, тілі жан-жақты зерттеле бастаған кезеңнен бастап, Білге қаған, Күлтегін, Тонықөк сияқты көлемді ескерткіш мәтіндерін нақтылау жұмыстары толастаған емес. Аталған көлемді ескерткіштердің ғылыми аудармаларының да көп болуы ескерткіш мәтіндерін нақтылау жұмыстарымен, таңбаларды тану, әртүрлі интерпретациялау жұмыстарымен байланысты екені сөзсіз. Түркі тіл біліміндегі ұзақ жылдық ізденістер нәтижесінде Орхон ескерткіштеріне тән орфография ережелерін қазіргі кезде нақты ажыратып, көне түркі жазба ескерткіштері тілін зерттеуде, көне түркі

жазуын оқытуда, оқу құралдарында кеңінен қолданып жүрміз. Дегенмен де, жекелеген ескерткіштерде ортақ орфографиялық ережелердің сақталу деңгейінің әртүрлі болып, ескерткіштердің өзіне тән ерекшеліктерінің кездесуі мәтіндерді дұрыс оқуда ескерілу керек маңызды мәселелердің бірі. Тонықөк ескерткішінің өзіне тән графикалық және орфографиялық ерекшеліктерін анықтау жұмыстың мақсаты ретінде алынды. Ескерткіш мәтінін дұрыс оқып, дұрыс танудың алғышарты ретінде мәтінді таңбалаудың ерекшеліктерін анықтау үшін көне түркі жазба ескерткіштерінің фонетикалық жүйесі туралы, орфографиясы туралы ғылыми еңбектерге шолу жасау, Тонықөк ескерткіштерінің зерттелу тарихын саралап, ескерткіштің графикалық жүйесін сипаттау, Орхон ескерткіштеріне тән орфографиялық ережелерді Тонықөк ескерткіші материалдары бойынша тексеріп, ескерткіштің ерекшеліктерін талдау сияқты жұмыстар көзделді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің фонетикалық жүйесі, графикалық ерекшеліктері алғаш рет В. Томсеннің еңбегінде толық беріледі [1]. Ғалым көне түркі әліпбиіндегі таңбалардың толық сипаттамасын, олардың ескерткіш мәтіндерінде қолданылуын, орфографиясын көрсетеді. Кейін көне түркі жазба ескерткіштерінің фонетикалық жүйесі В. Радлов, Т. Текин, А.Н. Кононов, Ғ. Айдаров, И. Батманов еңбектерінде кеңінен баяндалады. *Д.Д.* Васильевтің жұмысында көне түркі жазба ескерткіштері жүйеленіп, көне түркі жазуындағы таңбалардың ескерткіштегі таңбалануы салыстырылады [2]. Көне түркі жазба ескерткіштері туралы материалдар жарияланған ғылыми еңбектерде әр ескерткішке қатысты қысқаша сипаттамаларда графикалық ерекшеліктері туралы аз да болса мәліметтер беріледі. Десе де, Тонықөк ескерткішінің графикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер арнайы зерттеліп, кеңінен талдана қоймаған.

Тонықөк ескерткіші қазіргі Моңғолияның астанасы Ұланбатыр қаласынан 65 км жердегі Баян-Зурх тауының солтүстік-батысында орналасқан. 1897 ж. Е. Клеменц Солтүстік Моңғолияға сапары барысында Налайха бекетінен Толыға қарай көне түркі қорғаны мен тасқа қашалған жазулар барын естіп, ескерткіш орналасқан жерге барады, жерлеу орынының сызбасын дайындап, ескерткіштің алғашқы көшірмесін жасайды [3, 71]. Тонықөк ескерткішінің табылуы мен сипаттамасы туралы алғашқы хабарламаны 1898 жылы В. Радлов жариялап, ескерткіштің қайдан табылғанын, жол санын, жазу бағытын көрсетеді, Тонықөк туралы ақпарат береді. Ескерткіштің алғашқы ғылыми аудармасын жасап, фотосуреттерін де академик В. Радлов жариялайды [4]. Ескерткіштің графикалық және орфографиялық ерекшеліктерін анықтауда В. Радлов жариялаған алғашқы эстампаждары мен ескерткіш мәтіні маңызды орын алады.

В. Радловтан кейін ескерткіш мәтінін Г.Й. Рамстедт пен С. Пельси зерттейді. Г.Й. Рамстедт екінші рет 1908-1909 жылдары барған кезінде ескерткіштің фотосуреттерін, көшірмесін, сипаттамаларын дайындайды. Атақты дат ғалымы В. Томсен 1916 жылы жарық көрген «Turcica» еңбегінде Тонықөк ескерткішінің аудармасына байланысты ескертпелер мен толықтыруларды жазғанда Рамстедт материалдарын пайдаланады. В. Томсен ескерткіш мәтіндеріндегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің оқылуын нақтылап, өз нұсқаларын ұсынады. Ғалымның осы еңбегінде Тонықөк ескерткішіне қатысты да ойлар айтылып, мәтін аудармасына қатысты толықтырулар жасалады. В. Томсен жасаған Тонықөк ескерткішінің аудармасы дат тілінде 1922 жылы жарыққа шығады. Г.Г. Шедер ғалымның еңбегін неміс тіліне аударып, 1924 жылы жариялайды [5].

Кеңес дәуіріндегі түркітанушылардың ішінде өнімді еңбек еткен түркітанушылардың ішінен В. Радловтың шәкірті С.Е. Маловты айта аламыз. С.Е. Малов өз еңбегінде Тонықөк ескерткішінің мәтінін, латын графикасындағы транскрипциясы мен орыс тіліндегі аудармасын, графикалық және тілдік ерекшеліктерін көрсетеді [6].

Ғ. Айдаров 1959 жылы Тонықөк ескерткішінің тілі мен оның қазіргі түркі тілдеріне қатысы туралы зерттеуінде ескерткіштің фонетикасы, лексикасы, морфологиясы мен синтаксисіне сипаттама береді [7, 18]. Ғ. Айдаровтың 1971 жылы жарық көрген еңбегінде Тонықөк ескерткішінің зерттелуі туралы ақпарат беріліп, ескерткіш мазмұны баяндалады.

Ғалым жұмыста ескерткіш мәтінін, транскрипциясы мен орыс тіліндегі аудармасын жариялайды [8].

1968 жылы түрік ғалымы Т. Текиннің Орхон ескерткіштерінің грамматикасы туралы ағылшын тілінде басылып шыққан еңбегінде Күлтегін, Білге қаған, Онгин, Күлічор ескерткіштерімен қатар, Тонықөк ескерткішінің де мәтіні мен аудармасы жарияланады [9]. 1994 жылы Т. Текиннің «Tunyukuk Yazıtı» еңбегінде ескерткіштің көне түрік тіліндегі мәтіні, транслитерациясы мен қазіргі түрік тіліндегі аудармасы, ескертпелер мен ескерткіш сөздігі, жазбаның көшірмесі мен фотосуреттері басылып шығады [10]. Ғалым жасаған сөздікте тілдік бірліктердің мәтінде кездескен жерлері толық көрсетіледі және жұмыс соңында ескерткіш көшірмесі нақтыланып, жарияланады.

А.С. Аманжолов «История и теория древнетюркского письма» атты еңбегінде көне түркі жазуын оқу ережелерін көрсетіп, әр дыбыстың таңбалануын баяндайды, Тонықөк ескерткішінің нақтыланған мәтінін, орыс тіліндегі аудармасын, транслитерациясын жариялайды [11].

Ескерткіштердің орфографиясы туралы соңғы жылдары жарық көрген еңбектердің ішінен Е. Ауғалидің Тонықөк пен Күлтегін ескерткіштеріндегі ä/i және е дауыстылары туралы жазылған жұмысын атауға болады. Зерттеуші жұмысында Тонықөк пен Күлтегін ескерткіштерінде бірінші буында дауыссыздардан кейін келетін ä/i дыбыстарының таңбалануын тексеріп, Орхон ескерткіштерінде тіл алды е дауысты дыбысы бар деген қорытынды жасайды [12, 91]. Дауысты дыбыстардың орфографиясының сақталуы Күлтегін ескерткіштерінің материалдары бойынша арнайы зерттеліп, мәтіннен орфографиялық ережелерді сақталмай таңбаланған сөздер де жеке талданған [13]. Бұл Орхон ескерткіштерінің орфографиясын әр ескерткіш бойынша арнайы жеке зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Жұмыс барысында эстампаждары мен сияқты басылымдарда жарық көрген фотосуреттер пайдаланылды. Зерттеу барысында В. Радлов, Х.Н. Оркун, М. Спренглинг, С.Е. Малов, Ғ. Айдаров, М. Ергин, Т. Текин, А.С. Аманжолов, Н. Базылхан сияқты зерттеушілердің жасаған ескерткіш оқылымы мен ғылыми аудармалары пайдаланылды. Көне түркі жазба ескерткіштерінің графикалық жүйесі туралы жазылған В. Томсен, В. Радлов, В. Васильев, И.Л. Кызласов, А.С. Аманжолов, И.В. Кормушин, Қ. Сартқожа сияқты ғалымдардың зерттеулері негізге алынды.

Тонықөк ескерткішінің графикалық жүйесін нақтылау үшін ескерткіштегі автор қолтаңбасы анықталды, Күлтегін және Білге қаған ескерткіштерінде кездеспейтін таңбалар анықталды, таңбалардың дыбыстық мәні сараланып, өзге ескерткіштермен салыстырылды.

Ескерткіш авторы мен бәдізшінің қолтаңбасын анықтау

Зерттеу жұмыстарында дана Тонықөктің ескерткішті көзі тірісінде өзі жаздыртқаны айтылады. Ал Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерінің авторы Йоллығ тегін екені ескерткіш мәтіндерінен белгілі. Тонықөк ескерткішіндегі автор қолтаңбасын, таңбалардың бедерленуін анықтау үшін ескерткіштің Радлов атласында жарияланған эстампаждары пайдаланылды [14] Ескерткіштегі авторлық қолтаңбаны анықтау жұмысы бірнеше кезеңді қамтиды (1-сурет). 1897-1898 жылдары дайындалған эстампаждар ескерткіш бетіне қара бояу жағып, бастыру сияқты қарапайым әдіспен жасалған [3, 71], сондықтан да атласта негатив нұсқасы жарияланған. Жұмыс барысында осы негатив нұсқаның Adobe Photoshop графикалық редакторында контраст (қанықтығы) арттырылды. Өңделген нұсқа инверсияланып, позитив нұсқасы әзірленді. Adobe Illustrator бағдарламасында таңбаларды нақтылау мақсатында сурет артефакт пен артық шуылдан тазартылып, векторлық форматқа көшірілді. Дайын болған нұсқа ескерткіш фотосуреттерімен салыстырылып, әр таңбаның ескерткіште жиі кездескен таңбалануы анықталды.

1-сурет. Графикалық редакторларда эстампажбен жұмыс кезеңдері
(а – Радлов атласында жарияланған эстампаж; ә – эстампаждың инверсияланған позитив нұсқасы; б – эстампаждың артефакт пен артық шуылдан тазартылған нұсқасы)



б

ә

а

Орхон ескерткіштерінің графикалық жүйесін салыстыру

Тонықөк ескерткішіндегі нақтыланған таңбалар Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерінің көшірмелерімен салыстырылып, Тонықөк ескерткішінде ғана кездесетін таңбалар анықталды. Анықталған таңбалардың дыбыстық мәні ескерткіштің оқылымы мен ғылыми аудармалары бойынша талданып, өзге көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қолданысы салыстырылды.

Талқылау мен бақылау. Тонықөк ескерткішінің тілін арнайы зерттеген ғалым Ғ. Айдаров ескерткіш мәтінінде 40 таңба кездесетінін айтып, дауысты сегіз дыбысты таңбалайтын төрт таңбаны жуан, жіңішке деп бөледі, дауыссыз дыбыстарды белгілейтін таңбаларды дара дауыссыздар (6 таңба), жұп дауыссыздар (16 таңба), дыбыс тіркесімдерін көрсететін күрделі дауыссыз таңбалар (нт, нч, лт) деп бөледі [7, 5].

Жұмыс барысында Тонықөк ескерткішіндегі таңбалардың бейнеленуінде өзге Орхон ескерткіштерімен салыстырғанда ерекшеліктері анықталды. Бұл ерекшеліктер таңбаның мазмұнын өзгертпегенімен де, сыртқы белгісінде бітікшінің жазу мәнерін анық көрсетеді. Тонықөк ескерткішінің мәтіні жарияланған ғылыми еңбектерде көне түркі жазуын таңбалауға арналған қаріптер қолданылғандықтан, тек ескерткіш эстампаждары мен фотосуреттерінен ғана автордың өзіндік қолтаңбасын, әр таңбаны бедерлеудегі ерекшелігін анықтауға болады (1-кесте).

1-кесте. Тонықөк ескерткішінің графикалық жүйесі

Р/с	Дыбыстық мағына	Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі таңбасы	Тонықөк ескерткішіндегі таңбасы	Р/с	Дыбыстық мағына	Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі таңбасы	Тонықөк ескерткішіндегі таңбасы
1	2	3	4		5	6	7
1	a, ä	𐰀 𐰃 𐰇		21	m	𐰢	
2	ï, i	𐰋 𐰉 𐰍		22	n	𐰆 𐰲	
3	o, u	𐰇 𐰇		23	n’	𐰭 𐰲	
4	ö, ü	𐰚 𐰦		24	ñ	𐰾 𐰽	
5	b	𐰉 𐰉		25	ŋ	𐰴 𐰺 𐰼 𐰖	
6	b’	𐰀 𐰀		26	p	𐰑 𐰑	
7	č, č’	𐰕 𐰽 𐰖		27	r	𐰽 𐰴 𐰶	
8	d	𐰓 𐰔		28	r’	𐰽 𐰽	
9	d’	𐰗 𐰗		29	s	𐰖 𐰠 𐰾	
10	γ	𐰼 𐰽		30	s’	𐰖 𐰖	
11	g	𐰍 𐰖		31	š	𐰤 𐰃 𐰖 𐰠 𐰉	
12	j	𐰇 𐰇		32	š’	𐰤 𐰃 𐰖 𐰠 𐰉	
13	j’	𐰜 𐰞		33	t	𐰚 𐰸 𐰛	
14	q	𐰘 𐰏		34	t’	𐰸 𐰶	
15	q	𐰴 𐰺		35	z	𐰯 𐰮	
16	q	𐰃 𐰇		36	lt	𐰣	
17	k	𐰴 𐰽		37	nt	𐰺 𐰻	
18	k	𐰉 𐰋		38	nč	𐰽 𐰾 𐰽	
19	l	𐰚 𐰸 𐰸		39	rt	𐰢	
20	l’	𐰉 𐰉		40	сөздері ажыратушы таңба	: 𐰇	:

Тонықөк ескерткішінде кездесетін жекелеген таңбаларды оқуда ғылыми пікірталастар аз емес. Ескерткіш бетінде бедерленген 𐰽 таңбасының дыбыстық мәніне қатысты зерттеушілердің пікірін екіге бөлуге болады. Ғалымдардың бірінші тобы аталған таңбаны

j деп оқыса, екінші тобы ñ, nj деп оқиды. Мәселен, В. Томсен, Х.Н. Орхун, М. Жолдасбеков пен Қ. Сартқожаұлы j деп таныса, П.М. Мелиоранский nj болуы мүмкін екенін, С.Е. Малов ñ екенін жазады. И.В. Кормушин н' (нь) дыбысын береді десе, Х. Йылдыз ń деп оқиды [15, 382]. А.С. Аманжолов болса 𐰽 таңбасы енисей ескерткіштерінде nč дыбысын бергендігін, ал орхон ескерткіштерінде ñ дыбысын бергендігін, кейде диалектілерге байланысты n және j дыбыстарымен алмасатынын айтады [11, 56]. Тонықөк ескерткішінде 𐰽 таңбасы жалпы 24 рет кездеседі, оның ішінде Tuñuquq түбірі 12 рет қайталанады (2-кесте). Ғалымдардың таңбаны оқудағы екі түрлі болжам жасауы осы Tuñuquq есімінің ескерткіштерде таңбалануымен байланысты. Тонықөк есімі Білге қаған ескерткішінде 𐰆 𐰴𐰃𐰋𐰼𐰼 деп таңбаланса, Тонықөк ескерткішінде 𐰼𐰼 𐰽 𐰴𐰃 таңбаланады. Сол себепті кейбір зерттеушілер 𐰽 таңбасы деген 𐰆 n мен 𐰋 j таңбалардың мәніне, nj, ñ сәйкес келеді деген тұжырым жасаған. Бұл жерде Білге қаған ескерткішінің Тонықөк ескерткішінен кейін жазылғанын ескеру қажет.

2-кесте. 𐰽 таңбасының кездесуі

түпнұсқада	оқылуы	мәтіндегі орны	түпнұсқада	оқылуы	мәтіндегі орны
𐰼𐰼𐰽𐰃	tuñuquq	1; 5; 6; 15; 17; 31; 34; 37; 47; 58; 59; 61.	𐰾𐰺𐰽 𐰇	qïtañda	14.
			𐰽𐰇𐰍 𐰇 𐰴𐰾	qïtañqa	49.
𐰴𐰾 𐰽𐰇𐰍	qïtañïγ	7.	𐰋𐰴𐰾 𐰽	azqïña	9.
𐰴𐰆𐰾 𐰽𐰇𐰍	qïtañγaru	9.	𐰋𐰋𐰺𐰺 𐰽	jañdïmïz	16; 41.
𐰽𐰇𐰍 𐰇	qïtañ	11; 12.	𐰋𐰼𐰺 𐰽	jañduq	16.
𐰾 𐰽𐰇𐰍 𐰇	qïtañïγ	10.	𐰾𐰍𐰽	añïγ	34.

Тонықөк ескерткішінде 𐰺 таңбасы бір рет 26-жолда 𐰋𐰏 𐰉 𐰆𐰋𐰾 𐰆𐰾𐰋𐰉𐰺𐰺𐰾𐰋𐰋 𐰃𐰍 1 деген жерде кездеседі. Осы үзіндідегі 𐰺 таңбасын зерттеушілер bas немесе rt деп таниды:

В.В. Радлов: jouарча ыдып Ыбаркы (?) аштымыз – liessen wir, so lange es aufwärts ging, vorangehen und so überstiegen wir den Ibarki (Жоғары шығып бара жатқанда, біз өзгелерді алға жібердік те, осылайша Ыбарқы асуынан өттік) [4, 15].

С.Е. Малов: juγuru tägürüp, y bar bas asdymyz – протоптали (снег), и мы перевалили через вершину с растениями [6, 67];

Ғ. Айдаров: йуғуру тегүрүп Ы бар бас асдымыз – проложили (дорогу), (и) мы перевалили поросшую растениями вершину [8];

Н. Базылхан: уоγurča: ïdïp ïbar basï: asdïmïz – жұқарғанша: етіп Ыбар басын: асдымыз [16, 114];

А.С. Аманжолов: joγuru tägürüp, ï bar art ašdïmïz – протоптали (снег) и мы преодолели горный перевал с зарослями [11, 182].

Аталған таңбаны Тонықөк ескерткішінен басқа Енисей бойынан табылған ескерткіштерден де кездестіруге болады. Тонықөк ескерткішіндегі таңбалардың дыбыстық мәні туралы түрлі болжамдар осындай сирек қолданылатын таңбаларға байланысты туындаған.

И.Л. Кызласов көне түркі жазба ескерткіштерінің орфографиясының үш типке бөледі: классикалық жазба ескерткіштер, Шығыс Түркістаннан табылған ескерткіштер, Таулы Алтай аймағындағы енисей жазуының алтайлық нұсқасы [17]. Ғалым бірінші типке Орхон, Енисей бойынан табылған ескерткіштерді жатқызса, екінші типке дауысты дыбыстар жазуда толық көрсетіліп, дыбыс тіркесімділіктері сирек кездесетін Шығыс Түркістаннан табылған көне түркі жазба ескерткіштерін, ал үшінші типке орфографиялық ережелердің сақталмай, жуан дауыстылармен ғана келетін дауыссыз дыбыс таңбаларының орнына кейде жіңішке дауыстылармен келетін таңбалар қолданылған Алтай аймағынан табылған ескерткіш материалдарын жатқызып, «псевдоруническая орфография» деп атайды.

И.Л. Кызласов ұсынған орфография типтері бойынша Тонықөк ескерткіші классикалық жазба ескерткіштер қатарына жатады. Бұл ескерткіштерінің қатарына Білге қаған, Күлтегін ескерткіштерін де қосуға болады.

Нәтижелер. Т. Текин орфографиялық ережелерді дауысты дыбыстардың сөз басында келуі, сөздің бірінші буынында келуі, сөз соңында келуі, қос дауыссыз дыбыстар, дыбыс тіркесімдері бойынша жүйелеп көрсетеді [9]. Ғалымның жүйелеу жолдары әр дыбыстың сипаттамасына қарағанда тиімді болғандықтан, Орхон ескерткіштерінің орфографиялық ережелерінің Тонықөк ескерткішінде сақталуын тексеруге негіз етіп алуға болады.

Жинақталған ескерткіш материалдары негізінде Тонықөк ескерткішінің орфографиялық ережелерін келесідей жүйелеуге болады:

1. Дауысты дыбыстардың жазылуы

1.1 a, ä дыбыстары сөз басында жазылмайды:

𐰋𐱅𐰃𐰇 adïrïltï – türk bodun qanïn bolmajïn tabγačda adïrïltï – Түрік халқы ханы болмай тұрып, қытайдан бөлінді (Тон., 2);

𐰇𐰋𐰃 𐰾 alqïntï – türk bodun ölti alqïntï joq boltï – Түрік халқы өлді, алқынды, жоқ болды (Тон., 3);

𐰀𐰇𐰉 atlïγ – äki ülügi atlïγ ärti bir ülügi jadaγ ärti – екі бөлігі аттылы, бір бөлігі жаяу еді (Тон., 4);

𐰃𐰍 äki – süsi üč bïŋ ärmiš, biz äki bïŋ ärtimiz – әскері үш мың болған еді, біз екі мың едік (Тон., 16);

1.2 ï, i дыбыстары сөз басында жазылады:

𐰍𐰇𐰃𐰋𐰃 ičikdi – qaγanqa qïrqïz bodunï ičikdi, jükünti – қағанға қырғыз халқы бағынды, иіліп жүгінді (Тон., 28);

𐰉 𐰇𐱅𐰃𐰆𐰇𐱅 ïda tašda – ïda tašda qalmïšï qubranïp jäti jüz boltï – тау-таста қалғаны топтанып, жеті жүз болды (Тон., 4);

𐰺𐱅𐰃𐰠 ïdmïš – qïtañγaru toŋra sämig ïdmïš – қыдандарға Тоңра Семді жіберді (Тон., 9);

1.3 o, u, ö, ü дыбыстары сөз басында жазылады:

𐰆𐰃𐰇 𐰴 ölti – türk bodun ölti alqïntï joq boltï – Түрік халқы өлді, алқынды, жоқ болды (Тон., 3);

𐰴𐰚𐰴𐰇𐰚 olurur – čuγaj quzïn qara qumuγ olurur ärtimiz – Чуғай құзын, Қара құмды мекендеген едік (Тон., 7);

𐰆𐰃𐰉 ülügi – äki ülügi atlïγ ärti bir ülügi jadaγ ärti – екі бөлігі аттылы, бір бөлігі жаяу еді (Тон., 4);

𐰇𐰠𐰇𐰚 uluγï – jäti jüz kišig udïzïγma uluγï šad ärti – жеті жүз кісіні жетелеуші ұлығы шад еді (Тон., 5);

1.4 алғашқы буында дауыссыздан кейін a, ä дыбыстары жазылмайды:

𐰴𐰽𐰇 qanïn – süŋüšdimiz, sančdïmïz, qanïn ölürtimiz – шайқастық, жеңдік, ханын өлтірдік (Тон., 28);

𐰀𐰽 bän – bän äbgäru tüšäjin tidi – мен үйге қайтайын деді (Тон., 30);

𐰀𐰉𐰾 𐰴 bärtim – qan bärtim – хан бердім (Тон., 2);

1.5 алғашқы буында дауыссыздан кейін ï, i дыбыстары жазылады:

𐰇 𐰋𐰆𐰾 𐰾 qïlïntïm – bilgä tuñuquq bän özüm tabγač iliŋä qïlïntïm – дана Тонықөк мен өзім қытай елінен тәрбие алдым (Тон., 1);

𐰇𐰃𐰠𐰉𐰚 kisrä – anta kisrä täŋri bilig bärtük üčün özüm ök qaγan qïsdïm – содан кейін тәңірі ақыл-білім бергені үшін, өзім-ақ қаған етіп сайладым (Тон., 6);

𐰀𐰇𐰉 bir – kögmän jolï bir ärmiš – Көгмен жолы жалғыз жол еді (Тон., 23);

Бірақ ескерткіште мына сөздерде алғашқы буында дауыссыздан кейін ï, i дыбыстары жазылмаған:

𐰀𐰆𐰍 bilig – bilig äši čab äši bän körtim – ақыл-білім серігі, даңқ серігі мен өзім едім (Тон., 7);

𐰀𐰉𐰋𐰽𐰃𐰚𐰽 birdänjan – tabγač birdänjan täg! qïtañ öŋdänjan täg! – табғаштар оңтүстіктен тиіңдер, қыдандар шығыстан шабуыл жасаңдар (Тон., 11);

𐰚𐰀𐰴𐰍 jinčgä – jinčgä joγan bolsar, üzgülük alp ärmiš – жіңішке жуандаса, оны үзу қиын (Тон., 13-14);

1.6 алғашқы буында дауыссыздан кейін o, u, ö, ü дыбыстары жазылады:

𐰃𐰍𐰉 𐰇𐰃𐰆 bolmajïn – türk bodun qanïn bolmajïn tabγačda adïrïltï – Түрік халқы ханы болмай тұрып, қытайдан бөлінді (Тон., 2);

𐰇𐰇 𐰋𐰃𐰢 tuñuquq – bilgä tuñuquq bän özüm tabγač iliŋä qïlïntïm – дана Тоныкөк мен өзім қытай елінен тәрбие алдым (Тон., 1);

𐰋𐰞𐰽𐰴 körüg – türgaš qaγanta körüg kälti – түргеш қағанынан тыңшы келді (Тон., 29);

𐰞𐰋𐰞 süsi – süsi üč bïŋ ärmiš, biz äki bïŋ ärtimiz – әскері үш мың болған еді, біз екі мың едік (Тон., 16);

Ескерткіште мына сөзде алғашқы буында дауыссыздан кейін ö дыбысы таңбаланбаған:

𐰉𐰴𐰽 bögü – türk bögü qaγanqa, türk bilgä qa[γanqa] – түрік Бөгү қағанға, түрік Білге қағанға (Тон., 50);

1.7 сөз соңында барлық дауыстылар жазылады:

𐰚𐰇𐰃𐰆 buqa – sämiz buqa – семіз бұқа (Тон., 6);

𐰘𐰋𐰠 kişi – ol äki kiši bar ärsär, sini tabγačïγ ölürtäči– ол екі кісі тірі кезінде, сені, табғашты өлтірмекші (Тон., 10);

𐰉𐰃𐰍𐰃𐰇𐰃 jorïmazun – türk äsir bodun järintä idi jorïmazun – түрік есір халқының жерінде (ешбір) билеуші жүрмесін (Тон., 11);

Бірақ мына сөзде сөз соңында дауыстылар жазылмаған:

𐰉𐰴 bögü – bögü qaγan baŋaru anča ajïdmïš – Бөгү қаған маған осыны айттырды (Тон., 34);

1.8 екінші, үшінші буында a, ä дыбыстары жазылмайды

𐰴𐰃 qaγan – qaγanï alp ärmiš – қағаны батыр екен (Тон., 10);

𐰉𐰋𐰍𐰣 kögmän – kögmän jišïγ äbirü kältimiz – Көгмен орманды тауын айналып келдік (Тон., 28);

2. Дауыссыз дыбыстардың жазылуы

2.1 Қос дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қарай таңдалып жазылады. Мәселен, жуан дауыстылармен жазылатын дауыссыз дыбыстар: 𐰇 ,𐰃, 𐰍, 𐰽 ,𐰢, 𐰴, 𐰆 , 𐰕, 𐰃, 𐰠 ,𐰸 . Ал, жіңішке дауыстылармен жазылатын дауыссыз дыбыстарға мыналар жатады: 𐰍 , 𐰇, 𐰽, 𐰃, 𐰕, 𐰢 ,𐰍, 𐰴, 𐰣, 𐰀 .

Ескерткіштегі s~š сәйкестігіне С.Е. Малов 𐰃𐰾𐰽 𐰆𐰢 tabïšγan – қоян (Тон., 8), 𐰽𐰍𐰾𐰽𐰍𐰢 jïšγaru – қойнауына (Тон., 15) сөздерінің таңбалануына назар аударса, А.С. Аманжолов бұл орфографиялық ерекшелік ғана емес, жергілікті халықтың, өңірдің ерекшелігі болса керек дейді.

2.2 Дара дауыссыз дыбыстар жуан түбірлі сөздерде де, жіңішке түбірлі сөздерде де кездесе береді. Дара дауыссыз дыбыстарға мына таңбалармен белгіленеді: 𐰕, 𐰍 ,𐰸 ,𐰍 ,1 ,𐰇 .

2.3 Тоныкөк ескерткішіндегі дыбыс тіркесімдері де кездеседі: 𐰔 lt, 𐰢 nt, 𐰽 nč, 𐰋 rt. Мысалы, ескерткіште 𐰍𐰸𐰔𐰍 adïrïltï – айырылды (Тон., 2), 𐰴𐰍 𐰢 𐰇𐰢 qanlantï – хан сайлады (Тон., 2), 𐰚𐰀𐰴𐰍 jinčgä – жіңішке (Тон., 13).

3. Сөздерді, сөйлемдерді ажырататын белгілер. Тоныкөк ескерткішінде сөздер мен сөйлемдерді ажыратушы белгі ретінде : таңбасы қолданылған. Мәтіннен бұл белгінің сөз тіркестерін, жекелеген сөздерді бөліп тұрғанын көруге болады: 𐰀𐰍𐰕𐰇𐰇 𐰽𐰃𐰆:𐰚𐰀𐰴𐰍 𐰃𐰆:𐰸𐰃𐰍𐰇𐰋𐰠 𐰆𐰢:𐰸𐰃𐰕𐰍 𐰍 𐰇: 𐰚𐰍𐰕:𐰸 𐰢 𐰚𐰋𐰠𐰋 𐰆𐰢:𐰢𐰸 𐰃 𐰆𐰍𐰴𐰚 :𐰃𐰚𐰚𐰍𐰋𐰍 𐰕 bilgä: tuñuquq: bän özüm: tabγač iliŋä: qïlïntïm. türk bodun: tabγačqa: körür ärti. – Дана Тоныкөк мен өзім қытай елінен тәрбие алдым. Түрік халқы қытайға қарап еді. (Тон., 1)

Тоныкөк ескерткішіндегі таңбалардың бедерленуі мен Орхон ескерткішіндегі орфография ережелеріне бағынбай жазылған жекелеген сөздердің кездесуі ескерткіштің жазылған кезеңіне байланысты болуы мүмкін. Ескерткіш мәтінін зерттеген ғалымдар Тоныкөк ескерткішінің Білге қаған мен Күлтегін ескерткіштеріне қарағанда стильдік айырмашылықтарының көп екенін байқаған. Мұны ескерткіштің жазылған мақсатына, кезеңіне байланысты деуге болады. Тоныкөк ескерткішінің жазылған уақыты туралы түрлі болжамдар кездеседі. Мәселен, *Л*.Н. Гумилев ескерткіштің жазылған уақыты туралы

«Күлтегін жазуы жазылған уақытқа Тонықөк жазуы да жатады. «Білге қаған халқына» үн тастағандықтан да ол 716 жылдан соң және 720 жылға дейін құрастырылған, өйткені басмалдармен күрестегі дана Тонықөктің сіңірген еңбегі жөнінде бұл жазуда ешнәрсе айтылмаған. Оның үстіне жазу Тонықөк қуғында жүргенде және халыққа үндеу тастау арқылы өзінің еңбегін ханға мойындаттырып, өзін сарайға қайтаруына әрекеттенген кезінде құрастырылған» [18, 331] десе, В. Томсен ескерткіш 720 ж. жазылуы мүмкін дейді [5]. Ал В. Радлов Тонықөк 646 ж. дүниеге келіп, 721-727 жылдары өмірден өткен деген болжам жасайды [3].

Қорытынды. Зерттеу барысында көне түркі жазба ескерткіштерінде жазу мәдениетінің дамығанын, орфография ережелерінің сақталғанын, жекелеген сөздерді таңбалауда ерекшеліктердің кездесетініне көз жеткіздік.

Көне түркі жазба ескерткіштердің графикалық жүйесі, орфографиялық ережелері туралы ғылыми еңбектерге шолу жасалып, өзекті мәселелері талданды. Тонықөк ескерткішінің зерттелу тарихына көз жүгіртсек, ескерткіштің әр жылдағы эстампаждары мен фотосуреттерінің құндылығы анық байқалады. Жұмыс барысында ескерткіштің табиғат құбылыстарының әсерінен бүліне қоймаған кездегі алғашқы эстампаждарын графикалық редакторлар көмегімен қайта жаңғыртқанда таңбалардың сыртқы ерекшеліктерін, автор қолтаңбасын анықтау мүмкін болды.

Тонықөк ескерткіші табылған орны, графикалық ерекшеліктеріне қарай Орхон бойынан табылған классикалық көне түркі жазба ескерткіштеріне жатады. Тонықөктің көзі тірісінде өзі жазып қалдырған ескерткіштің көшірмелерінен таңбалардың бедерленуі айқын көрінеді, Білге қаған мен Күлтегін ескерткіштеріндегі таңбалардың сыртқы формасымен салыстырған кезде автордың ерекшелігі анық байқалады.

Тонықөк ескерткішіндегі орфографиялық ережелер ашық және қысаң дауыстылардың, еріндік дауысты дыбыстардың сөздің әртүрлі позициясында таңбалану жүйесі бойынша тексерілді. Дауыссыз дыбыстардың орфографиясы қос дауыссыздардың, дара дауыссыздардың, дыбыс тіркесімдерінің таңбалану ерекшеліктері бойынша топтастырылып, сөздер мен сөйлемдерді ажыратушы белгілерінің таңбалануы да ескерткіште жазу тәртібінің сақталғанын көрсетті.

Түркі тіл білімінің тарихында соңғы 15-20 жылда көне түркі жазба ескерткіштерін цифрландыру тәжірибелері бар, қазіргі жасанды интеллект құралдарының қарқынды дамуына байланысты ескерткіштерді цифрландырудың өзектілігі арта түсті. Компьютерлік технологиялар арқылы ескерткіш мәтінін цифрландырып, кешенді зерттеулер жүргізуге мүмкіндіктер бар. Көне түркі жазба ескерткіштерін кешенді зерттеулердің алғашқы қадамдарына жекелеген ескерткіштердің графикалық және орфографиялық ерекшеліктерін анықтау да жатады. Ескерткіштердің әр жылдардағы көшірмелерін жинақтау жұмыстары кеңінен жүргізілгенде мәтін мазмұны нақтыланып, ғылыми аудармалардың сапасы артатыны анық. Бұл бағыттағы зерттеулер түбі бір түркі халықтарына ортақ мұралардың сақталуына, таралуына, жаңа ізденістерге жол ашатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Thomsen V. Inscriptions de l'Orkhon déchiffrées. – Helsingfors: Imprimerie de la Société de Littérature Finnoise, 1896.

2. Васильев Д.Д. Графический фонд памятников тюркской рунической письменности азиатского ареала (опыт систематизации). – М.: Наука, 1983.

3. Radloff W. Eine neu aufgefundene altürkiche Inschrift. Vorläufiger Bericht. // Bulletin de l'Academie Imperiale des Sciences. – 1898. – 8 (1). – S. 71-76.

4. Radloff W. Die altürkischen Inschriften der Mongolei. Die Inschrift des Tonjukuk. (Zweite Folge). – St. Petersburg, 1899.

5. Thomsen V. Alttürkische Inschriften aus der Mongolei, in Übersetzung und mit Einleitung (Übersetzung H. H. Schraeder) // Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft. – 1924. – 78. – S. 121-175.

6. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.: Издательство АН ССР, 1951.

7. Айдаров Г. О языке памятника Тоньюкука и его отношение к некоторым современным тюркским языкам. Автореферат канд. дисс… – Алма-Ата, 1959.

8. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. –Алма-Ата, 1971.

9. Tekin T. A grammar of Orkhon Turkic. – Bloomington: Hague, 1968.

10. Tekin T. Tunyukuk Yazıtı. – Ankara, 1994.

11. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010.

12. Ауғали Е. Орхон ескерткіштері тіліндегі дауыстылар ä/і және е («Тониқұқ», «Күлтегін» ескерткіш мәтіндері негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 4 (176). – 2019. – Б. 86-91. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh-2019-4-ph12

13. Жұмабайқызы Ұ. «Күлтегін» құлпытасындағы дауысты дыбыстардың емлесі // Tiltanym. № 4. – 2016. – Б. 65-73.

14. Атлас древностей Монголии. Издан по поручению имп. Академии наук В.В. Радловым. – СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1899. –Вып. IV, 4 с., табл. CV–CXVIII.

15. Yıldız H. Proposal for a new reading of a line in the Tuńuquq inscription // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae, 2018, 71(4). – P. 375-384. DOI: https://doi.org/10.1556/062.2018.71.4.1.

16. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

17. Кызласов И.Л. Три типа древнетюркской рунической орфографии. // 90 лет Н.А. Баскакову: Сборник статей. – М.: Язык русской культуры, 1997. – С. 124–136.

18. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994.

Б.К. КАСПИХАН, Ж.А. САРСЕНБАЙ, С.И. ИГИЛИКОВА
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ГРАФИЧЕСКИЕ И ОРФОГРАФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ НАДПИСИ ТОНЬЮКУКА

Аннотация. Среди древнетюркских письменных памятников надпись Тоньюкука занимает особое место. Мудрец Тоньюкук, служивший советником при трёх каганах своего времени, оставил после себя хорошо сохранившийся и объёмный памятник, относящийся к числу Орхонских надписей. Текст памятника, состоящий из 62 строк, содержит сведения о государственном устройстве средневековых тюркских государств, исторических событиях, а также о мудрости и героических подвигах Тоньюкука. В памятнике встречаются знаки, отсутствующие в надписях Бильге-кагана и Кюльтегина. В научной литературе существуют различные мнения относительно чтения этих знаков, поэтому описание всех графем памятника и выявление их графических особенностей является одной из актуальных задач. Несмотря на наличие общих орфографических норм, характерных для надписей, найденных в долине Орхона, в надписе Тоньюкука при обозначении отдельных слов наблюдаются специфические орфографические особенности. Выявление этих особенностей способствует уточнению текста, его корректному чтению, а также подготовке качественных научных переводов и комментариев. В ходе исследования были сопоставлены эстампажи и фотоснимки памятника, выполненные в разные годы, проанализированы графические формы знаков на его поверхности, выявлены черты авторского почерка. Для более точного определения особенностей письма использовался эстампаж, опубликованный в атласе В. Радлова, который был обработан с помощью графических редакторов и сопоставлен с новейшими изображениями памятника. Орфографические правила, характерные для орхонских надписей, были проверены на материале данного

памятника, его особенности проанализированы и систематизированы. Полученные результаты могут быть использованы при изучении языка древнетюркских письменных памятников, в курсах по исторической грамматике, а также при работе с оригинальным текстом памятника.

Ключевые слова: древнетюркские письменные памятники, орфография, эпиграфика, Тоньюкук, символ

B.K. KASPIKHAN, ZH.A. SARSENBAY, S.I. IGILIKOVA
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

AN ANALYSIS OF THE GRAPHICAL AND ORTHOGRAPHIC CHARACTERISTICS OF THE TONYUKUK MONUMENT

Annotation. The Tonyukuk Monument occupies a distinct position among the Old Turkic inscriptions. Serving as an advisor to three khagans, the wise Tonyukuk is commemorated in one of the most extensive and well-preserved Orkhon inscriptions. Comprising 62 lines, the text provides insight into the structure of medieval Turkic states, significant historical events, and the wisdom and heroic deeds of Tonyukuk. The Tonyukuk inscription includes several characters that are not found in the Bilge Khagan and Kül Tegin inscriptions. Scholarly opinions vary regarding the interpretation of these characters, which makes a detailed analysis of each sign and its graphical characteristics an important task.

Although a general orthographic system is shared among the Orkhon inscriptions, the Tonyukuk text exhibits unique spelling conventions in the representation of certain words. Identifying these orthographic features contributes to a more accurate reading of the text and facilitates the development of reliable scholarly translations and commentaries. In this study, estampages and photographs of the monument taken in different years were compared, the form and structure of the inscriptions were analyzed, and specific scribal features were identified. The estampage published in V. Radloff's atlas was digitally enhanced using graphic analysis tools and compared with recent high-resolution images of the monument to determine character variations. The orthographic conventions typical of the Orkhon tradition were verified using the Tonyukuk text, allowing for the identification and analysis of its distinctive features. The findings of this study may be used in the teaching of Old Turkic epigraphy, historical grammar, and for direct engagement with the original monument text.

Keywords: Old Turkic inscriptions, orthography, epigraphy, Tonyukuk, character

References

1. Thomsen V. Inscriptions de l'Orkhon déchiffrées. – Helsingfors: Imprimerie de la Société de Littérature Finnoise, 1896.

2. Vasil'ev D.D. Graficheskii fond pamyatnikov tyurkskoi runicheskoi pis'mennosti aziatskogo areala (opyt sistematizatsii). – M.: Nauka, 1983.

3. Radloff W. Eine neu aufgefundene altürkiche Inschrift. Vorläufiger Bericht. // Bulletin de l'Academie Imperiale des Sciences. – 1898. – 8 (1). – S. 71-76.

4. Radloff W. Die altürkischen Inschriften der Mongolei. Die Inschrift des Tonjukuk. (Zweite Folge). – St. Petersburg, 1899.

5. Thomsen V. Alttürkische Inschriften aus der Mongolei, in Übersetzung und mit Einleitung (Übersetzung H. H. Schraeder) // Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft. – 1924. – 78. – S. 121-175.

6. Malov S.E. Pamyatniki drevnetyurkskoi pis'mennosti. Teksty i issledovaniya. – M.: Izdatel'stvo AN SSR, 1951.

7. Aidarov G. O yazyke pamyatnika Ton'yukuka i ego otnoshenie k nekotorym sovremennym tyurkskim yazykam. Avtoreferat kand. diss… – Alma-Ata, 1959.

8. Aidarov G. Yazyk orkhonskikh pamyatnikov drevnetyurkskoi pis'mennosti VIII veka. – Alma-Ata, 1971.

9. Tekin T. A grammar of Orkhon Turkic. – Bloomington: Hague, 1968.
10. Tekin T. Tunyukuk Yazıtı. – Ankara, 1994.
11. Amanzholov A.S. Istoriya i teoriya drevnetyurkskogo pis'ma. – Almaty: Mektep, 2010.
12. Auğali E. Orhon eskertkışterı tılındegı dauystylar ä/ı jäne e («Toniqūq», «Kültegın» eskertkış mätınderı negızınde) // QazŪU Habarşysy. Filologia seriasy. № 4 (176). – 2019. – B. 86-91. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh-2019-4-ph12.
13. Jūmabaiqyzy Ū. «Kültegın» qūlpytasyndağy dauysty dybystardyñ emlesı // Tiltanym. № 4. – 2016. – B. 65-73.
14. Atlas drevnostei Mongolii. Izdan po porucheniyu imp. Akademii nauk V.V. Radlovym. – SPb.: Tipografiya Imperatorskoi Akademii nauk, 1899. –Vyp. IV, 4 s., tabl. CV–CXVIII.
15. Yıldız H. Proposal for a new reading of a line in the Tuńuquq inscription // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae, 2018, 71(4). – P. 375-384. DOI: https://doi.org/10.1556/062.2018.71.4.1.
16. Qazaqstan tarihy turaly türkı derektemelerı. II tom. Köne türık bıtıktastary men eskertkışterı (Orhon, Enisei, Talas). – Almaty: Daik-Pres, 2005.
17. Kyzlasov I.L. Tri tipa drevnetyurkskoi runicheskoi orfografii. // 90 let N.A. Baskakovu: Sbornik statei. – M.: Yazyk russkoi kul'tury, 1997. – C. 124–136.
18. Gumilev L.N. Köne türıkter. – Almaty: Bılım, 1994.

Авторлар туралы мәлімет:

Каспихан Бауыржан Каспиханұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.
Каспихан Бауыржан Каспиханулы – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
Kaspikhan Bauyrzhan Kaspikhanuly – doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сәрсенбай Жанат Асылханқызы – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
Сарсенбай Жанат Асылханкызы – доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
Sarsenbay Zhanat Asylkhankyzy – Doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Игиликова Сымбат Игиликқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.
Игиликова Сымбат Игиликовна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
Igilikova Symbat Igilikkyzy – doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.01.07
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.03

***Ж.Т. КОПБАЕВА[1]**
***Г.Қ. АБДИРАСИЛОВА[2]**
Г.Ш. БЕКЕНОВА[3]
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан[1,2]
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан[3]
(e-mail: phd_kopbayeva@mail.ru[1], ab.gulmira@mail.ru[2], Gulnar68_koks@mail.ru[3])

ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ЕСІМДІКТЕР МЕН ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ПАРАЛЛЕЛЬДЕР: КӨНЕ ЖҰРНАҚТАР НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімдіктер құрамындағы көне жұрнақтардың фоно-морфо-семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу мақсаты - көне түркі тіліндегі есімдіктердің құрылымын анықтап, оларды қазіргі қазақ, түрік тілдеріндегі есімдіктер жүйесімен салыстыра отырып, тарихи сабақтастық пен типологиялық ерекшеліктерді ашып көрсету. Жұмыста жақтық, сілтеу, сұрау және өздік есімдіктердің көне формаларының қазіргі тілдердегі баламалары, фонетикалық өзгерістер, морфологиялық трансформациялар және семантикалық кеңею үдерістері айқындалады.

Зерттеу нәтижелері көне тілдік құрылымдар мен қазіргі тіл фактілері арасындағы сабақтастықты ашып көрсетеді және түркі тілдерінің тарихи грамматикалық дамуын тереңірек түсінуге үлес қосады. Ежелгі түркі жазба мәтіндері мен қазіргі тілдік материалдар негізінде фонетикалық өзгерістер, морфологиялық трансформациялар және мағыналық ауысулары жүйелі түрде талданды. Көне түбірлер мен жұрнақтардың қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылу ерекшеліктері анықталып, олардың дамуының ішкі заңдылықтары мен сыртқы ықпалдар негізінде қалыптасқан үрдістері көрсетілді. Көне түбірлер мен морфемалардың қазіргі түркі тілдеріндегі сақталу дәрежесі, өзгеріс заңдылықтары мен жаңа қолданыс ерекшеліктері жүйелі түрде сипатталды. Нәтижесінде, көне түркі тіліндегі есімдіктер жүйесі мен қазіргі тілдердегі грамматикалық құрылымдар арасындағы тарихи-генетикалық байланыстар жан-жақты дәлелденді. Түркі тілдерінде байқалатын біртектілік пен ерекшеліктердің себептері ғылыми негізде талданды. Бұл зерттеу түркі тілдерінің тарихи морфологиялық дамуын түсіндіруге және тіл эволюциясының жалпы заңдылықтарын ашуға маңызды үлес қосады. Есімдіктер құрамындағы көне жұрнақтардың сақталуы мен дамуы жалпы түркі тілдеріндегі тілдік біртұтастықтың және әр тілдің өзіндік ерекшеліктерінің көрінісі ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: көне түркі тілі, есімдік, фоно-морфо-семантикалық өзгерістер, тарихи грамматика, түркі тілдері.

Кіріспе. Түркі тілдері – тарихи тамыры терең, құрылымдық жүйесі тұрақты әрі бай тілдер тобы. Түркі тілдеріндегі есімдіктер – лексиканың ең көнеден сақталған қабаттарының бірі. Осы тілдердегі есімдіктер жүйесі - ең көне әрі ең аз өзгеріске ұшыраған грамматикалық категориялардың бірі. Есімдіктердің құрамында сақталған көне жұрнақтар мен морфемалар арқылы біз түркі тілдерінің тарихи дамуын, өзара байланысын және айырмашылықтарын нақты байқай аламыз.

Көне түркі жазба ескерткіштері (Орхон-Енисей мәтіндері, «Құтадғу білік», «Диуани Хикмет») тілінде қолданылған есімдіктердің құрылымы бүгінгі қазақ, түрік, өзбек, қырғыз

тілдеріндегі есімдіктермен көп жағдайда сабақтастықта сақталғанымен, белгілі бір фонетикалық, морфологиялық және семантикалық өзгерістерге ұшырағаны байқалады.

Бұл зерттеу жұмысы көне ескерткіш тіліндегі есімдіктердің құрамындағы көне жұрнақтарды анықтап, қазіргі түркі тілдеріндегі параллельдермен салыстыра отырып, олардың тарихи дамуын сипаттауға бағытталған. Зерттеуде Орхон-Енисей жазбалары, Құтадғу білік, Диуани хикмет сияқты көне түркі мәтіндерінен және қазіргі қазақ тілінен алынған тілдік деректер пайдаланылды.

Көптеген негізгі есімдіктер түркі тілдерінің барлығына ортақ болып келеді (мысалы: мен 'я', сен 'ты', ол 'он(о)' сияқты) [1, 2]. Ғалымдардың пайымдауынша, түркі личный (жақтық) есімдіктері алтай тіл бірлестігі дәуірінен бастау алып, сол дәуірдегі түбірлерден дыбыстық өзгерістер арқылы қазіргі түркі тілдеріне жеткен.

V-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап, XI ғасырдағы Қараханид кезеңінің мәтіндеріне дейін және одан бері қазіргі түркі тілдеріне дейін есімдіктер үлкен өзгеріске ұшырамай, негізінен сақталып келген [3]. Махмұд Қашқари өзінің «Диуани лұғат-ит-түрк» (1072–1074 жж.) еңбегінде түркі диалектілеріндегі есімдіктердің біраз айырмасын көрсеткен. Ол оғыздар «ben» десе, басқа түркілер «men» дейтінін атап өтеді. Бұл дерек көне түркі кезеңінен бері кейбір фонетикалық өзгерістер (мысалы, b дыбысының m-ға айналуы) жүргенін аңғартады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеуде көне түркі жазба ескерткіштеріндегі есімдіктер құрамындағы көне жұрнақтардың фоно-морфо-семантикалық ерекшеліктерін анықтау мақсатында бірнеше әдістер қолданылды.

Морфологиялық талдау әдісі арқылы көне мәтіндердегі есімдіктердің тұлғалық құрылымы, жұрнақтық жүйесі және олардың қазіргі тілдердегі өзгерістері анықталды. Семантикалық талдау барысында есімдіктердің мағына өрісіндегі өзгерістер мен дамуы қарастырылды. Сонымен қатар, контекстуалды талдау тәсілі қолданылып, есімдіктердің нақты мәтіндік қолданыстары арқылы олардың тарихи қызметтік ерекшеліктері мен прагматикалық сипаттары зерттелді.

В. Радловтың 1888-1911 жылдар аралығында шығарған төрт томдық, сегіз кітаптан тұратын «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігінде түркі тілдеріне тән лексиканың мол қоры қамтылғаны мәлім [1]. Ежелгі дереккөздер ретінде «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған» сияқты Орхон-Енисей жазбалары, сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» еңбегі алынды. Қазіргі тілдік материалдар ретінде қазақ, түрік, өзбек тілдерінің грамматикалары мен сөздіктері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі есімдіктердің құрылымын зерттеу барысында олардың қазіргі қазақ, түрік және өзбек тілдеріндегі жүйелерімен тығыз тарихи сабақтастықта екені анықталды. Жақтық есімдіктер (män, sän, ol) бүгінгі түркі тілдерінде негізгі түбірлерін сақтай отырып, тек фонетикалық және грамматикалық тұрғыда түрленгені байқалады [3, 210]. Мысалы, көне түркі тіліндегі män формасы қазақ тілінде **мен,** түрік тілінде **ben,** өзбек тілінде **men** тұлғасында қолданылады. Сілтеу есімдіктері саласында bu, ol сөздері де өз мағыналық жүгін жоғалтпай, қазіргі тілдерде түрлі прагматикалық реңктерге ие болған [4, 65-70]. Мысалы, қазақ тіліндегі **бұл, ол** формалары ежелгі bu және ol сөздерінің тікелей жалғасы болып табылады.

Семантикалық дамудың айқын көрінісі сұрау есімдіктерінде байқалады. Көне түркі тіліндегі nä сөзі қазіргі қазақ тіліндегі **не,** түрік тіліндегі **ne**, өзбек тіліндегі **nima** формасына дейін дамыған. Бұл өзгерістер семантикалық кеңею мен күрделену үдерісін дәлелдейді [5, 88].

Өздік есімдіктер де тарихи түбірлерін сақтап қалғанымен, кей тілдерде мағыналық әрі грамматикалық өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, көне öz сөзі қазіргі қазақ тілінде **өз**, түрік тілінде **kendi,** өзбек тілінде **o'z** болып қолданылып келеді [6, 145].

Бақылау нәтижесінде фонетикалық жеңілдету, морфологиялық қайта құрылу және семантикалық ауысу процестері әртүрлі тілдік даму жолдарын көрсететіні айқындалды. Бұл үдерістерге ішкі тілдік заңдылықтармен қатар, географиялық, этникалық және әлеуметтік факторлар да әсер еткені байқалады [7,220]

Түркі тілдеріндегі есімдіктер жүйесін зерттеу түркітану ғылымының алғашқы кезеңдерінен бастау алады. Алғашқы іргелі еңбектердің бірі – Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігі (XI ғасыр), онда түркі тілдерінің есімдіктер жүйесі мен олардың қолданысы нақты мысалдармен берілген. Бұл еңбекте мен, сен, ол сияқты негізгі жақтық есімдіктердің әртүрлі түркі диалектілеріндегі фонетикалық варианттары салыстырылады [4, 65].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында В.В. Радлов өзінің «Опыт словаря тюркских наречий» атты көптомдық еңбегінде түркі тілдеріндегі есімдіктердің диалектілік варианттарын жинақтап сипаттаған [1]. Оның еңбектері тарихи-салыстырмалы зерттеулер үшін құнды дереккөз болып табылады.

Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімдіктердің грамматикалық табиғаты мен морфологиялық құрылымына алғашқылардың бірі болып Н.А.Баскаков назар аударған. Оның «Введение в изучение тюркских языков» еңбегінде есімдіктердің тарихи өзгерістері мен көне формаларына арнайы талдау жасалған [8].

Э.Н. Наджип өзінің «Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык» атты еңбегінде орта ғасырлық түркі тіліндегі есімдіктердің морфологиялық ерекшеліктерін сипаттап, оларды кейінгі дәуірлердегі формаларымен салыстырады [5, 88].

М. Ердал өзінің «A Grammar of Old Turkic» атты монографиясында көне түркі жазба ескерткіштеріндегі есімдіктердің жүйесін толықтай сипаттайды. Ол әрбір есімдіктің түбірі мен грамматикалық көрсеткіштерінің тарихи дамуын фонетикалық және морфологиялық тұрғыда қарастырады [3].

Қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктердің морфологиялық табиғаты мен даму эволюциясы туралы еңбектер ішінде А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» кітабы ерекше орын алады. Ол қазақ тіліндегі есімдіктердің грамматикалық категорияларын ғылыми жүйелеп береді [6].

С. Исаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі етістік модальдылығы» еңбегінде есімдіктердің модальдік қызметіне қатысты пікірлер келтіріледі, бұл әсіресе есімдіктердің прагматикалық қызметін түсіндіруде маңызды [9].

Н. Оралбаева «Тарихи морфология негіздері» еңбегінде көне түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне өткен есімдіктердің морфологиялық трансформацияларын нақты мысалдармен сипаттайды [10].

Жалпы түркі тілдеріндегі сөзжасам тәсілдері мен жұрнақтардың тарихи даму заңдылықтарын жүйелі түрде зерттеген монография – «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» ұжымдық еңбекте есімдіктердің құрамындағы морфемалық өзгерістер мен тарихи параллельдер кеңінен қарастырылған [7, 220].

Қазақ әдебиетіндегі көне дәуір туындыларын зерттеген А.Қыраубаева өз еңбектерінде [13] де көне мәтіндердегі есімдіктердің қолданысына назар аударып, олардың тілдік ерекшеліктерін сипаттайды.

Түркі тілдеріндегі жеке (жақтық, жіктеу) есімдіктер бірінші, екінші және үшінші жақ, жекеше және көпше сан категорияларын білдіреді. Көне түркі жазбаларында да I жақ бән (кейінгі кейбір мәтіндерде мән), II жақ сән, III жақ ол түрінде болған. Орхон жазбаларында («Күлтегін», «Білге қаған» ескерткіштері) мен мағынасындағы есімдік көбіне män түрінде жазылған, ал одан сәл ертеректегі Тонықөк жазуында дербес тұрған кезде bän формасы қолданылғаны байқалады [3,210].

Қазіргі қазақ тіліндегі мен сөзі осы män тұлғасының тікелей жалғасы деп айтуға болады. Ал қазіргі түрік тілі ben түрін сақтап, оғыз тілдерінде б > м өзгерісі жүрмегені байқалады. Екінші жақ жекеше сен есімдігі көне түркідегі sän формасынан үлкен өзгеріссіз жеткен. Үшінші жақта жіктеу есімдігі дербес сөз ретінде болмаған, ол қызметті сілтеу есімдіктері атқарған: көне түркіде ol (‘ол, анау’) сөзі әрі **ол** есімдігі (3-жақ) орнына қолданылған. Бұл үрдіс қазіргі қазақ тілінде де сақталып, **ол** сөзі адамға да, затқа да («ол кісі», «ол кітап») 3-жақтық мәнде қолданылады.

Көпше түрдегі жақтық есімдіктерге келсек, көне түркіде I жақ біз, II жақ сіз түрінде болғаны Орхон жазбаларынан мәлім [3].

Бүгінгі қазақ тіліндегі біз, сіз сол ежелгі тұлғалардың өзгеріссіз жалғасы. Мұнда ескеретін жайт – I, II жақ есімдіктерінің жекеше-көпше сан категориялары арнайы қосымшалар арқылы емес, түбірдің өзгеруі арқылы берілген. Яғни жекеше түрінде -н фонемасы болса (мен, сен), көпше түрінде -з фонемасы көрінеді (біз, сіз). Тарихи тұрғыдан қарағанда бұл -н және -з дыбыстары ежелгі көптік жалғаудың іздері болып саналады: алтай дәуірінде көптік мәнді -r қосымшасы болғаны, кейін жалпытүркілік (ортақ түркі) кезеңде оның -з дыбысына ауысқаны туралы болжам бар [2]. Түркі тілдерінде -r > -z өзгерісі тарихи дыбыс алмасудың нәтижесі ретінде орныққан. Демек, біз, сіз деген көпше есімдіктер құрамындағы -з – көне көптік жұрнақтың сақталған түрі. Сол сияқты жекеше мен, сен сөздеріндегі соңғы -н дыбысы да алғашында арнайы морфема болғаны байқалады.

Көне түркі тілінде барлық жақтық есімдіктердің (I және II жақ) негізінде н дыбысы бар еді, тек көпше атау тұлғада ғана жоқ. Мысалы, Орхонда 1-жақ мен (мән), 2-жақ сен деп келсе, олардың табыс септігі мені, сені түрінде -н- сақталып жалғанған. Бұдан көне заманда I, II жақ есімдіктерінің түбірі ме-/бе-, се- болып, оларға -н тұлғасы қосылу арқылы жекеше форма жасалған деген тұжырым жасауға болады. Бұл -н сигнификаты қазіргі қазақ тілінде де толық сақталған: мен, сен (атау септік), бірақ көпше біз, сіз сөздерінде жоқ (көпше тұлға басқа жолмен жасалған).

Қазақ тіліндегі жақтық есімдіктер морфемдік құрамы жағынан көне түркімен негізінен бірдей, айырмасы кейбір фонетикалық өзгерістерде ғана: мысалы, бән > мен (б-м алмасуы), -р > -з (көптік көрсеткіші), сондай-ақ III жақта дербес есімдіктің орнына сілтеу есімдігі қолданылатын үрдіс тұрақтанған [12].

Жақтық есімдіктердің мағыналық қолданысында көне дәуір мен қазіргі кезең арасында кейбір ерекшеліктер де бар. Көне түркіде сіз есімдігі көпше сіздер мағынасында ғана емес, кейде қазіргі қазақ тіліндегідей сыпайы формада жалғыз кісіге қарата да айтылғандығы байқалады. Орхон және кейінгі мәтіндерде сізләр (sizlär) түріндегі көпше күшейтпелі форма сирек те болса кездеседі [12, 45]. Қазақ тілінде де сіз сөзі көпше адресатқа және ресми-сыпайы түрде жекеше адресатқа қолданылады; көпше мәнді айқын көрсету қажет болса, сіздер формасы пайдаланылады. Бұл жағынан III жақ есімдігі басқа есімдіктерден айырмашылығы – көптік тұлғасы жалпы зат есімдер жұрнағы -лар арқылы беріледі (яғни ол+ар). I және II жақта арнайы көптік түбірлер (біз, сіз) болғандықтан, оларға -лар жалғанбайды (тек кейде тұлғалау үшін біздер, сіздер түрінде айтылуы мүмкін). Есімдіктердің бұл сан категориясын білдіру тәсілі көне дәуірден бері өзгеріссіз жалғасып келеді.

1-кесте. I, II, III жақ есімдіктерінің салыстырма

Дәуір / Тіл	I жақ (жекеше)	I жақ (көпше)	II жақ (жекеше)	II жақ (көпше)	III жақ (жекеше)	III жақ (көпше)	Ерекшеліктері
Көне түркі жазбалары	bän, män	biz	sän	siz	ol	olar	III жақ есімдігі сілтеу есімдігімен берілген.
Тоныкөк жазуы	bän	biz	sän	siz	ol	olar	bän туралы дербес түрі көп уақыт сақталған.
Қазіргі қазақ тілі	men	biz	sen	siz	ol	olar	b>m ұқсауы; -z көптік көрсеткіші сақталған.

Қазіргі түрік тілі	ben	biz	sen	siz	o	onlar	b түбірі сақталған; III жақта жақтық сезілмейді.

Көне түркі жазбалары	bän, män	biz	sän	siz	ol	olar	III жақ есімдігі сілтеу есімдігімен берілген.
Тонықөк жазуы	bän	biz	sän	siz	ol	olar	bän туралы дербес түрі көп уақыт сақталған.
Қазіргі қазақ тілі	men	biz	sen	siz	ol	olar	b>m ұқсауы; -z көптік көрсеткіші сақталған.
Қазіргі түрік тілі	ben	biz	sen	siz	o	onlar	b түбірі сақталған; III жақта жақтық сезілмейді.

2-кесте. Көне түркі және қазіргі қазақ тіліндегі жақтық есімдіктер салыстырмасы

Жақ	Көне түркі тіліндегі түрі	Казіргі қазақ тіліндегі түрі	Ерекшеліктері
I жақ жекеше	bän, män	мен	b > m фонетикалық ауысу, -n түрі сақталған
II жақ жекеше	sän	сен	Өзгеріссіз сақталған
III жақ жекеше	ol	ол	Сілтеу есімдігі орынын басқан
I жақ көпше	biz	біз	-r > -z тарихи дыбыс ауысуы
II жақ көпше	siz	сіз	-r > -z тарихи дыбыс ауысуы, сыпайы мәнін алған
III жақ көпше	ol + lar	олар	-lar көптік жұрнағы арқылы жасалған

Көне түркі жазба тілінде сілтеу (көрсеткіш) есімдіктерінің екі негізгі түрі болды: бу (бұл) – «мынау, бұл» және ол – «анау, ол». Бұлар затқа не адамға нұсқай отырып, қазақ тіліндегі «жақын», «алыс» деген кеңістіктік категорияларды білдірген. Орхон жазбаларында бу сөзі жиі кездеседі, мағынасы қазіргі қазақтағы **бұл** есімдігіне сәйкес. Ол сөзі де дәл қазіргі **ол** мағынасында қолданылған, кейде сөйлемде үшінші жақ адамды да осы ол көрсету есімдігімен атаған. Демек, «ол» сөзі әрі есімдік (3-жақ), әрі сілтеу мәнін қоса атқарған қызметте болған

Нәтижелер. Қазіргі қазақ тілінде сілтеу есімдіктері жүйесі көне негізден тарағанымен, біраз кеңейген. Бүгінде **бұл, осы, ана, мынау** сияқты бірнеше дәрежедегі сілтеу есімдіктері бар. Олардың түп-төркініне үңілсек, барлығы сол ежелгі бу, ол сөздерінен және қосымша элементтерден шыққан.

Көне түркі сілтеу есімдіктерінің морфологиялық ерекшелігі – септелгенде немесе тіркескенде түбір өзгерісі болуы. Атап айтқанда, бу және ол есімдіктері септік жалғаулар алған кезде немесе белгілі синтаксистік қызметте **бун-, ан-** түрінде көрінеді. Орхон мәтіндерінде бунта – «мұнда», анта – «онда» тәрізді үлгілер жиі кездеседі (бун+та = бұл жерде, ан+та = ана жерде) [12]. Мұндағы **-н-** дыбысы сілтеу есімдігінің түбірі мен жалғауының арасын жалғап тұрған көне қосымша, оны зерттеушілер фонетикалық дәнекер дыбыс деп те атайды. Сол көне дәстүр қазіргі қазақ тілінде жалғасын тапқан: **ол** сөзін септегенде **оның, оны, оған** деген формаларында түбір мен жалғау арасында н пайда болады. **Бұл** сөзі де септелгенде кейде **мұның, мұны, мұнда** түріне енеді. Сілтеу есімдіктерінің морфологиясында ежелгі -н дәнекер фонемасының қызметі сақталған, ал сөз құрамы көне түбір + жаңа қосымшалар есебінен біраз кеңейген.

Сұрау есімдіктері (кім? не? қайсы? т.б.) түркінің ежелгі кезеңінен бері негізінен өзгеріссіз келген сөздер тобына жатады. Орхон жазбаларында кім мағынасында käm сөзі кездессе, кейінгі қолжазбалар мен қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз kim түрінде қалыптасқан. Қазақ тіліндегі **кім** – сол көне кәм/ким-нің жалғасы. Ал **не** сұрау есімдігі көне түркіде nä түрінде айтылған деген дерек бар

Қазіргі қазақ тіліндегі **не** (вариант түрінде нәрсе құрамында нәр-) – мағынасы жағынан ежелгі «не?/не нәрсе?» ұғымын беретін сөз. Түркі тілдерінде **кім** – жандыға, **не** – жансызға қатысты сұрақ қоюға маманданғаны тарихи кезеңдерде айқындалған. Көне түркіде бұлардан өзге қалай, қашан, қайда тәрізді сұрау мәнді құрылымдар сөз тіркесі арқылы білдірілген: мәселен, «қандай түрде» дегенді қан такы (қазіргі қалай) деген тіркеспен берген.

«Қайсы» есімдігі – сұрау және байланыстырғыш (қатыстық) мәнде қолданылатын сөз. Қазақ тілінде **қай** және **қайсы** түрінде (жаңғыра, көпше не белгісіздік реңкімен) айтыла береді. Көне түркі дәуірінде бұл есімдік ка түбірінен тарағаны жөнінде пікір бар [12].

«Құтадғу біліг» тілінде «қайсысы?» мағынасында kajusi түрінде кездеседі, ал кейінірек шағатай, Орта Азия түркілерінде қайсы, қайсі, қайсісі тәрізді вариантты болған [14]. Мұндағы -сы морфемасы – есімдіктен заттандыратын көне жұрнақ, яғни қай + сы қосылып «қайсы (бірі)» деген сөз жасалған. Бұл жұрнақ қазіргі қазақ тіліндегі **қайсы** сөзінде де сақталған. Ал жалаң **қай** сөзі сұрақта анықтауыш қызметінде (қай кітап?), немесе қыстырма, тіркес (**қай кезде**) құрамында ғана қолданылып жүр. Көне түркідегі ка түбірі сұраулық мәнін жоймағанын ескерсек, қазақтағы **қай** сол түбір, ал **қайсы** - сы қосымшалы түрі болып табылады.

Сұрау есімдіктерінен туындаған бірнеше шылау, үстеу мәнді сөздер бар, бұлардың біразы көне заманнан келе жатыр. Мысалы, **қашан (**‘қайтсең’, ‘қанша уақыт’) сөзі ежелгі қач анча (‘қанша уақытта’) деген тіркестен қалыптасқан деген болжам бар; **қалай ~ қалайша** сөзі қалай (көне түркіде *қалай/*қалайы – «қандай түрде») түбіріне -ша демеулік қосылып қалыптасқан. **Қайда** сұрау үстеуі тура мағынасында көне түркі мәтіндерінде қай ерде (қай жерде) түрінде кездескені байқалады, уақыт өте қысқарып **қайда** сөзі дербестенген. Бұл сөздердің барлығы **кім, не, қай** сияқты түбір сұрау есімдіктерінен шыққанын тіл тарихы дәлелдейді.

Өздік есімдік бір сөйлемде субъектінің өзі екендігін көрсету үшін қызмет етеді. Қазіргі қазақ тілінде өздік есімдікті білдіру үшін **өз** сөзі және тәуелдік жалғаулар қолданылады: өзім, өзің, өзі, т.б. Ал көне түркі тілінде бұл функцияны басқа сөз атқарған – кәнтү (кейбір жазбаларда кенді/кәнді) есімдігі. [14] Орхон жазбаларында өз сөзі көбіне «өз, өзінің» деген мағынадағы зат есім немесе сын есім (мысалы, өз тегім – өз тегім, өзімнің тегім) ретінде ғана кездеседі, ал тура «өзіңді өзі деген» мәнде кәнтү қолданылған. Кәнтү сөзі кейінгі түркі жазба дәстүрінде kendi түріне ауысты (мысалы, шағатай тілінде өз кем өзім орнына өзім кендім деу кездеседі). Оғыз және шағатай дәстүрінде **kendi** (түрік, әзербайжан, өзбек тілдерінде бүгінге дейін) негізгі өздік есімдік болып қалды. Ал қазақ, қырғыз сияқты қыпшақ тілдерінде **өз** сөзі күшейіп, өздік мағына берудің негізгі құралына айналды.

Қазақ тілінде **өз** сөзі тәуелденіп айтылғанда ғана нақты өздік есімдік болады: мен өзім келдім дегенде өзім – ‘сам’, ал жай өз десек, ол зат есім, «өзімнің адамым» дегендегі «өз» сияқты тұлға. Демек, қыпшақ тілдері тарихи даму барысында көнедегі кәнтү/кенді сөзінен бас тартып, оның орнына бұрыннан тілде бар өз («өзі, өзінің мәніндегі» жалпы есім) сөзін грамматикаландырып, өздік есімдік жасаған. **Өз** сөзінің түбі өте ежелгі – түркі және жалпы алтай тілдерінде «өзі, өзі(нің) тәні» деген ұғымды білдіргені жайында болжам бар. «Құтадғу білікте» «өзін өзі мақтады» тәрізді қолданыстарда өз де, кенді де қатар ұшырасады [14].

XIV–XV ғасырлардан кейінгі қазақ даласындағы жазба әдебиетте («Диуани Хикметте») өз сөзінің тәуелденген түрлері жиі кездеседі [15]. **Өздік есімдік категориясы** түркі тілдерінде құрылымдық жағынан ұқсас: не арнайы есімдік (қазақша «өз», түрікше «kendi») не сол есімдікке тәуелдік жалғау жалғау арқылы жасалады. Бұл үлгі көне түркіде де болған (өз+і, кентү+сі сияқты формалар), қазір де бар. Сондықтан «өздік есімдік» деген категорияның өзі – көне түркі морфологиясынан келе жатқан тілдік құбылыс.

Түркі тілдерінде белгісіздік (индефинит) пен болымсыздық (отрицание) мәнді есімдіктер көбіне дайын түбір сөздер арқылы емес, сөз тіркестері немесе қосымшалар арқылы жасалған. Көне түркі жазбаларында «біреу, кейбіреу» мәнін беруде бір («один») сан есімі мен кісі («адам») сөздерінің жымдасуы немесе кім есімдігіне қосымша сөздер тіркелуі байқалады. Мысалы, Орхон-Енисей мәтіндерінде кісі болмаз деген тіркес «ешкім болмайды» (адам жоқ) дегенді білдірген. Яғни нақты «ешкім» деген жеке сөз жоқ, оның орнына болымсыз конструкция қолданылған.

Қазіргі қазақ тілінде **біреу** сөзі белгісіздік есімдігі ретінде кең қолданылады, мағынасы – «әлдекім, тосын адам». Бұл сөз тарихи тұрғыда бір сан есімі мен еу деген морфемадан құралған. -еу қосымшасы тек «біреу, екеу, үшеу» сандық атауларында кездесетін көнелікті элемент, бастапқыда жинақтау мағынасын берген. Сондықтан **біреу** сөзін шартты түрде «бір (адам)» дегеннің баламасы деуге болады. Көне түркіде дәл қазіргі қазақтағыдай бір сөзбен «біреу» деу болмаған, көбіне бір кісі деп екі сөзбен немесе kim sa түрінде қолданылған (-са көне қыпшақша «-да» мәніндегі қосымша, арабша кемса үлгісіндегі сияқты).

Қазақ тіліндегі **кейбіреулер, біреулер** деген сөздер сол біреу негізіне көптік жалғауы жалғану арқылы жасалған. **Әлдекім, әлдене** сөздеріндегі әлде- бөлігі – парсы тілінен енген белгісіздік бөлігі («әлдеқашан» т.б.), яғни мұнда да шеттен кірген элемент бар. Бірақ таза қазақы қолданысқа тән қандай да бір, бір адам сияқты айналып айтулар да қолданылады. Жалпылау есімдіктері барлық, бүкіл мағынасын білдіреді. Көне түркіде мұндай ұғымды барча сөзі берген (мысалы, Күлтегін жазуында түрк барча бодун – «барлық түркі халқы» деген). Барча сөзі бар («бар, барлық») түбіріне көне -ча жұрнағы жалғану арқылы жасалған [12].

Қазіргі қазақ тілінде **барлық** деген сөз дәл сондай құрамда: бар түбіріне -лық жұрнағы жалғанған. Жалпылау мәнінде **баршасы, бәрі** деген есімдіктер де қолданылады. **Бәрі** сөзі тарихи жағынан бар сөзінің парсы тіліндегі көпше түріне (баре немесе арабша барийа) байланысты шыққан делінеді, бірақ түркіше айту дәстүріне салып өзіміздің сөзімізге айналған. Көне ескерткіштер тілінде барлығ түрінде де кездескені мүмкін, алайда негізгі қолданыс барча болған. Кейінірек шағатай, қазақ тілдерінде барша және оған тәуелдік жалғауы қосылған баршасы түрлері орын алған. **Баршасы** қазіргі тілде сирек қолданылғанмен, әдеби тілде кездеседі («жұрттың баршасы»). **Түгел** сөзі де көне түркіден келе жатқан жалпылау есімдігі, мағынасы «бәрі, барлық». Қазіргі қазақ тілінде түгел көбінесе үстеу (бәрі түгел келді) не баяндауыш (бәрі түгел) қызметінде жүр. Бұның түптөркіні көне түк-ел деген құрам (мағынасы «бір де бір ұсақ-түйек қалмай»). Жалпылау есімдіктерінің дамуында араб-парсы ықпалы да бар: мәселен, **һәммә** (хамма) сөзі бір кездері қазақшада «бәрі» мағынасында қолданылған арабтың hammu – «барлығы» сөзінен кірген. Дегенмен қазақ тілінде бөгде элементтерден гөрі өз түбіріміздің өрбіген **барлық, бәрі, барша** сөздері тұрақтап қалды.

3-кесте. Жалпылау есімдіктері туралы

Термин/ Сөз	Шығу тегі	Құрылымы	Қазіргі қолданыс	Ескертпелер
барча	Көне түркі	бар + -ча	Күлтегін жазуында («түрк барча бодун» — «барлық түркі халқы»)	Негізгі жалпылау формасы
барлық	Қазақ тілі	бар + -лық	Қазіргі әдеби тілде қолданылады	барча сөзінің жалғасы ретінде
баршасы	Қазақ тілі	барша + тәуелдік жалғауы	Әдеби тілде сирек қолданады («жұрттың баршасы»)	Шағатай тілінен әсер болуы мүмкін

бәрі	Парсы/араб ы қ п а л ы а р қ ы л ы түркі	парсы баре, араб барийа	Ең жиі қолданылатын форма	Түркі тілдік дәстүрге бейімделген
түгел	Көне түркі	түк-ел	Үстеу және баяндауыш ретінде қолданылады («бәрі түгел»)	Мағынасы: «бір де бір ұсақ-түйек қалмай»
h ә м м ә (хамма)	Араб тілі	hammu	XIX ғ. жазбаларында кездеседі	Қазіргі қолданыстан шығып қалған

Болымсыздық есімдіктері (ешкім, ештеңе, дәнеңе және т.б.) қазақ тілінде көбінде парсы-арабтан ауысқан еш, бе сияқты болымсыздық бөлігі арқылы және өзіміздің **кім, не** есімдіктері арқылы жасалады: **ешкім** («ни один человек»), **ештеңе** («ни одна вещь»). Көне түркіде мұндай құрамдас сөздер болмаған, оның орнына шектеу мәнді бөлшектер немесе етістіктің болымсыз түрі пайдаланылған. Мысалы, Орхонда кісі йоқ тіркесі «ешкім жоқ» дегенді білдірген. Кейінірек болымсыздық есімдіктері түркі тілдеріне сырттан енген heч (еш) сөзінің көмегімен жасалатын болды. Қазақ тілінде де осы үлгі орныққан: **ешкім, ештеңе.** Сонымен қатар өз тіліміздеде туған балама ретінде **дәнеңе** сөзі бар («ештеңе» мағынасында), бұл сөз да нәрсе тіркесінің ықшамдалып, семантикалық тұрақтануы нәтижесінде пайда болған.

Жалпы, белгісіздік және болымсыздық есімдіктерінің құрамында көне дәуірден сақталған жұрнақтардың бірі – **-сы/-сі** элементі. Жоғарыда айтылған қайсы сөзіндегі -сы сондай жұрнақ болса, тағы біреулер мағынасындағы кейбір көне тұлғаларда -сі кездеседі.

4-кесте. Көне түркі және қазіргі түркі тілдеріндегі есімдіктердің салыстырмалы

Көне түркі есімдігі	Қазіргі қазақ тіліндегі баламасы	Қазіргі түрік тіліндегі баламасы	Ерекшеліктер мен мысалдар
m ä n (мен)	мен	ben	Б>м ауысуы қазақ тілінде болған; түрік тілінде сақталған. Мысалы, Орхон жазбаларында: män özüm barmış («Мен өзім бардым»)
sän (сен)	сен	sen	Өзгеріссіз дерлік сақталған. Мысалы, sän keldiŋ («Сен келдің»)
ol (ол)	ол	o	Фонетикалық және мағыналық сәйкестік толық. Мысалы, ol kişi («Ол кісі»)
biz (біз)	біз	biz	Өзгеріссіз сақталған. Мысалы, biz kelti («Біз келдік»)
siz (сіз)	сіз	siz	Өзгеріссіз сақталған; сыпайылық мәні қосылған. Мысалы, siz keldiŋiz («Сіз келдіңіз»)
bu (бұл)	бұл	bu	Өзгеріссіз сақталған. Мысалы, bu söz («Бұл сөз»)
an (анау)	анау	şu, o	Қазақ тілінде ‘анау’ пайда болған, түрік тілінде бөліну байқалады. Мысалы, anta bar («Ана жерде бар»)
nä (не)	не	ne	Өзгеріссіз сақталған. Мысалы, nä keldi («Не келді?»)
käm (кім)	кім	kim	Өзгеріссіз сақталған. Мысалы, käm keldi («Кім келді?»)
k a j u s i (қайсы)	қайсы	hangisi	Қазақ тілінде қайсы, түрік тілінде жаңа туынды сөз қалыптасқан. Мысалы, kajusi keldi («Қайсысы келді?»)
öz (өз)	өз	kendi	Қазақ тілінде өз сөзі күшейіп, рефлексивтік мәнге ие болған. Мысалы, özüm keldi («Өзім келді»)

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері тіл дамуындағы жалғастық пен инновацияны бір категория – есімдіктер мысалында нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Көне мен бүгінгінің тілдік материалын салыстыру арқылы біз қазақ тілінің тарихи терең тамыры бар екеніне тағы да көз жеткіземіз. Бұл заңдылықтар мен параллельдер тілдің эволюциясын түсінуге көмектесіп, жалпы түркі тілдерінің даму жолындағы ортақтық пен ерекшелікті айқындауға негіз бола алады. Есімдіктер жүйесіндегі тарихи-типологиялық сабақтастық – қазақ тілінің грамматикалық құрылымы уақыт пен кеңістік аясында қаншалықты тұрақты әрі біртектес болатынын дәлелдейтін маңызды айғақтардың бірі.

- Көне түркі тіліндегі есімдіктердің басым бөлігі қазіргі қазақ және түрік тілдерінде негізінен сақталған.
- Кейбір тұлғаларда фонетикалық ауысулар (б > м) немесе жаңа қосымшалар арқылы түрлену байқалады.
- Сілтеу есімдіктерінде (бу, ол) қазақ тілінде де, түрік тілінде де тарихи сабақтастық айқын.
- Өздік есімдіктер саласында қазақ тілі өз (өзім, өзің) сөзін пайдаланса, түрік тілі kendi формасын қолданады.

5- кесте

Мысалдар:			
Көне түркі:	män özüm (мен өзім)	Қазақша: мен өзім	Түрікше: ben kendim
Көне түркі:	bu bodun (бұл халық)	Қазақша: бұл халық	Түрікше: bu halk
Көне түркі:	ol kişi (ол адам)	Қазақша: ол кісі	Түрікше: o kişi
Орхон мәтіндерінен:	bunka bardım	«Мұнда бардым»	
Тонықөк жазуынан:	anta yatuq	«Ана жерде жатыр»	
Құтадғу біліктен:	kajusi kelti	«Қайсысы келді»	

Қорыта айтқанда, көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімдіктер мен қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау нәтижесінде бірнеше маңызды көне морфемалық элементтер айқындалды. Ең алдымен, жақтық есімдіктер құрамындағы -н және -з дыбыстары ежелгі грамматикалық көрсеткіштердің сақталуы екенін байқалды. Бірінші, екінші жақтың жекеше түрі -н арқылы, көпше түрі -з арқылы берілгені – көне түркілік тұлға, бұл жүйе қазақ тілінде де жалғасуда (мен/сен ~ біз/сіз). Үшінші жақ есімдігі қызметін көне түркіде ол көрсеткіш есімдігі атқарса, қазақ тілінде де **ол** сол мәнде қолданылады – яғни семантикалық сабақтастық толық. Морфемдік өзгерістерден фонетикалық ауысуларды ғана атап өттік (б > м, т.б.), бұлар тарихи дыбыс заңдылықтарына сай түсіндіріледі. Мысалы, бән сөзіндегі бастапқы б дыбысының мен сөзінде м-ға айналуы ежелгі түркі тіліндегі ілгерінді ықпал ассимиляциясынан туындаған . Сондай-ақ, көптік мәндегі -r элементінің -з-ға айналуы да жалпытүркілік фонологиялық құбылыс болып, есімдіктер құрамында да із қалдырған.

Көне есімдіктер құрамында кейбір қосымшалар қазіргі тілде дара тұлға ретінде қайсы есімдігіндегі -сы жұрнағы көне дәуірден келе жатқаны анықталды. Өздік есімдік көне өз сөзін грамматикалық есімдік дәрежесіне көтерсе, кей өзге түркі тілдер көне kendi (кентү) сөзін сақтаған – бұдан рефлексив категорияның тарихи балама жолмен дамығаны көрінеді. Сұрау есімдіктері семантикасы жағынан тұрақты болғанмен, олардың туынды тұлғалары (қалай, қашан, қайда т.б.) синтаксистік конструкциялардан лексикалану арқылы қалыптасқанын байқалды.

Жалпы, көне түркі және қазіргі қазақ есімдіктерін салыстыра зерттеу тарихи грамматикаға маңызды деректер қосты. Есімдіктер – ең консервативті сөз таптарының бірі, сондықтан олардың форма-құрамы мың жылдан астам уақыт бойы аса көп өзгермей,

негізгі түбірлері сақталған. Бұл тұрақтылықпен қатар, кейбір фонетикалық және морфологиялық өзгерістер тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес іске асқан.

Әдебиеттер

1. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I. – Санкт-Петербург: Факс, 1893. – 704 с.
2. Мамырбек Г., Малбақов М., Сейітбекова А.В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2024. –№2. –Б. 49-58. DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.05.
3. Demirci M. The Historical Development of Personal Pronouns in the Turkic Language // International Journal of Languages' Education, 2015. - №3(1). – P. 422-432
4. Erdal M.A. Grammar of Old Turkic. - Leiden: Brill, 2004. Volume 1. – 574 p., Volume 2. – 541 p.
5. Махмұд Қашқари «Диуан луғат-ит-түрк» (аударма нұсқасы). – Алматы: Хант, 2005. – 320 б.
6. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 209 с.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
8. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986. – 302 с.
9. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: Наука, 1962. – 346 с.
10. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістік модальдылығы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 296 б.
11. Оралбаева Н. Тарихи морфология негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 216 б.
12. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Өнер, 2008. – 303 б.
13. Орхон жазба ескерткіштері мәтіндері. (Bilge Kagan, Kül Tegin, Tonyukuk жазулары)-факсимиле мен транскрипциясы әртүрлі жинақтарда кездеседі, стандартты аударма нұсқасы бойынша: – Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
14. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика). – Алматы: Қазақ университеті, 1975. – 250 б.
15. Баласағұни Жүсіп Құтадғу білік. (Толық транслитерация және қазақша аударма нұсқасы). – Алматы: Ғылым, 1986. – 600 б.
16. Ахмет Ясауи Диуани Хикмет. – Алматы: Жібек жолы, 2012. – 284 б.

Ж.Т. КОПБАЕВА, Г.Қ. АБДИРАСИЛОВА,
Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Г.Ш. БЕКЕНОВА
Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

ПАРАЛЛЕЛИ МЕЖДУ МЕСТОИМЕНИЯМИ В ЯЗЫКЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ И СОВРЕМЕННЫХ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ: НА ОСНОВЕ ДРЕВНИХ АФФИКСОВ

Аннотация. В данной статье рассматриваются фоно-морфо-семантические особенности древних аффиксов в составе местоимений тюркских письменных памятников.

Цель исследования – определить структуру местоимений в древнетюркском языке и, сопоставляя их с системой местоимений казахского и турецкого языков, выявить историческую преемственность и типологические особенности. В работе акцент сделан на выявление древних форм личных, указательных, вопросительных и возвратных местоимений, а также фонетические изменения, морфологические трансформации и процессы семантического расширения. Результаты исследования показывают преемственность между древними языковыми структурами и современными языковыми фактами, способствуют более глубокому пониманию историко-грамматического развития тюркских языков.

На основе древних тюркских письменных памятников и современных языковых материалов системно проанализированы фонетические изменения, морфологические трансформации и семантические сдвиги. Выявлены особенности сохранения древних корней и аффиксов в современных тюркских языках, внутренние закономерности развития и процессы, обусловленные внешними влияниями. Установлены историко-генетические связи между системой местоимений древнетюркского языка и современными грамматическими структурами тюркских языков. Научно обоснованы причины наблюдаемого единства и различий среди тюркских языков. Данное исследование вносит важный вклад в понимание исторического развития морфологии и эволюции языков.

Ключевые слова: древнетюркский язык, местоимение, фоно-морфо-семантические изменения, историческая грамматика, тюркские языки.

Zh.T. KOPBAEVA, G.K. ABDIRASSILOVA, G.
Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
Sh. BEKENOVA
A.K. Kussayinov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan

PARALLELS BETWEEN PRONOUNS IN TURKIC INSCRIPTIONS AND MODERN TURKIC LANGUAGES: BASED ON ANCIENT AFFIXES

Annotation. This article examines the phono-morpho-semantic features of ancient affixes within the pronouns of Old Turkic written monuments.

The purpose of the research is to identify the structure of pronouns in Old Turkic and, by comparing them with the pronoun systems of modern Kazakh, Turkish languages, to reveal historical continuity and typological distinctions. The study focuses on identifying ancient forms of personal, demonstrative, interrogative, and reflexive pronouns, as well as analyzing phonetic changes, morphological transformations, and processes of semantic expansion. The results demonstrate the continuity between ancient linguistic structures and modern language phenomena and contribute to a deeper understanding of the historical grammatical development of Turkic languages.

Based on ancient Turkic written sources and modern language data, phonetic changes, morphological transformations, and semantic shifts were systematically examined. The preservation of ancient roots and affixes in modern Turkic languages was identified, along with the internal development patterns and externally influenced processes. Historical-genetic relationships between the pronoun system of Old Turkic and the grammatical structures of modern Turkic languages were comprehensively demonstrated. The study scientifically explains the reasons for both unity and diversity among the Turkic languages. This research provides valuable contributions to the understanding of the historical evolution of Turkic morphology and language development.

Keywords: Old Turkic language, pronoun, phono-morpho-semantic changes, historical grammar, Turkic languages.

References

1. Radlov V.V. Opyt slovarä türkskih narechi. Tom I. – Sankt-Peterburg: Faks, 1893. – 704 s.

2. Mamyrbek G., Malbaqov M., Seiıtbekova A.V. Radlov sözdıgındegı baiyrğy sözderdıñ semantikalyq erekşelıkterı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2024. – №2. – B. 49-58. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.05.

3. Demirci M. The Historical Development of Personal Pronouns in the Turkic Language // International Journal of Languages' Education, 2015. - №3(1). – P. 422-432

4. Erdal M.A. Grammar of Old Turkic. - Leiden: Brill, 2004. Volume 1. – 574 p., Volume 2. – 541 p.

5. Mahmūd Qaşqari «Diuan luğat-it-türk» (audarma nūsqasy). – Almaty: Hant, 2005. – 320 b.

6. Najip E.N. Türkoiazychnyi pamätnik XIV veka «Gulistan» Seifa Sarai i ego iazyk. –Alma-Ata: Nauka, 1975. – 209 s

7. Ysqaqov A. Qazırgı qazaq tılı. Morfologia. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 384 b.

8. Serebrennikov B.A., Gajieva N.Z. Sravnitelno-istoricheskaia gramatika türkskih iazykov. – M.: Nauka, 1986. – 302 s.
9. Baskakov N.A. Vvedenie v izuchenie türkskih iazykov. – M.: Nauka, 1962. – 346 s.
10. İsaev S. Qazırgı qazaq tılındegı etıstık modäldylyğy. – Almaty: Čylym, 1998. – 296 b.
11. Oralbaeva N. Tarihi morfologia negızderı. – Almaty: Qazaq universitetı, 2002. – 216 b.
12. Qyraubaeva A. Časyrlar mūrasy. – Almaty: Öner, 2008. – 303 b.
13. Orhon jazba eskertkışterı mätınderı. (Bilge Kagan, Kül Tegin, Tonyukuk jazulary)-faksimile men transkripsiasy ärtürlı jinaqtarda kezdesedı, standartty audarma nūsqasy boiynşa: – Almaty: Čylym, 1995. – 160 b.
14. Keñesbaev I., Mūsabaev Č. Qazırgı qazaq tılı (leksika, fonetika, gramatika). – Almaty: Qazaq universitetı, 1975. – 250 b.
15. Balasağūni Jüsıp Qūtadğu bılık. (Tolyq transliterasia jäne qazaqşa audarma nūsqasy). – Almaty: Čylym, 1986. – 600 b.
16. Ahmet İasaui Diuani Hikmet. – Almaty: Jıbek joly, 2012. – 284 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Копбаева Жулдыз Турсынбайқызы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.
Копбаева Жулдыз Турсынбаевна – докторант Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.
Kopbaeva Zhuldyz Tursynbaevna – Doctoral student of Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,

Абдирасилова Гульмира Калыбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.
Абдирасилова Гульмира Калыбаевна – кандидат филологических наук, профессор Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.
Abdirassilova Gulmira Kalybaevna – Candidate of Philological Sciences, Acting Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Бекенова Гүлнар Шияпқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының профессоры, Астана, Қазақстан.
Бекенова Гульнар Шияпкызы – кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.
Bekenova Gulnar Shiyapkyzy - Candidate of Philological Sciences, Acting Professor, of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan

ҒТАМР 16.21.33
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.04

***Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ[1]**

Г.Р. ӘЛІМБЕК[2]

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан[1]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[2]
(e-mail: sheru_64@mail.ru[1], alimbek_gaukhar@mail.ru[2])

*ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛ ҚОЛДАНЫСЫ

Аңдатпа. Мақалада Әлихан Бөкейхан еңбектерінде қолданылған мақал-мәтелдер қарастырылды. Зерттеу барысында алаш білімпазының шығармаларында 150-ден астам мақал-мәтел қолданылғаны анықталды. Олардың жүзден астамы қазақ мақал-мәтелі болса, 30-ға жуығы (28) орыс халқынікі, ал қалған оны француз, грек, украин мақал-мәтелдері болып шықты. Осы мақалдардың шамамен он шақтысы бірнеше нұсқада жарыса жұмсалады. Екі тілде бірдей жазатын Ә.Бөкейхан қазақ мақалдарын орыс тіліне, орыс мақалдарын қазақ тіліне дәлме-дәл аударып та қолданған. Кейбір қазақ мақал-мәтелдері орысшаға мағынасы түсіндіріліп, сипатталып та аударылады. Осы арқылы оқымысты тіларалық байланыс пен мәдениетаралық коммуникацияны нығайтуға, ұлтының әдебиеті мен мәдениетінің насихаттап, халқының тұрмыс-салтын таныстыруға да өзіндік үлес қосқан. Мақал-мәтелдерді газет мақалаларының тақырыптары, кітап тарауларының атауы ретінде пайдалану XX ғасыр басында Әлихан Бөкейхан бастаған алаш оқығандарының еңбектерінде, көрініс тауып, кейін дәстүрге айналған. Мақал-мәтел мазмұнын сақтай отырып, оның құрамындағы жекелеген компоненттерін синоним сөздермен алмастырып қолданылуы да Ә.Бөкейхан тіліне тән ерекшеліктердің бірі. Мақалада алаш көсемінің мақал-мәтелдердің қолданудағы осы қырлары да жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейхан, алаш қайраткерлері, мақал-мәтел, мақал-мәтел қолданысы, саяси дискурс, варианттылық, аударма.

Кіріспе. Алаш көсемі – сөз мәйегі мақал-мәтелдердің мән-мазмұнын, қадір-қасиетін терең түсінгендіктен оларды жиып-теріп, кітап етіп басып шығаруға көп көңіл бөлген, осы іске мұрындық болған ұлт зиялысы. Қазақтың 1710 мақал-мәтелін арнайы жинап, алғаш рет «Мың мақал» атты кітап шығарған қазақ білімпазы Ахмет Баржақсин 1915 жылы «Қазақ» газетіне жазған «Мақалдар» атты мақаласында ғылымды жұрттардың халық мұрасына ыждағатпен қарайтынын, біздің тіліміз де мақал-мәтелге өте бай болғанымен орыстар мен татарлар болмаса, қазақ арасынан құнттылық танытып сол қазынамызды түгендеуге, игілігімізге жаратуға кіріскен жанның болмай отырғанын айта келіп, былай деп жазады:

«Аз қазақтан мұндай ұмтылған ешкім жоқ. Сібірде, қазақ ортасындағы музей жағрафия жамиғатында Омбыдағы члендерден Әлихан Бөкейхановтан басқа ешкім жоқ. Сол себептен біздің қазақ халық әдебиетіне тіпті жарлы деп айтуға мүмкін» [1, 184].

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP23487260 – Алаш қайраткерлері және XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің тарихы» жобасы аясында жазылды.*

Қазақ оқығанының өткен ғасыр басында айтқан бұл сөзі Ә.Бөкейханның сол кезеңдеақ қазақ мақал-мәтелдерін жинауға кірісіп, бұл істі де алғаш қолға алғанын айғақтайды. Оның бұл бағыттағы қажырлы еңбегі мен ізденістері, нақты атқарған істері жеке әңгіменің арқауы болғаны жөн.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхан ел ішінен жинап, құрастырып, 1926 жылы Мәскеуден бастырып шығарған «23 жоқтау» атты еңбектерінің «бастырушыдан» деп аталатын алғы сөзінде: «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығара алмайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» бұл тілді безеп, жолға-жөнге салып, жүйесін айырып өстіреді. Сондықтан әдебиет тілінде негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек. Енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда мұны естен шығармау керек. Ел аузындағы тіл дегенде нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, өлеңдерді, тағы-тағы осындайларды!» [2, 379], – деп жазады.

Алаш ардақтылары осы шағын алғы сөзде тілдің қалай пайда болатынын айта келіп, негізі енді қаланып жатқан қазақтың ұлттық әдеби тілін қалыптастыруда неге сүйеніп, нені негіз етіп алу қажеттігін атап көрсетеді. Олар қазақтың тілін жаңа деңгейге көтеруді, стильдік тармақтары жетілген, қырналған, нормаға түскен әдеби тілді жасаудың жөн-жосығын, жолдарын ұсынып, соны өздері бастап іске асырып отырған, өз сөздерімен айтқанда тіл көсемдері еді. Қазақтың қос арысы алдымен жоқтауларды жинастырып шығара отырып, ұлттық әдеби тілді қалыптастыруда, өзге де ауыз әдебиеті үлгілерін, соның ішінде мақал-мәтелдерді де жинап, әдеби тілді қалыптастыруда соларды үлгі етіп алу қажет деп санайды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Алаш қайраткері Ә. Бөкейхан – халық қазынасы мақал-мәтелдерді жинастырып, баспадан шығаруға бас-көз болумен қатар өз шығармашылығында да оларды кеңінен қолданған қалам иесі. 2015 жылдан бері алаш көсемінің шығармалары туралы жазған еңбектерімізде бұл мәселеге ішінара тоқталып кеткен тұстарымыз бар. Әдебиетші ғалым С. Жұмағұл бастаған филолог әріптестер қыр баласы қолданған мақал-мәтелдерді тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық жағын, қарастырып, мақала [3, 191] жариялады. Сондай-ақ ғалымдар, қазақ мақал-мәтелдерінің алаш кезеңінде жариялануы жөнінде ғылыми зерттеу жүргізді [4, 159]. Ал бұл мақалада алаш білімпазы қолданған мақал-мәтелдер қолданысы, аударылуы, жарыса жұмсалуы лингвистикалық қырынан қарастырылады. Зерттеу жұмысында Ә. Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтел қолданысын анықтау үшін жинақтау, саралау, салыстыру, талдау, қорыту, салыстырмалы-салғастырмалы әдістер пайдаланылды.

Талқылау мен бақылау. Алаш көсемінің еңбектерінде қазақтың төл мақал-мәтелдерімен қатар өзге халықтардың мақал-мәтелдері де жиі қолданылады. Ол қазақ, орыс тілдерін жетік меңгерумен бірге бірнеше шет тілін жақсы білгендіктен орайы келгенде өзге халықтардың да қанатты сөздерін, фразеологизмдері мен мақал-мәтелдерін де қажетіне жаратып, өз еңбектерінде пайдаланып отырады. Сондықтан оның еңбектерінде кездесетін мақал-мәтелдерді екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, саны жағынан да көп кездесетіні: Ат аунаған жерде түк қалады, Ат биеден, ер анадан туады, Аңқау елге арамза молда, Қолағашы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді, Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне, Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді, Қысқа жіп күрмеуге келмейді, Ұрлық түбі – қорлық, Халық ұйғарса – хан түйесін сояды сияқты ондаған қазақтың төл мақал-мәтелдері. Екіншісі – өзге халықтардың мақал-мәтелдері. Соңғыларын қыр баласы қазақ тіліне аударып қолданады. Шет тілінен аударылған мақал-мәтелдердің дені орыс халқынікі. Оларға төменде жеке тоқталамыз.

Ә. Бөкейхан шығармашылығын зерттеу барысында оқымыстының әр жылдары жарық көрген еңбектерінде мынадай мақал-мәтелдер қолданылғаны анықталды:

1-кесте

№	**Әлихан Бөкейхан еңбектерінде қолданылған мақал-мәтелдер**	**Мақал-мәтел қолданылған еңбек атауы**
1	Алдамасаң, сатпайсың!	Қыр баласы. Жауап хат. 8-т. 514-б.
2	Алмақтың да салмағы бар	Әлихан, Мұстафа, Міржақып. Алаш ұлына! «Қазақ», 1917, № 225.
3	Алтынның қолда барда қадірі жоқ	Исмайыл бек Ғаспрински. «Қазақ», 1914, № 80.
4	Алтын шыққан жерді белден қаз	Қыр баласы. Қозы-Көрпеш – Баян. Сөз басы. 11-т. 271-б.
5	Алыс пен жақынды жортқан біледі, ащы мен тәттіні татқан біледі//Алыс пен жақынды жортқан, ащы мен тұщыны татқан біледі	Ғали хан. Мұсылман сиезі. «Қазақ», 1914. № 90.
6	Асқан төгіледі	*Л.*Толстой. Бір адамға қанша жер керек? Ауд. Қыр баласы. «ЖМ», 1926. № 9-10.
7	Астары мен үсті бірдей болсын	Он төрт тоғыз бола ма?. 14-т. 82-б.
8	Ат айналып қазығын табады	Т.Тутковский. Жердің қысқаша тарихы. Мәскеу, 1926. Ауд. Қыр баласы. Беташар.
9	Ат аунаған жерде түк қалады	Фламмарион К. Астрономия әліпбиі. М.,1924. Аударушы: Қыр баласы.
10	Аталы сөзге арсыз тоқтамайды	Қыр баласы. 8-т. 119-б.
11	Атаңа кім тисе, дұшпаның сол	Түрік баласы. Исмайыл бек Ғаспрински. «Қазақ», 1914, № 80.
12	Ат биеден, ер анадан	Қыр баласы. Қара қыпшақ Қобыланды.
13	Ат ерінді, ер мұрынды [келеді]	Қара қыпшақ Қобыланды. 8-т. 547-548-б.
14	Атқышылдың асығы түгел болады	Ғали хан. Екі жол. «Қазақ», 1915. № 100.
15	Ат сыры – иесіне мәлім//Ат сыры иесіне белгілі	Би һәм билік. «Қазақ», 1914. № 48.; Мұсылман сиезі. «Қазақ», 1914, № 85.
16	Атты қамшымен айдама, арпамен айда	V. Оқытушының білімін толықтыру.
17	Атым өлсе сауыры мұра, ағам өлсе жеңгем мұра	Түрік баласы. Қазақта мүфтилік мәселесі. «Қазақ», 1913, № 11.
18	Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа	Әйел теңдігі. Әулиата сиезінде қазақ қызы. Қыр баласы. «Ақ жол», 19.02. 1921. № 27.
19	Әкеңнің өлгенін жасырдың, көмгенде қайтесің?	Қыр баласы. Беташар. Грабе Д.М. Дүниенің құрылысы.
20	Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады	Қыр баласы. Үшінші Дума һәм қазақ. «Қазақ», 1913. № 9.
21	Әркім көрпесін бойына қарап жамылуы керек	Ә.Бөкейхан. Қалай бірігеміз? «Жас азамат», № 21. 1918.
22	Әркімнің өз көйлегі етіне жақын	Қыр баласы. Монғол халі. 8-т. 163-б.; Ыстамбұл һәм қылилар. 8-т. 495-б.
23	Әр айдың оты бөлек	Материалы по экономическому оследованию районов Сибирской железной дороги. Животноводство. Томск, 1904.14-т.271-б.
24	Әр таудың тағысы басқа	V. Дін мен мектеп. «ЖМ», 1927. № 1.(16).
25	Балуан алып та жығады, шалып та жығады	Қыр баласы. Жауап хат. Зейнолла Бұтабайұлына. «Қазақ», 1913, № 36.
26	Балық басынан шіриді	Ғали хан. Доклад. Қазақ», 1917, № 220.

27	Бастан құлақ садаға	Ғали хан, Ахмет, Міржақып. Алаштың азаматына! «Қазақ», 1916, № 192.
28	Би жоқта құл жүреді жораға, ит жоқта шошқа үреді қораға	Фламмарион К. Астрономия әліпбиі. М., 1924. Аударушы: Қыр баласы.
29	Берушіге бесеу көп	Қазақ зиялыларына. Ғали хан және т.б. «Қазақ», № 250, 1917.
30	Болат қанжар жерде жатпас	Әубәкір Құрманұлы. «Қазақ», № 192, 1916.
31	Борыш көркі төлеу	Он төрт тоғыз бола ма? «Айқап»,1915. № 2.
32	Бос жатса қалтаға тығыңыз	Қызылжардан хат. «ДУГ», 1900. № 9.
33	Бүкірді көр түзейді	Әлихан, Ахмет, Міржақып. Алаштың талапты азаматына! 9-т. 209-б.
34	Бүлінген елден бүлдірген алма (Бүлінгеннен бүлдіргі алма).	Ғали хан, Ахмет, Міржақып. Алаштың азаматына! 9-т. 99-б.
35	Бір күн сыйлағанға қырық күн сәлем!	Алашқа! Ахмет, Міржақып, Қыр баласы. «Қазақ», 1914, № 78.
36	Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді	Хасейн Халами паша. «Қазақ», 1914, № 46.
37	Бір қора қойды жалғыз қотыр лақ былғайды	Әлихан, Міржақып, Ахмет. Үндеу. Алаштың талапты азаматына! 9-т. 209-б.
38	Бір өзеннен екі өтпейсің	Қыр баласы. Жануарлар туралы әңгімелер. «Еңбекші қазақ», 1925. № 325.
39	Дөңгелек қайрақ, кім айналдырса соған құл (Қырым татарларының мақалы).	Қыр баласы. Пайғамбарға хат. «Темірқазық», 1923. № 2-3. 104-106-б.
40	Екі қошқардың басы бір қазанға симас	Жауап хат. «Қазақ», 1915, № 123.
41	Еңбек етсең ерінбей, тояр қарның тіленбей (Абай).	Ғали хан. Екі жол. «Қазақ», 1915, № 101.
42	Ер жігіт қыз мінезді, бала көңілді//Ер қыз мінезді, бала жүректі//Ер жігіт қыз мінезді, бала жүректі	Қыр баласы. Судия Берлинде тағы. «Қазақ», 1913, № 11.
43	Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне	Открытое письмо казахам Семипалатинской области. «Голос степи», 13.01. 1907. № 7. Омск.
44	Етікші бізі дорба түбінде жасырынбас	Қаймақсыз сүт қазақ халқын өлімнен сақтайтын. ДУГ», 12.05.1900. № 30.
45	Ештен кеш – игі	«Ештен кеш игі».
46	Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең – қаларсың ұятқа	А.Н. Қ. оязындағы моллалардың баяны. «ДУГ», 12.05.1889. № 19.
47	Жақсы ата жаман балаға қырық жыл жолдас	Ашық хат. «Қазақ», 1915, № 152.
48	Жаман қошқар бір қора қойды бүлдіреді	Аңқау елге арамза молда. «ДУГ», 1900. № 8.
49	Жамандықты ұмыт, жақсылықты ұмытпа	Әлихан, Мұстафа, Міржақып. «Қазақ», № 225. 1917. Алаш ұлына!. 9-т. 168-б.
50	Жамансыз жақсы болмас	Ә.Б. Асығу керек. «Абай», № 7, 12.07. 1918.
51	Жаудан түк те болса олжа	Қыр баласы. Жауап хат. 8-т. 233-б.
52	Жапалақты ұрса да жапалақ өледі, тасты ұрса да жапалақ өледі	Ғали хан. Петроград хаты. 9-т. 69-б.
53	Жезді ер-тоқым сиырға жараспас	Бүркіт пен тасбақа. 12-т. 144-б.
54	Жері байдың – елі бай	V. Санақ пен жұртшылық. «Жаңа мектеп», № 2. 1925.

55	Жеті атасын білмеген – мертід	Қазақтың тарихы. 14-т. 70-б.
56	Жеті өлшеп, бір кес	Ә. Бөкейханов. Қалай бірігеміз? «Жас азамат», № 21, 1918.
57	Жоғалған пышақ сабы алтын	Ашық хат Жапан баласына. «ДУГ»,1900. № 7.
58	Жұрттан жиған жіп – жалаңашқа көйлек	Мұғалімдер жиылысы. «Қазақ», 1913. № 40.
59	Жүрген аяққа жөргем ілінеді	Ю. Вагнер. Су туралы әңгімелер. «Еңбекші қазақ», 1925 ж. № 315.
60	Жылқы бозды, қой қара отты, сиыр өлеңді, түйе көкпекті жайлайды	Жауап хат. «Қазақ», 1915. № 122.
61	Жылқы – байлық, түйе – салтанат, қой – мырзалық, сиыр – тоқтық	Материалы по киргизскому землеползованию. Семипалатинская область, Каркаралинский уезд. Том VI-й. С-С.-Петербург, 1905 г.
62	Заманына қарай амалы	Екі жол; Ер жігіт; Астрахан қазағының жері. Есеп; Тарихи затшылдық қисыны.
63	Заманына қарай амалы//Басқа заман түлкісі, басқа заман тазысы	Ғали хан. Екі жол. «Қазақ», 1915. № 100.
64	Заманың түлкі болса, тазы болып шалып қал	Қыр баласы. Ұры тию. «Қазақ», 1913, № 44.
65	Заң – арба жетегі, қалай бұрсақ, сол жақта болады//Закон – арба жетегі, қайда бұрса, солай қарайды	Қыр баласы. Айналма. «Қазақ», 1915. № 37-39. Ғали хан. Кәкітай. Мүнәһиб. «Қазақ», 1915. №105.
66	Иттің боқ жемесе, басы ауырады	Қыр баласы. 9-т. 193-б.
67	Иттің табаны қышыса, керуенге ерер// Ит табаны қышыса, керуенге ереді (үреді).	Тағы соғыс. 352-б. // Трубетской лексиясы. 8-т. 435-б.
68	Кең киім азбас (тозбас), кеңесті ел азбас	V. Тарих керек. «Қызыл Қазақстан», 1922 ж. № 10.
69	Кемедегінің жаны бір	Әлихан, Мұстафа, Міржақып. Алаш ұлына! 9-т. 169-б.
70	Керуенге ермек едің көшіп бақ	Қыр баласы. Ашық хат. «Қазақ», 1915. № 94.
71	Көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр	Қыр баласы. Ашық хат. «Қазақ», 1913. № 21.
72	Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр	Жауап хат. «Қазақ», № 24. 1913.
73	Көп бергеннен көп сұралады	Қыр баласы. Қалқаман-Мамыр. 8-т. 510-б.
74	Көп жүрген жыланның аяғы көрінеді	V. Русские поселение в глубине степного края. «Сибирские вопросы», № 37-38. 1908. Стр. 48-65.
75	Көппен көрген ұлы той	V. Руские поселение в глубине Степного края. «Сибирские вопросы», 1908, №№ 37-38. СПб.
76	Көп түкірсе – көл болады	Ашық хат. 8-т. 590-б.
77	Көпті көрген білер, алысты жүрген білер	Қыр баласы. Ашық хат. «Қазақ», 1913. № 21.
78	Көптің аузы дуалы	К Фламмарион. Қанды жауын. Ауд.: Қыр баласы.
79	Көрпеңді бойыңа қарап жамыл	Қалай бірігеміз? «Жас азамат», 1918. № 21.

80	Көше берсең мал семіз, көшпесең – қатын семіз	Материалы по киргизскому землепользованию собранные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская обл. Омский уезд. 1-т. 294-б.
81	Күн жауса – нұр жауады	V. Русские поселение в глубине Степного края. «Сибирские вопросы», № 33-34. 1908 г.
82	Күн шыққанша қарау, көзді соқыр қылар	Қыр баласы. Ұры тию. «Қазақ», 1913. № 44.
83	Күштіге сыйынсаң, құдайға сыйын	2-нші феурал. «Қазақ», 1915. № 93.
84	Күштінікі диірмен тартады	Қыр баласы. Гос. Дума. 9-т. 57-б.
85	Қағаз не жазса да көтереді	Ашық хат Жапан баласына. «ДУГ», 1900. № 7.
86	Қазақ түлеген түйе, орыс – бұта	А. Букейханов. Казахи. 8-т. 43-б.
87	Қасқыр тоқ, қой аман	Ә. Бөкейханов. Қалай бірігеміз? «Жас азамат», № 21, 1918.
88	Қой көрмеген қой көрсе, қуалап жүріп өлтірер, қыз көрмеген қыз көрсе – уалап жүріп өлтірер	Ә.Б. Асығу керек. «Абай», 1918. № 7.
89	Қолағаш мықты болса, киіз қазық жерге кіреді// Қолағашы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді// Қол тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді	Дума және қазақ. «Қазақ», № 23, 1913 ж.; Сусағанның түсіне су кіреді. 8-т. 250-б., Петроград хаты. 9-т. 72-б.; Мемлекет халі. 9-т. 223-б.
90	Құдай бір, пайғамбар хақ	Қазақ әскерге алыну мәселесі. 9-т. 46-б.
91	Құдай деген құр қылмас (қор қылмас).	Ә.Н. Қарқаралы оязының Қотан-бұлақ, Западни Балқаш, Зайсан елдеріндегі егіннің жайы. 1-т. 56-б.
92	Құдай қарғайын десе, ақылды алады	Қ.Б. «Қазақ», 1913. № 28. Монғол конституциясы. 8-т. 235-б.
93	Құланның қасынуына мергеннің атуы (Құланның қасуына мылтықтың басуы)	Қара ханым. Ауд.: Қыр баласы. «Жаңа мектеп», 1926. № 7-8.
94	Құл жиналып бас болмас	V. Диалектикалық затшылдық. «Жаңа мектеп», 1926. № 7-8.
95	Қызмет қыл да міндет қыл	Ғали хан. Күнбатыс майданынан. 9-т. 140 б.
96	Қызым саған айтам, келінім, сен тыңда	Қыр баласы. Жауап хат. Зейнолла Бұтабайұлына. «Қазақ», 1913, № 36.
97	Қысқа жіп күрмеуге келмейді	Денсаулық сақтықта. 13-т. 292-б.
98	Март келмей жұтқа, хажы келмей дауға жарымадық	Мұсылман сиезі. «Қазақ», № 70. 16. 08.1914.
99	Мергеннің сығалауына құланның қасынуы	Л.Толтой. Бір адамға қанша жер керек? Аударған Қыр баласы.
100	Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шығар	Фламмарион К. Астрономия әліпбиі. Мәскеу,1924. Ауд: Қыр баласы
101	Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек	«ДУГ», 16 маусым 1889. № 24.
102	Не ексең соны орарсың //Нені ексең соны орарсың	Баспаханаға хат. 1-т. 50; Түрік баласы. Қазақтың тарихы. 14-т. 63-64-б.
103	Оймен алтын сарай салуға болады	Ә. Бөкейхан. Қалай бірігеміз? «Жас азамат», № 21. 1918.

104	Ортақ өгізден дара бұзауым	V. Өктәбір төңкерісі һәм халық шаруасы. «Қызыл Қазақстан», 1922. № 12.
105	Орыс нан жесе, ақша алады	А.Букейханов. Казахи. 8-т. 43-б.
106	Орыстан досың болса, қойныңда балтаң болсын	А.Букейханов. Казахи. 8-т. 43-б.
107	Орыстың сыртын қырсаң, іші татар шығады, орыстың төресін қырсаң, іші жандарм шығады	Қыр баласы. Газеталардан. «Қазақ», 1915, № 99.
108	Өзбек өз ағам	Қазақтың тарихы. 14-т. 69-б.
109	Өз етігің тар болса, ел бейбітінен не пайда!?	Ә. Бөкейхан. Шырақ Мадиярым! 13-т. 443 б.
110	Өзі жығылған тұрмас	Құрбан қия. «Сәуле», 1924. № 4. 23-24 бб.
111	Өзім жемейтін көтен боғымен піссін	Қыр баласы. Сын. «Жаңа мектеп», 7-8, 1925.
112	Өлеңші болсаң, міні той!	Қыр баласы. Жер комитеті. 9-т. 186-б.
113	Сабасына қарай піспегі	Жауап хат. 8-т. 213-б.
114	Сақтансаң – сақтармын	Ә.Н. Қарқаралы оянының Қотан-бұлақ, Западни Балқаш, Зайсан елдеріндегі егіннің жайы. «ДУГ», 20.10.1889. № 41,42.
115	Сиырға ер жараспас	Қарқаралыдан хат. Аударған Ғали хан.
116	Сиырды қасқыр жесе, топай қалады, Торғайды қырғи жесе, қауырсыны қалады	Т. Тутковский. Жердің қысқаша тарихы. Аударған Қыр баласы. – Мәскеу, 1926.
117	Соқырмен жолдас болсаң, көзіңді қысып жүр//Соқырмен оттас болсаң, көзіңді қысып жүр.	Тағы да би һәм билік. Қыр баласы. «Қазақ», 1914. № 50.; Қыр баласы. Жауап хат. 8-т. 234-б.
118	Сөйлер сөздің түбі бір – түп атасы Майқы би	Қазақтың тарихы. «Қазақ», 1913. № 9.
119	Сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу	«Қырым сөздерінен» аударған Қыр баласы. Сұлтан Сәли. «Қазақ», 1915 ж. № 136.
120	Сүйіспеншілік жылуы ерітпейтін мұз болмайды	Аударған: Ғали хан. Орыс жұртының ісі. «Қазақ», 1914. № 83. 8-т. 378-б.
121	Талапты ерге нұр жауар	
122	Тамшы тас теседі	Қыр баласы. Тозған ресім азап. 8-т. 271-б.; Ю.Вагнер. Су туралы әңгімелер. 12-т. 130 б.
123	Таспен атқанды аспен ат	V. Дін мен мектеп. «ЖМ», 1927. № 1 (16).
124	Таумен тасты су бұзар – адамзатты сөз бұзар	Ғали хан. 12-т.
125	Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес	2-нші феурал. «Қазақ», № 93, 1915.
126	Тоя жесе тоқты еті .....сасиды	Мамин-Сибиряк Д.М. Өзі. Аударған: Қыр баласы. Мәскеу, 1927.
127	Түйенің түсіне көкпек кіреді	Л. Толстой. Бір адамға қанша жер керек? Ауд.Қыр баласы. «ЖМ», 1926. № 9-10.
128	Түймедей жазыққа түйедей жаза	Ғали хан, Ахмет, Міржақып. Алаштың азаматына! 9-т. 99-б.
129	Тікен екен жерге бидай шықпақшы емес	Қазақтың тарихы. «Қазақ», 1913. №2.
130	Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас!	Жауап хат. «Қазақ», № 24. 1913.; «Жауап хат. «Қазақ», 1916. № 184.
131	Ұрлық түбі – қорлық	Қыр баласы. Ұры тию. «Қазақ», 1913, № 44.

132	Үй артынан келген жаудан сақта, есік алдынан келген дауылдан сақта	Қыр баласы. Государственни Думада. «Қазақ», 1915. №148.
133	Үйде оңдырмағанды құдай түзде де оңдырмайды.	Ә. Бөкейхан. Қазіргі саяси қал. «Абай», № 6, 1918.
134	Үмітсіз – шайтан	Мұғалімдер жиылысы. «Қазақ», 1913, № 40.
135	Халық қараңғы болса, алысқа көзі жетпейді	Ә.Б. Асығу керек. «Абай», 1918. № 7.
136	Халық ұйғарса – хан түйесін сояды	V. Тарих керек. «Қызыл Қазақстан», 1922 ж. № 10.
137	Ханның қара сыбағасы	Қазіргі саяси қал. «Абай», № 6.
138	Шаш ал десе бас алу	Ашық хат Жапан баласына. «ДУГ», 1900, № 7.
139	Ырыс қашса да туыс қоймайды	Мақардың түсі. Ғ.Б. «Ақ жол», 14.06. 1923.
140	Іше келе аран ашылады	Л. Толстой. Бір адамға қанша жер керек? Ауд.Қыр баласы. «ЖМ», 1926. № 9-10.

Мақал-мәтелдердің қолданыс ерекшелігі. Академик Ә. Қайдар «Халық даналығы» атты еңбегінде «мақал-мәтелдер мағына-мәнін берік сақтай отыра, тұлғалық жағынан өзгеріп, құбылып қолдануға бейім» [5, 122] екенін айтады. Соны Ә. Бөкейхан еңбектеріндегі кейбір мақал-мәтелдің құрылымына енгізілген өзгерістерден де байқауға болады. Мәселен, «Сиырға ер жараспас» деген мақалды: «Сиырға жез ер-тоқым жараса ма?» деп, сәл өзгертіп, жай ғана ер емес, «жез ер-тоқым» деп, бояуын қоюлатып, бейнелілік сипатын арттырыңқырап қолданылады.

«Әркім көрпесін бойына қарап жамылуы керек» (Көрпеңе қарай көсіл), «Берушіге бесеу көп» (Берерменге бесеу көп, аларманға алтау аз), «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» (Мақал о баста «Бүлген елден бүлдірге алма» деген нұсқасында болған), «Заманың түлкі болса, тазы болып шалып қал» (Заманың түлкі болса тазы болып шал), «Ештен кеш – игі» (Ештен кеш жақсы) мақал-мәтелдерінің құрамындағы сөздер де қалыпты мақалдардан сәл өзгеше келген.

Алаш көсемінің тағы бір ерекшелігі ертеден «-ар/-ер» жұрнағымен (бұл қосымша ежелде жедел өткен шақты білдірген) жасалатын мақалдардың көбін, өз заманында белсенді айналысқа кірген «-ады/-еді» қосымшасымен алмастырады: Ат айналып қазығын табады, Ат аунаған жерде түк қалады, Жүрген аяққа жөргем ілінеді, Күн жауса – нұр жауады, Көп түкірсе – көл болады, Құдай қарғайын десе, ақылды алады, Халық ұйғарса – хан түйесін сояды, Түйенің түсіне көкпек кіреді, т.б.

Сол секілді тілде негізінен «Көкіректе сайрап тұр, құдай тілді байлап тұр» нұсқасында жиі кездесетін мақалды «Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр» деп қолданады. Осы мақалдың «құдай тілді байлап тұр» деген екінші сыңарын саясаткер «қолымды заман байлап тұр» деп мақсатты түрде өзгерткен.

Қыр баласы саясаткер ретінде қоғамдағы әділетсіздікті, сөз бостандығының жоқтығын («Ашылып ақыл жазатын қалам бар ма?»), империяшыл пиғылды биліктің өктемдігін көрсету үшін мақалды мақсатты түрде осылай өзгертіп қолданған. Саясаткер біздің тілді, қолды байлап тұрған құдай емес, заман дейді. «Заман» деп отырғаны – сол кезеңде үстемдігін жүргізіп отырған озбыр билік, патша үкіметі. Мұны саясаткердің мақалды саяси дискурста мақсатты пайдалануы десек те болады.

Қазіргі уақытта саяси дискурсты зерттеуші көптеген шетел ғалымдары саясаткер тілінде мақал-мәтелдердің алатын орны айрықша екенін атап көрсетеді. Мәселен, неміс текті америка ғалымы Вольфганг Мидер «Proverbs Are the Best Policy: Folk Wisdom and American Politics» атты еңбегінде А. Линкольн, У. Черчилль, Г. Трумэн, Ф. Рузвельт сияқты белгілі саяси қайраткерлер тіліндегі мақал-мәтелдер қолданысын жан-жақты сөз етеді.

Осы еңбегінде В. Мидер Англия Премьер-Министрі У. Черчильдің 1951 жылы Лондонда жарық көрген кітабына сілтеме жасай отырып, У. Черчилль мен Ф. Рузвельт

арасындағы ең маңызды мақал алмасу 1941 жылғы 7 желтоқсанда Жапония АҚШ-тың Перл-Харбордағы әскери-теңіз базасына шабуыл жасаған күні болғанын айта келіп, екеуара әңгімеде Рузвельттің оған: «Олар бізге Перл-Харборде шабуыл жасады. Біз енді бір қайықтамыз...» (We are all in the same boat now ...) [6, 199] – деп жауап бергенін жазады. Дәл осы мағынаны білдіретін қазақ мәтелін Әлихан бастаған алаш қайраткерлері елдегі саяси ахуалға қатысты Ф. Рузвельттен ширек ғасыр бұрын 1917 жылы қолданады. Патша үкіметі құлап Совет үкіметі орнағанда олар «Алаш ұлына!» деп аталған ашық хатында: «Біз қазіргі әділ үкімет, азат Росиямен бір тілекте, бір кемедеміз. Кемедегінің жаны бір, Росияға бұрын жанымыз ашымайтын еді, қабырғамыз қайыспайтын еді, енді орыс халқының өзімен тереземіз тең болған соң, жақсылығына сүйінеміз, жамандығына күйінеміз» [7], – деп жазады. Осы ашық хаттағы «Кемедегінің жаны бір» деген мәтел мен «Біз бір қайықтамыз» деген мақалды екі елдің басшылары да «тағдырласпыз, бірдей жағдайдамыз» деген мағынада қолданған.

Вольфганг Мидердің 2019 жылы жарық көрген «Right makes might» Proverbs and the American Worldview» деп аталатын жинағына енген зерттеулерінде де Авраам Линкольн, Фредерик Дуглас, Элизабет Кэди Стэнтон, Сьюзан Б. Энтони, Гарри С. Трумэн, Джон Ф. Кеннеди, Рональд Рейган, Хиллари Родэм Клинтон, Кіші Мартин Лютер Кинг және Барак Обама белгілі саясаткерлер мен реформаторлар қолданған мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, мемлекетті басқару мен халық санасына әсер етудегі олардың рөлі туралы маңызды тұжырымдар жасайды. «Мақал-мәтелдер, әсіресе, халықтың құндылықтар жүйесі мен менталитетін айқындап бере алады. Оларды қажет жерінде, орынды қолданғанда, маңызды әлеуметтік-саяси ойды ұтымды жеткізуге болады» [8], – деген қорытындыға келеді.

Бұл тұрғыдан келгенде алаш көсемінің тілінде мақал-мәтелдердің мол болуы кездейсоқ нәрсе емес. Халқының дүниетанымы мен ділін жақсы білген саясаткер жұртының жүрегіне жол тауып, ойын айқын да әсерлі жеткізу үшін мақал-мәтелдерді жиі пайдаланған. Жалпы мақал-мәтелдер саяси дискурстік-коммуникативтік кеңістікте жиі кездесетін тілдік бірлік болып саналады.

Ә. Бөкейхан түрлі еңбектерінде мақал-мәтелдерді мәтін ішінде мағынасына сәйкес қолданумен бірге, олардың көпшілік назарын аударуға ықпалының күшті екені ескере отырып, мақала тақырыбы ретінде де пайдаланды. Мысалы, «Аңқау елге арамза молла» (1-т.172-б.), «Ештен кеш игі», «Сусағанның түсіне су кіреді» (Қыр баласы. «Қазақ», 1913. № 40. Орынбор.) және т.б.

Қыр баласы осы мақалада «Сусағанның түсіне су кіреді» деп ала отырып, мәтін ішінде «Шөлдегеннің түсіне су кіреді деген осы» деп жазады. Яғни бір мақалада мақалдың: Сусағанның түсіне су кіреді//Шөлдегеннің түсіне су кіреді деген екі нұсқасы кездеседі.

Қыр баласы орысша жазған мақаласына да мақалды тақырып етіп қояды. Оның 1890 жылы Петербор орман институтының 1 курсына студент болып қабылданған кезінде жазған мақаласы «Не желай и не делай того, чего не желаешь себе» деп аталады. Жас талапкер мақаласында «В этой пословице выражена непреложная истина» дей отырып, өзі айтпақшы «осы тамаша мақалдың» мән-мағынасын талдап, түсіндіруге арналады. Бұл кезде студент Әлихан 24 жаста еді. Жоғары оқу орнына жаңа қабылданған 1-курс студентінің мұндай арнайы мақала жазуы оның мақал-мәтел мәніне жас кезінен, ерте бастан көңіл бөлгенін көрсетеді.

Сонау ертеден басталған мақал-мәтелді мақала тақырыбы ретінде пайдалану дәстүрі қазір деп жалғасып келеді. Оған бүгінгі БАҚ беттерінен алынған мысалдар дәлел бола алады. Мәселен, «Айқын» газетінің газеті мен интернет парақшаларында «Мал ашуы – жан ашуы» және «Судың да сұрауы бар» [9] деген мақалдар мақала тақырыбы ретінде пайдаланылған.

Алғашқы қазақ газеттерін ашып, қазақтың баспасөз тілінің, қазіргі публицистикалық стилінің негізін қалаған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған алаш оқығандары мақала тақырыптарын қою, тақырып ретінде мақал-мәтелді пайдалану үлгісін көрсетіп, тәжірибеге енгізгені байқалады. Бақытжан Қаратаев бас редакторы, Елеусін Бұйрин мен

Ғұмар Қараш редакторы болған «Қазақстан» газеті 1911-1913 жылдары Оралда шығып тұрды. Осы газеттің екінші нөмірінде де «Еңбек етсең емерсің» [10, 39] деген мақал мақала тақырыбы етіп алынған. Бұл үрдіс «Қазақ» газетінен, әсіресе онда жарияланған Қыр баласы мақалаларынан көбірек байқалады.

Мақалдарды газетте мақала тақырыбы етумен қатар, Қыр баласы кейбір мақалдарды аударған ғылыми танымдық, оқулық әдебиеттеріндегі тараудың тақырыпшасы етіп те пайдаланады. Мәселен, Т. Тутковскийден аударып, 1926 жылы Мәскеуде жариялаған «Жердің қысқаша тарихы» атты еңбегінің бірінші тарауының алғашқы тақырыпшасын «Ат аунаған жерде түк қалады» деп береді.

Аудармашы ғылым жетістігін қазақ оқырманына түсінікті етіп беру мақсатымен түпнұсқада жоқ тақырыпшаны енгізген. Қазақтың мақалдап сөйлеуге бейімдігін ескеріп, ғылыми-танымдық еңбектің құрылымдық ішкі бөлігіне ел ішіне кең тараған мақалды тақырыпша етіп қойған.

Қыр баласы қазақ мақал-мәтелдерін орыс тіліне дәлме-дәл аударып қана қоймай, олардың мән-мағынасын орысша түсіндіріп, орыс тіліндегі жазған еңбектерінде де қолданады. Мысалы, ғалым орысша жазылған ғылыми еңбекте: «...В степи сложилась даже поговорка: «Жылқы – байлық, түйе – салтанат, қой – мырзалық, сиыр – тоқтық», что значить: «Лошади для роскоши, верблюды для украшения, овцы для щедрости, рогатый скот для сытности» (Материлы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Т. VI-й. С.Петербург, 1905.), – деп жазады.

Орысша жазылған өзге еңбектерінде де мұндай мысалдар кездесіп отырады. Мәселен, «Тауда бұғының мүйізі сырқыраса, ауылда бұзаудың мүйізі қақсайды» (Когда в горах ноют олени рога, тогда болят рога и у теленка в ауле) деп осы мақалдың («Омскъ, 8-го февраля», «Голос степи», № 28. 8 февраля 1907 г.) орысшасын жақша ішіне береді. «Көп жүрген жыланның аяғы көрінеді» – многократный обман обнажить, покажет змейные ноги – говорит киргизская пословица (V. Русские поселение в глубине степного края. «Сибирские вопросы», № 37-38. 1908. Стр. 48-65.).

1900 жылы «Дала уалаятының газетінде» жарияланған «Қызылжардан хат!» деген мақаласында Ә. Бөкейхан: «Құдыққа түкірмеңдер, мырзалар! Дәм атар!» деп жазса, осы мақаласының орысшасында: «Құдыққа түкірмеңдер, дәм атар!» – Не плюй в колодец, пить пригодится (Корреспонденция из Петропавловска. Сын степей. «Киргизкая степная газета», № 9. 12. 03. 1900 г.), – деп жазады. Бұл жерде «Су ішкен құдығыңа түкірме» деген қазақ мақалы жазу мақсатына орай сәл ықшамдалып пайдаланылған.

Ә. Бөкейхан орысша жазған еңбектерінде орыстілді оқырманға қазақ мақал-мәтелдерінің, нақыл сөздерінің мағынасын түсіндіруді ұмытпайды. Бұл тұрғыдан қарағанда оны қазақ мәдениетін, мақал-мәтелдерін насихаттаушы, халқының тұрмыс-тіршілігін таныстырушы деуге болады. Қыр баласы өз еңбектерінде қазақтың мынадай мақал-мәтелдерін орыс тіліне аударған немесе орысша түсіндірмесін берген:

2- кесте

Қазақ мақал-мәтелдері	**Әлихан Бөкейханның орысша аудармасы** (түсіндірмесі)
Аңқау елге – арамза молда	Простаку народу – прохожий проповедник// Наивному народу – стяжатель священник
Ат биеден, ер анадан туады	Хороший лощадь родится от хорошей кобылы, так умный мужчина родится от умной матери
Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең – қаларсың ұятқа	Лучше верь тому, что правда: выбирай в вожди людей достойных, следуй (Князь с хорошим думцем додумается до высокого стола, а с худым и малого будет лишен)
Жылқы – байлық, түйе – салтанат, қой – мырзалық, сиыр – тоқтық	Лощади для роскоши, верблюды для украшения, овцы для щедрости, рогатый скот для сытости.

Көппен көрген ұлы той	На миру смерть – красна//Маемся миром
Көше берсе – мал семіз, көшпесе – қатын семіз	Кочуешь, скот жирный, не кочуешь – баба жирна (То есть «при больших кочевках скот жирный, а при стоянке на месте – бабы жирные)
Су ішкен құдығыңа түкірме	Не плюй в колодец, пить пригодится (Не плюй в колодец, из которого напился)
Тауда бұғының мүйізі сырқыраса, ауылда бұзаудың мүйізі қақсайды	Когда в горах ноют оленьи рога, тогда болят рога и у теленка в ауле

Ал «Открытое письмо казахам Семипалатинской области» деген орысша мақаласының соңында: «...Как говорится в известной казахской поговорке: «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне» («Голос степи», № 7. 13.01.1907 г.), – деп аудармасыз береді. Бірақ мұндай жағдайлар өте сирек ұшырасады. Автор негізінен орысша жазғандарында мақалдарды аударып, олардың мәнін түсіндіріп отырады. Оған жоғарыдағы мысалдар дәлел бола алады.

Зерттеушілер «Біздің талдауларымыз қазіргі саясаткерлер өздері жасаған саяси мақалдарына жиі жүгіне бермей, көп жағдайда олар тілде бұрыннан бар жалпытілдік бірліктерді пайдаланатынын көрсетті» [11, 242] – деп жазады.

Әлихан шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдер де бұл тұжырымға қайшы келмейді. Саясаткер тіліндегі мақал-мәтелдердің барлығы дерлік жалпыхалықтық сөз қорынан, соның ішінде негізінен қазақ тілінен алынған.

Қазіргі жазба тілде кейбір сөздерді дөрекі, анайы деп танып, оларды басқа сөзбен алмастыру, орнына көп нүкте қойып кету дәстүрі орныққан. Мысалы: «Күштінің арты диірмен тарта бере ме?» [12].

Осындағы «арты» сөзі сол мақсатпен алмастырылған. «Мен көрдім дүние деген иттің көтін» деп жазған Абай сияқты Ә. Бөкейхан да сыпайыландырамын деп ондай сөздерден қашпай, әр нәрсені өз атымен айтады. Алайда «Күштінің көті диірмен тартады» деген мақалды ол: «Күштінікі диірмен тартады, мал бағам деп Варон-Секреті жер алып отыр» деген сөйлемінде ықшамдап, сөз қалдырып жазады. Осылай жазғанымен мұны Қыр баласының тіліне тән, негізгі сипат деп тануға болмайды.

Зерттеушілер мақал-мәтелдің басқару қызметіндегі функционалдық белгілерін мақсат қою, жоспарлау, мотивация, бақылау, басқару шешімдерін қабылдау, коммуникацияны жүзеге асыру, көшбасшылықты жүзеге асыру және қызмет тиімділігін қамтамасыз ету сияқты 8 түрлі топқа бөледі [13].

Ә. Бөкейхан XX ғасыр басында саяси партия құрып, үкімет басқару міндетін мойнына алған, жұртын азаттық жолына бастаған саясаткер ретінде тұтас бір халықтың тағдырына қатысты шешім қабылдаған аса көрнекті қайраткер болғандықтан да мақал-мәтелдердің осы функцияларын біліп-сезіне отырып, оларды мақсатты түрде әрі өте ұтымды пайдаланған. Сонымен қоса ұлт мәдениеті мен менталитетін жақсы білетін білімпаз зиялының қазақ халқының ойын бейнелі, әсерлі жеткізуге шебер, сөйлегенде мақал-мәтелді көп қолданатын жұрт екенін де жақсы білгені сөзсіз. Оның еңбектерінде мақал-мәтелдер мен теңеулердің өте жиі қолданылуының басты себептері де осы айтылғандардан туындаған деп пайымдауға негіз бар.

Г.Л. Пермяков шығармашылық үдерістің бірінші шарты жағдаятты түсіну дей отырып, мақал жағдаятты дұрыс атап, сондай түсінік беретінін айтады. Ғалым: «Бірақ дұрыс атау үшін, барлық байланысты нәрселерді дұрыс анықтау – яғни, логикалық астары бұл жағдаятқа тән мән-жайларға дөп түсетін мақалды беру (алу, іздеу) керек. Мақалды дұрыс, ұтымды таңдау – бұл мұндай өмірлік жағдаятты дәл анықтау (тиісті қалып-үлгіге жатқызу) деген сөз. Бұған жағдаятты дұрыс ұғына алатындай «даналық» керек» [14].

Ә. Бөкейханның ондаған мақал-мәтелді қажет жерінде, орнымен пайдалана білуі оның халқының мінез-құлқы мен дүниетанымын терең танып-білген өз заманының озық ойлы оқымыстысы әрі елдің әлеуметтік-саяси ахуалын жақсы білетін ірі саясаткер, көрнекті көшбасшы екендігін айғақтай түседі.

Қыр баласының еңбектерінде авторлық мақал ретінде тануға лайық қолданыстар да кездесіп отырады. Мәселен, «Бұл тіршілік үлкен талас, бір бәйге: жүйрік алады, шабан қалады» (Сайлау) – деген сөйлеміндегі «Жүйрік алады, шабан қалады» деген екінші сыңары мақалға сұранып тұр. «Мінсіз жалғыз құдай, сепкілсіз жалғыз күн» және «Ақылды сөз қылмақ қиын, сөзді іс қылмақ мұнан да қиын» (Ашық хат) деген қолданыстары да мақал іспетті.

Сондай-ақ Қыр баласының еңбектерінде мақал-мәтелдерден өзге «ас ішіп аяқ босатар», «асатпаған майға қақалу», «әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып» сияқты тұрақты тіркестер де жиі ұшырасады. Оны «Тереңкөл, Мұздыкөл уағы асатпаған майға қақалып отырғанда жер заманы өзгертілді (Жауап хат), «...Торғай қазағына жаңа тәртіпті түсіндіру үшін ас ішіп аяқ босатар Жангелдинді шығарған еді» (Жұрт төреші); Тоқтар «Әулиге ат айтып, қорасанға қой айтып» құдайдан бала сұрапты (Қара қыпшақ Қобыланды) сияқты мысалдардан көруімізге болады.

Ә. Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдер вариантты лығы. Ә. Бөкейхан еңбектерінде кейбір мақал-мәтелдердің екі, үш нұсқасы кездеседі. Мысалы: Қолағаш мықты болса, киіз қазық жерге кіреді//Қолағашы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді//Қол тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді. Мақалдың бұл нұсқалары Қыр баласының «Сусағанның түсіне су кіреді», «Петроград хаты», «Мемлекет халі», «Ел арасына оқу ісін кім жүргізеді?» деп аталатын мақалаларында қолданылған.

Мақалдыңбұлнұсқаларыныңмағынасындаешөзгешелікжоқ. Обастағы:«Қолдаушысы, арқа сүйері, сүйеушісі мықтының қалағаны болады» деген ауыспалы мағынасы сақталып тұр. Айырмашылығы – мақал құрамындағы бір ұғымды білдіретін «қолағаш» және «қол тоқпақ» сөздерінің қолданысы ғана. XX ғасыр басында жазылған алаш оқымыстысының еңбегінде кездесетін бұл мақалдың қазіргі тілде «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» нұсқасы жиі қолданылады. Қыр баласы қолданған «қолағаш» және «қол тоқпақ» сөздерінің орнына «тоқпақ» сөзі тұрақтады.

Бір қызығы «Қолағашы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» Ә. Бөкейхан жиі қолданатын мақалдар қатарына кіреді. Бұл мақал ғалым еңбектерінде бірнеше рет кездеседі. Кейде осымен мағыналас, алайда эмоционалды-экспрессивті бояуы одан да қалың «Күштінікі диірмен тартады» деген мақалды да қолданады. Бұл оның қоғамдағы, саясаттағы әділетсіздіктерді халыққа әсерлі де тұжырымды етіп жеткізуге бейім саясаткер екенін байқатады. Сонымен қатар оның қазаққа тән мақалдап сөйлеу, жазу мәнері мен сөз саптасындағы, саяси дискурсындағы сарказм, мысқылдап айтуға бейім болмысын да көрсетеді.

Соқырмен жолдас болсаң, көзіңді қысып жүр (Тағы да би һәм билік. «Қазақ», 1914. № 50.)//Соқырмен оттас болсаң, көзіңді қысып жүр (Жауап хат.).

Мұнда да алдыңғы мақалдағы сияқты мақалдың негізгі мағынасы сақтала отырып, бір сөз орнына өзге сөз қолданылған. Бірінде «жолдас», ал екіншісінде «оттас» сөзінің қолданылуына байланысты аздаған эмоционалды-экспрессивті бояу өзгешелігі ғана сезіледі.

Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады («Үшінші Дума һәм қазақ») // Балуан алып та жығады, шалып та жығады (Жауап хат. Зейнолла Бұтабайұлына.).

Бұл қолданыста да мақалдың мағынасы мен құрылымында айтарлықтай өзгешелік жоқ. Тек «әлі жеткен» тіркесі мен «балуан» сөзі алмасып, жарыса жұмсалған.

Ат сыры – иесіне мәлім (Би һәм билік. «Қазақ», 1914. № 48.)//Ат сыры иесіне белгілі (Мұсылман сиезі.) мақалының екі нұсқасының қолданысы да дәл алдыңғы мақалдардағы сияқты. Қыр баласы бірде «мәлім», енді бірде «белгілі» деген мағыналас, синоним сөзді қолданған. Қазіргі тілде негізінен «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп қолданылатын мақалды Ә. Бөкейхан «Сөйлер сөздің түбі бір – түп атасы Майқы би» деп қолданады.

Мақал-мәтелдер табиғатын арнайы зерттеген жоғарыда аталған еңбегінде академик Ә. Қайдар: «Мақал-мәтелдер тұрақты тіркес, күрделі коммуникативтік бірлік бола тұрса да,

олардың өзгермелі, тұлғалық деформацияға бейім «жанды» құбылыс екендігін көрсететін бір белгісіне варианттылық жатады» [5, 124] деп жазады.

Қазақ мақал-мәтелдерінің ХХ ғасыр басындағы және қазіргі тілдегі қолданысы оларға ғалым атап көрсеткен варианттылық сипаттың жат емес екеніне дәлел бола алады.

Сондай-ақ академик ғалым: «Мақал-мәтелдер жанды құбылыс ретінде қалай өзгерсе де, кейбір компоненттерінің синонимдік алмасуларынан басқа өзгерістерді қаламайды», – дейді.

Ә. Бөкейхан еңбектеріндегі қолағаш//қол тоқпақ//тоқпақ тәрізді бір ұғым атаулары мен мәлім//белгілі сияқты синонимдер, жолдас//оттас, батыр//әлі жеткен іспетті мағынасы жақын сөздер мен тіркестердің бірінің орнына бірі жұмсалуы да осы тұжырымды растай түседі.

Мақалдардың варианттылығын арнайы зерттеген ғалым Е.И. Селиверстова: «Мақалдардың варианттылығы бір жағынан оның фольклор жанрының бір түрі екенін көрсетсе, екінші жағынан паремия табиғатына тән факторларға байланысты анықталады» [15, 29], – дейді.

Сондай-ақ зерттеуші лексикалық варианттылық компоненттері кездейсоқ емес, әдетте паремиялық биномдар құрамында кездесетін және сол себепті паремия кеңістігінде қолданылу мүмкіндігі берілген сөздермен алмастыру арқылы көрінетіндігін айтады.

Ә. Бөкейхан еңбектерінде қазақ мақалының сол мағынаны беретін орыс тіліндегі нұсқасын немесе орыс мақалының қазақ тіліндегі баламасын түсіндіру, салыстырып беру мақсатында қолданылғанмен олардың тіларалық варианттары ұшыраса бермейді. Бұл негізінен ондай варианттардың туысқан тілдер арасында көп ұшырасатындығына байланысты болса керек.

Ал Қыр баласы еңбектерінде бір сыңары синонимдес, мағыналас сөздермен алмастырылатын мақалдардың жиірек кездесуі ХХ ғасыр басында қазақ мақалдарының толық жинақталып, сөздігі жасалып, нормаланған нұсқаларының қолданысы әлі орныға қоймауымен де байланысты болар деп пайымдауға болады. Мақал-мәтелдердің жинақтары мен сөздіктерінің жасалуы, онда ел ішінде кең тараған, әдеби нормаға түскен нұсқасының берілуі оларды халықтың жаппай бірізді қолдануына негіз болды.

Орыс мақал-мәтелдерінің аударылуы мен қолданысы. Ә. Бөкейхан еңбектерінде кездесетін мақал-мәтелдердің басым бөлігі қазақтікі. Сонымен қатар алаш білімпазы өз шығармашылығында қазақтан өзге орыс, француз, грек, украин халықтарының да мақал-мәтелдерін қолданады. Дегенмен салыстырмалы түрде басқа жұрттардан алғандарының арасында орыс мақал-мәтелдері көбірек кездеседі. Төменде солар жайында сөз етпекпіз.

Орыс тіліне жетік қазақ оқымыстысы орыс мақал-мәтелдерінің түп мағынасын терең түсініп, еркін пайдаланады. Бұл жерде де ол басқа жұрттың сөз мәйегін қазаққа бейімдеп, қазаққа түсінікті етіп беру қағидатынан айнымайды. Бірақ түпнұсқадан ауытқымайды. Орыс халқының мақалдарын қазақ танымына лайықтай отырып, дәл аударады.

Ә. Бөкейхан еңбектерінде орыс мақал-мәтелдерінің жиі кездесетіндігіне көз жеткізу үшін білімпаз еңбектерінен алынған төмендегі сөйлемдерге назар аударып көрелік. Мысалдар: «Орыс жұртының жақсы мақалы бар: «Жұрттан жиған жіп – жалаңашқа көйлек» деген (Мұғалімдер жиылысы.); «Орыс мақалы бар «Әр жеміс өз кезінде» деген» (Екі сиез. «Қазақ», 1914. № 52.); «Әркімнің өз көйлегі етіне жақын» (Монғол халі.); «Борыш көркі төлеу» деген орыс мақалы бар» (Он төрт тоғыз бола ма?); «Құдай қарғайын десе, ақылды алады» деген мақал Құтухта еншісіне тиді білемін» (Монғол конституциясы.); «Бұлардың сұғанақтығы «бос жатса қалтаға тығыңыз» деген орыс мақалында тура тұр» (Қызылжардан хат.); «Етікші бізі дорба түбінде жасырынбас» (Қаймақсыз сүт қазақ халқын өлімнен сақтайтын.); «Орыс мақалы бар: «Заң – арба жетегі, қалай бұрсақ, сол жақта болады» – деген» (Айналма) және т.б.

Төменде Ә. Бөкейхан қолданған орыс мақал-мәтелдері орысшасымен қатар түгел берілетіндіктен бұл мысалдарда олардың бір бөлігі ғана беріліп отыр.

Ә. Бөкейхан шығармаларында қолданылған орыс мақал-мәтелдерінің елеулі бөлігі дәлме-дәл аударылған. Мысалы: «Дело боится мастера» (Іс ұстадан қорқады),

(Алдамасаң, сатпайсың!» (Не обманешь – не продашь), «Бүкірді көр түзейді» (Горбатого исправит могила), «Балық басынан шіриді» (Рыба гниёт с головы), «Борыш көркі төлеу» (Долг платежом красен) және т.б.

Осы мақалдардың екі тілдегі нұсқалары да бір-біріне мағыналық жағынан да, құрылымдық жағынан толық сәйкес келеді. Бұлардың қай-қайсысы да өте сәтті аударылған.

Ә. Бөкейхан бастаған алаш зиялыларының үндеуіндегі «Жалпы жұртты қотыр қылатын жалғыз-жарым адасқан, атқа мінген бүкірді көр түзейді» (Әлихан, Ахмет, Міржақып. Алаштың талапты азаматына! Үндеу.) – деген сөйлемдегі «Бүкірді көр түзейді» орыстың «Горбатого исправит могила» деген мақалының аудармасы. Бұл да жоғарыдағы мысалдардағы сияқты дәлме-дәл аударылған мақалдардың бірі.

Қыр баласы «Семь раз отмерь, один раз отрежь» деген орыс мақалын «Жеті өлшеп, бір кес!» (Қалай бірігеміз?) деп өте сәтті аударған. Қазіргі тіліміздегі бұл мақалдың «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген нұсқасы жиі қолданылады. Қазіргі нұсқасы түпнұсқаға сөзбе-сөз сәйкес келеді. Бұл нұсқа да жақсы, дәл аударылған. Алайда Ә. Бөкейхан қолдаған нұсқа одан да ұтымды аударылғаны байқалып тұр. Аудармашы түпнұсқаның екі сыңарында да қайталанып қолданып тұрған «раз» сөзін қазақшада тіке аудармай, мақалды ықшамдап алған. «Жеті рет өлше» – «жеті өлше» және «бір рет кес» – «бір кес» мағыналарында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бұдан мақал құрылысына да, мағынасына да еш нұқсан келмеген. Қайта мақал, барынша ықшамдалып, жұп-жұмыр болып шыққан. Қысқа да нұсқа әрі мағынасы да дәл беріліп тұр. Айтуға, қолдануға да өте жеңіл. Сонысымен де ұтымды. Сол себепті Ә. Бөкейхан қолданысындағы нұсқаны да кеңінен қолдана беруге болады деп санаймыз.

Төл мақалымыздай қолданылатын «Не ексең, соны орасың» (Что посеешь, то и пожнёшь) да дәл осындай өте сәтті аудармалар қатарына кіреді.

Қыр баласы кейбір орыс мақалдарын дәл түпнұсқадағы қалпында сөзбе-сөз, дәлме-дәл қайталамай қазақ түсінігін лайықтап аударады. Бірақ мақал мағынасын әрқашан дәл беріп отырады. Тек ұлт танымына сәйкес мақал құрамындағы жекелеген сөздерді мақсатты түрде түпнұсқа мазмұнына нұқсан келмейтіндей етіп алмастырады. Мысалы: «Утопили щуку, да зубы остались» немесе оның «Съели щуку, да зубы целы» деген нұсқасын да сөзбе-сөз аудармай мағынасын қазақ ұғымына икемдеп «Шортанның өзін ұстаса да тісі қалады» (Ә. Бөкейхан. Қалай бірігеміз?) деп береді.

Орыс халқына түсінікті болғанмен «утопили» сөзін түпнұсқаға сәйкес «батырды» түрінде аударса, оны қазақ оқырманы «Суда жүрген шортанды суға батырғаны қалай?» деп, мақалдың «пайдасыз, қажетсіз істелген шара» деген түп мағынасын дұрыс түсінбеген болар еді. Орыс тілінде осы мақалдың «Съели щуку, да зубы целы» деген де нұсқасын қазақшаға дәлме-дәл аударғанда «Шортанды жедік, тісі қалды» болар еді. Олай да аударылмайды. Бірақ мақалдың осы мағынасы беріледі. Қазақ балықты уақыт өткізу, ермек үшін ұстап, қайтып суға жіберіп отырмаған. Ұсталған, қолға түскен шортан желінеді. Сондықтан «ұстаса да» сөзі таңдалған. Жалпы мақалдың негізі мағынасы қазақтың: «Жыланды үш кессең де, кесірткелік қауқары бар» деген мақалына жақын келеді.

«Шила в мешке не утаишь» деген орыс мақалын «Етікші бізі дорба түбінде жасырынбас» (Қаймақсыз сүт қазақ халқын өлімнен сақтайтын «ДУГ», 1900, № 14.) деп аударады. Түпнұсқада біздің етікші бізі екені айтылмайды. Аудармашы тарапынан «етікші» сөзі қосылған. Қазір бұл мақал негізінен «Қап түбінде біз жатпас» деп қолданылады.

«V» бүркеншік есімі қойылып жазылған орыстың «На безрыбье и рак – рыба» деген мақалы да әдейі қазаққа бейімдеп: «Балық жоқта бақа балық» (V. Оқу майданында шабандық бар. «Еңбекші қазақ», № 289. 1925 ж.), – деп аударған деп пайымдаймыз. Өйткені шаяны қалың теңіз, көлінен гөрі өзені көбірек қазақ даласының қай түкпірінен де бақаны көруге болады. Қазаққа екінің бірі біле бермейтін су шаянынан гөрі «бақа» жақсы таныс. Оның үстіне дауыссыз «б» әріптері қатар келіп аллитерация туғызып тұр. Мақалдарға мұндай үйлесім тән. Үйқасты ұнататын, сөзден үндесім іздейтін қазақ үшін бұл маңызды.

Қыр баласы кейде өзге тілдегі мақалдың өзі қажет тапқан бір сыңарын ғана аударып қолданады. Мысалы, «Голодному снится хлеб, а жаждущему – вода» орыс (армян) мақалының «Шөлдегеннің түсіне су кіреді», – деген екінші жартысын ғана аударып алады.

Кейбір қос тағанды мақалдар мен фразелогизмдердің тілде бір сыңары жиі қолданылып жататын жағдайлары болады. Бұл жерде автор осыны ескерген болуы мүмкін.

«Орыс мақалы бар: «Заң – арба жетегі, қалай бұрсақ, сол жақта болады (Айналма. № 37, 39); «Закон – арба жетегі, қайда бұрса, солай қарайды». Закон – арба жетегі, қайда бұрса, солай қарайды (Кәкітай. «Қазақ», 1915. № 105.). Мұнда қыр баласы орыстың «Закон – что дышло: куда повернёшь, туда и вышло» деген мақалын қазақшаға аударып қолданып отыр. Орыс мақалындағы «дышло» қазақтың «тертесі». Терте – арбаға қос атты жұптастырып жеккен кезде арбаның алдыңғы өсінің ортасына бекітіліп, аттардың арасында тұратын жуан жетек ағаш. Осы тертені қазақ арыс, жетек деп те атайды. Қыр баласы «жетек» сөзін таңдаған.

Осы мақал құрамындағы «заң» сөзінің қолданысына назар аударған жөн. Бізде «Өткен ғасыр басында тілде орныға қоймаған «заң» жаңа сөзін өзі қолданды ма, әлде сол кездегі редакциядағы әріптестер немесе шығармалар жинағын баспаға әзірлеушілер өзгеріс енгізді ме екен?» деген сұрақ туындады. Жалпы Ә.Бөкейхан өз еңбектерінде негізінен «закон» сөзін қолданады. Көп еңбегінде законан тыс, закон жобасы, закон арқылы, закон бойынша, закон қаралғанда деп жазады. Кәкітай қазасына байланысты жазған азанамасында да сөз болып отырған орыс мақалын «Закон – арба жетегі, қайда бұрса, солай қарайды», деп қолданады. Ал жоғарыдағы мысал алынып отырған «Айналма» атты мақаласында «закон» сөзі 14 рет, «заң» сөзі тек бір-ақ рет, осы мақал құрамында ғана кездеседі. Автордың бір мақаласында бір сөзді екі түрлі қолдануы да күмән туғызады.

Ә. Бөкейхан еңбектерінде бір мәтел «Ер жігіт қыз мінезді, бала көңілді // Ер қыз мінезді, бала жүректі // Ер жігіт қыз мінезді, бала жүректі» (Берлинде тағы; Кәкітай. Мүнәһиб.), – деген үш түрлі нұсқада кездеседі.

«Судия Берлинде тағы» осы мәтелдің Германия патшасы II-ші Вильгельмге қатысты осы мақалдың «Ер қыз мінезді, бала жүректі//Ер жігіт қыз мінезді, бала жүректі» деген екі нұсқасын қолданады. Бірінде «ер» сөзін ғана пайдаланса, ал екіншісінде «ер жігіт» деп, тіркес түрінде алады.

Кейбір еңбектерінде автор мақалдың қай халықтікі екенін өзі атап көрсетіп те отырады. Мысалы: «Орыс жұртының жақсы мақалы бар: «Жұрттан жиған жіп – жалаңашқа көйлек» (Мұғалімдер жиылысы. «Қазақ», 1913, № 40.); Орыс көпесі шығарған бір мақал бар: «Алдамасаң, сатпайсың!». Бұл мақалға біздің қазақ саудагері де құл (Жауап хат. «Қазақ», 1915, № 122.); «Астары мен үсті бірдей болсын» деген французъ жұртының жақсы мақалы бар. (Он төрт тоғыз бола ма? «Қазақ», 1914, № 91.); Неше кісі оқып бір кітаптан һәркім өз фікірін табады» деген французъ жұртының жақсы мақалы бар (Сусағанның түсіне су кіреді. «Қазақ», 1913 ж. № 40.); Білім анасы – жаттау. «Білім анасы – жаттау» деп грек мақалы айтады (Физикалық жағырафия. «Еңбекші қазақ», 1925, № 320).

Қазіргі қазақ тілінде «Қайталау – оқу анасы» түрінде қолданылатын мақалды Ә. Бөкейхан «Білім анасы – жаттау» деп аударады. Бұл орыс тіліндегі «Повторение – мать учения» нұсқасынан дәлме-дәл аударылған. Ал Қыр баласы «қайталау» емес, «жаттау» деп алуына өлеңді, мәтінді бірнеше рет қайталағанда ғана жадында жатталатынын негізге алған болса керек.

Ә. Бөкейхан кейде орыс немесе басқа жұрттардың мақал-мәтелдерін оның қай халықтікі екенін айтып жатпай-ақ та аударып қолдана береді. Мысалы, «Қарқаралы оязының Қотан-Бұлақ, Западни Балқаш, Зайсан елдеріндегі егіннің жайы» деген мақаласында: «Сақтансаң – сақтармын» дегенді ойлаңдар», – деп жазады. Бұл орыс мақалы болуы керек. Егер бұл орыс тіліндегі «Береженого бог бережет» мақалының аудармасы болса, онда оны «Сақтанғанды құдай сақтайды» немесе «Құдай сақтанғанды сақтайды» деп аударуға да болар еді. Алайда мақал «Сақтансаң – сақтармын!» деп аударылған.

«Атты қамшымен айдама, арпамен айда» дейтін орыста мақал бар», – деп жазады автор (Оқытушының білімін толықтыру. «Жаңа мектеп», 1926, № 5). Автордың айтып отырғаны орыстың: «На лошадь не плеть покупают, а овес» мақалы болуы керек. Бұл мақал да «Атқа қамшы емес, арпа сатып алады» деп тікелей аударылмай, қазақ түсінігіне лайықталып: «Атты қамшымен айдама, арпамен айда», – деп сәтті, бейнелі аударылады.

Қыр баласының аудармасында «Бірақ іше келе аран ашылады» (Л. Толстой. Бір адамға қанша жер керек? Ауд. Қыр баласы. «Жаңа мектеп», 1926. № 9-10) деген сөйлем кездеседі. Зерттеушілер кейін кең тарап мақалға айналып кеткен фразаның авторы әйгілі француз жазушысы Франсуа Рабле деп санайды. Ф. Рабленің XVI ғасырда (1532 ж.) жазылған «Гаргантюа және Пантагрюэль» романынан алынған бұл фраза орыс тіліне «Аппетит приходит во время еды» деп аударылып тарады. Француз жазушысының осы сөзінің «Жажда приходит во время пития» жалғасы бар екенін көрсететін де зерттеушілер (К. Душенко) бар. Өз заманың озық білім иесі Ә. Бөкейхан қолданған «Іше келе аран ашылады» деген қолданысы Ф. Рабленің осы сөзіне дөп келеді.

«Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең – қаларсың ұятқа» (Ә.Н.Қ. оязындағы моллалардың баяны. «ДУГ». 1889 ж. № 19). Осы мақаланың «Мулла в К-ском уезде» деп аталатын орысша нұсқасында: «Лучше верь тому, что правда: выбирай в вожди людей достойных, следуй киргизкой пословице: Жақсыға ерсең – жетерсің мұратқа, жаманға ерсең – қаларсың ұятқа» – «Князь с хорошим думцем додумается до высокого стола, а с худым и малого будет лишен» (А.Н.Мулла в К-ском уезде. «ДУГ». 1889 г. № 22) – қазақ мақалын келтіріп, сызықша арқылы осы мақалға мағынасы сәйкес келетін орыс мақалын береді.

Бұл жерде автор екі тілде жазылып, газеттің бір санына басылған мақаланы бірінші қазақша жазып, содан соң орысшаға аударуы да мүмкін. Сол кезде қазақшада қолданған мақалын орыстілді оқырманға түсіндіру мақсатымен оны орысшаға аударады немесе соған сәйкес орыс мақалын қатар береді. Екінші жағынан орысшаға жетік автор алдымен орысша жазса да, қазақ тұрмысы мен тілін жақсы білетіндіктен ойына қазақ мақалы оралуы да әбден мүмкін.

Алаш зиялысы қолданған орыс мақал-мәтелдерінің аударылуы мен қолданысының осындай ерекшеліктері бар. Төмендегі сөздік-кестеде олардың орысша-қазақша нұсқалары салыстырылып, қатар беріліп отыр:

3-кесте

№	Орыс мақал-мәтелдері	Әлихан Бөкейхан аудармасы
1	Бери, коли плохо лежит	Бос жатса қалтаға тығыңыз
2	Береженого бог бережет	Сақтансаң – сақтармын
3	Бумага все терпит	Қағаз не жазса да көтереді
4	Вздумает бог наказать – ум отнимет	Құдай қарғайын десе, ақылды алады
5	Голодному снится хлеб, а жаждущему – вода	Шөлдегеннің түсіне су кіреді
6	Горбатого исправить могила	Бүкірді көр түзейді
7	Дважды в одну реку не войдешь	Бір өзеннен екі өтпейсің
8	Дело мастера боится//Дело боится мастера	Іс ұстадан қорқады
9	Долг платежом красен	Борыш көркі төлеу
10	Жажда приходит во время пития	Іше келе аран ашылады
11	Закон – что дышло: куда повернёшь, туда и вышло	Заң – арба жетегі, қалай бұрсақ, сол жақта болады//Закон – арба жетегі, қайда бұрса, солай қарайды
12	Каждому плоду свой срок	Әр жеміс өз кезінде

13	Кому много дано, с того много и спросится // С большого больше и взыщется	Көп бергеннен көп сұралар
14	Князь с хорошим думцем додумается до высокого стола, а с худым и малого будет лишен	Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең – қаларсың ұятқа
15	Кошке – забава, мышке – смерть	Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек
16	На безрыбье и рак – рыба	Балық жоқта бақа балық
17	На лошадь не плеть покупают, а овес	Атты қамшымен айдама, арпамен айда
18	На солнышко не гляди: ослепнешь	Күн шыққанша қарау, көзді соқыр қылар// Күн шыққанша қарау, жұртты соқыр қылар
19	Не обманешь – не продашь	Алдамасаң, сатпайсың
20	Нет худа без добра	Жамансыз жақсы болмас
21	Повторение – мать учения	Білім анасы – жаттау
22	Рыба гниёт с головы	Балық басынан шіриді
23	Свая рубашка ближе к телу	Әркімнің өз көйлегі етіне жақын
24	Семь раз отмерь, один раз отрежь	Жеті өлшеп, бір кес
25	Сделав добро – забудь, получив – помни. Сделал добро – забудь, сделали зло – прости	Жаманшылықты ұмыт, жақсылықты ұмытпа
26	С миру по нитке, голому рубаха	Жұрттан жиған жіп – жалаңашқа көйлек
27	Утопили щуку, да зубы остались	Шортанның өзін ұстаса да тісі қалады
28	Шила в мешке не утаишь	Етікші бізі дорба түбінде жасырынбас
29	Что посеешь, то и пожнёшь	Не ексең – соны орасың//Нені ексең соны орарсың

Нәтижелер. Ә.Бөкейханның кейбір орысша жазған еңбектерінде аудармасыз қолданылған орыс мақал-мәтелдері де кездеседі. Мысалы: «Как не жаль, а приходится сознаться, что «песенка киргизов спета» (Статистик. Сомнительные цифры. «Сибирские вопросы», 1910. № 34-35. Стр. 25-29 СПб) деген сөйлемдегі «песенка спета» сияқты мәтелдер мен мақалдар де кездесіп отырады.

Мұндай мақалдарды саясаткер орыстілді аудиторияға арналған мақалаларында қолданады. Қазақ оқитын басылымдарда негізінен аударып береді.

Саясаткерлердің өзге халықтың мақалын саяси-дипломатиялық мақсат көздей отырып арнайы қолданатын кездері де болады. Л.В. Софронова Ресей президентінің баспасөз хатшысы Дмитрий Песковтың (Түркияда оқыған, түрікше жақсы біледі) 2023 жылы Петербургтегі халықаралық экономика форумында Түркияға қаратып «Yakın komşu uzak akrabadan iyidir» («Жақсы көрші жаман туыстан жақын») деген түрік мақалын қолдануы Түркия баспасөзінде кеңінен сөз болып, жағымды резонанс туғызғанын айтады [16, 113].

Бұл саясаткерлердің мақалды саясат құралы ретінде ұтымды пайдалана алатынының бір ғана мысалы. Ә.Бөкейхан орыс мақалдарын саясаттан гөрі халықты ғылым-білімге үндеу, адам мен қоғам кемшіліктерін түзеу, еңбек етіп, ел мәдениетін көтеру мақсатында көбірек пайдаланған.

Ғалымдар: «Адамдардың талғамы, саяси, философиялық көзқарастары әртүрлі. Осы фактілер түрлі халықтардың мақалдарында көрініс тапқан» [17, 69] – дейді.

Ә. Бөкейхан ұлт мәдениетінен нәр алған, халқының әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігімен жақсы таныс, ана тілін жетік білетін оқымысты әрі саясаткер ретінде негізінен қазақ мақал-мәтелдерін көп пайдаланған. Алаш білімпазы шығармаларында кездесетін барлық мақал-мәтелдің үштен екісінен астамының қазақтікі болуы соның айқын көрінісі. Сонымен бірге ол кәсіби білім алған орыс тілін де өте терең меңгергендіктен қажетіне қарай орыс мақал-мәтелдерін де еркін қолданып, қазақ тіліне де ұтымды аударып беріп отырады. Екі мәдениеттің ерекшеліктерін жақсы білетін білім иесі төл мәдениетін насихаттаумен

бірге өзге мәдениеттің өзгешеліктерін де көрсетіп, орыс мақал-мәтелдерін де өнеге көзі, халық санасына ықпал ететін тілдік-стильдік құрал ретінде ұтымды жұмсайды. Ә. Бөкейхан шығармашылығының бұл қыры оның XX ғасыр басында тіларалық байланыс пен мәдениетаралық коммуникацияны нығайтуға өзіндік үлес қосқан жан-жақты білім иесі, көрнекті ұлт зиялысы екенінің айқын көрінісі. «In the modernization process of Kazakh society, the Alash movement stands out with its reformist ideas across various domains. It is observed that the intellectual foundations of the movement were nourished by the Enlightenment and nationalism movements rising in Europe, while also in corporating the traditional lifestyle and cultural codes of the Kazakh steppe» [18, 75] қазақ қоғамын жаңғырту үдерісінде Ә. Бөкейхан және де алаштықтар реформаторлық бағытымен көзге түсіп, ағартушылық идеясымен қазақ даласының дәстүрлі өмір салты мен мәдени кодекстерінен нәр алған ұлт жанашырлары.

Қорытынды. Әлихан Бөкейхан еңбектерінде жүз елуден астам мақал-мәтел қолданылған. Нақтырақ айтқанда – 140, варианттарымен (10) қоса есептегенде 150 мақал-мәтелді анықтадық. Олардың жүзден астамы қазақ мақал-мәтелі болса, 30 шақтысы (28) орыс халқынікі. Ал француз, грек, украин мақал-мәтелдері санаулы ғана. Зерттеу барысында осы мақал-мәтелдердің қолданысы мен аударылу ерекшеліктері көрсетілді. Ғалым-қайраткер шығармаларынан жинақталған мақал-мәтелдер салыстырыла-салғастырыла жан-жақты талданды. Алдағы уақытта мұрағаттардан ұлт зиялысының ғылыми айналымға түспеген, баспа бетін көрмеген еңбектері табылып жатса, бұлардың қатары әлі де толыға түсуі мүмкін.

Әлихан Бөкейхан еңбектерінде қолданылған мақал-мәтелдердің басым бөлігі – қазақтың төл мақал-мәтелдері (100-ден астамы). Автор олардың жалпы халық арасына кең тарағандығын, көпке әсерінің күшті екенін біле отырып, көбіне мәтіннің ішкі семантикасын байытатын, идеялық-стильдік әсерді арттыру әрі публицистикалық, саяси дискурсты күшейту құралы ретінде мақсатты түрде қолданады.

Шет тілдерінен (негізінен орыс тілінен) алынған мақал-мәтелдер – қазақ тіліне қысқа да нұсқа, өте дәл аударылады. Мысалы; Бүкірді көр түзейді (Горбатого исправить могила), Жеті өлшеп, бір кес (Семь раз отмерь, один раз отрежь) және т.б.

Қазақ мақал-мәтелдерінің де дені орыс тіліне қысқа да дәл аударылғанмен, тек жекелеген мақал-мәтелдер мағынасы түсіндіріліп, сипаттала аударылады. Мысалы: Ат биеден, ер анадан туады (Хороший лощадь родится от хорошей кобылы, так умный мужчина родится от умной матери) және т.б.

Мақал-мәтелдер Ә. Бөкейхан еңбектерінде газет мақалаларының тақырыптары мен кітап тарауларының атауы ретінде пайдаланылады. Бұл осы кезеңде XX ғасыр басында пайда болып, кейін жалғасын тауып, дәстүрге айналған құбылыс.

Алаш оқымыстысының еңбектерінде мақал-мәтел мазмұнын сақтай отырып, оның құрамындағы жекелеген компоненттерін синоним сөздермен алмастырып қолданатын деректер кездеседі. Мысалы, «қолағаш» ↔ «тоқпақ», «мәлім» ↔ «белгілі» және т.б. Мұндай жарыспалылықтың, бірнеше варианттың ұшырасуының бір себебі сол кезеңде қазақ мақал-мәтелдерінің толық жинақталып, сөздік түрінде жарық көрмеуімен байланысты болса, екінші жағынан бүркеншік есіммен берілген кейбір еңбектердің Ә.Бөкейханға тиесілі болмауы мүмкін екендігінен деп пайымдаймыз.

Ә. Бөкейхан қазақ мақал-мәтелдерін орыс тіліне аудару арқылы ұлтының әдебиеті мен мәдениетінің насихатшысы, халқының тұрмыс-тіршілігін таныстырушы тұлға болды.

Әдебиеттер

1. Баржақсин А. Мақалдар // Қазақ газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.

2. Байтұрсынұлы А. 23 жоқтау. – Москва: КСРО халықтарының кіндік баспасы, 1926. – 156 б.

3. Жұмағұл С.Б., Шалғынбекова А.Б., Жұмағұл А.Б. Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдер: этно-социофольклортану аспектісіндегі талдау // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. №1. – 2023. – Б. 191-200. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.15.

4. Жұмағұл С.Б., Қамзабекұлы Д., Кемеңгер Қ.Р., Сағынадин Г.С. Қазақ мақал-мәтелдерінің алаш кезеңінде жариялануы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №4 (141). – 2022. Б. 159-166. DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-159-166.

5. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Толғанай Т, 2004. – 560 б.

6. Mieder W. Proverbs Are the Best Policy: Folk Wisdom and American Politics. – Logan: Utah State University Press, 2005. – 325 p.

7. Бөкейхан Ә., Шоқай М., Дулатов М. Алаш ұлына (Ашық хат) // Қазақ. № 225. – 1917.

8. Mieder W. «Right makes might» Proverbs and the American Worldview. – Indiana: Indiana University Press, 2019. – 377 p.

9. Ғұбайдуллин Б. Мал ашуы – жан ашуы // Айқын 25 мамыр. – 2019. URL: https://aikyn.kz/3944/2148-mal-ashuy (қаралды: 12.05.2025).

10. Еңбек етсең емерсің // Қазақстан. № 2. – 1911. – Б. 39.

11. Жунусова Ж.Н., Нугуманова А.Н., Волкова Я.А. Фразеологизмы с оценочным компонентом в публичной речи современных политиков // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. №1 (15). – 2024. – С. 232–247. DOI: https://doi.org/10.22363/2313-2299-2024-15-1-232-247.

12. Байназарова М. Күштінің арты диірмен тарта бере ме? // Жас Алаш, 14 шілде. – 2021. URL: https://zhasalash.kz/news/kushtinin-arty-diirmen-tarta-bere-me-16669/ (қаралды: 10.05.2025).

13. Артемьев А.А., Лихолетов В.В. Пословицы и поговорки – квинэссенция управленческого опыта народа // Филология и литературоведение. №5. – 2015. URL: https://philology.snauka.ru/2015/05/1468 (қаралды: 11.05.2025).

14. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. – М.: Наука, 1988. – 237 с.

15. Селиверстова Е.И. Русская пословица в паремиологическом пространстве: стабильность и вариативность (лингвистический аспект), автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Санкт-Петербург, 2010. – 48 с.

16. Софронова Л.В. Пословицы и афоризмы в политической речи (к характеристике идиолекта президента Турции Р.Т. Эрдогана) // Вестник. Московского университета, Востоковедение. №3 (68). – 2024. – С. 109–133. DOI: https://doi.org/10.55959/MSU0320-8095-13-68-3-7.

17. Паремиология без границ. Монография. Антонова Е.Н., и др. – М.: РУДН, 2020. – 244 с.

18. Daurenbekova L., Soltanayeva Y., Adayeva Y. The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success. // Journal of Social Studies Education Research. Vol 16, No 2 (2025). URL: http://www.jsser.org/.

Ш. КУРМАНБАЙУЛЫ

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

Г.Р. АЛИМБЕК

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

УПОТРЕБЛЕНИЕ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК В РАБОТАХ АЛИХАНА БОКЕЙХАНА

Аннотация. В статье рассматривается употребление пословиц и поговорок в работах Алихана Бокейхана. В ходе исследования было установлено, что в произведениях алашского просветителя использовано более 150 пословиц и поговорок. Из них более ста являются казахскими, около 30 (28) – русскими. Оставшиеся (около 10) являются французскими,

греческими или украинскими пословицами и поговорками. Около десяти пословиц имеют несколько вариантов использования. Алихан Бокейхан точно переводил казахские пословицы на русский язык и наоборот, иногда объясняя смысл казахских пословиц на русском языке. Таким образом, ученый вносил вклад в укрепление межъязыковых связей и межкультурной коммуникации, популяризируя литературу и культуру своего народа и знакомя читателей с бытом казахского народа. Использование пословиц и поговорок в качестве заголовков газетных статей и названий глав книг стало традицией в трудах алашских ученых во главе с Алиханом Бокейханом в начале XX века. Замена отдельных компонентов пословиц синонимичными словами при сохранении содержания также является одной из характерных черт стиля Алихана Бокейхана.

Ключевые слова: Алихан Бокейхан, деятели Алаш, пословицы и поговорки, употребление пословиц и поговорок, политический дискурс, вариантность, перевод.

SH. KURMANBAIULY
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
G.R. ALIMBEK
Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE USE OF PROVERBS AND SAYINGS IN THE WORKS OF ALIKHAN BOKEYKHAN

Annotation. The article examines the use of proverbs and sayings in the works of Alikhan Bokeykhan. During the study, it was found that the works of the Alash intellectual contain more than 150 proverbs and sayings. More than a hundred of these are Kazakh proverbs, about 30 (28) are Russian, while the remaining ten or so are French, Greek, and Ukrainian proverbs and sayings. About ten proverbs appear in several variants. Bilingual Alikhan Bokeykhan accurately translated Kazakh proverbs into Russian and vice versa, sometimes interpreting the meaning of Kazakh proverbs in Russian. Through this approach, the scholar contributed to strengthening interlingual connections and intercultural communication, promoting the literature and culture of his nation, and familiarizing readers with the lifestyle of the Kazakh people. The use of proverbs and sayings as headlines of newspaper articles and chapter titles of books became a tradition in the works of Alash scholars led by Alikhan Bokeykhan in the early 20th century. The practice of maintaining the content of proverbs while replacing individual components with synonymous words is also one of the distinctive features of Alikhan Bokeykhan's language.

Keywords: Alikhan Bokeykhan, figures of Alash, proverbs and sayings, use of proverbs and sayings, political discourse, variability, translation.

References

1. Barzhaksin A. Maqaldar. – Almaty: Qazaq entsiklopediiasy, 1998. – 560 b.
2. Baitursynuly A. 23 zhoqtau. – M.: KSRO khalyqtarynyn kindik baspasy, 1926. – 156 b.
3. Zhumagul S.B., Shalgynbekova A.B., Zhumagul A.B. Alikhan Bokeikhan enbekterindegi maqal-matelder: etno-sotsio-folklortanu aspektisindegi taldau. Euraziia gumanitarlyq instituty khabarsysy. №1/2023. – B. 191–200. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.15.
4. Zhumagul S.B., Kamzabekuly D., Kemenger Q.R., Saginadin G.S. Qazaq maqal-matelderinin Alash kezeninde zhariialanuy. L. N. Gumilev atyndagy EUU Khabarsysy, Filologiia seriiasy. №4 (141)/2022. – B. 159–166. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-159-166.
5. Qaidar A. Khalyq danalygy (qazaq maqal-matelderinin tusindirme sozdigi zhane zertteu). – Almaty: Tolganai T, 2004. – 560 b.
6. Mieder W. Proverbs Are the Best Policy: Folk Wisdom and American Politics. – Logan: Utah State University Press, 2005. – 325 p.
7. Bokeikhan A., Shokay M., Dulatov M. Alash ulyna (Ashyq khat). Qazaq. №225/1917.
8. Mieder W. *Right Makes Might: Proverbs and the American Worldview*. – Indiana: Indiana University Press, 2019. – 377 p.

9. Gubaidullin B. Mal ashuy – zhan ashuy. Aikyn May 25, 2019. URL: https://aikyn.kz/3944/2148-mal-ashuy (accessed May 12, 2025).

10. Enbek etsen – emersin. Qazaqstan, №2. 1911. – P. 39.

11. Zhunusova Zh. N., Nugumanova A.N., Volkova I.A. Frazeologizmy s otsenochnym komponentom v publichnoi rechi sovremennykh politikov. Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov, Seriia: Teoriia iazyka. Semiotika. Semantika. №1 (15)/2024. – S. 232–247. DOI: https://doi.org/10.22363/2313-2299-2024-15-1-232-247.

12. Bainazarova, M. Kushtinin arty diirmen tarta bere me? Zhas Alash, July 14, 2021. URL: https://zhasalash.kz/news/kushtinin-arty-diirmen-tarta-bere-me-16669/ (accessed May 10, 2025).

13. Artem'ev A.A., Likholetov V.V. Poslovitsy i pogovorki – kvintessentsiia upravlencheskogo opyta naroda. Filologiia i literaturovedenie. №5/2015. URL: https://philology.snauka.ru/2015/05/1468 (accessed: 11.05.2025).

14. Permiakov G. L. Osnovy strukturnoi paremiologii. – M.: Nauka, 1988. – 237 s.

15. Seliverstova E.I. Russkaia poslovitsa v paremiologicheskom prostranstve: stabilnost' i variativnost' (lingvisticheskii aspekt). Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni doktora filologicheskikh nauk. – Sankt-Peterburg, 2010. – 48 s.

16. Sofronova L. V. Poslovitsy i aforizmy v politicheskoi rechi (k kharakteristike idioklekta prezidenta Turtsii R. T. Erdogana). Vestnik Moskovskogo universiteta, Vostokovedenie. №3 (68)/2024. – S. 109–133. DOI: https://doi.org/10.55959/MSU0320-8095-13-68-3-7.

17. Paremiologia bez granis. Monografia. Antonova E. N., i dr. Paremiologiia bez granits. – M.: RUDN, 2020. – 244 s.

18. Daurenbekova L., Soltanayeva Y., Adayeva Y. The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success. // Journal of Social Studies Education Research. Vol 16, No 2 (2025). URL: http://www.jsser.org/.

Авторлар туралы мәлімет:

Шерубай Құрманбайұлы – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Шерубай Курманбайулы – академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Sherubay Kurmanbayuly – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Әлімбек Гауһар Рысбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Алимбек Гаухар Рысбеккызы – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Alimbek Gaukhar Rysbekkyzy – Associate professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.61
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.05

***Б.Д. МЫРЗАБАЕВА[1]**
Д. А. АЛКЕБАЕВА[2]
Б.Ш. БАЕШОВА[3]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан[1,2]
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан[3]
(e-mail: zhaszertteushi2023@mail.ru[1], alkebaeva@mail.ru[2],
balziya.bayeshova@ayu.edu.kz[3])

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ «ТІЛ» ЖӘНЕ «СӨЗ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ, СӨЗДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Тіл білімі саласында кейбір ұғымдар мен терминдердің нақты анықтамасын беруде пәнаралық байланыста зерттеудің маңызы зор. Сондай бірқатар ғылымдардың тоғысында қарастыруды қажет ететін ғылым саласы— сөзтану ғылымы. Сөзтану ғылымының зерттеу нысаны - сөз, яғни адамның сөзі. Себебі сөздің мәні мен бар болмысын анықтауда тек бір ғылым тұрғысынан емес, сол ғылыммен шектес ғылымдар аясында қарастырудың маңыздылығы күн өткен сайын артып келеді. Сөзтану ғылымының нысаны сөз және тіл, сөйлеу сияқты басты терминологиялық аппараты анықтап алу және ол туралы ғылыми концепцияларды жүйелеу - осы мақаланың басты ұстанымы.

Мақалада жүргізілген зерттеудің мақсаты – «тіл» мен «сөз» ұғымдарының арақатынасын ашу, бұл ұғымдарға тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы тіл білімінде де берілген тұжырымдарды анықтау, оларды салыстыра зерттеп, аталмыш терминдердің орнын белгілеу. Бұл зерттеуде «сөйлеу» ұғымының орнына «сөз» тұлғасы қолданылып, оның негізі талданады.

Бұған дейінгі ізденістерде, соның ішінде шетелдік зерттеулерде тіл мен сөздің ара жігін ашып, олардың қызметін анықтаған теориялық ғылыми еңбектер кездескенімен, отандық зерттеулерде бұл екі ұғым туралы тұжырымдарда бірізділік жоқ. Сөзтанудағы сөз бен тіл, сөйлеу ұғымдарына қатысты мәселелер қазіргі таңда өте өзекті болып отыр.

Бұл мақалада «тіл» және «сөз» сияқты лингвистиканың негізгі ұғымдарын заманауи тұрғыдан түсіну мәселесі қарастырылған. Жалпы лингвистиканың қалыптасуы мен дамуының әр кезеңінде осы терминдердің беретін мағынасы, мәні өзгеріске ұшырап отырғандықтан, «тіл», «сөздің» бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсас тұстары, бір жағынан, тіл білімі ғалымдарының бастапқы ой-тұжырымдарына негізделсе, екіншіден, оларға кең көлемде анықтама беріліп, жаңаша сипатқа ие болады. «Тіл» және «сөздің» ең маңызды теорияларына қысқаша шолу, сондай-ақ осы екі ұғымның негізгі сипаттамаларына негізделген салыстырмалы талдау жасалады. Қазіргі лингвистиканың антропоцентризм бағытына баса назар аударылады, ол осы екі негізгі ұғымның арақатынасында да көрінеді. «Тіл – сөз - сөйлеу» ұғымдарының жарыса қолданылуын анықтауда және олардың өзіне тән қызметін саралауда сауалнама алынды.

Түйін сөздер: лингвистика, тіл, сөз, сөзтану, сөйлеу әрекеті, антропоцентризм, прагматика.

Кіріспе. Соңғы жылдары лингвистикада байқалатын жалпы тенденция – кешенді зерттеу, яғни зерттелетін нысанды бір ғана салада ғана қарастырмай, бір-бірімен тығыз

байланыста, ғылымдардың тоғысында талдау, саралау. Бұл тәсіл тілді жіті зерттеуде, жалпы адам қызметін, оның ішінде сөйлеу әрекетін немесе адам сөзін талдауда өзекті болып табылады. Мақалада адам туралы ғылымдардың қазіргі даму сатысында сөйлеу мен тілді зерттеуде бір ғылымның шеңберімен шектеліп қалмай, пәнаралық зерттеу барысында пайда болатын ұғымдар қарастырылған. Сондай-ақ оқырманға бүгінгі *лингвистикалық* ғылымды толғандыратын мәселелердің жай-күйі туралы жалпы түсінік беріледі. Тақырыптың өзектілігін ашу үшін «тіл» мен «сөз» ұғымдарына тарихи тұрғыдан талдау жасалынып, түрлі ғалымдардың пікірлері, мақалалары, еңбектері пайдаланылып, бүгінге дейінгі ғылыми көзқарастар сараланады. Өз кезегінде тіл біліміне қатысты терминдерді басқа қырынан қарау арқылы олардың мағынасының аясын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Қолданыстағы тілге тән ұғымдардың да уақыт өте келе заманауи талаптарға сай өзіндік қызметі мен мән-мағынасы ажыратылады. Тілдегі терминдерге бірнеше ғылымдар тоғысында қарап, оларды сипаттау әлеуметтік *лингвистика*, сөзтану, психолингвистика, сөз мәдениеті секілді, жалпы сөз теориясының салалары үшін маңызды болып отыр.

Ерте заманнан бері ғылымның жүйелі нысанына айналған ұғымдардың қатарына «тіл», «сөз» және олардың жұмсалу ерекшеліктері жатады. Құрылымдық *лингвистикада* лексикология саласы бойынша сөздің өзіндік терминдік орны белгіленіп, анықтамасы айқындалған. Адам баласына сөздің атауыштық (номинативтік) қасиетінен гөрі оның жұмсалу қызметі жағынан тереңірек зерттеудің мәні қымбатырақ болып жатыр. Себебі қазіргі кезде қарым-қатынас (коммуникация) теориясы мәселесінің өзекті болуына байланысты антропоорталық, когнитивтік *лингвистика*, прагматика, риторика секілді ғылыми бағыттар кеңінен зерттеліп жүр. Зерттеуші ғалымдар «тіл» мен «сөйлеу/сөз» терминдерінің ара жігін ашып, екі терминнің анықтамасы мен қызметін айқындауға тырысты. Әсіресе бұл тақырыпты ертерек зерттеген Европа мен Ресей ғалымдары болып табылады.

«Сөйлеу», «сөз», «тіл» ұғымдарының этимологиясын, семантикасын, байланысы мен айырмашылығын, олардың арақатынасын анықтауда келесідей сөздіктер салыстырыла қолданылды: «Диуани *лұғат* ат-түрк» (Қашғари, 1997), Философия сөздігі (1996), Психология сөздігі (2011), Энциклопедия сөздігі (2009), Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі (2019), Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (2008).

Орта ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі тіл, сөз мәселелері тілдік және тарихи-философиялық тұрғыдан талданады. Профессор Р.Сыздықтың «сөз» ұғымына берген анықтамасы, ғалым Н.Уәлидің сөз мәдениетіндегі «сөз» бен «тіл» терминдеріне қатысты ойы сабақтаса қарастырылып, «сөйлеу» ұғымынан гөрі «сөз» терминінің семантикасы, прагматикасы, стильдік қызметі айқындалады.

Қазақ тіл білімі ғылымында да «тіл» мен «сөйлеу/сөз» терминдеріне қатысты ғалымдар арасында түрлі тұжырымдар бар. Тіпті бір ғана «сөйлеу» терминіне байланысты пікірлердің өзінде бірізділік кездеспейді. Бұл зерттеуде «сөйлеу» ұғымы «сөз» терминімен берілген. Оның өзіндік негізі бар. Себебі сөз тілді құрайтын бөлшегі болса, өз кезегінде сөзден тіл құралады. Қазақта даналық сөз, шешендік сөз, қара сөз, Абайдың сөзі, Төле бидің сөзі, Мағжанның сөзі дегенде олардың аузынан шыққан терең мағыналы, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын, құрылымы жағынан бірнеше сөз бен сөз тіркестерінен, тіпті сөйлемдерден, мәтіннен тұратын сөздері меңзеледі. Сол секілді кіріспе сөз, алғы сөз, құттықтау сөзі, баланың сөзі, әкенің сөзі, атаның сөзі десе, қарым-қатынастағы сөйлеу әрекеттері, диалогтер, монолог (адамның өзімен сөйлесуі, ішкі сөз) болады.

«Тіл» және «сөз/сөйлеу» ұғымдарының арақатынасы күрделі. Сол үшін мақалада бұл ұғымдар туралы түсінік және олардың арақатынасы жайлы тарихи тұрғыдан қалыптасқан шетелдік және отандық ғалымдардың идеялары мен тұжырымдамаларының бірқатар маңыздысы зерделеніп, салыстыра талданып, осы екі ұғым туралы тұжырымдардың қазіргі көзқарастарға ықпалы мен заманауи бағыттары айқындалады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында тақырыпты ашып, мақсатқа қол жеткізу үшін тақырыпқа сай еңбектерді салыстыра зерттеу, оларды талдау, сөз

бен тілдің дихотомиясын ашу, сөздікпен жұмыс жасау әдістері пайдаланылды. Аталмыш әдістер зерттеуімізде тіл мен сөздің арақатынасын анықтауға, заманауи, жаһандану үдерістерінің жемісі ретіндегі қоғамдық сананың түрлері мен тілдік байланысын ашуға, сөздің қызметі мен әлеуетін анықтауға септігін тигізді. Тіл біліміне қатысты «тіл», «сөйлеу», «сөз» ұғымдарының қолданысын, оларды қабылдау мен мағынасын, айырмашылығын анықтауда сауалнама жүргізу әдісі қолданылды. «Сөз» бен «тіл» ұғымдарының арақатынасын тарихи аспектіде қарастырғанда И.Бодуэн де Куртенэнің «Значение языка как предмета изучения» (1963); А.Вайтуковның «Языковая «реальность» в речи и тексте» (2013); В.Звегинцевтің «Мысли о лингвистике» (1996); А. Потебня «Из записок по русской грамматике: в 4 т. Т. IV: Глагол. Местоимение. Числительное. Предлог.» (1941); Ф. де. Соссюрдің «Курс общей лингвистики» (1998); А. Смирницкийдің «Лексикология английского языка» (1998); Д.Шодмоноваың «О трихотомии «Язык-норма-речь»» (2011); R.Nordquist «Speech in Linguistics»; K. William «Basic Research in Speech Science - Speech-Language Pathology»; В.Б.Суркеева, А.Х.Бисерова «О соотношении понятий «язык» и «речь» в современной лингвистике» атты шетелдік ғалымдардың еңбектері қолданылды.

Аталмыш терминдерді зерттеуде М.Қашғаридың «Түрік тілінің сөздігі» (1997); Ж.Баласағұнның «Құтты білік» (1986) орта ғасыр еңбектері арқау болды.

Сондай-ақ Н.Уәлидің «Сөз мәдениеті» (1984); А.Әмірбекованың «Рәбиға Сәтіғалиқызы – сөз танудың шебері» (2024) мақаласы негізге алынды. Тілдік ұғымдарға анализ жасауда «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2008); «Энциклопедиялық сөздік» (2009); «Философиялық сөздік» (1996) дереккөз ретінде пайдаланылды.

Талқылау мен бақылау. Лингвистердің тіл, сөз және сөйлеу әрекеттері туралы түсініктеріне Фердинанд де Соссюр айтарлықтай әсер етті. Ол алғаш рет «сөз» бен «тілді» нақты түрде бөліп қарастырған. Оның тұжырымдамасына сәйкес, тіл - дайын өнім, ал сөйлеу – «ақыл мен еріктің жеке әрекеті» деп анықтама берілген [1, 52]. Осылайша, Ф. де Соссюр тілді сөздің әлеуметтік құбылысы ретінде жеке қарастырды. Бір жағынан, ол осы екі ұғымды бөлді, ал екінші жағынан сөйлеудің тілді қалыптасуы үшін қажеттігін ескертіп, олардың өзара байланысын белгіледі.

Ф. де Соссюрдің тұжырымдамасына Л.В. Щерба өз пікірін былайша жеткізеді. Ол сөйлеу әрекетінің, тілдік жүйенің және тілдік материалдың бірлігі екенін атап өтті. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша адамның сөзі тілдік өнімге негізделіп, тіл жүйесінің өзгеріп отыруын көрсетеді, ал тіл жүйесі тіл материалына тиесілі және адамның жеке сөз актілерінде көрініс береді [2, 24].

И.А. Бодуен де Куртенэ өзінің алғашқы ғылыми көзқарастарында тілді психикалық құбылыс ретінде сипаттап, тілдің даралық пен жекелік қасиеті туралы жазды. Кейінірек ол тілді психоәлеуметтік құбылыс ретінде сипаттап: «Барлық әлеуметтік немесе психо-әлеуметтік көріністердің ішінде тіл әр адамның ақыл-ой әлеміндегі немесе санасындағы ең қарапайым, ең бай және сонымен бірге тұрақты, үздіксіз берілетін өнім» деген тұжырым жасады [3, 134]. Адамның сөзінде әртүрлі дүниетаным мен көңіл-күйлері көрінеді. Сондықтан осы тұжырым бойынша тілді ойлаумен байланыста қарастыру керектігі көрінеді.

А.И.Смирницкий «тіл», «сөзді» адам психикасының құбылыстары ретінде танып, сонымен бірге «тіл» және «сөз» ұғымдарына қатысты білімді ажыратып берді. А.И.Смринскийдің ғылыми көзқарасы бойынша адамның сөзінде тіл толықтай көрініс береді [4, 7].

Ғалым А.А.Потебняның көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерінде тіл мәселесі тереңінен қаралған. Ғалым: «Тілдің өзіндік мазмұны бар, бірақ ол тек басқа мазмұнның формасы болып табылады, оны жеке-объективті деп атауға болады, бірақ іс жүзінде ол тек адамның жеке басын құрайды және әр адамда әр түрлі болады» [5, 99]. Оның ғылыми тұжырымында тілдің бір бөлігін сөз құраса, адамның санасы мен халықтың жадында тілдің өмір сүретіндігі жайлы айтылады. Сондай-ақ А.А.Потебня «тіл», «сөз» ұғымдарына қатысты берілген объективті анықтамаларды, осы екі ұғымның субъективті көрінісіндегі айырмашылық

жөніндегі ойларды ары қарай өрбітті. А.А.Потебня тілдің ғылыми-теориялық, тәжірибелік қырларын айта отырып, тіл мен сөз ұғымдарын ажырата білді. Ғалым тілдің практикалық білімінің ғылыми біліммен үйлесімділігін мойындайды.

Тіл білімінің негізгі ұғымдары – «тіл» мен «сөз» арасындағы қарым-қатынасқа жоғарыда аталған ғалымдардың көзқарастары қазіргі тіл мен сөз туралы жаңа идеяның қалыптасуына, осы екі ұғым туралы түсінікті одан ары дамытып, олардың ара жігін ашып, қызметін анықтауға көп әсерін тигізді. Қазіргі уақытта лингвистикадағы негізгі бағыт - антропоцентризм. Егер құрылымдық лингвистикада сөйлеуші тек тіл мен сөз арасындағы делдал ретінде әрекет етсе және модальділік, экспрессивтілік, сөзжасам сияқты тілдік құбылыстар тұлғааралық қатынастарды талдау мен есепке алудың болмауына байланысты толық түсіндірілмесе, онда соңғы уақыттағы лингвистердің жеке тұлға мен өзін-өзі тануға деген үндеуі тіл мен сөзді, сөйлеу әрекетін түсінудің жаңа қырларына әкелді. Қазіргі ғылымда адамның сөзі, адамның сөйлеуі жеке өмірдің құбылысы ретінде танылады, онда адам негізгі субъект ретінде әрекет етеді. Адам кез келген жағдайда өзінің сөзі, яғни сөйлеу арқылы жеке ойын нақты, түсінікті жеткізетін түрін таңдайды. Осылайша тіл білімінің ендігі нысаны әдеби тілдің нормалары емес, әртүрлі әлеуметтік топтар, әр жастағы адамдардың сөйлеу ерекшеліктері назар аудартады. Тұлғаның жас ерекшелігіне, әлеуметтік топтарына орай олардың сөздерін немесе сөйлеудегі тілді түрлі амал-тәсілдермен айқындауға болады. Сөйлеушінің қолданылған сөздік қоры тұлғаның дамуын сипаттайды және оның орналасқан жерінің мәдени-тілдік ортасын көрсетеді. Тілдің жекелеген халықтардың мәдениетіне, жалпы қоғамның дамуына және дамудың әр кезеңіндегі тарихи іс-әрекеттің көрінісіне әсері көбірек атап өтілуде.

Жоғарыдағы шетелдік ғалымдардың «тіл» мен «сөз» туралы айтылған пікірлерін саралай келе, олардың айырмашылығын келесідей көрсетуге болады:

Тіл – ғылыми абстракция; нормамен реттелетін жинақталған белгілер жүйесінің қорытындысы; жүйе белгілері - таным құралы; функционалды (тіл қызметі); жүйеге енгізілген деңгейлік ұйымның болуы; кейбір кезде тұрақты болуы; объективті; әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі; бағалаудың қажеті жоқ.

Сөз – материал; кездейсоқ немесе қасақана нормаларды бұзу арқылы тілдік жүйені жүзеге асыру; жүйе белгілері - қарым-қатынас құралы; әдейі немесе қасақана; желілік ұйымның болуы (ауызша және жазбаша түрі); динамикалық күйде болуы; жеке адамның/ субъективті әсері; сөйлеушінің жеке тәжірибесінің көрінісі; бағаланады.

Тіл біліміне қатысты «тіл», «сөйлеу», «сөз» ұғымдарының қолданысын, оларды қабылдау мен мағынасын, айырмашылығын анықтауда жүргізілген сауалнамаға 18-60 жас аралығындағы білім алушылардан, оқытушылардан, мұғалімдерден, журналистерден тұратын, жалпы 300-ге жуық респондент қатысты. Сауалнама қазақтілді тұтынушыларды қамтыды. Сауалнамада «сөз» бен «сөйлеу» ұғымдарына қатысты жалпы көлемі 18 сұрақ қамтылды. Сауалнама онлайн түрінде жүргізілді. Нәтижесінде респонденттердің «сөз» терминін қалай қабылдайтындығы көрсетілді.

Нәтижелер. Тіл білімінде «тіл» мен «сөз» ұғымдарының ара жігі ашылып, жеке белгілері көрсетіліп жатса да, осы екі ұғымды біртұтас құбылыс ретінде қарастыратын зерттеулер кездеседі. Осы екі ұғым туралы түсініктердегі қарама-қайшылықтар бұл ұғымдарды ажырату үшін емес, олардың әрқайсысының мәнін түсіну, олардың бір-біріне қатысуын егжей-тегжейлі талдау үшін қолданылады. Тілдің міндеті – сөйлеушінің ойын жеткізуде сөзінде көрініс беруі [6, 65]. Жоғарыдағы ғалымдардың тіл - сөйлеу әрекетін жүзеге асырудың бір түрі деген идеяларын қазіргі лингвист-ғалымдар қолдап, сол идеяны ары қарай дамытып отыр.

«Тіл және сөз» ұғымдарын ажыратудың қазіргі заманғы интерпретациясына қарамастан, олардың өзара байланысына баса назар аудара отырып, ғалымдар бұл ұғымдарды бір-біріне теңестірмей бөлуді жалғастыруда. Қазіргі тіл білімінде тілді бірқатар маңызды функциялары бар жүйе ретінде түсінуді жалғастыруда. Сонымен қатар тіл мен сөзді ажыратуға тырысқанда, тілді ғылыми абстракция ретінде танып, оны толығымен

бақылауға және шынайы өмірде белгілеуге болмайтынына назар аударады. Алайда тілді сөзде немесе сөйлеу актісінде шындыққа айналдыруға мүмкіндік бар екенін ескруге болады [7, 10].

Бұл зерттеу мақаласында үнемі байланыста болатын, бірақ бір-бірінен қызметі жағынан айырмашылығы да бар «тіл», «сөз» ұғымдары қарастырылады. «Тіл» ұғымы келесідей белгілермен сипатталады: коды болуы, символдар жүйесі, оларды пайдалану ережелері. Бұған фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейдегі бірліктер енеді. Сөз немесе сөйлеу арқылы тілдің өмір сүру формасы (ауызша және жазбаша) көрінеді. Сөз - тілдік кодты қолданатын адамдардың сөйлеу әрекетінен туындайды. Түрлі жағдайға қарай сөйлеушінің сөзі арқылы оның ерекшеліктерін көруге болады. Бұл жағдайда сөз тек іс-әрекеттегі тіл ғана болмайды. Сөйлеу әрекетінің өзіне тән ерекшеліктері болуы, оның күрделі механизм екенін білдіреді. Сөздің ауызша-жазбаша формада іске асырылуы; сөз актіс; адам ойы, сөзі; дауыс екпіні, оның өзгешеліктері; өмір сүру тәртібі және көзқарастарын білдіру жолдары; жеке адам және адамдар тобы, монолог; қаратпа сөзі; ана тілінің ерекше кодын, ережесін қолдана отырып сөйлеуі.

Тіл мен сөздің қалыптасуы, үздіксіз дамуы, өзгеру үрдісінде екі жақты болып келеді. Сонымен қатар бір нәрсе тудыру үшін танылатын әрекеттің түрі сөйлеу. Осы тұста сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде мәтінді айтуға болады. Тілдік қабілеттерге ие әрекет – адамның сөзі. Тілдік қабілет – тілдік құзыретті, жады мен әлеуетті қамтиды. Осыдан барып тілдік үрдіс шығады. Олар: сөз немесе сөйлеу әрекеті. Сөйлеу әркетінің жемісі – шығарма, мәтін немеес сөйлеу материалы деп атау болады [8, 154]. Осылайша тіл – адам сөзінің әр сәтте өзін-өзі көрсету құралына айналады. Тіл адам сөзінің толық құрылымымен емес, оның қажеттіліктеріне сай фрагменттермен құралған. Сөз (тіл бірлігі) сөйлеуші сөзінің субъективті қатынасты білдіруі үшін қолданылады.

Төменде тіл білімімен шектес ғылымдарға қатысты сөздіктерде «сөз», «тіл» терминдеріне байланысты берілген анықтамаларға салыстыра анализ жасалынған:

«Сөз – бөгде адамдармен сөйлесу әрекетіне түскен кезде белгілі бір тілдің көмегімен оларға ойды білдіріп және жеткізетін адам қызметі. Сөз – тілді қолдану үрдісі» [9, 394].

«Сөз – адамдардың тіл көмегі арқылы қарым-қатынас (коммуникация) жасау құралы... сөз ойды білдіру құралы» [10, 307].

«Сөз – 1. Зат есім. Сөйлем құрауға қатысатын жеке ұғым атауы. Сөзді мәніне келтіріп айтады, әр сөзі бір қаралық. 2. Ауыс. Сөйлеу, тіл. Сөзі ұзаққа созылды, сөзін көпшілік дұрыстады. Сөз басы – кіріспе, беташар; сөз бастау – сөйлеуге бірінші болып кірісу» [11, 500].

«Сөйлеу – етістік. Солай деу» [11, 500]. Осы сөздіктерде берілген анықтамаларға қарап, «сөз» бен «сөйлеу» терминдері қызметінің мәндес екенін және өзара байланысын көруге болады.

Түркі халқының ұлы ғұламасы, сөзтанушы ғалым Махмұт Қашғаридың «Түрік сөздігі» еңбегіндегі «сөз», «тіл» және «сөйлеу» ұғымдарына берілген анықтамаларды саралап, талдап көрейік.

Тіл (til): тіл. Тіл, сөз. Ol аңar til tegyrdi - Ол аңар тіл тегүрді - Ол оған тіл тигізді [12, 394].

Тіл (til): тіл. Тіл. Мақалда былай келтірілген: Erdem bашы til – Ердем башы тіл - Әдеп-қасиет (өнер) басы тіл. Бұл жерде «жақсы сөз», «ізгі сөз» хақында айтылған [12, 394].

Тіл (til): тіл. Сөз; лұғат. Оғuz tili – Оғұз тілі – оғыз тілі. Сол сияқты араб тіліндегі «лисан» сөзі де «сөз, лұғат, тіл» секілді бірнеше мағынаны білдіреді [12, 394, 1-том].

«Түрік сөздігінің» 1 және 3-томында «тіл» ұғымына сипаттама беріліп, «тіл-сөз-лұғат» мәнде жұмасалатындығын көрсеткен.

Тылықты (тылықты): тілдесті, мағлұмат алды. Кіші menің birle тылықты - Кіші менің бірле тылықты - Кісі менімен бірге тілдесті(кісі менен мағлұмат, мәлімет алды). (Тылықar-тылықmақ - тылықар-тылықмақ – тілдесер-тілдеспек) [12, 258].

Татлашды (татlашды): парсыша сөйлесті. Olar ikki birle tatlашды – Олар іккі бірле татлашды – Олар екеуі бірге (екеуара) парсыша сөйлесті [12, 291].

Сөзлешді (sөzleшdi): сөйлесті. Ol menің birle sөzleшdi - ол менің бірле сөзлешді – ол менімен бірге сөйлесті. (sөzleшyr-sөzleшmek – сөзлешүр-сөзлешмек – сөйлесер-сөйлеспек). Түп негізі «у» әрпімен «suzleшdi-сузлешді» болатын [12,305].

Сөзленді (sөzlendi): сөйленді, сөзін сөйледі. Ol sөzin маңа sөzlendi - ол сөзін маңа сөзленді – Ол маған сөзін сөйледі/ол кейбір сөздерін маған айтты. Sөzlenyr-sөzlenmek - Сөзленүр-сөзленмек – сөйленер-сөйленбек [12, 355].

Сөзлетті (sөzletti): сөйлетті. Ол мені сөзлетті – Ол мені сөйлетті. Sөzletyr-sөzletmek - Сөзлетүр-сөзлетмек – сөйлетер-сөйлетпек [12, 498].

Сөзледі (sөzledi). Сөйледі. Ol маңа sөz sөzledi – ол маңа сөз сөзледі – ол маған сөз сөйледі. Sөzler-sөzlemek – сөзлер-сөзлемек – сөйлер-сөйлемек [12, 401].

М.Қашғаридың сөздігінен «сөйлеу» терминінің этимологиясының «сөз» екенін аңғаруға болады. Мәселен, жоғарыда көрсеткен «Сөзлешді / Сөзленді / Сөзлетті / Сөзледі (sөzleшdi/sөzlendi/sөzletti/sөzledi): сөйлесті / сөйленді / сөйлетті / сөйледі» ұғымдарының барлығы дерлік түбірі «сөз».

Ғалымның сөздігінде «сөз» терминіне қысқаша ғана сипаттама беріледі: Сөз (sөz): сөз [12, 177] және Сав (sav): сөз; қисса; хиқая; хат, хат-хабар, кітапша, хабарлар [12, 215].

Барша түркі халықтарының қатарында қазақ елінің тіліне тікелей қатысы бар осы «Түрік сөздігі» еңбегінен-ақ «тіл-сөз-сөйлеу» ұғымдарының қызметі туралы алғашқы түсініктерді қалыптастырамыз. Тіл энциклопедиясында «сөз» қызметі аясының кеңдігіне көз жеткіземіз. Себебі Махмұт Қашғари өз кітабында араб тілінің ережелері негізінде түрік тайпаларының тілдерін алғашқы болып салыстыра талдап, оны жүйелеп түсіндірген. Орта ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты зерттеуінде қоғамға қатысты, оның саяси-әлеуметтік жағдайына, мәдениетіне, ғылымына, сөз өнеріне байланысты пайымды, мол мәлімет алуға болады. Ж.Баласағұнның осы еңбегіндегі тілге, сөзге қатысты ойларына байланысты пайымдау жасап, пікір қорытуға болады. Сол замандағы тілдің функциясын танып, оның қызметін айқындау мүмкін болып отыр. «Құтты білік» дастанына тек әдеби тұрғыдан ғана талдау жасап, қарауға болмайды. Себебі бұл зерттеудің бүкіл түркі тілдес халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да тарихы мен мәдениетінде, әдебиеті мен тілтану саласында алатын орны ерекше. «Құтты біліктегі» тіл, сөз мәселелері философиялық тұрғыдан терең зерделенген.

Ғұлама зерттеу еңбегінде тіл өнеріне жеке тарау арнаған. Себебі адам сөзінің құны қай ғасырда да өзекті болған. Шығармада тілдің әлеуметтік мәні айқын көрінеді.

XIII ғасырда Сарайшықтан табылған құмырада: «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, кісі көркі – жүз, жүздің көркі - көз» деген тіркесте немесе қанатты сөзде тілдің ойдың құралы екенін, ал тіл құралының сөз екенін нақты жеткізген.

«Құтты білік» еңбегін аударған А.Егеубаев шығарманы шартты түрде 6 тақырыпшаға жіктейді. Соның ішінде екінші тақырыпшаны «Тіл, білім, ақыл-парасат сипаттары» деп көрсетеді [13, 55]. Аудармашы А.Егеубаев шығармада көрсетілген «Асыл сөз бар. Қыздырмасын елді кек! Күшпен ұзақ ұстай алмас елді бек!» деген өлең жолдарын ала отырып, халықты бірлікте әрі әділетті басқарғысы келетін бекке үш қасиеттің қажеттігін айтады. Оны қаһарман жігерлілік, жомарттық және шырын тіл екеніне баса назар аудартып, бектің де, ұлықтың да, күңнің де, құлдың да тілге, сөзге жүгінетіндігін көрсетіп, тіл мәселесінде сөздің қызметін тереңінен талдайды.

«Құтадғу білік» зерттеу еңбегінің 7-бабында «Тіл өнерінің қасиет сипаты мен пайда-зияны айтылады» [13, 162]. 19-бабында «Сөздің қадір-қасиеті және турашылдығы, шыншылдығы жайында» қозғалған [13, 955]. Енді соларға жеке тоқталайық.

7-бапта жазылған өлең жолдарындағы «тіл», «сөз», «сөйлеу», «сөздер сөйлейді» деген сөздер мен тіркестердегі қолданылған осы ұғымдардың беретін мағынасы бір екенін аңғаруға болады. Сол секілді «сөзіңді бақ», «тіліңді бақ» деген тіркестерден «тіл», «сөзді» синонимдес ұғым ретінде пайдаланылғанын көруге болады. Мына бір өлең жолдарында «тіл» ұғымының биологиялық сипаты берілген: «Тілесең сен, есендікте жүруді, Жаман сөзге қимылдатпа тіліңді»; «Тілімнен көп жафа шектім, есебім: Бас кесілмес үшін тілді кесемін!».

«Біліп айтқан сөз», «Біліксіз сөз», «Көп сөйлеме, аз айт», «Бір сөзбен шеш», «Түмен сөздің түйіні», «Сөз кісіні ұлық қылар», «Көп сөз», «Біліп сөйле», «Сөзіңде сөл», «Сөзің түпсіз» деген тіркестерден «сөз» ұғымының сипатын, мәнін, қызметін көруге болады. Сондай-ақ осы өлең жолдарында «сөйлеу мен сөз» ұғымының басты қызметі – коммуникация екенін көрсетіп, сөз иесінің немесе сөйлеуші сөзінің қасиетін, демек әлеуметтік-қоғамдық мәнін талдап береді.

«Тілді сөктім», «сөздің сыры», «күллі сөз», «керек сөз», «сөзді ұлыма мен, арнадым», «Саған арнап сөз сөйледім» деген тіркестер кездесетін өлең жолдары арқылы тіл мен сөздің аражігін ашып, айырмашылығын айқындап береді.

Сөзге қатысты тікестерді қарастырайық: ата сөзі, мұра сөз, сөзімді іске тұт, сөз сөйледім, күллі сөз, керек сөз, сөзі қалу, ізгі сөз, сөзің оңды болсын, сөзің жөн болсын, сөзіңде сөл болсын, сөзді қысқарт, көп сөз, біліксіз сөз, біліп айтқан сөз, жаман сөз. Біріншіден, бұл тіркестер күні бүгінге дейін біздің тілдік қолданысымызда бар. Екіншіден, «сөз» ұғымы мұнда бірнеше қызметтерді атқарып, әртүрлі мәнге ие болып тұр. Үшіншіден, бұл тіркестердегі «сөз» ұғымынан жекелік, даралық қасиетін көреміз.

Тілге қатысты тіркестерді талдайық: тіл мақталар, тілді күту, тіліңді бақ, тілді, тіл иесі, өткір тіл, жұрттың тілі, тілі удай, тіл кесу, шырынды тіл, қор қылар тіл, тіл арыстан. Бұл тіркестер де бүгінгі тілдік қолданыста бар. Сонымен қатар «тіл» ұғымы қолданылған тұстарда оның жалпылық белгіні байқаймыз. Осы екі ұғымға қатысты тіркестерден тіл мен сөздің ішкі тығызы байланысы көрініп тұр. Ж. Баласағұн 7-баптағы өлең жолдарының 162-де тіл мен сөздің анықтамасын айтса, келесі жолдарда олардың қызметін тереңінен талдайды. «Сөздің иесіне» білімді, білікті, дана сөз айтып, оны қысқа қайырудың артықшылығын жеткізеді. Ал біліксізден, білімсізден шыққан сөздің кесірінен жапа шегіп, әуреге түсетінін де салыстыра отырып айтады. Соңында тура сөзге құлақ асу керектігін ескертеді. Сонымен қатар тілдің ащы әрі тәтті болып жұмсалатын тұстарын да айтады.

Ж. Баласағұн 19-бабында Елік пен Айтолды диалогі арқылы «сөз» ұғымын лингвистикалық, әлеуметтік, эстетикалық, интеллектуалдық жағынан қарап, сөздің күрделі құбылыс екенін көрсетеді. Адамның ақыл-ойының негізгі көрсетікіші – сөз екенін екі кейіпкердің мәдени коммуникациясы арқылы жеткізеді. Елік пен Айтолды дилогінен сөйлеу ситуациясын да көреміз.

Байқағанымыздай орта ғасырдағы құнды еңбекте ғылымның әр саласына қатысы бар тұжырымдарды қамтыған. Соның ішінде тіл біліміне қатысты теориялық мәселелерді практикалық жеткізуде көркем сөзді тиімді пайдаланған. Бұл да сол кездегі ғалымдардың тіл саласына қатысты терминдердің сипаты мен қызметін түсіндірудегі оңтайлы тәсілі, яғни артықшылығы леп тануға болады.

Ғалым Рәбиға Сыздықтың «Сөз құдіреті» еңбегінде сөзге, тілге қатысты ұсынылған тілтанымдық тұжырымдары келесідей берілген:

Сөз дегеніміз – тілдің ең кішкентай кірпіші, «жеке сөз» деген мағынада емес, тілдің қолданысы, яғни көркем әдебиеттегі тілдің көрінісі

*Сөз*дегеніміз – тіл ғимаратын қалайтын негізгі кірпіш;

Кейіпкер сөзі және *автор сөзі* - композициялық-синтаксисті құрайтын тілдік категориялар. *Кейіпкер сөзі* – образды ашатын, шығарманы шындыққа жанастыратын құрал;

Сөз дұрыстығы – тілдің құрылымдық, яғни сол тілдің табиғатына тән заңдылықтарының сақталуы;

Кейіпкер тілі және *автор тілі* – шығарма композициясын құрайтын бірліктер, стильдік категориялар;

Тіл – автордікі, баяндау, суреттеудегі үн (тон) – кейіпкердікі. Тіпті автордың өзі айтып тұрған күнде де көзінің бір қиығын кешегілердің таным-түйсігі мен бүгінгілердің талғам-талабына тастап отырған [14].

Профессор Н.Уәли «сөз» ұғымының мән-мағынасы аясының кеңдігін, мазмұн тереңдігін түсіндіре келе, жеке сөзден құралатын тіл, ал тілдің бір ғана элементі сөз екенін көрсетеді.

Қазақ тілінде «сөз» ұғымының негізгі семантикасымен қатар қосымша мағынасының барын да айтып, поэзияға «ақындардың сөзі» деген анықтама береді. Яғни профессор Н.Уәли осы тұста «ақынға қара сөзден, өлең оңай» деген халық арасында қалыптасқан тәмсілдің мағынасын ашқан. Мысалы ретінде Абайдың өлең жолдарында кездесетін «Сөз айттым», «Сөз түзелді» деген тіркестерінің мәні мен ақынның ойын ерекше әрі жаңаша сападағы поэзия туралы айтқысы келген деп түсіндіреді. Ғалым Н.Уәли өз зерттеуінде адамның ой-пікірін, көзқарасын, идеясын қазақта «сөз» деп атайтындығын көрсетеді. Мәселен ғалым «артына сөз қалдыру» деген тіркестің мәнін кейінгі жастарға ойын, идеясын мұра ету деп ұғамыз десе, біреудің көзқарасы, пікірі дегенді «сөзі өтімді» тіркесінен түсінуге болатындығын айтады. Осылайша әңгіме, хабарды «сөз» деп айтады. Мысалы ретінде халық арасындағы «бос сөз», «қыдырма сөз» тіркестерін «бос әңгіме», «қыдырма әңгіме» деп ұғатынымызды жеткізеді [15, 3]. Осыған қарап ғалымның «Сөз мәдениеті» еңбегінің атауын «сөйлеу», яғни «тілді жұмсау» тәртібі деп танимыз. Яғни, ғалымның осы еңбегіндегі «сөз» – орысша «речь» деген ұғымның баламасы екенін түсінеміз.

Адамның «сөзі» мен «тілін» зерттеуге ғалымдар ерте кезден-ақ қызығушылық танытқанын байқауға болады. Бұл бағытта қопармалы тілдер тобына жататын ағылшын, неміс, орыс тілдерінің лингвистикасы едәуір жетістікке жетіп отырғанын зерттеу материалдарынан көрдік. Американдық жазушы, педагог Д.Мэтьюз «Сөз бөліктері: ағылшын тілі туралы эссе» еңбегінде: «Сөз тілде және құлақта өмір сүреді. Ол сол жерде туылып, сол жерде өседі» деп, сөздің сөйлеу процесінде жасалып, оның қабылдануы туралы талдап, сөздің жеке, тілдің жалпы қасиетін көрсеткен [16]. Ағылшын тілі грамматикасында «сөз» бен «тіл» ұғымдарының ара жігі анық ашылған. Соның ішінде сөйлеуді, адам сөзін, жалпы сөзтануды зерттеуде көшбасшы болып тұр. Себебі адамның сөзін, сөзтану ғылымын тек лингвистер ғана зерттемейді, оны медицина ғалымдары да тереңінен талдап, сөздің бұзылуы, дұрыс сөйлеу, сөзге қатысты артикуляция, дауыс, ритм, сөйлеу жиілігі, сөздегі кідіріс секілді мәселелерді кеңінен зерттеп жүр. Осыдан-ақ ғалымдардың бұл екі ұғымды талдағанда оны тек лингвистика жағынан емес, психологиялық, физиологиялық, медициналық қырынан да қарастырған. Адамның сөзін талдауда анатомиялық, физиологиялық жағын сипаттай отырып, сөз өндірісіндегі көмей, тіл сияқты мүшелерді зерттейді. Сонымен қатар сөйлеу аппараты арқылы дыбыстардың шығуы, оның мағынасын, шыққан дыбыстардың құлаққа қабылдануын да қарастырады. Адам тілінің бір уақытта екі түрлі қызмет атқарып, дуалдық қасиетке ие болатындығын, сөз жасауда тіл арқылы мағынасы жоқ жеке дыбыстарды шығару – физиологиялық қасиет, ал дыбыстар комбинациясымен мағынасы бар сөз жасалынып, оны айту, қабылдау – психолингвистикалық, психофизиологиялық, нейролингвистикалық секілді бірнеше ғылымдардың нысанындағы күрделі құбылыс екенін түсіндірген [17].

Түркі тілдерінің ішінде «сөз» бен «тіл» ұғымдарының айырмашылығы мен байланысы туралы қырғыз тілі лингвистикасы негізінде В.Б.Суркеева, А.Х.Бисеровалардың ғылыми мақалаларында тіл мен сөздің сөйлеу әрекетінің біртұтас байланыстағы ұғымдар екені қарастырылған. Тіл мен сөйлеудің бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар еместігі көрсетілген. Қазақ тіл білімінде тіл мен сөзге, сөздің прагматикасына қатысты зерттеулер А.Е.Амангалиева, А.А.Джумабекова, О.М.Сөйлемездің «Көркем мәтіннің прагматикалық функциялары» мақаласында талданған [18].

Әр түрлі әлеуметтік топтар арасында «сөйлеу» мен «сөз» ұғымдарының қолданысын, мағынасын анықтауда жүргізген сауалнама нәтижесі 1-кестеде жинақталып көрсетілді.

1-кесте

Сұрақтары	Нұсқалары	Пайыздық көрсеткіші
«Сөз» ұғымын қалай түсінесіз?	адамның сөйлеу әрекеті	18,8
	тілдік бірлік	18,8
	адамның нақты ауызынан шыққан сөзі	50
	адамның тілі	12,5
«Сөз» ұғымы тіл білімінің қай саласында қолданылады?	фонетика	12,5
	лексика	56,3
	грамматика	12,5
	стилистика	12,5
	сөзтану	56,3
«Речь» ұғымын қазақ тілінде қандай ұғымдар арқылы беруге болады?	сөз	50
	сөйлеу	56,3
	лебіз	6,3
	жұмсалым	0
	тіл	18,8
Шешендік сөз, Абайдың сөзі, ауызша сөз, қара сөз, дана сөз, кіріспе сөз, алғы сөз және т.б. тіркестерде келтірілген «сөз» ұғымы орыс тіліндегі «речь» ұғымының баламасы бола ала ма?	ия	43,8
	жоқ	43
	білмеймін	3,3
Қазақ тіл білімінде «речь» ұғымын «сөйлеу» ұғымымен беру жолына сіздің пікіріңіз қандай?	дұрыс	50
	дұрыс емес	37,5
	жауап беруге қиналамын	12,5
Қазақ тіл білімінде «речь» ұғымын «лебіз» ұғымымен беруге сіздің пікіріңіз қандай?	дұрыс	18,8
	дұрыс емес	75
	жауап беруге қиналамын	6,3
«Лебіз» деген ұғымды қалай түсінесіз?	шағын тілек	93,8
	сөйлеу	0
	сөз	12,5
	тіл	0
	жауап беруге қиналамын	0
Орыс тіліндегі «речь» ұғымы бойынша кездесетін тіркестерді аударғанда төменде көрсетілген ұғымдардың қайсысын жиі қолданасыз? (Мәселен, речь Президента РК; речь Абая; речевая деятельность; речь о ком то, речь писателя и т.д.)	сөз	75
	сөйлеу	12,5
	жұмсалым	0
	лебіз	0
	жауап беруге қиналамын	12,5
Сіздің ойыңызша, «сөз» - жеке тілдік бірлік пе(1), әлде сөйлеу процесінің құрамдас бөлігі (2) ме?	біріншісі	50
	екіншісі	12,5
	екеуі де	37,5
	жауап беруге қиналамын	0
«Речь» ұғымын «сөз» деп аудару қазақ тілінің мағыналық жүйесіне сәйкес келе ме?	ия	50
	жартылай сәйкес келеді	25
	жоқ, басқа балама керек	18,8
	жауап беруге қиналамын	18,8

Қазіргі аударма тәжірибесінде «речь» ұғымын беру тәсілі сізге қаншалықты түсінікті?	толық түсінікті	43,8
	кейбір жағдайларда түсініксіз	37,5
	көп жағдайда түсініксіз	18,8
	жауап беруге қиналамын	0
Егер «речь» ұғымын түрлі контексте аудару қажет болса, сіз қай баламаны ұсынар едіңіз?	барлық контексте «сөз»	37,5
	әр контексте әр түрлі, мәселен, «сөйлеу», «тіл», «лебіз»	31,3
	жаңа балама ойлап табу қажет	25
	жауап беруге қиналамын	6,3
Қай контексте «речь» ұғымын «сөз» деп аудару тиімді?	күнделікті қарым-қатынаста (сөз сөйлеу)	25
	ресми стиль (Президент сөзі, келіс сөз)	18,8
	ғылыми мәтінде (ауызшы сөз, сөз мәдениеті)	12,5
	барлық жағдайда	37,5
	жауап беруге қиналамын	12,5

Сауалнаманәтижесіндереспонденттердіңкөпшілігініңорыстіліндегі«речь» ұғымының баламасын «сөз» деп қабылдайтындығын көруге болады. Сонымен қатар қазақ тіл білімінде «речь» ұғымын «сөйлеу» ұғымымен беру жолын да қолдаушы респонденттердің бар екенін байқадық. Ал, «речь» ұғымын «лебіз», «тіл», «жұмсалым» деген секілді тұлғалармен беру жолын пайдаланушылар мен қолданушы респонденттердің пайыздық көрсеткіші төмен болды. Сауалнама қорытындысы бойынша қазақ тіл біліміндегі «сөз» тұлғасының жалпы контексте түрлі формада қолданылатындығын байқадық, яғни қазақ тіл білімінде қолданылатын тілдік ұғымдарда бірізділік жүйесінің әлі сақталмай жүргендігі көрінді. Зерттеудің сауалнамасына қатысқан респондент саны 300-ге жуық болғандықтан, қазақ тіл білімінде «сөз», «сөйлеу», «лебіз», «жұмсалым» секілді ұғымдардың белгілі бір тіл білімі саласының нысаны ретінде бекіту, соған телу секілді тұжырым жасау мақсаты болған жоқ. Тек зерттеу мақаласында осы ұғымдардың бүгінгі қолданысын, мағынасын анықтау ғана көзделгендігі қосымша ұсынылып отыр.

Қорытынды. Мақалада көтерілген проблемелар қазіргі қоғам үшін ең бір қажетті, өзекті мәселелер. Себебі сөзтану, сөз мәдениеті туралы ғылыми тұжырымдар, көзқарастар қазіргі қоғам қолданып отырған тілдің ең бір дамыған, жазба әдеби стильдің кеңінен сипат алған, сөз нормалары жүйеленген, әбден орныққан кезеңіне сай көтеріліп отыр.

Қазір ғылымның жаңа салалары пайда болып, сол ғылымдарға тән ортақ мәселелер туындап, ғылымда бірігу үрдісі қарқынды жүріп жатыр. Ғылымдардың тығыз байланысы, соның ішінде *лингвистика* мен психологияның, *лингвистика* мен социологияның, *лингвистика* мен философияның тоғысуы олардың зерттейтін нысандарының жалпы табиғатының өзгеруіне, қызметі мен мәнінің тереңдей түсуіне, формасының түрленуіне әкеліп жатыр. Мақалада «сөз» бен «тілдің» арақатынасын айқындап, олардың өзіне тән білгеліре мен қызметін көрсету мақсаты көзделген болатын. Шетелдік және отандық ғалымдардың осы бағыттағы зерттеулерін салыстыра талдай отырып, қазақ тілі біліміндегі кейбір ұғымдардың мағынасын ашып, оның орнын белгілеуге мүмкіндік алдық. Осы зерттеуде нысанаға алынған мәселелер қазіргі тілдік ортада күрделене түскен мәселелердің тек шетелдік емес, отандық ғылымнан да тарихи тұрғыдан іздеуді мойындата түседі. Жалпы сөз адамның немесе бір елдің әлеуметтік-мәдени білімінің көрінісі бола алады деген тұжырым жасауға негіз бар деп есептейміз.

Сонымен тіл мен сөздің арақатынасын анықтайтын түсініктерге тоқталайық: тіл дегеніміз - құрал, байланыс құралы. Бұл белгілі бір қоғамның барлық мүшелеріне ортақ белгілердің, құралдардың және сөйлеу ережелерінің жүйесі. Белгілі бір уақыт кезеңі үшін тұрақты құбылыс. Сөз - тілдің көрінісі мен қызметі, қарым-қатынас процесінің өзі, бұл ана тілінде сөйлейтін адамға тән. Бұл құбылыс адамның сөзіне қарай өзгеріп тұрады. Тіл мен сөз - бір құбылыстың екі жағы, яғни тіл барлық адамға, ал сөз белгілі бір адамға тән.

Қорыта айтқанда, сөзтану ғылымындағы «тіл-сөз-сөйлеу» ұғымдарының арақатынасын зерттеу тек лингвист ғалымдарың ғана емес, сол салаға шектес ғылымдардың да қызығушылығын тудырған. Жалпы сөзтанудың бұл тұлғалары туралы түсінікті шетелдік, отандық зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастыруға тырысқан. Тіл мен сөз, сөз бен ойлау, тіл мен сана, адамның сөз қызметі бүгінгі күні синкретті ғылымның жемісі болып отыр. Қазақ тіл білімі ғылымының аясының кеңеюімен бірге ұлттық тілдегі сөз мәдениеті, сөзтану ғылымының даму үрдісі байқалады. Дегенмен осы үрдістің ілгерілеуіне түрлі факторлар кедергі тудырып отыр. Жоғарыда келтірілген зерттеулер осы мәселені анық көрсетіп отыр. Адамның сөзі арқылы оның әлеуметтік мәнін ашуға, анықтауға болатынын біздің зерттеу нысанымыз болып отырған сөзге байланысты коммуникациядағы сөйлеу актілеріне, әсіресе ұлттық тілге ерекше мән беру керек.

Әдебиеттер

1. Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики /Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977. – С. 31-273.

2. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Ленинград: Наука, 1974. – 427 с. URL: http://elib.gnpbu.ru/text/scherba_yazykovayasistema-deyatelnost_1974/go,10;fs,0/ (қаралды: 20.12.2024).

3. Бодуэн де Куртенэ И.А. Значение языка как предмета изучения. Т. 2. – М.: Наука, 1963. – С. 129-138.

4. Смирницкий А.И. Лексикология английского языка. – М.: МГУ, 1998. – С. 7-9.

5. Потебня А.А. Из записок по русской грамматике: Т. 4: Глагол. Местоимение. Числительное. Предлог. – М.: Наука, 1941. – 89 с.

6. Шодмонова Д.Э. О трихотомии «Язык-норма-речь» / Вестник Челябинского государственного университета. Сер. Филология. Искусствоведение. – Вып. 61. - 2011. – № 37 (252). – С. 158-162.

7. Вайтуков А.К. Языковая «реальность» в речи и тексте / Вестник Удмуртского университета. Сер. Философия. Психология. Педагогика. – 2013. – № 4. – С. 9-13.

8. Звегинцев В.А. Мысли о лингвистике. – М.: МГУ, 1996. – 65 с.

9. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциоклопедиясы, 1996. – Б. 394-395.

10. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психологиялық. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциоклопедиясы, 2011. – 502 б.

11. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008. – 500 б.

12. Қашғари М. Түрік тілінің сөздігі / 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.

13. Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тілінен ауд., алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 536 б.

14. Әмірбекова А. Рәбиға Сәтіғалиқызы – сөз танудың шебері. URL: https://qaz365.kz/tanym/9735-r-biga-s-tigalikyzy-soz-tanudyn-sheberi/ (қаралды: 15.12.2024).

15. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – Б. 3-6.

16. Fry D. B. Speech and language // The Journal of Laryngology & Otology. Volume 71. Issue 7, July 1957. – P. 434-452. DOI: https://doi.org/10.1017/S0022215100052002

17. Stewart J. Concepts of language and meaning: A comparative study // Quarterly Journal of Speech. Volume 58. – P. 123-133. DOI: https://doi.org/10.1080/00335637209383108

18. Амангалиева А.Е., Джумабекова А.А., Сөйлемез О.М. Көркем мәтіннің прагматикалық функциялары // Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология сериясы. №4. - 2022. URL: https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/download/750/403/8402.

Б.Д. МЫРЗАБАЕВА, Д.А. АЛКЕБАЕВА
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Б. БАЕШОВА
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

ВЗАИМООБУСЛОВЛЕННОСТЬ ПОНЯТИЙ «ЯЗЫК» И «РЕЧЬ» В СОВРЕМЕННОЙ НАУКЕ О ЯЗЫКЕ, ПРАГМАТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ РЕЧИ

Аннотация. В области языкознания большое значение имеет междисциплинарное исследование, дающее конкретное определение некоторых понятий и терминов. Это связано с тем, что важность рассмотрения в определении определенного понятия языка не только с точки зрения одной науки, но и в рамках смежных наук возрастает с каждым днем.

Цель исследования – проанализировать и раскрыть соотношение понятий «язык» и «речь», выявить выводы, которые даны в этих понятиях не только в казахском языкознании, но и в общем языкознании, сравнить, сопоставить и определить место данных терминов. В этой статье используется термин «речь» и анализируется его основа.

В то время как в предыдущих исследованиях, в том числе в зарубежных, встречались теоретические научные работы, которые выявили взаимосвязь языка и слова и определили их функцию, в отечественных исследованиях нет последовательности в выводах об этих двух понятиях. Вопросы, касающиеся речи и языка, речевых процессов в речеведении, в настоящее время очень актуальны.

В данном исследовании авторы провели анализ таких ключевых понятий лингвистики как «язык» и «речь», исходя из совеременных раскладов к показанной вопросу. Необходимо выделить, что вопросы соотношения категорий языка и речи всегда были в поле зрения языковедов, по этой причине можно наблюдать эволюцию в толковании соотношения языка и речи. В статье авторы, с одной стороны, отталкиваются от дефиниций, предложенных популярными языковедами в разные этапы изучения языка, с другой стороны, демонстрируют новые оттенки толкования. В статье предложен незначительный обзор наиболее авторитетных источников, посвященных проблеме соотношения языка и речи, кроме того, на основе характеристики анализируемых категорий лингвистики проведен сравнительный анализ понятий «язык» и «речь». Был проведен опрос по определению использования понятий «язык – речевая деятельность – речь» и их характерной функции.

Ключевые слова: лингвистика, язык, речь, речеведение, речевая деятельность, антропоцентризм, прагматика.

B.D. MYRZABAYEVA, D.A. ALKEBAYEVA
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
B. BAESHOVA
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

THE RELATIONSHIP OF «LANGUAGE» AND «SPEECH» CONCEPTS, PRAGMATIC MEANING OF SPEECH IN MODERN LINGUISTICS

Annotation. Interdisciplinary research in the field of linguistics is of great importance in providing a clear definition of some concepts and terms. The science of speech opens the doors to all such sciences. In the article, the science of philology studies the word, that is, the speech of a person. In determining the meaning and existence of speech, the importance of considering it not only from the perspective of one science, but also from other bordering science is increasing day by day. The object of the science of lexicography is to identify the main terminological apparatus such as speech and language, and systematize scientific concepts about it. That is the main position of this article.

The aim of the research carried out in the article is to reveal the relationship between the concepts of "language" and "speech", to determine the definitions given to these concepts not only in Kazakh linguistics, but also in general linguistics, to compare and contrast them, to determine the place of these terms. In this study, instead of the concept of "speech", the "word" identity is used and its basis is analyzed.

Although in previous researches, including foreign researches, there were theoretical scientific works that opened the gap between language and speech, defined their functions, but there is no consistency in the conclusions about these two concepts in the works of domestic researches. Problems related to speech and language, speech sentences in lexicology are very relevant nowadays.

This article deals with the problem of understanding the basic concepts of linguistics such as "language" and "speech" from a modern point of view. The relationship between the concepts as "language" and "speech" is explained by linguists, nevertheless the new idea of these concepts needs to be clarified, because the content of these concepts updates at different stages of the creation and development of linguistics. A brief survey of the most valuable terms as "language" and "speech" is done, also a comparative analysis was carried out of these two definitions. Emphasis is placed on the direction of anthropocentrism in modern linguistics, which is reflected in the relationship between these two main concepts. A survey was conducted to determine the competitive application of the concepts "language - word - speech" and to differentiate their characteristic function.

Keywords: linguistics, language, speech, speech science, speech act, anthropocentrism, pragmatics.

References

1. Sossür F. de. Kurs obşei lingvistiki /Sossür F. de. Trudy po iazykoznaniu. – M.: Progres, 1977. – S. 31-273.

2. Şerba L.V. İazykovaia sistema i rechevaia deiatelnöst. – Leningrad: Nauka, 1974. – 427 s. URL: http://elib.gnpbu.ru/text/scherba_yazykovayasistema-deyatelnost_1974/go,10;fs,0/ (qaraldy: 20.12.2024).

3. Boduen de Kurtene İ.A. Znachenie iazyka kak predmeta izuchenia. T. 2. – M.: Nauka, 1963. – S. 129-138.

4. Smirniski A.İ. Leksikologia angliskogo iazyka. – M.: MGU, 1998. – S. 7-9.

5. Potebnä A.A. İz zapisok po ruskoi gramatike: T. 4: Glagol. Mestoimenie. Chislitelnoe. Predlog. – M.: Nauka, 1941. – 89 s.

6. Şodmonova D.E. O trihotomii «İazyk-norma-rech» / Vestnik Cheläbinskogo gosudarstvennogo universiteta. Ser. Filologia. İskustvovedenie. – Vyp. 61. - 2011. – № 37 (252). – S. 158-162.

7. Vaitukov A.K. İazykovaia «reälnöst» v rechi i tekste / Vestnik Udmurtskogo universiteta. Ser. Filosofia. Psihologia. Pedagogika. – 2013. – №4. – S. 9-13.

8. Zveginsev V.A. Mysli o lingvistike. – M.: MGU, 1996. – 65 s.

9. Filosofialyq sözdık. – Almaty: Qazaq ensioklopediasy, 1996. – B. 394-395.

10. Jaryqbaev Q., Sañğylbaev O. Psihologialyq. Ensiklopedialyq sözdık. – Almaty: Qazaq ensioklopediasy, 2011. – 502 b.

11. Būralqyūly M. Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıgı. – Almaty: Mektep, 2008. – 500 b.

12. Qaşğari M. Türık tılınıñ sözdıgı / 3 tomdyq şyğarmalar jinağy / Qazaq tılıne audarğan, alğy sözı men ğylymi tüsınıkterın jazğan A. Egeubai. – Almaty: HANT, 1997. – 592 b.

13. Balasağūn J. Qūtty bılık / köne türkı tılınen aud., alğy sözı men tüsınıkterın jazğan A. Egeubaev. – Almaty: Jazuşy, 1986. – 536 b.

14. Ämırbekova A. Räbiğa Sätığaliqyzy – söz tanudyñ şeberı. URL: https://qaz365.kz/tanym/9735-r-biga-s-tigalikyzy-soz-tanudyn-sheberi/ (qaraldy: 15.12.2024).

15. Üäli N. Söz mädenietı. – Almaty: Mektep, 1984. – B. 3-6.

16. Fry D. B. Speech and language // The Journal of Laryngology & Otology. Volume 71. Issue 7, July 1957. – P. 434-452. DOI: https://doi.org/10.1017/S0022215100052002

17. Stewart J. Concepts of language and meaning: A comparative study // Quarterly Journal of Speech. Volume 58. – P. 123-133. DOI: https://doi.org/10.1080/00335637209383108

18. Amangalieva A.E., Jumabekova A.A., Söilemez O.M. Körkem mätınnıñ pragmatikalyq funksialary // Abylai han atyndağy QHQjäneÄTU habarşysy. Filologia seriasy. №4. - 2022. URL: https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/download/750/403/8402.

Авторлар туралы мәлімет:

Мырзабаева Балмира Жүнісбекқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Мырзабаева Балмира Джунусбековна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Myrzabayeva Balmira Dzhunusbekovna – student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Алкебаева Дина Ақбергенқызы – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан**.**

Алкебаева Дина Акбергеновна – доктор филологических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Alkebayeva Dina Akbergenovna – Doctor of Philology, Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Баешова Балзия Шегетайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, Түркістан, Қазақстан.

Баешова Балзия Шегетайқызы – кандидат филологических наук, доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан.

Baeshova Balziya Shegetaikyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.31.11
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.06

А.Ж. НУСУПОВА[1]

Ж. ТОҚТЫБАЕВА[2]

***З.Р. КУРМАНБЕКОВА[3]**

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан[1,2,3]
(e-mail: asima.nusupova@mail.ru[1], Zadyra.toktybaevaa@gmail.com[2],
kurmanbekova.zulfiya@mail.ru[3])

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГИБРИД СӨЗДЕР: ЖАСАЛУЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ тілінде гибрид сөздердің пайда болуы мен қолданылуы тілдің дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл мақалада гибрид сөздердің жасалуы мен олардың қолданылуы қарастырылады. Гибрид сөздер екі немесе одан да көп тілдерден алынған элементтерді біріктіру арқылы жасалады және олардың көпшілігі ғылыми, техникалық, ақпараттық технологиялар саласында кеңінен қолданылады. Мақалада гибрид сөздердің қазақ тілінің құрылымына әсері, олардың тілдік қоры мен жазба коммуникациядағы рөлі де талқыланады. Сонымен қатар, тілдегі жаңа сөздер мен терминдердің қалыптасуы, сөз тудыру процесі және графоорфографиялық өзгерістер де зерттеу объектісі ретінде қарастырылған.

Қазақ тіліндегі гибрид сөздер: Жасалуы мен қолданылуы. Қазіргі уақытта тілдің интеграциясы, яғни жақындасуы мен араласуы барлық тілдерде байқалатын құбылысқа айналды. Қазақ тіліндегі гибридтену — бұл шет тілдерінен алынған элементтерді біріктіру арқылы жасалатын сөздер. Мұндай сөздер жиі ғылыми, техникалық салада және жазба коммуникацияда кездеседі. Гибридтену тілдегі кірме сөздердің көбеюіне, жаңа ұғымдарды білдіретін сөздердің пайда болуына алып келеді. Бұл құбылыс, әсіресе, жаппай компьютерлендіру мен ғылым мен техниканың дамуы барысында белсенді түрде байқалады.

Түйін сөздер: гибрид сөздер, қазақ тілі, интеграция, кірме сөздер, тіл тазалығы.

Кіріспе. Гибридтену ерте кезден бастап қалыптасқан және көптеген халықтар мен елдер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар нәтижесінде кең таралған.

Мысалы, көптеген ғылыми терминдер грек және латын тілдерінің элементтерін біріктіру арқылы жасалған (мысалы, «биология» – грекше «био» – «өмір» және латынша «логия» – «ілім»).

Тілдегі өзгерістер — бұл тілдің уақыт өте келе дыбыстық, грамматикалық, лексикалық және семантикалық құрылымында болатын өзгерістер процесі. Бұл өзгерістер табиғи түрде жүреді және қоғамның дамуымен, мәдениет пен технологиялардың ықпалымен қатар жүреді.

Тілдегі өзгерістер — тілдің табиғи эволюциялық процесі, ол қоғамның дамуымен бірге жүріп, тілдің тірі әрі икемді екендігін көрсетеді.

Әр елдің тілдері арасында саяси, мәдение және экономикалық көпір бар. Ақпараттың секунд сайын қарыштауын ескерсек, компьютер мен техникалық құралдардың қолжетімділігі әсерінен ғылыми жиындар мен әлеуметтік желілер арқылы күн сайын кірме сөздердің саны артып келеді.

Қай елдің тілін алсақ та, кірме сөздердің саны жетіп артылады, кірме сөздермен қатар жаңа сөздердің жасалуы, туындауы үлкен үдеріске айналды. Сөз тудыру мен сөз түрлендіру процесінде кірме сөздің мән-мағынасын өзгертіп жібермеу басты жолға қойылған. Сөзге балама табу, жартылай аудару үлкен ахуал туындатып отыр.

Кірме сөздерді қабылдайтын және түрлендіретін тілдер тобын екіге бөліп қараймыз, олар: донор тілдер және реципент тілдер. Донор тілдер тобына ықпалы күшті, кез-келген салада орны бар тілдерді жатқызамыз. Біздің қазақ тіліміз қабылдаушы, нақтырақ айтқанда реципент тілдер тобына сай келеді. Қатар жүретін тілдің, екінші бір тілге ықпалын тілдегі әртүрлі өзгерістер мен көріністер арқылы байқауға болады. Қазіргі таңда кеңінен үрдіс алған «гибридтену» түсінігі бар. Тіл білімінде «қоспа, будан» деп аталып жүрген гибрид сөздердің пайда болуынан бастап, көбейіп, әрі қарай сол тілде нақтыланып, орнығып қалады [1,186].

Интеграция заманында сөздердің көптігінен гибридтену бір жағынанын қалыпты болып көрінуі мүмкін, екінші жағынан тілдің эстетикасына қарсы келеді.

Кірме сөздер арқылы тілдің баюы да бар, кейінге қалуы да бар. Қазақ пен қазақ амандасса «ассалаумуағалейкум немесе үлкен-кіші «амансызба, сәлеметсіз бе!» - деп, қиылып тұратын, уақыт өте келе «привет» еді, заман ағымы ма, әлде Еуропа мәдениетімен байланысымыз нығая түсті ме, әйтеуір бүгінгі таңда «Хэй, Хай, Хеллоу» сөздерін тым жиі естітін болдық [2, 152].

Міне, осы секілді тілдің тазалығы мен сақталуы, ұлт пен ұлыстың қарым-қатынасында өміршеңдігін жоғалтпауы үшін алаңдауымыз керек. Сонымен қатар, халықаралық терминдер де кәсіби сөздер қатарын гибридтермен байытып отырғаны да анық құбылыс.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақала материалдары гибрид сөздер туралы зерттеу жүргізудің тәсілдері мен әдіснамасы қарастырылады. Бұл зерттеу барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдер зерттеу объектісін терең талдауға, қазақ тіліндегі гибрид сөздердің жасалуы мен қолданысын тиімді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Мақалада тілдік мысалдарды талдау, салыстыру, сипаттау, танымдық тұрғыдан баяндау әдістері қолданылды.

Қазақ тіліндегі гибрид сөздердің қоғамда қалай қабылданатынын білу үшін сауалнамалар мен интервьюлер жүргізіледі. Бұл әдіс тілдің дамуына қатысты адамдардың көзқарастарын зерттеуге мүмкіндік береді.

Мақалада қолданылған әдістемелер гибрид сөздердің жасалуы мен қолданысын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Әрбір әдіс зерттеудің нақты мақсаттарына бағытталған және олардың нәтижелері қазақ тіліндегі гибрид сөздердің қазіргі жағдайын анықтауға көмектеседі.

Талқылау мен бақылау. Неміс ғалымы, философ, лингвист В. Гумбольт тілді «тірі ағза» ретінде қарастырған алғашқы ғалым. «Тіл — тірі организм» түсінігіне көптеген зерттеуші-ғалымдар толыққанды келіседі [1, 187]. Тілдің динамикалық өсуі, қоғамдағы үздіксіз өзгерісі, жойылу немесе жаңару процестері бар.

Швейцариялық лингвист Ф.Соссюр тілді ескіретін, дамитын, өзгеретін жүйе деп қарастырады. Орыс-америка лингвисті Роман Якобсон «тіл- өзіндік заңдылықтары бар, динамикалық жүйе» - деп есептейді. Американдық тілші, ғалым Н.Чомски тілді когнитивті жүйе деп есептеген [2, 156].

Ағылшын тіліндегі сөздердің шамадан тыс көп ағылып келуінің себебі: жаңадан қалыптасқан кәсіптер мен ғылымға айналып үлгерген кейбір онлайн салада гибридтерминдер кең етек алды. Мысалы, СММ – маманы, PR-менеджер, т.б.

Гибрид сөздердің жасалуына қарай мынадай екі түрге бөлінеді:

Кірме сөз + қазақ тілінің қосымшасы;

Қазақтың төл сөзі + кірме қосымша

Күрделі сөздер қатары да будандасып отырады (нормөөлшегіш, кофе-брейк, т.б.)

Гибрид сөздер қатарын толықтырып тұрған -лық, -лік, -лық, -дық, -дік, -тық, -тік қосымшалары: инженерлік, инфрақұрылымдық,трендтік, вакуумдық, т.б

Сөздерді будандастыруға күрделі сөздер қатары мынадай:

Қос сөз: Вип-бөлме, веб-парақша, т.б.

Тіркес түрінде: онлайн түрде, жабық есік форматында, ұлттық валюта, ұлттық бренд, отандық бренд, қысқа метраждық,т.б.

Біріккенсөздер: инфрақұрылым, бейнечат, видеоқабылдау, бейнедиск, бейнегенератор, бейнетерминал, т.б

Қысқарған сөздер: СММ, ІІМ, PR, IT т.б.

Лингвистикалық еңбектерде «гибрид сөздер» деп, негізінен құрамындағы компоненттерінің санына қарамастан, бір мағынаны білдіретін; құрылымында төл сөздер мен кірме компоненттері бар сөздер айтылады.

Өзгеріске ұшыраған сөздердің көбісі анықтауыш қызметін атқарады. Күнделікті қолданыста қай сөйлемімізге қарасақ та, гибридтенген сөздер тізбегін көреміз. Мысалы: Ішкі істер министрлігі, инфляциялық өзгерістер, ішкі бюджет, педагогикалық кеңес, анемия ауыруы, қант диабеті, этномәдени түсінік, ұлттық стиль, алкогольді тәуелділік, Халықаралық терминдер, ауқымды конференция, гуманитарлық көмек, тіркеу журналы, Республикалық отырыс, т.б.

Терминкомда да, лексикада да гибрид сөздерді ескермей кететініміз жасырын емес. Қажеттілікке қарай, қолданысқа керек болған соң қолданғанымызбен, тілде біршама кедергілер тудырады. Медицина саласында тіпті өзгеріс жасай алмай келеміз, себебі медициналық терминдер қазақ тілінде бірізді емес және көптеген ауру атаулары дәстүрлі емде ғана айтылып, ғылым тілінде өзгеріп кетеді. Дәрі-дәрмектердің атауы өз алдына бөлек ғылым [3] .

Өзгеріске ұшыраған сөздердің әртүрлі екендігін атап өттік, емле ережесінде кейбір сөздер қалай бар солай жазылатындығы да ескерілген.

Қосымшалармен жасалатын гибрид сөздер қатары да аз емес:

1-кесте. Термин сөздерге жалғанатын қосымшалар

Қосымшалар	Мысалдар
-лық, -лік, -лық, -дық, -дік, -тық, -тік	инженерлік, инфрақұрылымдық,трендтік, вакуумдық, т.б.
-ш, -шка	апаш, апашка, аташка, әпкешка, көкешка, көрпешка, жездешка, тәтешка, немерешка, балашка, бөлешка, боташка, боташ, кап-карашка
-ка	жанымка, күнімка, боташка, бопашка, балашка, Жасминка, Аминка, Мадинка, т.б.
-ики	қыздарики, достарики
-ский	Қазақбайский, қыздарский, ұлдарский, мұғалімдерский, балаларский, мектепский, оқушыларский, ауылбайский
-уша (Көбінде соңы «а» дауысты дыбысына аяқталған кісі аттарына жалғанады)	Жадыруша, Асимуша, Жазируша, Фатимуша, т.б.
-ля қосымшасы соңғы дыбысы үнді дауыссызға аяқталса жалғап айту үлкен үрдіске айналған	Айгуля, Анеля, Жанеля, Аселя, т.б.

Қазақ тіліндегі **«-шка»** қосымшасы көбінесе орыс тілінен енген сөздерге бейімделіп, зат есімдерді кішірейту немесе еркелету мағынасында қолданылып жүр. Бұл қосымша түпкі мағынасын өзгертпей, оған жылы, бейресми немесе эмоционалдық реңк береді. Алайда, бұл құбылыс орыс тілінің ықпалында қалыптасқан және әдеби қазақ тілінде мұндай қолданыс сирек кездеседі. Көбінесе бейресми тілде, тұрмыстық қарым-қатынаста жиі қолданылады.

-лық, -лік, -лық, -дық, -дік, -тық, -тік қосымшалары сөздерге жалғанып, олардан зат есімдер мен ұғымдар жасайды. Сөздің соңғы дыбысына байланысты өзгеріп отырады.

Қазақ тіліндегі **«-ка»** қосымшасы көбінесе орыс тілінен енген сөздерге жалғанып, бейресми және тұрмыстық сипаттағы атауларды немесе ұғымдарды білдіру үшін қолданылады. Бұл қосымша әдеби тілде сирек қолданылады және көбінесе ауызекі тілде, орыс тілінің ықпалы байқалатын тұрмыстық сөйлеуде жиі кездеседі.

-уша қосымшасы кейбір жіңішке дауысты дыбыстардан кейін де жалғанатын кездері болады: Мейрейуша, т.б.

-ля қосымшасы қазақ тілінде ойын немесе жеңіл қарым-қатынас барысында, көбіне жастар арасында, орыс тілінің ықпалында қалжың ретінде қолданылады. Әдеби тілде мұндай қолданыстар кездеспейді.

Бұл жерде біз төл сөздеріміздің кірме қосымшаларды онша қабылдамайтындығын аңғарамыз. Мысалы, Толқын, Айкүміс, Толғанай, Жайдарлым, ана+шым, әке+шім, әпке-тай, аға+тай, жеңге+тай, т.б.

Қазіргі таңда отандық, аты шулы, брендке айналған кәсіпорындардың көбісі өзінен кейін апостраф қойып, «`s» қосымшасын жалғап қояды. Мұндағы «`s» қосымшасы ағылшын тіліндегі тәуелдік жалғаудың қызметін атқарады. Мысалы, Zheka`s, Abay`s. Тура осы үдеріс Papa Jhon`s, The Sister`s, men`s shop сияқты басқа тілдерде жазылған кәсіпорындарда да байқалады.

Қазақ тілі бай тіл, ережесі мен емлесі толық зерттелген дейміз де, орыс тіліндегідей «приставкалар» жоқ деген түсінікті қалыптастырып алдық [4, 65]. «Приставкаларды» сөз алды қосымшалары деп келеміз. Гибрид сөздер жасауда осы сөзалды қосымшалары өте көп көлемде кездеседі:

2 – кесте. Күрделі сөздерге жалғанатын қосымшалар

Сөзалды қосымшалары	Бірге жазылатын сөздер	Қос сөз ретінде жазылатын сөздер
Супер-		Супер - студент
Супер -		Супер – белсенді
Гипер-	Гипермедиа	
Гипер-	Гипербелсенді	
Гипер-	Гиперсілтеме	
Гипер-	Гипербайланыс	
Гипер-	Гиперссылка	Гипер-сілтеме
Псевдо-	Псевдопатриот	
Де-	Делексикалану	
Экс-		Экс-министр
Экс -	Эксәкім	
Мега-	Мегажеңілдік	Мега-жеңілдік
Анти -	Антидірілдеткіш(антивибратор)	
Авто -	Автобұғаттау	
Авто -	Автотұрақ	
Авто -	Автоөлшем	
Авто -	Автосайман	
Авто -	Атозауыт	
Теле -	Телебағдарлама	

Гибрид сөздердің басым бөлігі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы енеді. Публицистикалық стильде анықтамасы беріліп, қалың бұқараға біртіндеп тұрақтануда.

Тілде өзгеріске ұшыраған сөздер әртүрлі құрамда кездеседі. Будан сөздердің артықшылығы – белгілі уақыт шеңберінде өзекті болған мәселелерді атау үшін

қолданылады; көп құрамнан тұрса да бір ғана мағына беріп тұрады. Гибрид сөздердің қос сөздер түрінде келетіні қазақ тілінің қалыптасқан модельдеріне ұқсай бермейді.

Гибрид сөздер тілдің морфологиялық құрылымына жаңа элементтер қосуы ықтимал. Сондай-ақ, олар жаңа синтаксистік құрылымдардың пайда болуына себеп болуы мүмкін. Гибрид сөздер тілдің фонетикалық жүйесіне жаңа дыбыстар немесе дыбыстық комбинациялар енгізуі де мүмкін. Сонымен қатар, олар көпмәдениеттілікті айқындай отырып, әлемдік мәдениеттер арасындағы өзара байланыстарды бейнелей алады. Тілдің даму процесінде гибрид сөздер маңызды рөл атқарады, олардың пайда болуы мен таралуы тілдің эволюциясының бір бөлігі [5].

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы да тілдің үнемі өзгерісте болатындығын атап өткен, сондықтан оны сақтау мен дамыту міндеті аса маңызды. Оның құрастырған қазақ тілінің әліпбиі қазақ халық мәдениеті мен білімінің негіздерін жаңғыртуға бағытталған. Бұл реформа жалпы халыққа арналған, әрбір қазақ баласының тілдік білім алуын жеңілдетуге тырысты. Тілдің дамуының заңдылықтары, оның ішкі құрылымы мен динамикасын зерттеу қоғамның тілдік қалыптасуына және мәдениетін жаңғыртуға мүмкіндік береді.Байтұрсынұлының ойлары бүгінгі күні де өзекті. Олар тілдің тек байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың бірегейлігін қалыптастырудағы, мәдени тарихты сабақтастырудағы маңызды рөлін білдіреді. Тілді дамыту — қоғамдық даму мен ұлттық сана-сезімді нығайтудың негізі [6, 215].

Тіл біліміндегі белсенді үдерістер – тілдің дамуы мен эволюциясы барысында орын алатын табиғи өзгерістер мен құбылыстар. Бұл үдерістер тілдің ішкі құрылымы мен қолданысына тікелей әсер етіп, оның заманауи жағдайларға бейімделуіне көмектеседі. Олар жаңа сөздердің пайда болуы, мағыналардың өзгеруі, тілдік нормалардың ауысуы және өзге тілдермен қарым-қатынас нәтижесінде туындайды. Белсенді үдерістердің негізгі түрлері мыналар:

Неологизмдердің пайда болуы;
Қысқарту мен ықшамдау;
Кәсіпке, мамандыққа байланысты кірме сөздер;
Семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздер;
Диалектілер мен жаргондардың әсері;
Стилистикалық өзгерістер;
Тілдің стандартқа сай жазылуы;
Тілдік нормалардың өзгеруі;
Тілдің қолданылуы аясының кеңеюі;
Сөзжасам;

Жаңа ұғымдар мен құбылыстарды білдіретін неологизмдер (жаңа сөздер) тілдің сөздік қорын толықтырады. Ғылым мен техника, мәдениет, саясат және қоғамдағы өзгерістердің әсерімен неологизмдер белсенді түрде қалыптасады. Мысалы, «вакцинация», «инновация», «маркетинг», «пост» сияқты сөздер жақында тілге еніп, белсенді қолданысқа енді.

Сөздерді қысқарту тілдің икемділігін арттырып, сөйлесуді жылдамдатуға мүмкіндік береді. Мысалы, халықаралық тәжірибеде кең тараған аббревиатуралар (мысалы, «ОБСЕ», «БҰҰ») немесе тілімізде қолданылатын қысқартылған сөздер (мысалы, «Ғаламтор» – «ғаламдық тор» сөзінен) үдерістің бір түрі.

Тілдер арасындағы қарым-қатынас нәтижесінде жаңа сөздер белсенді түрде тілге еніп отырады. Әсіресе, ағылшын тілі мен орыс тілінен енген сөздер қазіргі қазақ тілінде кең тараған. Мысалы, «интернет», «менеджмент», «флешмоб» сияқты сөздер осы үдерістің көрінісі.

Сөз мағыналарының кеңеюі, тарылуы немесе толық өзгеруі – белсенді үдерістердің бірі. Мысалы, бұрын «телефон» деген сөз тек қоңырау шалуға арналған құрылғыны білдірсе, қазір «смартфон» деген жаңа мағынаға ие болды. Сондай-ақ кейбір сөздер өз мағынасын тарылтып, тек бір контексте ғана қолданылып жүр.

Әртүрлі аймақтық немесе әлеуметтік диалектілердің және жаргондардың тіліне әсері белсенді үдерістердің бірі болып табылады. Жастар жаргоны немесе белгілі бір кәсіби

топтардың қолданатын арнайы лексикасы қоғамда кеңінен таралуы мүмкін. Кейбір жаргон сөздер жалпы қолданысқа енеді, мысалы, «лайк», «хайп» сияқты сөздер.

Сөйлеу және жазу стиліндегі өзгерістер де тілдің дамуына әсер етеді. Әсіресе, интернет және әлеуметтік желілердің дамуымен байланысты тілдегі бейресми стильдің ықпалы арта түсті. Бұл коммуникацияны жеңілдетсе де, тілдік нормаларға әсер етіп, тілдің қарапайымдануына алып келуі мүмкін [7, 142].

Тілдегі әртүрлі диалектілер мен жаргондар уақыт өте келе біркелкіленіп, тілдің стандартты нұсқасын қалыптастырады. Мемлекеттік тілдің ресми нұсқасының қалыптасуы тілдің біртұтастығына ықпал етеді. Бұл үдеріс әсіресе мемлекеттік деңгейде жүргізілетін тіл саясаты арқылы іске асып, тілді стандарттау мен кодификациялауда маңызды рөл атқарады.

Қоғамдағы тілдік өзгерістермен бірге тілдік нормалар да өзгеріске ұшырайды. Сөздердің жазылу ережелері, грамматикалық нормалар немесе орфоэпиялық талаптар уақыт өте келе жаңарып, қолданыстағы тілдік жүйеге сәйкес қайта қарастырылады. Мысалы, кейбір ережелердің ресми грамматикада өзгеруі тілдің табиғи дамуына бейімделеді.

Тілдің қолдану аясындағы кеңеюі де маңызды үдерістердің бірі. Ғылым, технология, білім беру салаларында тілді белсенді қолдану оның лексикалық және терминологиялық қорын байытады [8, 65]. Қазақ тілінде де көптеген ғылыми-техникалық терминдер мен жаңа ұғымдар қалыптасуда.

Сөзжасам процесі үнемі даму үстінде. Қазіргі кезде шет тілдік сөздерден жаңа сөз жасау немесе тіліміздегі сөздердің түрлі формаларын өзгертіп, жаңа мағыналар беру белсенді жүргізіліп келеді. Мысалы, «электрондық пошта» сөзінен «е-пошта» деген қысқартылған нұсқа пайда болды.

Тіл біліміндегі белсенді үдерістер тілдің өміршеңдігі мен өзгермелі әлемге бейімделуін қамтамасыз етеді. Тіл үнемі дамып, қоғамдағы өзгерістерге сай жаңарып отырады, бұл оның функционалдығын арттырып, қолданыс аясын кеңейтеді. Белсенді үдерістер арқылы тіл тек лексикалық және грамматикалық деңгейде ғана емес, әлеуметтік, мәдени және саяси аспектілерде де дамып отырады [9, 81].

Нәтижелер. Ғылым мен техниканың дамуы, әлеуметтік өзгерістер жаңа ұғымдар мен құбылыстарды сипаттайтын жаңа сөздерді қажет етеді. Мұндай жаңа сөздер терминология ретінде тілімізге еніп, оның қорын байытады. Әртүрлі әлеуметтік топтардың тіл қолданудағы ерекшеліктері тіл дамуына әсер етеді. Мысалы, жас ұрпақтың тілді қолдану стилі, жаргондар, сленгтер тілдің дамуына ықпал етеді. Әдебиет, өнер, кино және бұқаралық ақпарат құралдарының тілге әсері зор. Олар арқылы белгілі бір сөздер мен фразалар кең таралып, тілді дамытуға үлес қосады.

Экстралингвитикалық факторлар тілдің дамуына сыртқы, басқа тілдермен қарым-қатынас арқылы болатын өзгерістерді қамтиды.

Интерференциялық факторлар тілдер арасындағы өзара байланыс, жаңа сөздер мен терминдердің бір тілден екінші тілге енуіне алып келеді. Бұл әсіресе жаһандану дәуірінде кең таралған құбылыс.

Қостілділік және көптілділік: Қоғамда бірнеше тіл қатар қолданылатын болса, бір тілдің басқа тілдерден сөздер қабылдауы жиілейді. Мысалы, қазақ тіліне орыс тілі мен ағылшын тілінен күн сайын жаңа сөздер еніп отыр.

Сонымен қатар, тілдің адам иммунитеті сияқты өзін-өзі реттейтін механизмі бар: тіл өзінің ішкі бірлігін сақтау үшін белгілі бір өзгерістерге қарсы тұра алады немесе оларды қабылдайды.

Тіліміздің дамуы барысында сөздер қысқаратындығы белгілі. Сөздерді қысқарта қолдану - жеңілдетуге бағытталған табиғи процесс. Тілдік нормалар мен ережелер уақыт өте келе өзгеріп, жаңа ережелер мен нормалар қабылданады. Алайда бұл процесс тілдің жүйелілігін бұзбайды, керісінше, оны жетілдіреді. Тілдің дамуындағы тағы бір маңызды заңдылық – оның қоғамда қолданылуы мен таралуы.Тілдің дамуында оны қолданушылардың саны, қоғамдағы рөлі маңызды.

Тіл біліміндегі сөздердің будандасуы туралы сөз қозғау үшін сөзжасамды атап өту керек. «Сөзжасам» — жаңа сөздердің пайда болуы мен қалыптасуын зерттейтін маңызды бағыт [10, 93]. Ол тілдің сөздік қорын байытып, оның дамуына ықпал етеді. Сөзжасам арқылы тілдің лексикалық жүйесі жаңарып, оған жаңа мағына мен ұғымдар енеді, бұл оның функционалдығын кеңейтеді. Тіл білімінде сөзжасамның рөлі бірнеше негізгі аспектілерде көрінеді:

Лексикалық қорды толықтыру. Сөзжасам жаңа сөздер мен ұғымдарды енгізіп, тілдің сөздік қорын кеңейтеді. Бұл тілдің икемділігін арттырып, жаңа құбылыстарды сипаттауға мүмкіндік береді. Мысалы, «смартфон», «ғаламтор», «инновация» сынды сөздер заманауи технологиялармен бірге тілімізге еніп, қолданыс тапты.

Сөздің бейімделу қабілетін арттыру. Сөзжасам тілдің қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістерге бейімделуіне мүмкіндік береді. Жаңа сөздер жасау арқылы тіл үнемі жаңарып, ортаға сәйкес келіп отырады, бұл оны өзекті және тиімді етеді.

Сөз мағынасының өзгеруі және кеңеюі. Сөзжасам сөздердің мағынасын кеңейтіп, жаңа мағыналық реңктерді қосуға мүмкіндік береді [11, 265]. Қосымша жұрнақтар арқылы негізгі сөздер жаңа туындыларға айналады: «жаз» — «жазушы», «оқу» — «оқулық», бұл олардың қолдану аясын кеңейтеді.

Тілдің ұлттық ерекшелігін сақтау. Сөзжасам тілді сыртқы әсерлерден қорғай отырып, оның ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға көмектеседі. Мысалы, шет тілінен енген сөздерді ұлттық ерекшелікке бейімдеп қабылдау арқылы тілдің табиғи дамуы сақталады. «Компьютер» сөзінен «компьютерлендіру» сияқты туынды сөз жасау осының айғағы.

Синтаксистік құрылымға ықпалы. Жаңа сөздер жасау тілдің синтаксистік құрылымына да әсер етеді. Жаңа ұғымдар сөйлемдегі мағыналық байланыстарды күшейтіп, тілдің синтаксистік заңдылықтарын байытады.

Когнитивті функциясы. Жаңа сөздің жасалуы - адамдардың танымдық қабілеттерін дамытып, қоршаған ортаны түсінуді жеңілдетеді. Жаңа сөздер арқылы адамдар жаңа құбылыстарды сипаттап, ойлау жүйесін жетілдіреді, бұл когнитивті тіл білімінің маңызды аспектісі.

Сөзжасам тілдің дамуы мен қоғамдағы өзгерістерге бейімделуіне ықпал етіп, оның лексикалық байлығын арттырады. Сонымен қатар, ол ұлттық ерекшеліктерді сақтап, жаңа ұғымдарды бейімдеп енгізуге көмектеседі, бұл тілдің өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

Тіл – үздіксіз дамып, жетіліп, өзгеріп отыратын құбылыс. Қарым-қатынас құралы. Тілсіз қоғам болмайды. Кез келген ұлттың ұлылығын анықтап, елдігін елеп тұратын саясат та – тіл саясаты. Қазақ тілі - бай, әуезді, әсем тіл.

Тілдер арасындағы өзара қарым-қатынас нәтижесінде жаңа лексикалық бірліктер белсенді түрде тілдік қорымызға еніп отырады. Әсіресе, ағылшын және орыс тілдерінен енген сөздер қазіргі қазақ тілінде кеңінен қолданысқа ие болған. Мысалы, «интернет», «менеджмент», «флешмоб» тәрізді атаулар осы құбылыстың айқын көрінісі болып табылады.

Мағыналық түрленіске ұшыраған лексемалардың басым бөлігі анықтауыштық қызмет атқарады. Күнделікті сөйлеу тәжірибемізде қандай сөйлемді алсақ та, құрамында кірме элементтері бар (гибридтелген) сөз тіркестері жиі кездеседі. Мысалы: Ішкі істер министрлігі, инфляциялық өзгерістер, ішкі бюджет, педагогикалық кеңес, анемия дерті, қант диабеті, этномәдени ұғым, ұлттық үлгі, алкогольге тәуелділік, халықаралық ұғымдар, көлемді конференция, гуманитарлық жәрдем, тіркеу дәптері, республикалық жиналыс, т.б.

Қорытынды. Мақалада Гибрид сөздер – екі немесе одан да көп тілдің элементтерін біріктіріп жасалған тілдік бірліктер. Қазақ тіліндегі гибрид сөздер жаһандану үдерісі, мәдениетаралық байланыстар, ғылыми-техникалық прогресс және басқа тілдерден енген сөздерді игеру нәтижесінде пайда болуда. Мұндай сөздер күнделікті тұрмыста, ғылыми терминологияда, жарнама мен медиа саласында жиі қолданылады.

Гибрид сөздердің жасалуы:Гибрид сөздер тілдік қажеттіліктерді өтеу мақсатында жасалады. Қазақ тілінде олар көбіне шетелдік сөздердің түбіріне қазақ тіліндегі

қосымшаларды жалғау арқылы жасалады. Мысалы: «интернетке», «лайктау», «чаттасу». Бұл құбылыс қазақ тілінің бейімділігі мен икемділігін көрсетеді.Қолданыс салалары,Күнделікті өмірде: Әлеуметтік желілер мен коммуникация құралдары арқылы жиі қолданылады. Ғылым мен техникада: Жаңа ұғымдар мен терминдер көбінесе гибрид үлгісінде қабылданады. Жарнама және бизнес: Жылдам түсінікті әрі тартымды болу үшін жиі қолданылады.

Гибрид сөздердің артықшылықтары мен кемшіліктері: Артықшылықтары: Тілдің икемділігі мен дамуын көрсетеді, жаңа ұғымдарды тез меңгеруге мүмкіндік береді.

Кемшіліктері: Қазақ тілінің түпнұсқалық құрылымы мен стиліне ықпал етіп, тілдік нормаларды бұзуы мүмкін.

Ұсыныстар: Гибрид сөздерді қолдануда тілдік нормалар мен мәдени ерекшеліктерді сақтау маңызды.

Тіл мамандары мен қоғам жаңа сөздерді қазақы сипатта игерудің тиімді жолдарын ұсынуы керек, яғни қазақ тіліндегі гибрид сөздер – заман талабына сай пайда болған тілдік құбылыс. Олар қазақ тілін байытып, оның жаңа лексикалық қорын кеңейтуде маңызды рөл атқаруда. Дегенмен, бұл үрдіс тілдің тұрақтылығын сақтай отырып, ұлттық сипатынан алшақтамауды талап етеді.

Әдебиеттер

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. Пер.с.нем. – М.: Прогресс, 2000. – 400 б.
2. Соссюр Ф. Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977. – 380 б.
3. Момынова, Б. Тілдегі гибрид (будан) сөздердің жасалуы және жаңа емле ережелеріндегі жазылу үлгілері. URL: https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emleeredgelerindegi-dgazy
4. Байтұрсынұлы, А. Шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 2: оқу құралы / А. Байтұрсынұлы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б
5. Сазанец И.М. Английский гибридизм. Производные гибриды: автореферат дисс. кандидата филологических наук: – Тула, 2008. – 22 с.
6. Маманов И. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
7. Курманбекова З.Р., Сарекенова Қ.Қ. Желі қолданушысының коммуникативтік типтері // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы № 1 / 2023. – Р. 71-86. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.06.
8. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
9. Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі гибрид сөздер және тіл тазалығы проблемасы // Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 2018. – 426 б.
10. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Астана: Фолиант, 2018. – 22 б.
11. Specialized Lexicography: Print and Digital, Specialised Dictionaries, Databases//edited by V. Jesensek. Berlin. – Boston: Walter de Gruyter, 2013. – 244 p.

А.Ж. НУСУПОВА, Ж. ТОҚТЫБАЕВА, З.Р. КУРМАНБЕКОВА

Таразский университет имени М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан

ГИБРИДНЫЕ СЛОВА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: ОБРАЗОВАНИЕ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ

Аннотация. Появление и использование гибридных слов в современном казахском языке является одним из важных показателей развития языка. В данной статье рассматриваются способы образования гибридных слов и их использование. Гибридные слова создаются путем объединения элементов из двух и более языков, причем большинство из них широко

применяется в научной, технической и информационно-технологической сферах. В статье также обсуждается влияние гибридных слов на структуру казахского языка, их роль в лексическом фонде и письменной коммуникации. Кроме того, изучаются процессы формирования новых слов и терминов, словообразование и графоорфографические изменения.

В настоящее время интеграция, то есть сближение и смешение языков, стала явлением, наблюдаемым во всех языках. Гибридизация в казахском языке — это процесс образования слов путем объединения элементов, заимствованных из иностранных языков. Такие слова часто встречаютсявнаучно-техническойсфереиписьменнойкоммуникации. Гибридизацияприводит к увеличению числа заимствованных слов в языке и появлению слов, обозначающих новые понятия. Это явление особенно активно проявляется в условиях массовой компьютеризации и развития науки и техники.

Ключевые слова: гибридные слова, казахский язык, интеграция, вводные слова, чистота языка.

A.Zh. NUSUPOVA, Zh. TOKTYBAYEVA, Z.R. KURMANBEKOVA
M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

HYBRID WORDS IN THE KAZAKH LANGUAGE: FORMATION AND USAGE

Annotation. The emergence and usage of hybrid words in modern Kazakh are significant indicators of the language's development. This article explores the ways hybrid words are formed and their usage. Hybrid words are created by combining elements from two or more languages, and the majority of such words are widely used in scientific, technical, and information technology fields. The article also discusses the impact of hybrid words on the structure of the Kazakh language, their role in the lexical fund, and written communication. Additionally, the processes of forming new words and terms, word formation, and grapho-orthographic changes are examined.

Currently, linguistic integration, that is, the convergence and mixing of languages, has become a phenomenon observed in all languages. Hybridization in the Kazakh language refers to the process of creating words by combining elements borrowed from foreign languages. Such words are often found in scientific and technical fields and written communication. Hybridization leads to an increase in borrowed words in the language and the emergence of words denoting new concepts. This phenomenon is particularly evident in the context of mass computerization and the development of science and technology.

Keywords: hybrid words, Kazakh language, integration, introductory words, purity of language.

References

1. Gumböldt V. İzbrannye trudy po iazykoznaniu. Per.s.nem. – M.: Progres, 2000. – 400 b.

2. Sossür F. Trudy po iazykoznaniu. – M.: Progres, 1977. – 380 b.

3. Momynova, B. Tıldegı gibrid (budan) sözderdıñ jasaluy jäne jaña emle erejelerındegı jazylu ülgıleri. URL: https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emleeredgelerindegi-dgazy.

4. Baitūrsynūly, A. Şyğarmalary. Alty tomdyq şyğarmalar jinağy. T. 2: oqu qūraly / A. Baitūrsynūly. – Almaty: El-şejıre, 2013. – 384 b.

5. Sazanes İ.M. Angliski gibridizm. Proizvodnye gibridy: avtoreferat diss. kandidata filologicheskih nauk: – Tula, 2008. – 22 s.

6. Mamanov İ. Qazaq tıl bılımınıñ mäseleleri. – Almaty: Arys, 2007. – 488 b.

7. Kurmanbekova Z.R., Sarekenova Q.Q. Jelı qoldanuşysynyñ komunikativtık tipterı // Eurazia gumanitarlyq instituty habarşysy № 1/2023. – R. 71-86. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.06.

8. Baitūrsynūly A. Qazaq tıl bılımınıñ mäseleleri / Qūrast. Č. Änes. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 640 b.

9. Momynova B.Q. Qazaq tılındegı gibrid sözder jäne tıl tazalyğy problemasy // Ruhani jañğyru jäne tıl bılımı mäseleleri. – Astana: L.N. Gumilev at. EŪU baspasy, 2018. – 426 b.

10. Qūrmanbaiūly Ş. Terminologialyq sözdık jasauğa arnalğan ädıstemelık nūsqaulyq. – Astana: Foliant, 2018. – 22 b.

11. Specialized Lexicography: Print and Digital, Specialised Dictionaries, Databases//edited by V. Jesensek. Berlin. – Boston: Walter de Gruyter, 2013. – 244 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Нусупова Асима Жеңісбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан.

Нусупова Асима Женисбековна – кандидат филологических наук, и.о. доцента Таразского университета имени М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан.

Nusupova Asima Zhenisbekovna – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan.

Тоқтыбаева Жадыра Жанбулатқызы – М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің магистранты, Тараз, Қазақстан

Токтыбаева Жадыра Жанбулатқызы – магистрант, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

Toktybaeva Zhadyr Zhanbulatqyzy – Master's student, M.Kh.Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan.

Курманбекова Зульфия Рахматдилдаевна – философия докторы (PhD), М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы, Тараз, Қазақстан

Курманбекова Зульфия Рахматдилдаевна – доктор философии (PhD), старший преподователь Таразского университета имени М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан.

Kurmanbekova Zulfiya Rakhmatdildaevna – Doctor of Philosophy (PhD), senior lector M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.61
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.07

Ж.Қ.ӨМІРБЕКОВА
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: ozhamila@inbix.ru)

*ЭТНОМӘДЕНИ КОМПОНЕНТТІҢ ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ САБАҚТАСТЫҒЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа. Мақалада этномәдени компоненттің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы орны кеңінен қарастырылады. Әр ұлттың тілі мен мәдениетінің өзара байланысы, олардың тарихи дамуындағы сабақтастық, ұлттық құндылықтарды тілдік бірліктер арқылы жеткізу мәселелері талданады. Этномәдени компоненттің сақталуы мен қолданыста болуы – ұлттың рухани тұтастығы мен мәдени тәуелсіздігінің негізі екені айқындалады. Осыған орай, мақалада тіл мәдениетті бірлікте қарастыру қажеттілігі, олардың бөлінбес табиғаты туралы тұжырымдар жасалып, этномәдени ұғымдардың қоғамдық санадағы орны мен ықпалы көрсетіледі.

Мақаланың басты мақсаты – этномәдени компоненттің тілдік бірліктер арқылы көрініс табуын анықтау, тіл мен мәдениет арасындағы сабақтастықты ашып көрсету, сондай-ақ көркем шығармалардағы этномәдени мазмұнды талдау арқылы ұлттық болмыстың тілде қалай бейнеленетінін ғылыми тұрғыда негіздеу. Осы мақсатымызға жету үшін алдымызға келесі аталған міндеттерді қойдық: этномәдени компонент ұғымының мәнін ашу, оған қатысты ғылыми еңбектерге шолу жасау, тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыс пен сабақтастықты теориялық тұрғыда негіздеу, фразеологизмдер этномәдени мазмұнын анықтау, талдау.

Түйін сөздер: этномәдени компонент, тіл, мәдениет, фразеологизм, мақал-мәтелдер.

Кіріспе. Біздің зерттеуіміз жоғарыда атап өткендей, этномәдени компоненттің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы орнын анықтау маңызды болғандықтан, тілдік бірліктер арқылы талдау жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Себебі, бүгінгі таңда жаһандану үдерісі барысында тіл мен мәдениеттің табиғи сабақтастығы үзіліске ұшырау қаупі бар. Осы орайда, этномәдени компонентті зерттеу — тек лингвистикалық қана емес, рухани, философиялық, педагогикалық және мәдениеттанулық маңызға ие.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тілі мен мәдениеті — оның ұлттық болмысының айнасы. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымын, тарихи жадысын, салт-дәстүрі мен наным-сенімдерін бойына сіңірген мәдени құбылыс. Ал этномәдени компонент — осы мәдени құндылықтардың тіл арқылы көрініс табатын, ұлттық дүниетанымды сипаттайтын бірегей мазмұндық құрылым.

Мақалада көркем шығармаларда кездесетін қалжа жеу, қолқа салу, сауын салу фразеологизмдерге, «Әке - бәйтерек, бала - жапырақ», «Әкеге қарап ұл өсер», «Алты аға бірігіп-әке болмас, Жеті жеңге бірігіп – шеше болмас», «Әке - балаға ұлы» т.с.с. этномәдени компоненттерге талдау жасалады. Бұл ұлтымыздың тілінде, мәдениетінде, дүниетанымында және әлеуметтік тәжірибесінде көрініс табатын құндылықтар, дәстүрлер,

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын AP23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба аясында жазылды.*

менталитет, сенімдер мен болмыс элементтері. Яғни этномәдени компонент – ұлттың мәдени болмысын тіл арқылы жеткізетін мазмұндық бірлік.

Зерттеу барысында А.Байтұрсынов, М.Әуезов, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдаров, Ж.Манкеева, В.Н.Телия, В.А.Маслова сынды ғалымдардың ой-тұжырымдары, ғылыми-теориялық пікірлері сөз болады. Сонымен бірге талданып отырған этномәдени компоненттерге мағыналық жақтан талдаудың ғылыми негізі бар екендігі дәлелденеді.

Этнолингвистика – тіл мен мәдениеттің, дүниетанымның, арасындағы байланысты зерттейтін, осы байланыс негізіне жататын барлық жүйелер мен заңдылықтарды қарастыратын ғылым саласы. Бұл сала халықтың ұлттық ерекшелігі, мәдени коды, салт-дәстүрлері мен тілдік бірліктер арасындағы қатынасты талдайды. Бұл сала мәдени танымдық қызметті алдыңғы орынға қояды. Халықтың тілі арқылы этнос өкілдерінің рухани әлемін, ойлау жүйесі мен дүниетанымын танытатын ғылым. Әр этномәдени сипаты бар сөздің артында тұтас ұлттың өмір салты жатады. Әр елдің зерттеу еңбектерімен толығып, дамып, қазіргі деңгейге жетуде. Бұл сала бойынша қазақ тіл білімінде зерттеу еңбектері аз емес. Жылдан жылға толығып, ғалымдар назарын аударып келеді. Дегенмен этнолингвистика саласының зерттелу кезеңдері мен классификациясы бойынша жүйелі ғылыми мақалалар мен еңбектер мол деп айта алмаймыз.

Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты жоғарыда аталған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, монографиялар, ғылыми зерттеулер мен мақалалар жинақталып, қазақ тіл білімімен салыстырылды. Сол материалдар мен фактілерді сұрыптау, талдау нәтижесінде теориялық болжамдар жасадық. Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін теориялық болжамдар тілдік айғақтар арқылы талданды, этномәдени компоненттің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы орнын анықтау мақсатында қазақ тіліндегі көркем әдеби шығармалардан алынған тілдік деректер негізгі материал ретінде қарастырылды. Атап айтқанда, қазақ жазушыларының туындыларынан алынған фразеологизмдер, мақал-мәтелдер зерттеу материалына енді. Бұл тілдік бірліктер этномәдени мазмұнды тану мен талдауға негіз болды.

Зерттеу барысында сипаттамалық әдіс, салыстырмалы әдіс, контекстік, лексикалық талдауға басымдық берілді.

Зерттеу барысында тілдік айғақтарды тереңірек талдау мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ғылыми мақалалары мен монографияларына шолу жасалды. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеудің теориялық және практикалық маңызын арттыруға мүмкіндік берді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу материалы ретінде аталған тақырып бойынша жазылған отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары, ғылыми мақалалары мен түрлі зерттеу еңбектеріне шолу жасалды. Нәтижесінде, қазақ тіліндегі әдеби шығармалардан алынған мысалдар тілдік айғақ ретінде ұсынылды. Атап айтқанда, фразелогизмдер, мақал-мәтелдер ұлттық-мәдени коннотациясы бар сөздер этномәдени мазмұнның көрінісі ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында дәстүрлі сипаттамалық, салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы әдістермен қатар, тілдік деректерге лексикалық талдау жасалды. Бұл тәсілдер этномәдени компоненттің тілдік көрінісін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық маңызы – этномәдени компоненттің тілдік табиғатын, оның тіл мен мәдениет сабақтастығындағы рөлін ашу арқылы ұлттық болмысты тану мәселесіне әртүрлі қырынан қарауға жол ашуында. Мақала - этномәдени компоненттің маңызын нақты мысалдармен, тілдік айғақтармен ашып көрсететін зерттеу жұмысы болмақ.

Талқылау мен бақылау. Қазақ табиғатына этнолингвистика ғылым саласының келуі А.Байтұрсыновтан бастау алады. Қазақ зерттеу жолында алғаш бұл саланың теориялық негізін жасап, мазмұнын саралаған ғалым – А.Байтұрсынов. Ғалым тіршілік үшін керекті, жан сақтау мақсатындағы «тірнек өнері» мен, сұлу әрі көркемдігі басты назарда болатын «көрнек өнері» деп бөле қарастырады. Көрнек өнерін бес тарауға бөледі: сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, сөз өнері. Осы өнерлердің әрқайсысына түсіндірме

сөз айтып, ең алды етіп «сөз өнерін» шығарады. Алдыңғы өнерлердің барлығын шамашарқынша сөз өнері атқара алатындығын айтады. Бұл дегеніміз – қандай кескіні толысқан сымбатты сарай болсын, түрлі бояумен сырланған кескін өнері болсын барлығын сөз ақылы суреттеп, танытуға болатындығы [1, 85]. Этнолингвистика саласындағы сөз арқылы тұтас халықтың руханиятын көрсету де – нағыз сөз өнерінің ісі. Оны жеке сала етіп, зерттеу жүргізіп, басқа қырларын толыстырғанымызбен, алғаш бұл ғылым жайлы өз сөз орамдарын айтып, танытып кеткен ғалым – Ахмет Байтұрсынов екендігі даусыз.

Этнолингвистика ғылымының негізін қалаған алғашқы ғалымдардың бірі – американдық ғалым Э.Сепир. Ғалымның еңбектерін қарастырғанда, екі тұжырымды ұсынғанын байқауға болады: бірі – тіл дыбыстық таңба сипатында ғана көрініс бермейді десе, бірі – тіл ұзақ мерзімді қоғамдық сананың жемісі болғандықтан, қоршаған ортадан алыс кетпейтіндігі. Мәселен Э.Сепир «тіл мен мәдениет байланысты, бірақ мәдениет тілді толық аша алмайды» деген көзқараста болса, шәкірті Уорф «тіл мәдениетпен емес, адамның ойлау жүйесімен тығыз байланысты, содан кейін барып қоғаммен байланысады» дегенді қарастырады [2, 19]. Демек, тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, бір-бірін толық ашады дей алмаймыз. Екеуінің жеке сала ретінде бөлек жолдары бар, алайда бір-бірімен қандай да бір қырынан байланысып отырады деп тұжырымдай аламыз. Ғылым айналымындағы зерттеулерде этнолингвистиканың қалыптасуына үлкен септігін тигізген Вильгельм фон Гумбольдт көзқарастары болды. Гумбольдтың зерттеулеріндегі негізгі тұжырым: адамзат тілі – оның рухы, ал сол адамзаттың рухы-оның тілі, бұдан жоғары ұқсастықты айта алмаймыз деген секілді концептілерінің негізінде өрбіді [3, 25]. Халықтың рухы мен тілінен асқан ұқсастық жоқ деуінде үлкен мән жатыр.

Ал орыс тіл білімінде Л.Толстой «О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса» мақаласында: «...этнолингвистика есть раздел языкознания, или ширенаправление в языкознании, ориентирующее исследователя на рассмотрение соотношения и связи языка и духовной культуры, языка и народного творчества, их взаимозависимости и разных видов их корреспонденции» [4, 155] – деп тұжырымдайды.

Халқымыздың сан ғасырлар бойына жинақтаған әдеби, мәдени құндылықтарымыздың тілде көрініс табуы – қазіргі таңда өз байыбына жетерліктей зерттелінді деп айта алмаймыз. Оның себебін Ж.Манкеева бастаған ғалымдар тілдің рухани әрі материалдық мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін кумулятивтік қызметінен қарағанда, ақпарат тасымалдаушы коммуникативтік қызметіне баса назар аударуымызда деп түсіндіреді [5, 12]. Әр кезеңге тән мәдени ерекшеліктер, салт-дәстүрлер мен діни сенімдер негізі болсын, мәдени ғұрыптар мен сол ұлттың дүниетанымына тән ұлт мінезі, табиғаты, әлеуметтік тұрмысы барлығы тілде көрініс табары сөзсіз. Олай дейтініміз, біз сол тілдегі мәдениеттің көрінісі арқылы әр тарихи кезеңнің шындығын біле аламыз, тарихи ақпараттарды кеңейтіп, ұлттың діңгегін нығайтамыз. Қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениеттің байланысар тұсын зерттейтін арнайы салалар бөлінісі қазіргі ғылыми зерттеу еңбектерде көптеп айтылып жүр. Солардың ішіндегі этнолингвистиканың бір бөлшегін құрайтын этномәдени компоненттердің сан түрлі әдеби шығармалардың тілін зерттеуде де, қолданыстан шығып қалған сөздердің мәнін анықтауда да, мәдени көрсеткіштерімізді беруде де өз маңызын алып отыр.

Академик Ә.Қайдардың басшылығымен бұл саланың көптеген қырлары ашылып, қазақ лингвистикасының жаңа арналарының пайда болуына өз әсерін берді. Ғалым Ә.Қайдардың этнолингвистикаға арнаған еңбектері аз емес. Оның «Қазақтар ана тілі әлемінде» деп аталатын үш томдық (1-том-Адам, 2-том-Қоғам, 3-том-Табиғат) этнолингвистикалық сөздігінде қоғам, адам өмірі, табиғат әлеміндегі барлық атаулар қамтылады. Ғалым бұл салаға беріліп жүрген анықтамалардың жұпыны екенін, олар терминге қатысты ұғымдарды «этнос» деп қарап, тілді екінші орынға қоятындығын ашына айтады [6, 38]. Бұл ғылым саласының ең ерекше тұсы – бір-біріне өте жақын екі обьектінің байланысында екенін көрсетеді. Олар этнос және оның тілі. Ғалым сөзінде ғылыми негіз бар. Этнос пен тілді бір-бірінсіз түсіну мүмкін емес. Біз халық тарихын әртүрлі бізге жеткен архитектуралық ескерткіштер мен тасмүсіндерден толық біле алмаймыз. Сол

кезеңнің нағыз мәдениетін тек тілінен ғана түсіне аламыз. Себебі мәдениет тілдің айнасы, көрсеткіші. Тілі деп отырғанымызға көптеген тілдік белгілер, фактілер кіреді. Ғалым оларға тілдегі сөздерді, сөз тіркестерін, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді, аңыз-ертегілерді жатқызады. Этномәдени бірліктеріміз ерте кезеңнен өз мәнін жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді. Ал лексикалық айтылу жайы, сыртқы тұлғасының да ұқсас болуы – түркілік дәуірдің тарихи себептеріне байланысты. Осыған байланысты ғалым Ә.Т.Қайдаров қазақ тілі мен моңғол тілдерінің байланысын зерттеуде екі дәуірдің арасында осындай жалғастық болуының екі негізгі мотивтері бар екенін сөз етеді: әуелгісі – генеологиялық, туыстық мәселеге қатысты болса, екіншісі – тіларалық, лексикалық ауыс түйіске барып саятынын талдайды. Осылардың ішінен алғашқысы, алтай теориясының міндеттері болса, келесі тармағы лексиканың мәселесі екенін де атап өтеді [7, 18]. Демек тіл біліміндегі лексика бойынша зерттеуде ұлттар мәдениетінің, қарым-қатынас деңгейінің сипаты айрықша маңызды.

Этнолингвистикалық зерттеу бағытында Н.Шаймерденова, Р.Авакова ғалымдарының «Язык и этнос» еңбектерін атап өткен орынды. Еңбекте этнос пен мәдениет айырмашылықтары мен оларды тығыз байланыстыратын ерекшеліктеріне талдау жасалады. Ғалымдардың тұжырымдарында этникалық топтар бір-бірінен ең алдымен мәдениеті арқылы ерекшеленетіндері түсіндіріліп, бұл ұғымның қатарына әдебиет, өнер, діни сенімдерімен қатар, ұлттық тағамдар, ыдыс-аяқ, жиһаздарға дейін, тіпті сыпайлылық ережелері, сәлемдесу формалары да кіретіндігін сөз етеді. Ғалым тіл мен этникалық бірліктің арақатынасын зерттейтін ғылым салаларды жіктеп, оларға: этнопсихология, этнопсихолингвистика, этнодемография, этнокультурология, этнолингвистика түрлерін жатқызып, әр бағыттың тарихы мен негізгі зерттейтін обьектілеріне тоқталып өтеді [8, 6].

С. Шүкірұлы «Таныс сөздің бейтаныс сырлары» кітабы ұзақ жылдардан бері тірнектеп жиналған көне сөздердің этнотанымдық мағынасын ашу, сырларын түсіндіру жағымен құнды еңбек. Ел аузынан жиналған сирек кездесетін мақал-мәтелдер, нақылдардың ішкі мәнін көрсетеді. Еңбектің алғашқы беті: «Мәдениет тегі-сөз» атты кіріспеден басталып, барша өнердің бастауы-сөз екенін, барлық саланың тірегі тіл екенін атап, мәдениет пен тіл арасындағы жақындықты нақтылайды. Ежелден батырын сөзбен тежеп, ханына сөзбен сын айтып, ұлы мемлекеттің мықты болуына, хандық жүйенің барлық қырын реттеп отыруға да сөз әсер еткенін қозғайды [9, 37]. Ары қарай кітап беттері кейбір сөздердің қазақ ұғымындағы тың мәнін беріп, мәдени ұғымына қарай ойыса береді.

Жаңа ғылым саласы болып танылып жүрген этнолингвистиканың даму сатысы осылай өрби береді. Зерттеулер бағытына шолу жасап, еңбектердің ақпараттарын сараласақ, нақты екі тұжырымға көз жеткізе аламыз: бірі – этнолингвистика халық дүниетанымын, мәдениетін оның тілі бойынша танып білуден туындаған сала деп түсінсек, енді бірі – бұл сала арқылы халыққа таныс емес, бірақ сол кезеңде белсенді түрде қолданылған сөздердің мәнін ашуға болатындығы. Бұл тіліміздің қандай бағалы құндылық екенін, барлық лексикаларды игеріп, мол байлығымен сусындап отырудың ұлт үшін маңызды екенін көрсетеді.

Нәтижелер. Мәдениет контекстінде В.Н. Телия, В.А. Маслова сынды фразеологиялық мектептің өкілдері қосқан ғылыми зерттеулердің маңызы айрықша. Мәселен, В.Н.Телия тіл мен мәдениетті этнолингвистиканың бір бөлшегі деп қарастырып, мәдениеттің тілде көрініс беруі тек жалпылама сөздер сипатында емес, фразеологиялар арқылы да көрінетіндігін дәлелдейді. Ғалым адамның жеке санасынан ұлт санасына дейін қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жететін ұлттық, рулық, халықтық ерекшеліктері болатыны, фразеологиялар мен метафоралар осының негізгі дәлелі екенін сөз етеді [10, 18]. Фразеологияларды халықтың сол кезеңгі мәдениетін беретін дайын рәміздері ретінде қарастырады. В.А. Маслованың «Лингвокультурология» еңбегін қарастырсақ, «ұлттың тілі-ұлттың жаны» дей отырып, фразеологиялық аспектілер негізінде үш гипотезаны ұсынады:

- фразеологиялық бірліктерде ұлт мәдениетінің іздері жатыр;

- барлық мәдени ақпараттар – фразеологиялық бірліктердің ішкі түрінде сақталады, фразеологиялар – сол кезеңнің бейнелі көрінісін, ұлттың ойлауын, мәдени көзқарасын, стреотиптері мен рухани дамуын көрсетеді;

- мәдени ұлттық құндылықтарды анықтауда басты мәселе – мәдени ұлттық коннотацияны ашу [11, 82].

Фразеологизмдер — халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған өмір тәжірибесі мен ұлттық болмысын бейнелейтін тілдік бірліктер. Олар тек тілді ғана емес, сол ұлттың мәдениетін, менталитетін, тұрмыс-тіршілігін де танытады. Әр ұлттың фразеологизмдері өз халқының ұлттық ерекшеліктерін, дүниетанымын, салт-дәстүрлерін, діни сенімдерін, наным-сенімдерін бейнелейді. Сондықтан фразеологизмдер этномәдени ақпарат тасымалдаушы құрал ретінде де маңызды. Тілдің фразеологиялық қоры халықтың өткені мен бүгінінің, тұрмыс-тіршілігінің, рухани және материалдық мәдениетінің көрсеткіші іспеттес. Мақаламызда фразеологизмдерді этномәдени компоненттің негізгі бөлшектерінің бірі ретінде қарастыруымыздың себебі де осында. Өйткені фразеологизмнің тілдік табиғаты этнос тарихына, мәдениетіне қатысты сан алуан мәселелерді айқындауға мүмкіндік береді. Бұл мәселеге байланысты теориялық материалды талдау барысында фразеологизмнің қыр-сырын зерттеген ғылыми жұмыстардың саны өте көп екені белгілі. Фразеологизм мағынасының қалтарысында тасаланған «бейненің» негізі болып табылатын ішкі форма – фразеологиялық бірліктердің жалпы семантикалық құрылымының ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Фразеологизмнің ішкі формасы эмотивтілікті тудыра отырып, өз бойына этномәдени ақпаратты жинақтайды. Тілдің этномәдени ақпаратты және мұраны сақтаушы қызметі туралы Н.Уәли: «Тіл – өмір шындығы. Сол шындықты уақыт қалдырған қатпарлардан аршып ала білсек, шежіредей сыр шертіп тұрады. Өмірде болған нәрсе тілде де із тастамай кетпейді. Сондай іздің сорабын асыл мұрамыздың тілінен де кездестіреміз» дейді [12]. Демек тіл – ұлт тарихын, танымын, санасын, салтын, дәстүрін, даналығын сақтайтын таңбалық жүйе қызметін атқара отырып, халық мәдениетінің айнасы болып отыр. Этнос болмысын этномәдени семантикаға ие фразеологизмдер арқылы жан-жақты танып-білуге болатынын көрсету тіл ғылымында маңызды. Осы негізде мынадай мысалдарды келтірсек: Қалжа жеу – әйел босанғаннан кейін жас сорпа-су ішіп әлдену деген мағынада [13, 455]. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі энциклопедиясының үшінші томында «қалжа – босанған әйелге сойылған қой еті» деген анықтама берілген. «Күз, алды-салдысы көп мазасыз болар-ау!» десе, не «тосын жүріс, жолаушылық күзі болар» десе, сенімді аттарға қызығу, қолқа салу әсіресе көп болатын» [14, 27]. Қолқа салу – қимас, қымбат затты қалау, сұрау (бұл фраза ерекше таңдау, талғау мағынасында жұмсалады) [13, 455]. «Онда Қодар өзі де, «тым құрыса, аққа тәуір болармыз, біреуден там-тұм сауын сауармыз» деп, елге ергенге қарсы болмаушы еді» [14, 28]. Сауын салу [алу] – біреудің сауын малын уақытша алу (бұрыңғы уақытта кедей, әлсіз шаруа күйлі кісіден уақытша сүтін пайдалануға келісіммен сауын мал алатын болған) [13, 457]. Көріп отырғанымыздай, этномәдени семантикаға ие фразеологизмдер халқымыздың тарихы, мәдениеті және ұлттық болмысы туралы ақпарат беріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын рухани байлығымыз болып табылады. Жоғарыдағы мысалдар этнос мәдениетінің тірегі тілде екендігінің көрінісі іспеттес. Бұндай мысалдар көп жағдайда көркем шығармаларда кездеседі. Себебі, жазушы тарапынан ұлттық тіліміздің жүйесіндегі фразеологизмдер қолданылып, көркем шығармаға ерекше стильдік реңк береді. Ұлтымызды, тіліміздің, мәдениетімізді әлемге танытқымыз келсе, фразеологизмдердің этномәдени семантикасына ден қою маңызды. Фразеологизмдердің этномәдени компонент ретінде қарастыра келе, оның маңыздылығы мен ұлттық танымдық жүйеде зерттеулердің қажеттігі анықталады. Әрине, мақалада қарастырылып отырған сұрақ, зерттеу нысаны ауқымды мәселенің бір бөлігі ғана. Бүгінде этномәдени компоненттің мәдени коды ретінде жаңашыл антропоцентристік парадигма аясында қарастыруға деген қызығушылық пен талпыныстың күннен-күнге артып келе жатқаны белгілі.

Мақал-мәтелдер де фразелогизмдер сияқты ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі-бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Бүгінгі күні ұлт болмысы тілдік танымдық әрекетпен, кеңістікпен, мәдениетпен, өркениетпен сабақтастықта қарастырылады. Өйткені мәдениет пен дәстүрде халық даналығы жатыр. Даналықтың іздерін шешендік сөздер, дидактикалық толғаулар, мақал-мәтелдерден кездестіреміз. Соның бірі – жеті аталық дәстүр. Бұл дәстүр – ата-баба арасындағы өзіндік байланысты қамтамасыз етеді. Айналып келгенде бұлардың барлығы тектілікті қалыптастырады. Тектілік бар жерде даналық, менталдық тұтастық бар. Тексіз менталитет желмен ұшқан қаңбақ секілді. Сондықтан болар, қазақтың «Тегіңе тартсаң, тозбайсың» - дейтіні, Жеті атасын білмеген – жетесіз, Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі, Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер, Адамға екі нәрсе тірек – тегің, бірің – ділің жүректегі» дейді. «Адам» компоненті мақал-мәтелдердің ішкі құрылымы «адамгершілік, адами қасиет» категориясымен сабақтасып жатады да, адамның сыртқы және ішкі әлемін, яғни, мінез-құлық, жақсылы-жаманды қасиеттерін, ақыл-ой өресін тұтастай қамтуға бағытталады. Мысалы, Ақ көңіл адамға біреудің сырқаты да батады. Ақылды адамға екі дүниеде жол ашық [15, 304]. Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы сан алуан. Әрбір оқырман өзіне қажеттісін таба алады. Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, немере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген. Тұңғыш немерелер ата-апасын өз әке-шешесідей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін де танып жатады. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та калатын жәйт кездеседі. Әке - әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен апалардың орны ерекше. Сондықтан қазақта әке туралы накыл сөздер мен мақал - мәтелдер көп. Мысалы, «Әке - бәйтерек, бала - жапырақ», «Әкеге қарал ұл әсер», «Алты аға бірігіп-әке болмас, Жеті жеңге бірігіп – шеше болмас» т.с.с. Мысалы, «Әке - балаға ұлы» деген мәтелде әр баланың жаны да, тәні де әке екені мағынасы жағынан байқалып отыр. Әкеге қарап үлгі алады, ақылымен ой өсіреді, әкені әр уақытта бәрінен биік қойып құрметтейді делінген. Ұлы деген сөз мынаны білдіреді: 1) орасан зор, үлкен, ірі; 2) асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы [16, 858]. Күйшілік, әншілік, аңшылық ұсталық өнерлерді қуып еткен адамдар жиі кездеседі. Содан «Атадан бала тумас болар ма, ата жолын құмас болар ма», «Әке көрген - оқ жонар» деген накыл сөздер пайда болды.

Қазақ әрқашан да қызды жат жұрттық деп есептеген. Қыз бала өсіп, ер жетіп басқа отбасының ұйытқысы болады. Бұрынғы кезде қызды құда түсіп алса, қазіргі заманда өздері бір- бірін көңіл қосып, қосылып жатады. Жазушы Т.Әбдіков өз шығармаларында халықтық мақал-мәтелдер арқылы халықтың сана-сезімін, ұлттық дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін хабардар етеді. Мысалы, «Әке» повесінде: «Дерт көп, денсаулық біреу»депті ғой бір халық. Не көп – аурудың түрі көп... Бірақ солардың ішінде бір оқиға есімде айрықша қалды [17, 326]. «Әке повесінде әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін көрсету үшін және бала ұғымын терең ашу мақатында контекстке байланысты мақал-мәтелдерді қолданған: — Бала адамның бауыр еті; Жетім бала кекшіл; Балалы үйде ұрлық жатпас; Ата-ананың қадірін, Балалы болғанда білерсің; Ұл туғанда- Күн туған; Алты жасар бала атқа мінсе, Алпыстағы шал алдынана шығып атын ұстар. «Алпыстағы шал алдынан шығып атын ұстар дегендей қалқам, сенің келгеніңді естіп, өзіңді көрейін деп арнайы келіп отырмын» [17, 106]; Қазақ халқы қыздың жасауына ерекше көңіл бөліп, «Жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деген. Тағы бір мысал «Жасауы көп келіннің күйеуі жуас», «Тозбас жасау болмас, бас білмес асау болмас». Жасау сөзінің мағынасы төмендегідей: Жасау – 1. Ұзатылған қызға берілетін мүлік, дүние. 2 Үй ішіндегі жиһаз, дүние [16, 27].

Берілген мәтінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде қыз баланың әлеуметтік мәртебесі мен оған қатысты тәрбиелік қағидаттары сипатталған. Қыз бала «жат жұрттық» ретінде қарастырылып, болашақта басқа әулеттің ұйытқысы болатыны этнографиялық тұрғыдан айқындалған. Автор тарихи-мәдени өзгерістерді көрсетіп, бұрынғы құда түсіп алу дәстүрі мен қазіргі таңда жастардың өз еркімен қосылу үрдісін салыстырады.

Т. Әбдіковтің «Әке» повесінде халықтық мақал-мәтелдерді жүйелі қолдану арқылы ұлттық дүниетаным мен тұрмыстық тәжірибе көрініс табады. Мақал-мәтелдер тек эстетикалық құрал ғана емес, тәрбиелік және аксиологиялық функция атқарып, әке мен бала арасындағы моральдық құндылықтарды ашады. «Бала — адамның бауыр еті», «Ата-ананың қадірін, балалы болғанда білерсің» тәрізді нақылдар арқылы автор әлеуметтік-мәдени нормаларды бекітеді. Мәтінде қыз жасауын жинау дәстүрі этномәдени феномен ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік-статустық мәні ашылады. «Жасауды алты жастан жинасаң асады» сияқты мақалдар дәстүрдің прагматикалық және тәрбиелік мазмұнын айқындайды. Осылайша, мәтін қазақтың отбасылық-әлеуметтік институттарын, материалдық және рухани мәдениетінің өзара байланысын, сондай-ақ тілдік-мәдени код ретіндегі мақал-мәтелдердің рөлін кешенді түрде көрсетеді.

Жасау — ұзатылатын қызға дайындалатын дүние-мүлік. Жасауды ұзатылатын қыздың ата-анасы дайындауға міндетті. Бұған жақын туыс-туғандар, ағайындар да өз үлесін қосуына болады. Халық қыздың жасауына аса зор көңіл бөліп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деген. Небір жақсы бұйым, киім-кешек, әсем әшекейлі тағамдар қыздарға берілетін болған. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Жасауды қыздың еншісі десе де болады [18,11]. Ә.Кекілбайұлының «Дала балладалары» шығармасында «Бүгін кешке қызының жасауын тағы бір көріп шықпақ. Оны үстіне үй тігіп, бөлек көш қылып жөнелтпек» - деп қазақ дәстүрінде қыз баланың жасауының орны ерекше екендігін аңғартады [19,22]. Бұрын жасауға сәукеле, кілем, текемет, ыдыс-аяқ, төсек-орын, киім-кешек, әшекейлі бұйымдар, сауын мал, салт ат, т.б. берген. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде қыз жасауын әзірлеу және оған қатысты рәсімдер этнографиялық тұрғыда сипатталады.

Тілімізде кездесетін «Келіншектің бетін кім бұрын ашса, сол ыстық» мақалдан қазақ халқының бет ашар салтын көреміз. Жаңа түскен келінді беташар дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі беташар жасалады. Оған тойға жиналған туған-туыс бәрі қатынасады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар көрімдік береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірете, көңілді жыр төгуі керек. Беташар– жас келінге жаңа туыстардың алыс-жақындығын таныстырып, ізгі тілектер айту дәстүрі [16,129]. «Батыр жігіт жол бастар, Әнші жігіт той бастар»деген мақалда қазақ халқының той бастар салты жайлы айтылып, оқырманға құраушы элемент арқылы тойбастар салтынан аз да болса көрініс береді. Тойбастар салты көбіне үйлену тойларында, келін түсіргенде жасалатын салт. Той бастар салтына қазақ халқының салт-дәстүрлері кітабында мынадай анықтама беріледі: «Той бастауды дастарқан басында отырған қадірлі қонақтарға тапсырады. Ондай кезде тойды әнмен немесе жақсы тілектерін әндетіп айтып береді, бастап бергендері үшін сыйлық ұсынылады. Той бастайтындар құрметті қонақтар, құдағилар мен құдашалар, той иелерінің басқа да құдағилары. Тойды жасы үлкен кісілер де бастап береді. «Ұлың өссе күндей болсын, деп тіле, қызың өссе гүлдей болсын деп тіле», «Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің» деген халықтың даналық сөздері той бастауға шабыт береді. «Өзен көлге қосылса, теңіз болады, ал елге қосылса, егіз болады» деген сөз екі елдің мың жылдық құда-жекжат болғандығын көрсетеді.

Берілген мәтіндегі беташар мен тойбастар дәстүрлері қазақ халқының этномәдени сабақтастығының айқын көрінісі болып табылады. Беташар – келіннің жаңа әулетке енуін рәсімдейтін, туыстық иерархияны таныстыратын және отбасылық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін әлеуметтік институт. Тойбастар – мерекелік поэзия арқылы қауым мүшелерінің бірлігін нығайтып, қонақжайлық пен ізгі тілек мәдениетін жалғастыратын дәстүр. Бұл ғұрыптарда қолданылатын ән-жыр, мақал-мәтелдер – ата-баба дүниетанымының тілдік әрі көркем коды, ол мәдени жадты сақтап, ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етеді. Сондықтан беташар мен тойбастар этнографиялық тұрғыда ғана емес, рухани-мәдени мұраның сабақтастығын бейнелейтін феномен ретінде маңызды. Мысалы

«He emphasized the preservation and promotion of Kazakh language and culture while embracing elements of modernity. He encouraged the revival of traditional Kazakh poetry, music, and storytelling, contributing to a cultural renaissance» [20, 125], яғни бұл дәстүрлер қазіргі заман элементтерін қолдана отырып, қазақ тілі мен мәдениетін сақтау мен насихаттауға баса назар аударды, қазақтың дәстүрлі поэзиясын, музыкасын, әңгімелерін жаңғыртуға шақырды және де мәдени ренессансқа үлес қосады.

Қорытынды. Қорыта келе, зерттеу мақалада жүргізілген зерттеу нәтижелері этномәдени мазмұнның көркем әдебиет пен фразелогиялық жүйеде және мақал-мәтелдер жүйесінде терең орын алғанын көрсетті. Әсіресе, ұлттық салт-дәстүр, наным-сенім, тұрмыс-тіршілікке қатысты сөздер мен тіркестер арқылы қазақ халқының мәдени болмысы мен ойлау жүйесі нақты тілдік түрде көрініс табатыны дәлелденді. Этномәдени компонент – тіл мен мәдениеттің ажырамас байланысын айқындайтын, ұлттың тарихи жадын, рухани құндылықтарын, дүниетанымын тілдік бірліктер арқылы бейнелейтін маңызды құбылыс.

Тіл – тек қатынас құралы емес, сонымен қатар ұлттың мәдениетінің негізгі айнасы. Сондықтан тіл мен мәдениет сабақтастығын этномәдени компоненттер арқылы зерделеу – ұлттың рухани мұрасын тану мен сақтау ісінде маңызды рөл атқарады. Бұл бағытта жасалған талдаулар тіл білімінің этнолингвистика, когнитивтік лингвистика секілді салаларымен тығыз байланысты екендігін көрсетті.

Этномәдени компоненттерді тілдік тұрғыда зерттеу ұлттық болмысты тануға, мәдени құндылықтарды ұғынуға, тіл мен мәдениетті тұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта мұндай зерттеулерді кеңейту – қазақ тілінің табиғатын тереңірек тануға, ұлттық руханиятты насихаттауға, сондай-ақ тіл мен мәдениетті ұрпақ санасына сіңіруге ықпал етеді.

Зерттеу барысында этномәдени компоненттің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы орны ғылыми негізде қарастырылып, оның ұлттық дүниетанымды, тарихи жадты, мәдени болмысты танытудағы маңызы айқындалды. Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі әдеби шығармалардан алынған мысалдар арқылы тілдік айғақтар келтірдік. Бұл мысалдар этномәдени мазмұнды танытатын маңызды тілдік бірліктер ретінде қарастырылды.

Зерттеу әдісіне орай, берілген мысалдарға лексикалық талдау жасалды. Бұл тәсіл этномәдени компоненттердің құрылымын, мағынасын және қолданыс аясын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, тіл мен мәдениет арасындағы сабақтастықты реттейтін негізгі фактордың бірі – этномәдени мазмұн екені расталды. Тілдік бірліктер арқылы берілетін мәдени ақпарат ұлттық ойлау жүйесінің, салт-дәстүр мен құндылықтар жүйесінің бейнесін танытады.

Аталған зерттеу қазақ тіл білімінде бұл мәселені терең зерттеуге бағытталған қадамдардың бірі болып табылады. Болашақта этномәдени компоненттерді түрлі функционалдық стильдер мен жанрлар аясында қарастыру, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан зерделеу – бұл бағыттағы зерттеулерге тың серпін беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 145 б.

2. Вежбицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов. – М.: ЯСК, 2001. – 178 с. – URL: https://biblioclub.ru/index.php?page=publisher_red&pub_ id=2056.

3. Звегинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. – М.: Просвещение, 1960. – 358 с.

4. Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса. – Ленинград: Наука, 1983. – 182 с.

5. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 353 б.

6. Қайдаров Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780 б.
7. Қайдаров Ә. Қазақ тілі лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 197 б.
8. Шаймерденова Н.Ж., Авакова Р.А. Язык и этнос. – Астана: Сарыарка, 2008. – 248 с.
9. Шүкірұлы С. Таныс сөздің бейтаныс сырлары. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 345 б.
10. Телия В.Н. Фразеология в контексте культуры. – М.: Языки рус. культуры, 1999. – 336 с.
11. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Институт языкознания РАН, 1999. – 202 с.
12. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 92 б.
13. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 796 б.
14. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Кіт. 1. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
15. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. – 560 б.
16. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
17. Әбдіков Т. «Әке» повестер мен әңгімелер жинағы. – Алматы: Қайнар, 2005. – 383 б.
18. Нысанбаев Ә. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1997. – 268 б.
19. Кекілбайұлы Ә. Дала балладалары I, II том. – Алматы: Жазушы, 2002. – 232 б.
20. Daurenbekova Laura N., Imanberdiyeva Saule K., Baitanassova Karlygash M., Ozat Akniyet, and Alimbayev Aslan E., Transformation of Literary Translations of the Literary Classics by Abai Kunanbayev, 66–87. // New Voices in Translation Studies Vol.29 No.2 (2024) DOI: https://doi.org/10.14457/CU.doc.2024.24.

Ж.К. ОМИРБЕКОВА
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан.

МЕСТО ЭТНОКУЛЬТУРНОГО КОМПОНЕНТА В ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ЯЗЫКА И КУЛЬТУРЫ

Аннотация. В статье широко рассматривается место этнокультурного компонента в преемственности языка и культуры. Анализируются вопросы взаимосвязи языка и культуры каждого народа, преемственности в их историческом развитии, передачи национальных ценностей через языковые единицы. Определяется, что сохранение и использование этнокультурного компонента – основа духовной целостности и культурной независимости нации. В этой связи в статье делаются выводы о необходимости рассмотрения языковой культуры в единстве, их неделимой природе, отражаются место и влияние этнокультурных понятий в общественном сознании.

Основная цель статьи – выявление проявления этнокультурного компонента через языковые единицы, раскрытие преемственности между языком и культурой, а также научное обоснование того, как национальная идентичность выражается в языке посредством анализа этнокультурного содержания в художественных произведениях. Для достижения этой цели мы поставили перед собой следующие задачи: раскрыть сущность понятия этнокультурного компонента, дать обзор научных работ по данной теме, теоретически обосновать взаимосвязь и преемственность между языком и культурой, выявить, проанализировать этнокультурное содержание фразеологизмов.

Ключевые слова: этнокультурный компонент, язык, культура, фразеология, пословицы и поговорки.

ZH.K. OMIRBEKOVA
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

ETHNOCULTURAL COMPONENT OF LANGUAGE AND CULTURE PLACE IN CONTINUITY

Annotation. The article discusses the place of the ethnocultural component in the continuity of language and culture. The problems of the relationship between the language and culture of each ult, continuity in their historical development, the transmission of national values through language units are analyzed. It is established that the preservation and functioning of the ethno – cultural component is the basis of the spiritual integrity and cultural independence of the nation. In this regard, the article draws conclusions about the need to consider language culture in Unity, their indivisible nature, reflects the place and influence of ethno-cultural concepts in public consciousness. The main purpose of the article is to identify the manifestation of the ethnocultural component through language units, to reveal the continuity between language and culture, as well as to scientifically substantiate how national identity is reflected in language through the analysis of ethnocultural content in works of art. To achieve this goal, we set ourselves the following tasks: to reveal the essence of the concept of the ethnocultural component, to review scientific works related to it, to theoretically substantiate the relationship and continuity between language and culture, to identify and analyze the ethnocultural content of phraseology.

Keywords: ethnocultural component, language, culture, phraseology, proverb.

References

1. Baitūrsynov A. Tıl tağylymy. – Almaty: Ana tılı, 1992. – 145 b.
2. Vejbiskaia A. Ponimanie kültur cherez posredstvo klüchevyh slov. – M.: İASK, 2001. – 178 s. – URL: https://biblioclub.ru/index.php?page=publisher_red&pub_ id=2056.
3. Zveginsev V.A. İstoria iazykoznania XIX i XX vekov v ocherkah I izvlecheniah. – M.: Prosveşenie, 1960. – 358 s.
4. Tolstoi N.İ. O predmete etnolingvistiki i ee roli v izuchenii iazyka i etnosa. – Leningrad: Nauka, 1983. – 182 c.
5. Mankeeva J. Qazaq tılındegı etnomädeni ataulardyñ tanymdyq negızderı. – Almaty: Jıbek joly, 2008. – 353 b.
6. Qaidarov Ä. Qazaqtar ana tılı älemında. Etnolingvistikalyq sözdık. – Almaty: Daik-Pres, 2009. – 780 b.
7. Qaidarov Ä. Qazaq tılı leksikologiasynyñ mäseleleri. – Almaty: Čylym, 1988. – 197 b.
8. Şaimerdenova N.J., Avakova R.A. İazyk i etnos. – Astana: Saryarka, 2008. – 248 s.
9. Şükırūly S. Tanys sözdıñ beitanys syrlary. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2004. – 345 b.
10. Telia V.N. Frazeologia v kontekste kültury.
– M.: İazyki rus. kültury, 1999. – 336 s.
11. Maslova V.A. Lingvokülturologia. – M.: İnstitut iazykoznania RAN, 1999. – 202 s.
12. Uäliev N. Söz mädenietı. – Almaty: Mektep, 1984. – 92 b.
13. Keñesbaev I. Frazeologialyq sözdık. – Almaty: Arys, 2007. – 796 b.
14. Äuezov M. Abai joly: roman-epopeia. – Kıt. 1. – Almaty: Jazuşy, 2013. – 376 b.
15. Qaidar Ä.T. Halyq danalyğy. – Almaty: Tolağai, 2004. – 560 b.
16. Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıgı. – Almaty: Memlekettık tıldı damytu instituty, 2014. – 728 b.
17. Äbdıkov T. «Äke» povester men äñgımeler jinağy. – Almaty: Qainar, 2005. – 383 b.
18. Nysanbaev Ä. Qazaqstan ūlttyq ensiklopediasy. – Almaty : Qazaq ensiklopediasy, 1997. – 268 b.
19. Kekılbaiūly Ä. Dala baladalary I, II tom. – Almaty: Jazuşy, 2002. – 232 b.
20. Daurenbekova Laura N., Imanberdiyeva Saule K., Baitanassova Karlygash M., Ozat Akniyet, and Alimbayev Aslan E., Transformation of Literary Translations of the Literary Classics by Abai Kunanbayev, 66–87. // New Voices in Translation Studies Vol.29 No.2 (2024) DOI: https://doi.org/10.14457/CU.doc.2024.24.

Автор туралы мәлімет:

Өмірбекова Жәмилә Қалдыбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Омирбекова Жамиля Калдыбеккызы – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Omirbekova Zhamila Kaldybekkyzy – candidate of Philological Sciences, associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.47.
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.08

Т.Б. РАМАЗАНОВ[1]

А.Ә. СОЛТАНБЕКОВА[2]

Ш.А. ШОРТАНБАЕВ[3]

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан[1,2]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан [3]
(e-mail: take_kzz@mail.ru[1], madina-258@mail.ru[2],
Shokhan.shortanbaev@gmail.com[3])

*МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ («ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп оқушыларына арналған «Құқық негіздері» пәнінің оқулығындағы терминология мәселесі лингвистикалық тұрғыдан талданады. Әсіресе, терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету және олардың оқушыларға түсініктілігін арттыру үшін тарихи кезеңдердегі оқулықтар мен қазіргі оқулықтардың тілдік ерекшеліктері салыстырылады.

Зерттеудің өзектілігі - Алаш кезеңіндегі оқулықтарда құқықтық ұғымдарды қалыптастырудың іргетасы қаланғаны белгілі. Ол кезде құқық терминдерін қазақ тіліне икемдеу, ұлттық ұғымдарға сәйкестендіру бағыты басым болды. Кеңес кезеңіндегі «Әдеп. Қоғам. Құқық» оқулығы және сол тұстағы басқа да оқу құралдарында идеологиялық ықпалдың әсерінен терминдердің бірқатар өзгеріске ұшырағаны байқалады. Ал 2010 жылға дейінгі және 2017 жылдан кейінгі оқулықтарда жаһандану үдерісіне сай, халықаралық тәжірибеге жақындатып, терминдерді бір жүйеге келтіруге талпыныс жасалған.

Аталмыш мақалада оқулықтардың мазмұны мен тілі жас ерекшелігіне қаншалықты сай келетіні зерделенеді. Осы орайда құқықтық терминдерді ағылшын тіліндегі «Оксфорд сөздігімен» салыстыру арқылы терминдерді меңгертудің әдіс-тәсілдері айқындалады. Терминдердің өсу және күрделену деңгейі, яғни градациясы зерттеліп, оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен жалпы құқықтық мәдениетін көтеруге әсері бағаланады. Сонымен қатар, мектеп оқулықтарында жиі кездесетін құқық салаларының терминдері – азаматтық құқық, қылмыстық құқық, әкімшілік құқық, халықаралық құқық және т.б. – статистикалық мәліметтермен дәлелденеді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы – соңғы жылдардағы (2010 жылдан кейінгі) мектеп оқулықтары мен тарихи тәжірибені салыстыра отырып, құқық саласындағы терминжасамдағы сабақтастықты анықтау.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы – біріздендірілген терминдердің оқушыға түсініктілігін арттыру, құқық пәнін оқытуда қолданылатын ұғымдардың сапасын жоғарылату, құқықтық білім беру сапасын күшейту.

Зерттеудің дереккөзін 9-11 сыныпқа арналған «Құқық негіздері» оқулығының терминдері құрайды. Зерттеу жұмысында Алаш және Кеңес кезеңіндегі құқық терминдерін саралау үшін контент-талдау, ағылшын тіліндегі «Oxford Dictionary of Law» сөздігімен салыстыру үшін салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: терминология, мектеп оқулығы, азаматтық құқық, құқық негіздері, бірізділік.

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын ИРН: BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты нысаналы-бағдарламалық қаржыландыру жобасы аясында жазылды.*

Кіріспе. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында білім беру саласын жаңғырту, оның ішінде орта білім беру бағдарламаларының мазмұнын заман талаптарына сай бейімдеу мәселесі күн тәртібінде өзекті орынға ие. Оқулықтардағы терминдердің бірізділігі, әсіресе, құқық пәніне қатысты терминдердің дұрыс қалыптасып, жүйеленуі – мектеп оқушыларының құқықтық сауаттылығын арттырудағы басты факторлардың бірі [1, 86]. Мектеп оқушыларына арналған «Құқық негіздері» пәні қоғамда демократиялық құндылықтарды орнықтыру, заңға құрметпен қарауды қалыптастыру, жеке тұлғаның құқықтық санасын жетілдіру сияқты маңызды міндеттерді атқарады. Оқулықта қолданылатын терминдер түсінікті, ғылыми негізделген, сонымен қатар оқушылардың жас ерекшелігіне үйлесімді болуы қажет.

Терминологияның бірізділігі мәселесін тарих тұрғысынан талдасақ, Алаш кезеңінде (XX ғасырдың басы) қазақ зиялылары құқықтық терминдерді ұлттық тілге бейімдеп, қазақ оқырманына түсінікті болатындай қалыптастыруға күш салды. Бұл кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды қайраткерлердің еңбектері қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуына зор үлес қосты [2, 34].

Алайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, оқулықтарға идеологиялық мазмұн үстемдік етіп, «Әдеп.Қоғам.Құқық» тәрізді оқу құралдарында бірқатар терминдердің саяси-идеологиялық реңкі күшейді. Соның салдарынан ұлттық тілде орныққан кейбір ұғымдар қолданыстан шығып қалды, немесе өзгертілді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін (1991 жылдан бастап) құқықтық білім беру жаңа кезеңге қадам басты. Мемлекеттік тілдің мәртебесі айқындалып, орыс тілінің ғана емес, ағылшын және басқа да шет тілдерінің ықпалы арта түсті. 2010 жылға дейінгі оқулықтарда мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес реформалар жүргізіліп, терминдерге қатысты ресми бекітілген нұсқалар енгізілді. 2017 жылдан кейінгі оқулықтарда жаңартылған білім беру бағдарламасына көшу барысында құқықтық терминдерді жаңа тұрғыдан қарап, оларды халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру талпынысы байқалады [3].

Соңғы жылдары оқулықтардың тілін әлемдік үрдістермен, соның ішінде ағылшын тіліндегі заң терминдерімен салыстыра отырып жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Құқықтық пәндер контекстінде «Оксфорд сөздігі» немесе «The Oxford Handbook of Jurisprudence and Philosophy of Law» тәрізді іргелі еңбектерде қолданылатын терминдердің жалпыға ортақ бірізділігі мен нақты анықтамалары бар. Мұның өзі халықаралық тәжірибеде қалыптасқан терминдердің қазақ тіліне ұғынықты аудармасын жасауға, қажет жағдайда жаңа терминдер қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдістемежәнезерттеуәдістері. Терминологиямәселелерінзерттеу– лингвистиканың бір тармағы ретінде XX ғасырдан бері қарқынды дамып келеді. Қазақ тіл білімінде Ахмет Байтұрсынұлы алғашқылардың бірі болып ғылыми стиль, оқу құралдарын жазу әдістемесі және терминдерді қалыптастырудың негізгі қағидаттарын ұсынды. Ол ұлттық тілдің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шет тілден енген терминдерді қазақ тіліне икемдеуді көздеді.

Терминжасам теориясында Ш.Құрманбайұлы [4], Б.Хасанұлы [5], Ө.Айтбаев [6] сынды ғалымдардың еңбектері маңызды орын алады. Олар заң саласындағы бірқатар ұғымды қазақ тіліне бейімдеуге қатысты нақты ұсыныстар жасап, терминдердің семантикалық, морфологиялық және функционалдық ерекшеліктерін талдады. Әсіресе құқық саласында көптеп кездесетін «азаматтық құқық», «қылмыстық құқық», «әкімшілік құқық» сияқты тіркесті терминдерді тұрақтандыруға көңіл бөлінді.

Ғылыми әдебиеттерде мектеп оқушылары үшін құқықтық терминдердің тым ресмиленген нұсқасы тиімсіз екені айтылады. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын төмендетеді, себебі жасөспірімдердегі қабылдау ерекшелігі психологизм мен визуализацияға көбірек сүйенеді. Сондықтан қазіргі оқулықтарда құқықтық ұғымдарды мысалдар, диаграммалар, кейстік тапсырмалар арқылы ұсыну үрдісі дамуда [7, 19].

Кеңес өкіметі тұсында жазылған құқық пәні оқу құралдары (көбінесе «Қоғамтану», «Әдеп. Қоғам. Құқық» т.б. пәндердің бір бөлімдері ретінде) орыс тілінен аударма түрінде болды. Ондағы терминология аудармадан кейін де көп жағдайда түсініксіз, көп буынды түрінде қалды. Мысалы, «объективті жақ», «субъективті жақ» сияқты қылмыстық құқықтың категориялары қазақ тілінде ауыр тіркестерге айналып, оқушыларға түсінуге қиындық тудырды [8, 56].

Қазіргі оқулықтарда (9, 10, 11-сыныптарға арналған) бірізділік байқалғанымен, әлі де терминдерде өзгермелі нұсқалар кездеседі. Мысалы, «ювеналды әділет» кей оқулықтарда «кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі әділет жүйесі» деп аударылса, басқа оқулықта бірден «ювеналды әділет» деп беріледі. Мұндай айырмашылықтар оқушылардың ұғымдық жүйесін шатастырады. Сондықтан заңнамалық актілер мен терминологиялық комиссия бекіткен нақты нұсқауларды басшылыққа алу маңызды.

Халықаралық деңгейде, әсіресе ағылшын тілінде құқық терминдерін түсіндіруде түсініктілік пен қысқалық басым. Oxford Dictionary of Law (8th ed.) және Black's Law Dictionary (12th ed.) секілді беделді сөздіктер терминнің анықтамасын мейлінше нақты беріп, қажет болған жағдайда қысқаша мысалдармен толықтырады Бұл тәсіл оқушыларға немесе заң саласымен алғаш танысқандарға ұғымды жылдам игеруге көмектеседі [9].

Халықаралық құқық терминдерін зерттеген шетелдік ғалым Гваделупе Сориано Барабино мектептегі құқықтық білім берудің халықаралық тәжірибесіне талдау жасай отырып, қарапайым тіл мен бірізді терминдердің маңызын ерекше атап көрсетеді. Олар әртүрлі елдердің оқулықтарында бір терминнің әртүрлі нұсқалары кездескен жағдайда оқушылардың қызығушылығы төмендеп, пәнді игеру көрсеткіші төмендей түсетінін статистикалық деректермен дәлелдейді [10, 11].

1920-1930 жылдардағы Алаш қайраткерлерінің еңбектері мен Кеңес кезеңіндегі «Әдеп. Қоғам.Құқық» оқулықтарынан бастап, 2010 жылға дейінгі және 2017 жылдан кейінгі «Құқық негіздері» пәніне қатысты оқулықтар сарапталды. Бұл үшін контент-талдау әдісі қолданылды.

Салыстырмалы талдау арқылы ағылшын тіліндегі «Oxford Dictionary of Law» сөздігі мен «The Oxford Handbook of Jurisprudence and Philosophy of Law» еңбегінде кездесетін негізгі құқықтық терминдермен өзара салыстырылып, терминдердің бірізділігі мен халықаралық стандартқа сәйкестігін анықтауға септігін тигізді.

Әр кезеңде басылып шыққан оқулықтардың терминдік корын салыстыру барысында терминдердің пайыздық үлесі мен жиілігі есептелді. Статистикалық талдау нәтижесінде мектеп оқулығында ең көп кездесетін құқық салаларының (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек және т.б.) терминдерін анықталды.

Талқылау мен бақылау. XX ғасырдың басы – қазақ халқының рухани-мәдени жаңғыруында ерекше орын алған кезең. Осы тұста Алаш қайраткерлері ана тілінің мәртебесін көтеріп, түрлі ғылым салаларына қажетті жаңа ұғым-терминдерді қазақ тілінде қалыптастыруға күш салды. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы бастаған топтың заң саласына қатысты терминдерді жүйелеп, «қазақы» атаулармен бекіту жұмысы. А. Байтұрсынұлы қазақ қоғамының құқықтық санасын өз тілінде жетілдірудің маңыздылығын баса айтады. Ол «сот», «үкім», «айыпкер», «құқық», «міндет» сияқты сөздердің қазақтың сөйлеу тұрмысына, қалың бұқараға түсінікті болатын нұсқаларын ұсынды [11].

1922 жылы жазылған «Қылмыс заңы» – Алаш кезеңінің заңнамалық бастамалары аясында ұсынылған, ұлттық құқықтық ойды жаңаша сипатта қарастырған еңбектердің бірі. Сол уақыттары қазақ зиялыларына (Ахмет Байтұрсынұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Сейдәзім Кәдірбайұлы, т.б.) тән ортақ ұстаным – құқықтық терминдерді қазақтың төл мәдениетінен, дәстүрлі заң тәжірибесінен іздеу және жаңа заманға бейімдеу болды [12, 141]. 1922 жылғы «Қылмыс заңы» (кей деректе «Қылмыстық заң» деп те аталған) мәтінінде қолданылған терминдер соның айқын мысалы.

1-кесте. «Қылмыс заңы» нұсқасындағы кейбір негізгі терминдер

Термин	Мәтіндік мәні	Ұлттық-мәдени негізі	Қазіргі баламасы	Артықшылығы	Қазіргі күрделілігі
Қылмыс	Заңмен тыйым салынған салынған әрекет	«Қылмыс» сөзі қазақтың ауызекі тілінде де ертеден «кінә», «жазаға лайық әрекет» мағынасында қолданылған	Қылмыс (өзгеріссіз)	Түпкі мағынасы тарихи тұрғыда қалыптасқан; түсінікті, қысқа.	Қазіргі Кодексте ұғым аясындағы саралау («қылмыстық теріс қылық», «әкімшілік құқық-бұзушылық») күрделі болып кеткен.
Айып-кер	Қылмыс-тық істе айып тағылған адам	Ұлттық құқықтық тәжірибедегі «айып төлеу», «айыбын өтеу» деген түсініктермен үндес.	Айып-талушы, сотталушы	Тікелей «айып» сөзінен өрбігендіктен, мағынасы анық, қазақ тіліне жақын.	Қазіргі заңнамада айып тағылған тұлға іс жүргізудегі мәртебесіне қарай бірде «күдікті», бірде «айыпталушы» не «сотталушы» деп бөлінеді.
Жаза	Қылмыс жасаған адамға қолданы-латын шара	Дәстүрлі «жазалау», «жаза тарту» ұғымы өте көне заманнан бар.	Жаза (өзгеріссіз)	Халыққа түсінікті, ықшам, ұлттық санаға сіңген ұғым.	Қазіргі кодексте жазаның түрлері, олардың қолдану тәртібі күрделі нормалармен анықталады.
тұтқын	Бостан-дықтан айырыл-ған адам	Ұлттық танымда «тұтқын» көбіне соғыс, талау барысында қолға түскен адам деген мағынаны қамтыған.	Қамауға алынған адам, сотталушы, арестант	Ауызекі тілде кең тараған, бір сөзбен ұғымды береді.	Қазіргі заңда «тұтқын» терминінің орнына «қамауға алу» қолданылып, жіктеледі.
Кісі өлтіру (кісі қыру)	Адам өміріне қол сұғу	«Кісі» – қазақ тілінде «адам», «кісі өлтіру» – әдеттік құқықтағы ең ауыр қылмыс	Адам өлтіру	Тілдік тұрғыда қазақ ұғымына жақын.	Заңнамада қазіргі таңда «адам өлтіру» көп сатылы сарала-нуды талап етеді (қасақана, абайсызда, ауырлататын/ жеңілдететін мән-жайлар).

1920 жылдары заң мәселелеріне қатысты бірқатар ұсыныстар жасаған Алаш қайраткері – Жаһанша Досмұхамедұлы болды. Ғалымның еңбектерінде араб-парсы текті «низам», «қазы», «уәлаят» секілді сөздер жиі кездеседі. Бұл – сол кезеңдегі ұлттық тілдің бір ерекшелігі: шариғат заңдарынан немесе Орта Азиядағы таным-түсініктен енген кірме сөздердің әлі де заң саласында актив қолданыста болғанын білдіреді.

Сейдәзім Кәдірбайұлы мен Жаһанша Досмұхамедұлы енгізген терминдердің бір бөлігі бұрыннан қазақ даласында билер соты арқылы орныққан «билеуші», «жарғы», «дау», «айып» сияқты атаулармен үйлеседі. Бүгінде олардың кейбірі нақты заң саласында (мысалы, «жарғы» – ұйымның ішкі ережесі, «дау» – талап-арыз) басқа мағынада қолданылады. Кеңестік кезеңнің бастапқы жылдары «сот», «заң», «қорғаушы», «айыпталушы» сияқты терминдердің біртіндеп орнығуы байқалды. «Низам» сөзін «заң» сөзінің алмастыруы, «қазы» сөзін «судьямен» алмастыруы – қазақтың ұлттық сөз қорын заманауи заңгерлік ұғымдармен ұштастырудың мысалы. Бүгінде «сот», «заң», «үкім», «құқық», «міндет», «айыпкер», «тұтқындау» сынды ұғымдар құқық саласында біржола орнықты. Ал «билеуші» (би) соттың функциясын көрсететін ұғым ретінде тек тарихи-этнографиялық еңбектерде қолданылып жүр. «Низам» атауы құқықтық құжатта сирек кездеседі, көбіне «ереже» немесе «заң» деп айтылады.

1922 жылы Сейдәзім Кәдірбайұлы мен Жаһанша Досмұхамедұлы қолданған заң терминдері – Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлттық терминжасам мектебінің заңды жалғасы. Бұл кезеңде ұсынылған «жарғы», «дау», «билеуші (би)», «низам», «қазы» сияқты сөздер бүгінгі күні ішінара мағына өзгерісіне ұшыраса да, қазақ заң тілінің қалыптасу тарихында елеулі орын алады. Терминдердің ұлттық сипаты, ең алдымен, қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетімен және тілдік ұғымдарымен біте қайнасуында жатыр.

Кеңестік идеология үстемдік құрған уақытта оқулықтардың мазмұны мен тілі де саясаттан тыс қала алмады. «Әдеп.Қоғам.Құқық» сияқты пәндерді оқытуда негізгі басымдық коммунистік идеологияны насихаттауға берілді. Құқықтық ұғымдар марксизм-ленинизм іліміне негізделіп түсіндірілді. Соның салдарынан қазақ тіліндегі бірқатар заң терминдері орыс тілінен тікелей алынып, транслитерация арқылы қолданылды. Мысалы, «Конституция», «прокурор», «сот», «қылмыс» деген секілді сөздер тікелей аудармасыз, сол қалпында енді. Бұл кірме терминдердің қатарында түпнұсқа мағынасы бұрмаланған немесе оқушыларға түсінуге ауыр тіркестер де болды.

Оның үстіне, Кеңес өкіметі тұсында қазақ тілінде заң саласында термин қалыптастыруға шектеулер болды, ұлттық құқықтық мәдениетті дамыту мәселесі кейінгі орынға ысырылды. Нәтижесінде құқық саласындағы терминдердің бірізділігіне қол жеткізу қиынға соқты. «Әдеп.Қоғам.Құқық» оқулығын талдау барысында да жас ерекшелігіне мән берілмей, балалық, жасөспірімдік психологиясына ауыр терминдер пайдаланылғаны байқалады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы кезеңде заң ғылымдарының қазақ тілінде дамуы қарқын алғанымен, 1990 жылдардағы экономикалық және саяси өтпелі кезең оқулықтарды біріздендіруге бірден мүмкіндік бермеді. Дегенмен 2000 жылдардан бастап Мемлекеттік білім беру стандартына сай «Құқық негіздері» пәні мектеп бағдарламасына ене түсті. Осы кезде терминологияны жүйелеуде бірқатар алға жылжу болды. Мемлекеттік тіл мәселесі көтеріліп, түрлі терминологиялық комиссиялар құрылды. Заң мәтіндерін қазақ тіліне аудару жұмыстарында белгілі бір критерийлер қабылданып, көптеген терминдер ресми түрде бекітілді.

2010 жылға дейінгі оқулықтарда «азаматтық құқық», «қылмыстық құқық», «отбасылық құқық» сияқты терминдер біршама орнықты, бірыңғай аударылды. Екінші жағынан, «қылмыстық процесс», «медиация», «меритократия», «нотариат» сияқты шет тілінен енген жаңа терминдердің аудармасы бірыңғай болмады. Оқушыларға арналған оқулықтарда бұл терминдер көп жағдайда жақша ішінде түсіндірме арқылы берілді немесе тікелей калька түрінде сақталды.

2017 жылдан кейінгі жаңартылған білім беру мазмұнында «Құқық негіздері» пәні 9-11 сыныптарда оқытады. Бұл жасөспірімдердің құқықтық санасы қалыптасып, тұлғалық көзқарастары бекітілетін маңызды кезең. Осы себепті оқулық тілі бір жағынан ғылыми, екінші жағынан түсінікті болуға тиіс. Терминдердің күрделілік деңгейі оқушының ментальдық даму ерекшелігіне сай болуы қажет.

Орта білім беру стандартына сәйкес, «Құқық негіздері» пәні 9-сыныпта кіріспе сипатында өтіліп, оқушыларға құқық және мемлекет ұғымдары, заң және заңның

функциялары, азаматтық құқықтың бастамалары, отбасы және неке құқығының кей аспектілері таныстырылады. 10-сыныпта құқықтың салалары тереңірек қамтылады: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және еңбек құқығы. Ал 11-сыныпта халықаралық құқық, конституциялық бақылау, сот жүйесі, құқықтық мемлекет, адам және азамат құқықтары мен бостандықтары сияқты күрделі тақырыптар енгізіледі. Осы үш оқулықты (авторлар тобы әртүрлі болуы мүмкін) салыстыру барысында төмендегідей ерекшеліктер байқалды:

1. Терминдердің кезеңдік күрделенуі:

9-сыныпта «құқық», «заң», «бостандық», «жауапкершілік» сияқты базалық ұғымдар беріледі.

10-сыныпта «моральдық шығын», «әкімшілік құқықбұзушылық», «антидемократикалық режім» «әкімшілік құқық» т.б. күрделірек ұғымдар пайда болады.

11-сыныпта «преюдиция», «кассация», «нострификация», «контрафакт», «филиация», «ювеналды юстиция» секілді арнайы терминдер көбейеді.

Айталық, 9-10-11 сыныптарда «алимент» ұғымына берілген дефиницияның ерекшеліктері төмендегідей: 9-сынып деңгейінде алимент ұғымы "заңмен бекітілген жағдайларда отбасы мүшелерінің бірі екіншісіне төлейтін қаражат" деп сипатталады. Мұнда оқушыларға алименттік міндеттеменің негізгі мақсаты – «еңбекке қабілетсіз және мұқтаждық көріп отырған отбасы мүшелерін асырау» екені қарапайым тілмен жеткізілген. Бұл анықтамада ата-аналардың өз құқықтарын дұрыс атқармаған жағдайда қолданылатын санкция туралы ескерту бар, сондықтан 9-сынып оқушыларына отбасылық жауапкершіліктің заңдық тұстары қысқаша таныстырылады [13, 69].

10-сынып деңгейінде алимент ұғымы біршама кеңейеді: «Ерлі-зайыптылардың біреуі екіншісіне, ата-анасы кәмелетке толмаған баласына немесе ересек бала қарт ата-анасына міндетті түрде төлейтін қаражат». Мұнда терминнің латынша түп-төркіні (*alimentum*) және төлемнің «тамақтануға» арналатыны тікелей атап өтіледі. Сонымен қатар төлемнің өз еркімен немесе сот арқылы мәжбүрлі жолмен өтелетіні түсіндіріледі. Осылайша 10-сыныпта алименттің қолданылу аясы кеңейіп, әлеуметтік-маңызды мәртебесі баса көрсетіледі [14, 75].

11-сыныпта алимент «ақшалай немесе материалдық тұрғыдан асырау» деп анықталып, нақты жағдайда (мысалы, ерлі-зайыптылардың біреуі баланы бағудан бас тартқан кезде) сот арқылы өндірілетіні баса айтылады. Бұл жерде құқықтық реттеудің сот инстанциялары мен тараптардың міндеттеріне байланысты тетіктері тереңірек қозғалады, яғни оқушыға құқықтық рәсімнің толық тізбегі мен салдары кең көлемде ашылады [15, 82].

Алимент термині мектеп бағдарламасында біртіндеп күрделеніп, әр сыныпта оқушылардың жас және когнитивтік ерекшеліктеріне сәйкес түсіндірілгені жөн. 9-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін терминнің құқықтық, әлеуметтік және моральдық қырлары жан-жақты ашылып, сот және заңнама тетіктері туралы мағлұмат беріледі

2. Кеңес заманындағы оқулықтардан ерекшелігі:

Кеңес заманындағы оқулықтарда (мысалы, «Әдеп.Қоғам.Құқық» немесе «Қоғамтану») көптеген ұғымдар идеологиялық бояумен түсіндірілгенін ескерсек, қазіргідей ғылыми негіз бен дербес құқықтық теорияға сүйеніп жазылған оқу материалдары әлдеқайда сапалырақ. Дегенмен терминжасам тұрғысынан алғанда, сол кезеңнен бері келе жатқан «транслитерацияланған» терминдер әлі де кездеседі. Мысалы, «конституция» сөзін тікелей «Ата Заң» деп алмастырмай, көбіне қосарланған нұсқада («Конституция – Ата Заң» ретінде) қолдану үрдісі байқалады [16, 10].

3. Күрделі терминдердің анықтамасы және оларды жеңілдету жолдары:

Талдау барысында бірнеше құқықтық терминнің анықтамасы тым «көлемді» әрі оқушыларға күрделі екені анықталды. Мұндай анықтамалар, біріншіден, түсінуді қиындатса, екіншіден, есте сақтауды да күрделендіреді. Төменде күрделі анықтамалар және олардың оқушы таным-түсінігіне сәйкес жөнделген нұсқасы ұсынылды.

Оқулықтағы анықтама: Қылмыстық қудалау (айыптау). Қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті және оны жасаған адамды, соңғысының қылмыстық құқықбұзушылық

жасаудағы кінәсін анықтау мақсатында, сондай-ақ осындай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет [14, 51].

Ұсынылатын нұсқа: Қылмыстық қудалау (айыптау). Мемлекет тарапынан қылмыс жасаған адамды анықтап, оны жауапқа тартуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

Оқулықтағы анықтама: Неке. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықтық одақ [15, 68].

Ұсынылатын нұсқа: Неке. Екі адамның заңды түрде отбасы құрып, бірге өмір сүруге жасаған келісімі.

Оқулықтағы анықтама: Шоғырландырылған заң. Заң шығару құрылымдарын жетілдіру мақсатында қабылданатын ірі заң [14, 19].

Ұсынылатын нұсқа: Жинақталған заң. Бірнеше заңды біріктіріп, бір құжатқа айналдырған ереже.Оқулықтағы анықтама: **Нормативтік-құқықтық акт**. Республикалық референдумда қабылданған немесе уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын бекітетін, қолданылуын өзгертетін, толықтыратын, тоқтататын немесе олардың әрекеттерін тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат [13, 39].

Ұсынылатын нұсқа: **Нормативтік-құқықтық акт**. Мемлекет қабылдаған ресми құжат. Онда заңдар мен ережелер жазылады. Бұл ережелерді барлық азаматтар орындауға міндетті.

Оқулықтағы анықтама: **Билікті бөлу қағидаты.** Заңдылықты қамтамасыз етіп, билікті шамадан тыс пайдалануға жол бермейтін, барлық азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттар мен ұйымдардың заң талаптарын тең дәрежеде орындау қажеттігін білдіретін қағидат [13, 101].

Ұсынылатын нұсқа: **Билікті бөлу** – мемлекетте биліктің үш тармаққа бөлінуі: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. Әр тармақтың өз міндеттері бар, және олар бір-бірін бақылайды. Бұл әдіс билікті асыра пайдаланбау үшін қажет.

Жоғарыда көрсетілгендей, терминнің айтар ойын сақтай отырып, сөйлемді қысқарту және мағынасын оқушыға жақындату негізгі мақсат болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, есте сақтауын жеңілдетеді

4. Ағылшын тіліндегі оқулықтар тәжірибесін пайдалану.

Шетелдік мектептерде құқық негіздері жиі «Civics» немесе «Social Studies» аясында оқытылады. Онда терминдер қысқа әрі нақты түрде беріледі. Мысалы, «offence» сөзін түсіндіруде оны заң бұзушылық ретінде ғана емес, нақты мысалдармен, кейстермен байланыстырып, оқушылардың қызығушылығын оятады. Қазақстандық оқулықтарда да кейстік тапсырмалар мен жаттығулар көбейіп келе жатқаны қуантады, алайда терминдерді тікелей аудару немесе калька жолымен алу оқушылардың түсінуіне кедергі болуы мүмкін. Ағылшын тіліндегі құқық оқулықтарында, әсіресе 9-10-сынып деңгейінде, қосымша глоссарий, диаграмма, кестелер жиі пайдаланылады. Бұл тәсіл оқушылардың визуалды қабылдауын жеңілдетеді [17, 163]. Қазақстандық оқулықтарда да терминдерді кесте арқылы біріктіріп беру, ұқсас ұғымдарды топтастыру сынды әдістерді кеңірек қолдану ұтымды болмақ.

«Оксфорд сөздігі» немесе «Black's Law Dictionary» сияқты беделді ағылшын тіліндегі сөздіктер құқық терминдерін мүмкіндігінше нақты, ұғымдық ауқымын тұжырымдай отырып түсіндіреді. Онда әрбір терминге қысқа анықтама беріліп, кейде мысалдар, заңдық дереккөздерге сілтемелер келтіріледі. Бұл оқушының құқық саласына деген қызығушылығын оятады, себебі теория тікелей тәжірибемен, нақты оқиғалармен ұштастырылады.

Қазақстандық оқулықтарда мұндай жүйелі көзқарас толық болмаса да, кейінгі жылдары құрастырылған оқулықтарда мысалдар, кейстер келтіру үрдісі байқалады. Мысалы, «отбасылық құқық» бөлімінде неке шарты, алимент төлеу, ата-ананың құқықтары

сияқты ұғымдарды өмірлік жағдайлармен байланыстыра түсіндіру көптеп кездеседі. Сол арқылы оқушылар құқықтық терминдерге бей-жай қарамай, олардың өмірдегі қолдану аясы бар екенін сезіне бастайды

5. Құқық салалары бойынша терминдердің жиілігі:

Мектеп оқулықтарында ең көп қамтылатын құқық салалары – азаматтық және қылмыстық құқық. Себебі бұл екі саланың ұғымдары жасөспірімдердің күнделікті өмірінде жиі кездеседі және құқықтық сауаттылық тұрғысынан да аса маңызды. Талдауға алынған «Құқық негіздері» оқулығында жиі кездесетін құқық саласы терминдерінің үлесі мынадай бөліністе анықталды:

Құқық салалары	**9-сынып**	**10-сынып**	**11-сынып**
Азаматтық құқық	30%	25%	15%
Қылмыстық құқық	20%	30%	20%
Әкімшілік құқық	10%	15%	15%
Еңбек құқығы	15%	10%	5%
Отбасы құқығы	15%	5%	5%
Халықаралық құқық т.б.	10%	15%	40%

Кестеден көрініп тұрғандай, 9-сыныпта азаматтық құқық, отбасы құқығы көбірек болса, 10-сыныпта қылмыстық және әкімшілік құқықтың терминдері көбейеді, ал 11-сыныпта халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар мен конституциялық құқыққа байланысты терминдер басымдық алады. Бұл градация – табиғи үрдіс: оқушының құқық салаларын кезең-кезеңімен меңгеруіне сәйкес терминдер де күрделеніп отырады.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбы – құқықтық сауат пен ұлттық құндылықтарды қатар үйретуге ерекше көңіл бөлетін кезең. Себебі бұл жастағы оқушылар жасөспірімдік шақта әлеуметтік және құқықтық ұғымдарды игеруге бейім келеді, әрі олардың дүниетанымы белсенді түрде қалыптасады. Сол себепті «Асар», «Белкөтерер», «Ерулік», «Жылу», «Қонақасы», «Қонаққәде», «Отбасы институты», «Той дастарқаны» және «Туыстық» сияқты этномәдени мазмұндағы құқықтық ұғымдардың оқулыққа енгізілуі жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарға деген құрметін нығайтып қана қоймай, олардың санасына қазақ халқының ежелгі заңдық, қоғамдық қатынастар жүйесінің негіздерін сіңіреді.

9-сыныптың «Құқық негіздері» пәнінде этномәдени ұғымдарды енгізу мынадай міндеттерді атқарады:

- Оқушыларға ата-баба дәстүрлерінің құқықтық, әлеуметтік қырларын түсіндіру.
- Ұлттық тәрбие мен құқықтық мәдениетті ұштастыра отырып, патриоттық сана қалыптастыру.
- Тілдік және мәдени-әлеуметтік сабақтастықты қамтамасыз ету.

Жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың ата дәстүрлерін білуге ынталандыру.

«Асар» – қазақ халқының ең көне әрі кең тараған дәстүрлерінің бірі. Ол туыстар мен көршілердің, таныстардың еңбек күші мен ынтымағын біріктіру арқылы ауыр жұмыстарды тегін атқаруды білдіреді. Үй салу, құдық қазу секілді ауқымды жұмыстарды көпшілік болып атқарғанда, еңбектің өнімділігі артып, қоғамда өзара жәрдем беру ұстанымы қалыптасады. 9-сынып оқушылары үшін «асар» ұғымын меңгерудің маңызы – біріншіден, «асар» арқылы қазақ қоғамындағы ынтымақтастық, еріктілік, қайырымдылық құндылықтарын түсіну; екіншіден, ұлттық салт-дәстүр мен қазіргі құқықтық нормалардың тарихи үндесуін көру. Мысалы, қазіргі уақытта заңда волонтерлік немесе қоғамдық жұмысты ұйымдастыру мәселелері қамтылады. «Асардың» дәстүрлі нұсқасы – *дәл* осы волонтерліктің тарихи бір көрінісі.

Ал «Белкөтерер» – жоғары жастағы қарияларға арнайы құрмет көрсету дәстүрі. Бұл дәстүрде қарияларға күш-қуатын арттыру үшін қазы, ірімшік, құрт, қымыз секілді

жеңсік дастарқан дайындалып, «еліңе еңбегің сіңді» деген мадақтау да беріледі. Құқықтық тұрғыдан алғанда, мұндай дәстүрлі қалып бүгінгі «қарттарды әлеуметтік тұрғыда қолдау» және «ұрпақтық сабақтастық» қағидаттарымен үндеседі. 9-сынып оқушылары Белкөтерер дәстүрін оқып-білу арқылы аға буын өкілдерін сыйлау, әлеуметтік қолдау мен құрметтеу мәселелерінің тарихи тамырын түсінеді.

«Ерулік» – ауылға жаңадан көшіп келгендерге көршілерінің жасаған құрметі мен көмегі. Бұл қазақ қоғамында әлеуметтік бейімдеудің тиімді тәсілі болған. Құқықтық аспектіде «еруліктің» маңызы – жаңа ортаға интеграция, әлеуметтік қолдау, көршілер арасында тату қарым-қатынас орнатуға негізделуі. Бүгінде мұны «коммуналдық ынтымақ», «көршілік өзара келісім» қағидаттарымен салыстыруға болады. 9-сынып оқушылары «ерулік» ұғымын оқу арқылы көршілік құқық нормаларының тек заңдармен ғана емес, дәстүр мен әдет-ғұрып арқылы да реттелетінін түсінеді.

«Жылу» – табиғи апат немесе басқа да бақытсыздыққа ұшыраған жандарға көмек көрсету дәстүрі. Осы ұғым ел арасындағы материалдық және рухани қолдаудың, қайырымдылықтың, ортақтасудың айқын нышаны. Құқықтық тұрғыда қайырымдылыққа, мүгедектерге, аз қамтылған отбасыларға, апаттан зардап шеккендерге демеуқаржы бөлу тәрізді әрекеттер біздің заманауи заңнамамызда да қарастырылған. Сол себепті «жылу» дәстүріне байланысты қалыптасқан түсінік – қазіргі әлеуметтік қорғау жүйесінің де түптамыры. 9-сыныпта бұл дәстүрдің маңызы оқушыларға адамгершілік, мейірімділік, ортақ жауапкершілік идеясын тереңірек сезінуге көмектеседі.

Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі өте бай, оның ішіндегі «Қонақасы» – арнаулы шақырылған немесе арнайы келген кісілерге берілетін дәм. Бұл дәстүр әдетте қазақ қонақ күту мәдениетінің басты нышандарының бірі ретінде танылған. Құқықтық аспектіде «қонақасы» – жеке тұлғаны сыйлау, қоғамдық тәртіп орнату, туыстық және достық байланысты нығайтуға арналған әлеуметтік механизм. 9-сынып оқушылары «қонақасы» ұғымын үйрену арқылы қазақтың «қонақты Құдайыңдай күту» қағидатын құқықтық мәдениеттің бір бөлігі ретінде бағалай бастайды. Өйткені қонақты қарсы алу ғана емес, оның қауіпсіздігін, жайлылығын қамтамасыз ету де әлеуметтік міндет санаған.

«Қонаққәде» – осы қонақжайлылықтың жалғасы. Үй иесі қонақты ән айтуға, өлең оқуына, күй тартуға немесе өнер көрсетуге шақыруы арқылы оны құрметтеу әрі отырыстың көңілді өтуін қамтамасыз етуді көздейді. Бұл дәстүрдің құқықтық немесе әлеуметтік мәні – адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынас пен өзара сыйластықты орнықтыру. 9-сынып оқушылары үшін «қонаққәде» – қазақи отбасылық-тұрмыстық мәдениеттегі өнердің ролін көрсететін маңызды ұғым.

«Отбасы институты» – құқық саласында біршама жиі қолданылатын термин болғанымен, «Құқық негіздері» пәнінде оның этномәдени аспектісі де ерекше атап өтіледі. Қазақ халқында отбасы – тек ер мен әйелдің одағы ғана емес, ол туыстық, әулеттік, рухани және материалдық құндылықтарды жалғастырушы әлеуметтік ұяшық. Заң ғылымында отбасы институты бала тәрбиесі, мүліктік құқықтар, жеке және қоғамдық жауапкершілік тұрғысында зерттеледі. Ал этномәдени салада «Отбасы институты» дегеніміз – салт-дәстүрлердің, рулар мен ата-бабалардың тарихи жалғастығы мен дәстүр сабақтастығының жүзеге асырылатын орны.

9-сынып оқушылары үшін «Отбасы институты» ұғымын меңгеру – олардың болашақ өміріне қажет құқықтық сауат пен ұлттық құндылықтарға құрметтің негізін қалау. Осы жаста отбасыға қатысты құқықтық нормалар мен дәстүрлі ережелерді білу жасөспірімдердің әлеуметтік өмірге бейімделуіне көмектеседі.

Жоғарыда аталған «Асар», «Белкөтерер», «Ерулік», «Жылу», «Қонақасы», «Қонаққәде», «Отбасы институты», «Той дастарқаны» және «Туыстық» терминдері – қазақ халқының құқықтық мәдениетінен хабар беретін, ұлттық дүниетанымның маңызды компоненттері. Олардың 9-сыныпта оқытылуының себебі – бұл жас кезеңіндегі оқушылардың құқықтық сауатын ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып қалыптастыру қажеттілігі. 10-11-сыныпта аталмыш терминдердің кездеспеуі, ең алдымен, оқу бағдарламасының

күрделі құқықтық нормаларға көбірек көңіл бөлуімен байланысты. Жоғары сыныптарда заңнамалық актілер, мемлекеттің құқықтық жүйе құрылымы сияқты мәселелер тереңдете оқытылады. Ал 9-сыныпта жалпы құқықтық ұғымдармен қатар, салт-дәстүрлердің әдет-ғұрыптық құқыққа қатысын таныстыру – оқушылардың құқықтық мәдениетінің ұлттық негізде қалыптасуына септігін тигізеді.

Ғылыми дәлелділік тұрғысынан, этномәдени құқықтық ұғымдарды оқыту – оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын, тарихи-әлеуметтік жады мен ұлттық бірегейлікті нығайтатын тиімді әдіс. Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, жасөспірімдер теориялық құқықтық білімді ғана емес, оның практикалық, өмірмен байланысты қырларын меңгергенде оқу материалына деген қызығушылығы күшейеді. Ал этномәдени терминдер – өмірдің нақты көріністерін сипаттай отырып, оқушыларды қоршаған ортасымен тығыз байланыстырады. Бұл оқытудың нәтижелілігін жоғарылатады.

Тілтанымдық талдау тұрғысынан, аталған терминдердің көпшілігі біріккен сөздер мен аналитикалық тіркестер арқылы жасалған. Мұндай сөзжасам үлгілері қазақ тілінің ұлттық болмысына тән. Оқушылар тілдік нормаларды тереңірек түсінумен қатар, тарихи лексиканың қалыптасуын да сезінеді. Нәтижесінде, олар тілдің әлеуметтік, мәдени, құқықтық қызметін кешенді түрде қабылдап үйренеді.

Сонымен қатар, бұл ұғымдардың құқықтық мазмұны – қауымдастықты ұйымдастыру, туыстық байланыстарды сақтау, қонақжайлылық нормаларын реттеу, егде жастағы адамдарды қолдау, табиғи апатқа ұшырағандарға көмектесу, жас ұрпақтың отбасы институтын құрметтеу сияқты әртүрлі әлеуметтік-құқықтық құбылыстарды қамтиды. Осылайша, ұлттық дәстүрлер мен қазіргі заманауи құқықтық ұстанымдардың арасында сабақтастық бар екенін нақтылауға болады.

Мектеп оқулықтарындағы құқықтық ұғымдар мен терминдердің берілу тәсілі – оқушының жас ерекшелігіне бейімделіп отыратын үдеріс. Алайда тәжірибе көрсеткендей, бірдей терминдер кейде әртүрлі сыныпта әртүрлі немесе қайталама түрде анықталып жатады. Бұл оқушылардың ұғымды бірізді түсінуіне кедергі келтіруі мүмкін. Төменде 9, 10 және 11-сынып оқулықтарындағы бірдей құқықтық терминдерге қатысты ұқсастықтар мен өзгешеліктер кесте түрінде берілді.

2-кесте. Оқулықтағы бірдей терминдердің өсу градациясы

Термин	9-сыныптағы анықтама	10-сыныптағы анықтама	11-сыныптағы анықтама
Азамат-тық құқық	Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеп отыратын құқықтық нормалар жиынтығы.	Тауар-ақшаны және өзге де мүліктік қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы; мүліктік және олармен байланысты емес жеке қатынастар, қатысушы тараптардың бір-біріне тәуелсіз болуы ұстанымына негізделеді.	(11-сыныпта «Азаматтық құқық» терминінің анықтамасы жоқ, орнына «Азаматтық процестік құқық» берілген.)

Неке	(9-сыныпта толық анықтама жоқ; тек «Азаматтық неке» бар.) Азаматтық неке: Ер адам мен әйелдің некеге тұрмай-ақ бірге тұрып, ортақ шаруашылықты бірге жүргізуі.	Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, заңнамада белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған тең құқықтық одақ (отбасын құру мақсатында).	Отбасын құру мақсатында заңмен белгіленген тәртіппен тараптардың еркін және толық келісімі арқылы жасалатын еркек пен әйел арасындағы тең одақ.
Әкімшілік жаза	Әкімшілік құқықты бұзғаны үшін өкілетті органдар – сот, мемлекеттік органдар (лауазымды тұлғалар) қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.	Әкімшілік құқықбұзушылық үшін мемлекеттік органдар тағайындайтын шаралар.	(11-сыныпта «Әкімшілік жаза» термині кездеспейді; оның орнына «Әкімшілік жауапкершілік» бар)
Әкімшілік жауапкершілік	Заңдық жауапкершілік түрі. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар мемлекет белгілеген заңдар мен ережелерді бұзғаны үшін азаматтарға, мекемелерге әкімшілік шаралар қолданады.	Әкімшілік құқықбұзушылық жасалған соң туындайтын жағымсыз салдар (әкімшілік жауаптылық).	Әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін берілетін жаза; мақсаты – жаңа құқықбұзушылықтардың алдын алу және оларды жасағаны үшін жазалау (әкімшілік жауапкершілік).
Әкімшілік құқық бұзушылық	Жеке тұлғаның (қасақана немесе абайсызда) құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі; заңды тұлғаның да құқыққа қарсы әрекеті немесе әрекетсіздігі.	Әкімшілік құқық нормаларын бұзу.	Әкімшілік заңнамамен тыйым салынған құқыққа қарсы әрекет; қылмыстық құқықбұзушылыққа қарағанда қоғамға елеулі зиян келтірмейді.
Еңбек құқығы	Еңбек ету үдерісінде қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын құқықтық нормалар жиынтығы.	Еңбек функциясы бойынша жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы қатынасты реттейтін құқықтық норма. Еңбек ақысын төлеу, еңбек тәртібі, жұмыс уақытын белгілеу, еңбекті қорғау және т.б. аспектілерді қамтиды.	(11-сыныпта «Еңбек құқығы» термині жоқ, оның орнына «Еңбек даулары», «Еңбек қатынасы», «Еңбек арбитражы» сияқты нақты қолданыстар берілген.)

Еңбек даулары / дауы	Еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс беруші арасында туындайтын келіспеушіліктер; еңбек және ұжымдық келісімшарттарды орындау не өзгерту мәселелеріне қатысты.	(10-сыныпта «Еңбек даулары» термині кездеспейді.)	Қызметкер мен жұмыс беруші арасында Қазақстан Республикасының еңбек заңдарын қолдану, ұжымдық шарттардың және т.б. талаптарды орындау не өзгерту мәселелері жөніндегі реттелмеген келіспеушіліктер.
Еңбек жағдай-лары	Ақы төлеу, еңбек тәртібі, жұмыс күні мен тынығу уақыты тәртібі, қызмет көрсету аясын кеңейту, еңбек қауіпсіздігін қорғау және т.б. ... Еңбек жағдайы еңбек өнімділігі мен ұжымдағы көңіл-күйге тікелей әсер етеді.	(10-сыныпта еңбек жағдайлары жөнінде нақты анықтама берілмейді; «Еңбек шарты» және оның мазмұны бар.)	(11-сыныпта «Еңбек жағдайлары» термині кездеспейді; «Еңбек қатынасы» мен «Еңбек дауы», «Еңбек арбитражы» сөз болатыны байқалады.)

Жоғарыдағы кесте 9, 10 және 11-сынып оқулықтарында кездесетін кейбір құқықтық терминдердің қалай анықталатынын салыстыра көрсетеді. Байқап отырсақ, бірдей терминдерге байланысты анықтамаларда:

- **Бірізділік пен жүйелілік** толық сақталмайды – бір сыныпта мүліктік қатынастарға басымдық берілсе, келесі сыныпта оған қоса жеке мүліктік емес қатынастар енгізіледі немесе терминнің негізгі мазмұны өзгеріп кетеді.
- **Оқушының жас ерекшелігі әрдайым ескерілмейді** – кей тұстарда 9-сыныптағы анықтаманың өзі күрделі, ал 10-сыныпта одан да тереңдетілген күрделі анықтама болуы мүмкін немесе керісінше.
- **Қайталама және жаңсақ қолдану** элементтері байқалады – мысалы, «Әкімшілік жаза» 9 және 10-сыныпта ұқсас сипатта берілсе, 11-сыныпта мүлде кездеспейді. Оның орнына «Әкімшілік жауапкершілік» терминінің анықтамасы келеді, алайда 9-сыныпта да «Әкімшілік жауапкершілік» бар. Бұл оқушының ұғымды шатастыруына алып келуі мүмкін.

Азаматтық құқық

9-сыныпта азаматтық құқық мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтіні айтылса, 10-сыныпта оған «тауар-ақшаны және өзге де мүліктік қатынастарды» реттеу деген жаңа формулировка қосылған. 9-сынып оқушысы үшін мүліктік және мүліктік емес қатынастарды жалпы деңгейде білу жеткілікті болуы мүмкін, алайда 10-сыныпта бұған дербестік принципі (тараптардың бір-біріне тәуелсіз болуы) қосылып, құқықтық нормалардың ауқымы кеңейеді. Бұл – негізінен дұрыс қадам, бірақ екі сыныптағы анықтама арасында бірізділік және сабақтастық нақты көрініс таппай жатады. Мысалы, 9-сыныпта «заңмен тыйым салынбаған нәрсенің барлығына рұқсат етіледі» деген азаматтық құқықтың негізгі әдісі аталмайды, ал 10-сыныпта бұл қағида тікелей көрсетілген. Мұндай айырмашылықты түсіндіруші әдістемелік материал болмағандықтан, оқушыларда логикалық алшақтық орын алуы мүмкін.

Неке және азаматтық неке

9-сынып оқулығы «Неке» ұғымына нақты анықтама бермейді, тек «Азаматтық неке» түсіндіріледі. Ал 10-сынып және 11-сынып оқулықтарында «Неке» ұғымына анағұрлым толыққанды және заңнамалық тұрғыдан терең анықтама беріледі. Осы жерде 9-сыныпта

«Неке» ұғымының жалпы құқықтық сипатын бермей тұрып, оның «Азаматтық неке» деген түріне (заңды тіркелмеген, бірақ бірге тұрып жатқан адамдар) ерекше назар аудару – әдістемелік жағынан күмән тудыруы мүмкін. Бір жағынан, оқушылар бұл жаста «қоғамдағы түрлі отбасылық қатынастар» туралы білуі қажет болғанымен, екінші жағынан, заңмен тіркелмеген некенің оқулықта бөлек термин ретінде берілуі – заңды неке мен азаматтық некенің айырмашылығын салыстырып түсінуді талап етеді. 10-сыныпта «Неке – ... тең құқықтық одақ» деп нақты құқықтық нормаларға сілтеме жасалса, 11-сыныпта да ұқсас мазмұн сақталған. Мұнда 9-сыныптағыдай толық айырмашылық жасалмайды, тек бір ізді анықтама қайталанады. Оқушының жас ерекшелігі ескерілсе, 9-сыныпта алдымен жалпы «Неке» ұғымын беріп, содан соң барып оның балама/заңды күшін мойындатпаған түрлері (азаматтық неке) туралы айтылғаны ұтымды болар еді.

Әкімшілік жаза және әкімшілік жауапкершілік

Бұл екі ұғым өте тығыз байланысты: әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғаға «әкімшілік жаза» қолданылады, сонымен бірге ол «әкімшілік жауапкершілікке» тартылады. 9 және 10-сыныпта «Әкімшілік жаза» деген арнайы термин бар, ал 11-сыныпта дәл осы термин жоқ. Оның орнына «Әкімшілік жауапкершілік» беріліп, оның мақсаты түсіндіріледі. Шынтуайтында, 9-сыныпта да «Әкімшілік жауапкершілік» термині бар, демек 9-сынып оқушысы әкімшілік құқықтың екі терминін қатар кездестіреді: «Әкімшілік жаза» және «Әкімшілік жауапкершілік». Бұл жерде оларды заңгерлік тұрғыда ажырату керек: жаза – жауапкершілікке тартудың нақты шарасы; жауапкершілік – құқықтық институттың өзі. Мектеп жасындағы оқушылар үшін мұндай күрделі ажырату түсінікті бола бермеуі мүмкін, сол себепті оқулықта анықтамаларды кезең-кезеңімен, қарапайым тілмен беру қажет еді. 10-сынып оқулығында «Әкімшілік жаза» бір ғана сөйлеммен (кодексте көрсетілген шаралар) түсіндіріледі, ал «Әкімшілік жауаптылық» жағымсыз салдармен шектеледі. 11-сыныпта «Әкімшілік жауапкершіліктің» мәні кеңейіп, «құқықбұзушылықтың алдын алу және жазалау» мақсаты қосылады. Егер бір терминнің 9-сыныпта қысқаша түсіндірмесі беріліп, 10-11-сыныпта біртіндеп күрделене түссе, оқушының түсінуі оңай болар еді; бірақ шын мәнінде олар әр сыныпта қайталанады да, кей жағдайда ұғымдарының шегі өзгеріп кетеді.

Әкімшілік құқықбұзушылық

9-сынып анықтамасы жеке және заңды тұлғалардың «қасақана немесе абайсызда» жасаған құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі деп түсіндіреді. Бұл – толық, нақты анықтама. 10-сынып оны тек «Әкімшілік құқық нормаларын бұзу» деп бір жолмен ғана шектейді, яғни анықтама қысқарады. Ал 11-сыныпта тағы да толықтырылып, «қоғамға елеулі зиян келтірмейді, сондықтан қылмыстық құқықбұзушылықтан өзгеше» деген түсіндірме қосылады. Осылайша, 9-сыныпта берілген кең анықтама 10-сыныпта белгілі бір мағынада жеңілдетіледі, ал 11-сыныпта қайтадан тереңдейді. Бұл – оқулықтардың өзара үйлесімін әлсірететін бір мысал.

Еңбек құқығы және оған қатысты терминдер

9-сыныпта«Еңбекқұқығы»–еңбекетуүдерісіндепайдаболатынқоғамдыққатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы деп анықталса, 10-сыныпта «Еңбек функциясы бойынша жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы қатынасты реттейді» деген мазмұн қосылып, оны нақтылайды. Ал 11-сыныпта «Еңбек құқығы» терминді дербес берілмейді, бірақ «Еңбек қатынасы», «Еңбек дауы», «Еңбек арбитражы» деген ұғымдар енгізіледі. 9-сыныпта «Еңбек даулары» анықтама түрінде толық ашылса, 11-сыныпта «Еңбек дауы» деген сәл өзгешелеу нұсқамен қайталанады. Мұндағы мәселесі – 9-сыныптағы анықтаманың өзін кең көлемде беруі (заңнаманы қолдану, ұжымдық шарттарды орындау, өзгерту мәселелері) оқушылар үшін тым ауқымды болуы мүмкін. 10-сыныпта ол мүлде айтылмайды да, 11-сыныпта қайтадан егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Мұндай жүйеде «Еңбек даулары» ұғымы 9-сыныпта беріліп, 10-сыныпта түсіндірілмей қалады, нәтижесінде 11-сыныпта қайта шыға келгенде оқушылардың біліміндегі сабақтастық үзілмеуі үшін арнайы түсіндіру қажет болуы мүмкін.

Нәтижелер. Мектеп оқулықтарындағы терминдер бірізділігі – оқыту үдерісінің сәтті жүруінің және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастырудың басты факторы. Құқық пәні мысалында бұл мәселе ерекше өзектілікке ие, себебі құқықтық сауаттылықты бала жастан дамыту – азаматтық қоғамды нығайтудың негізгі шарттарының бірі. Зерттеу барысында 9, 10 және 11-сыныптарға арналған «Құқық негіздері» пәні оқулықтары салыстырылып, олардың тілдік және терминдік ерекшеліктері талданды. Құқық оқулығындағы терминдердің тұлғасына қарай сандық көрсеткіші төмендегідей болды:

3-кесте. Оқулық терминдерінің тұлғасына қарай сандық көрсеткіші

р/с	Тұлғасына қарай	Саны/ Пайыздық көрсеткіші		
		9-сынып (163 термин)	10-сынып (435 термин)	11-сынып (360 термин)
1	Түбір термин	20 (12,28%)	65 (14,95%)	91 (25,28%)
2	Қосымшалы туынды терминдер	12 (7,38%)	33 (7,58%)	31 (8,62%)
3	Тіркесті, біріккен, құрама, қысқартылған және т.б.	126 (77,34%)	327 (75,18%)	191 (53,05%)
4	Шеттілдік терминдер	5 (3%)	10 (2,29%)	47 (13,05%)

Сондай-ақ кеңес кезеңіндегі оқулықтармен және шетелдік тәжірибемен салыстыра отырып, бірқатар нәтижелерге қол жеткізілді.

1. Тарихи сабақтастық. Алаш кезеңінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Кәрібайұлы сияқты қайраткерлер ұлттық тілде оқулық жазу арқылы құқықтық терминдерді қазақша қалыптастырудың іргетасын қалады. Кеңес заманында терминологиялық үрдіс орталықтандырылып, орыс тілінің ықпалы күшейді. Қазіргі оқулықтарда осы екі кезеңнің де іздері бар.

2. Оқулықтардың мазмұндық айырмашылығы.

9-сыныпта базалық ұғымдар, жеңілдетілген түсініктемелер; 10-сыныпта құқық салаларына тереңдеу, терминдердің күрделенуі; 11-сыныпта халықаралық және конституциялық құқық, мемлекеттік билік тармақтары секілді ауқымды тақырыптар. Тиісінше, терминдер де күрделеніп, анықтамалар көлемі ұлғайып отырады.

3. Терминдердің бірізділік дәрежесі. Терминдердің көпшілігі соңғы оқулықтарда біршама тұрақталғанымен, әлі де әртүрлі нұсқада қолданылатын немесе аудармасы біркелкі емес терминдер кездеседі. Мысалы, «құқықбұзушылық субъектісі», «ювеналды юстиция», «партисипативтік рәсім», «антидемократиялық режім» т.б.

4. Күрделі анықтамаларды жеңілдету қажеттігі. Құқықтық анықтамаларды оқушыға түсінікті, қысқа, көрнекілікпен берілуі керек. Ұзын-сонар сөйлемдер пәнге деген қызығушылықты азайтады. Кесте түрінде берілген мысалдар мұның қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

5. Шетелдік тәжірибені қолдану. Ағылшын тіліндегі оқулықтарда терминдер көбіне қысқа анықтамамен бірге мысалдар немесе иллюстрациялар арқылы беріледі. Бұл әдісті біздің оқулықтарға бейімдеп енгізудің маңызы зор.

Қорытынды. Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық тілде оқулық жазу дәстүрінің кеңес кезеңіндегі орталықтандырылған терминжасаммен астасып, қазіргі уақытқа дейін жалғасып келе жатқаны байқалады. Бұл бір жағынан тарихи сабақтастықты көрсетсе, екінші жағынан орыс тілінің ықпалынан толық арылмағанын да аңғартады. Оқулықтардың мазмұндық айырмашылығына келсек, 9-сыныпта базалық ұғымдар мен жеңілдетілген түсініктемелер басым болса, жоғары сыныптарда халықаралық және конституциялық құқық секілді күрделі тақырыптар қамтылып, терминдердің күрделене түсуі оқушылардың танымдық деңгейіне сәйкес жүргізілетінін дәлелдейді.

«Құқық негіздері» пәнінің оқулықтарындағы терминдерді біріздендіру - оқушының пәнді игеруін жеңілдетіп қана қоймай, жалпы мемлекеттік тілдің ғылымилық деңгейін

арттыруға үлес қосатын маңызды қадам. Алаш кезеңінен қалыптасқан ұлттық термин жасау дәстүрін жалғастыра отырып, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі тәжірибені тұтас ұштастыру, ағылшын тіліндегі құқықтық терминологияның үлгілерін зерделеу және бейімдеу, сонымен қатар оқушылардың танымдық деңгейін ескеру – болашақта осы саладағы жұмыстың негізгі бағыттары болмақ. Терминологиялық комиссиялар, әдіскерлер, филологтер және заңгерлер бірлесіп, бірыңғай сөздіктерді жасап, оқулық авторларына ұсынуы қажет. Сонда ғана мектеп оқулықтарында құқық саласындағы ұғымдар біркелкі, түсінікті және ғылыми негізделген деңгейде беріледі. Бұл өз кезегінде болашақ ұрпақтың құқықтық сауаты мен азаматтық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Саметова Ф. Мектеп оқулықтарының сапасын анықтаудағы апробация критерийлері // Педагогикалық ғылымдар сериясы. №4 (69). – 2021. – Б. 84-92. DOI: https://doi.org/10.26577/JES.2021.v69.i4.08.

2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (оқулықтар мен мақалалар жинағы). –Павлодар: Павлодар мемлекеттік университеті, 2008. – 171 б.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша «Құқық негіздері» пәнінің оқу бағдарламасы (9-10 сыныптарға арналған). – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.

4. Құрманбайұлы Ш., Құлманов С. Қазақ терминжасамы: дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты // Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ №4/2023. – Б 107-129. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.08.

5. Хасанұлы Б. Қазақ тілін дамытудың Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген жолдары және тілдің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру мәселелері // Мемлекеттік тіл: бүгіні мен болашағы. А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Құраст.: Т.Ж. Алпысбаев. – Астана: Елорда, 1998. – 248 б.

6. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 250 б.

7. Kato Bukenya T. The Role of Plain Language in Legal Documents. Eurasian Experiment Journal of Humanities and Social Sciences, 6(1). -2025. Pp. 18-21. URL: https://kiu.ac.ug/assets/publications/3418_the-role-of-plain-language-in-legal-documents.pdf.

8. Құқық негіздері: Оқу құралы /Б.Ә. Алтынбасовтың редакциялығымен. – Астана: Мастер По, 2012. – 336 б.

9. Oxford Dictionary of Law (8th ed.). – Oxford: Oxford University Press, 2015. –1368 p.

10. Barabino S. Cultural, textual and linguistic aspects of legal translation: A model of text analysis for training legal translators // International Journal of Legal Discourse. Volume 5 (2). 2020. – P. 285-300. DOI: https://doi.org/10.1515/ijld-2020-2037.

11. Байтұрсынұлы А. Заң сөздері туралы // Қазақ газеті, 1914. – №12.

12. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.

13. Ибраева А.С., Гончаров С.Б. Құқық негіздері. 9-сынып. – Алматы: Мектеп, 2019. – 161 б.

14. Ибраева А.С., Есетова С.К., Ищанова Г.Т., Гончаров С.Б. Құқық негіздері. Жалпы беретін мектептің жаратылыстану- Қ74 математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 296 б.

15. Ибраева А.С., Еркінбаева Л.К., Назарқұлова Л.Т. Құқық негіздері. Жалпы беретін мектептің жаратылыстану-Қ74 математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2020. – 288 б.

16. Жүкешев Қ.М., Сапарғалиев Ғ.С., Асанбекова Г.С. Адам. Қоғам. Құқық. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2005. – 255 б.

17. Coleman J. L., Scott J. Sh. The Oxford Handbook of Jurisprudence and Philosophy of Law (Revised ed.). Oxford University Press, 2004. – 1041 p.

Т.Б. РАМАЗАНОВ, А.Ә. СОЛТАНБЕКОВА
Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан
Ш.А. ШОРТАНБАЕВ
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТЕРМИНОВ В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ (НА ПРИМЕРЕ ПРЕДМЕТА «ОСНОВЫ ПРАВА»

Аннотация. В статье (с лингвистической точки зрения) анализируется проблема терминологии в школьном учебнике по дисциплине «Основы права». В частности для обеспечения единства терминов и повышения их понятности для учащихся сравниваются языковые особенности учебников разных исторических периодов и современных учебников.

Актуальность исследования объясняется тем, что в учебниках периода «Алаш» были заложены основы формирования правовых понятий, когда преобладала тенденция адаптации юридической лексики к казахскому языку и их отождествление с национальными понятиями. В учебнике советского периода «Этика. Общество. Право» и других учебниках того же периода заметно, что ряд терминов претерпел изменения под влиянием идеологии. А в учебниках до 2010 г. и после 2017 г. предпринята попытка объединить термины в единую систему, приблизив их к международному опыту (в соответствии с процессом глобализации).

В данной статье исследуется, насколько содержание и язык учебников соответствуют возрастным особенностям. В этом контексте определяются методы и приемы освоения терминов через сопоставление правовых терминов с «Оксфордским словарем» на английском языке. Исследуется уровень роста и усложнения терминов, то есть их градация, оценивается их влияние на повышение правовой грамотности и общей правовой культуры учащихся. Термины в области права, часто встречающиеся в школьных учебниках, такие как гражданское право, уголовное право, административное право, международное право и т.д., подтверждаются статистическими данными.

Научная новизна работы заключается в выявлении преемственности в развитии терминологии правовой сферы путем сопоставления современных школьных учебников (после 2010 г.) и исторического опыта.

Практическая значимость исследования заключается в повышении понятности стандартизированных терминов для учащихся, улучшении качества понятий, используемых в преподавании предмета права, и укреплении качества правового образования.

Источником исследования служат термины из учебника «Основы права» для 9–11 классов. Для анализа терминов периода «Алаш» и советского периода использованы методы контент-анализа, а для сопоставления с «Oxford Dictionary of Law» на английском языке — сравнительный и статистический анализ.

Ключевые слова: терминология, школьный учебник, гражданское право, основы права, единство.

T.B. RAMAZANOV, A.A. SOLTANBEKOVA
A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan
SH.A. SHORTANBAYEV
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

LINGUISTIC FEATURES OF SCHOOL TEXTBOOKS TERMS (BASED ON THE EXAMPLE OF THE SUBJECT “FUNDAMENTALS OF LAW”)

Annotation. The article analyzes the problem of terminology in the textbook on the subject “Fundamentals of Law” for schoolchildren from a linguistic perspective. To ensure terminological consistency and enhance comprehension for students, linguistic features of textbooks from different historical periods are compared with contemporary ones. The relevance of the research is explained by the fact that the textbooks of the “Alash” period laid the foundations for the formation of legal

concepts, when the tendency to adapt legal vocabulary to the Kazakh language and their identification with national concepts prevailed. In the Soviet-era textbook "Ethics. Society. Law" and others, it is noticeable that a number of terms have undergone changes under the influence of ideology. Meanwhile, textbooks prior to 2010 and after 2017 sought to unify terms within a single system, making them more internationally aligned in step with globalization.

This paper examines how well the content and language of these textbooks match students' age-related needs. In this context, it identifies methods and techniques for mastering terminology by comparing legal terms with the English "Oxford Dictionary of Law." It evaluates the progression and complexity of terms, assessing their role in enhancing students' legal literacy and overall legal culture. Additionally, frequently used legal terms in school textbooks, such as civil, criminal, administrative, and international law, are validated through statistical data.

The scientific novelty lies in revealing continuity in legal terminology development by contrasting modern textbooks (post-2010) with historical examples.

Its practical significance lies in making standardized terms clearer for learners, improving legal concept quality, enhancing legal education standards.

The main source of this study is terms from the "Fundamentals of Law" textbook for grades 9–11. Content analysis was used for the "Alash" and Soviet periods, while comparative and statistical methods contrasted these terms with the "Oxford Dictionary of Law.

Keywords: terminology, school textbook, civil law, fundamentals of law, consistency.

References

1. Sametova F. Mektep oqulyqtarynyñ sapasyn anyqtaudağy aprobasia kriterileri // Pedagogikalyq ğylymdar seriasy. №4 (69). – 2021. – B. 84-92. DOI: https://doi.org/10.26577/JES.2021.v69.i4.08.

2. Baitūrsynūly A. Tıl tağylymy (oqulyqtar men maqalalar jinağy). – Pavlodar: Pavlodar memlekettık universitetı, 2008. – 171 b.

3. Qazaqstan Respublikasy Bılım jäne ğylym ministrlıgı. Jañartylğan bılım beru bağdarlamasy boiynşa «Qūqyq negızderı» pänınıñ oqu bağdarlamasy (9-10 synyptarğa arnalğan). – Nūr-Sūltan: Y. Altynsarin atyndağy ŪBA, 2019.

4. Qūrmanbaiūly Ş., Qūlmanov S. Qazaq terminjasamy: dästürlı üderıster jäne qazırgı damu bağyty // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ HABARŞYSY №4/2023. – B. 107-129. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.08.

5. Hasanūly B. Qazaq tılın damytudyñ Ahmet Baitūrsynūly negızdegen joldary jäne tıldıñ memlekettık märtebesın jüzege asyru mäseleleri // Memlekettık tıl: bügını men bolaşağy. A.Baitūrsynūlynyñ 125 jyldyğyna arnalğan respublikalyq ğylymi-teorialyq konferensia materialdary. Qūrast.: T.J. Alpysbaev. – Astana: Elorda, 1998. – 248 b.

6. Aitbaev Ö. Qazaq tıl bılımınıñ mäseleleri. – Almaty: Arys, 2007. – 250 b.

7. Kato Bukenya T. The Role of Plain Language in Legal Documents. Eurasian Experiment Journal of Humanities and Social Sciences, 6(1). – 2025. – P. 18-21. URL: https://kiu.ac.ug/assets/publications/3418_the-role-of-plain-language-in-legal-documents.pdf.

8. Qūqyq negızderı: Oqu qūraly /B.Ö. Altynbasovtyñ redaksialyğymen. – Astana: Master Po, 2012. – 336 b.

9. Oxford Dictionary of Law (8th ed.). – Oxford: Oxford University Press, 2015. – 1368 p.

10. Barabino S. Cultural, textual and linguistic aspects of legal translation: A model of text analysis for training legal translators // International Journal of Legal Discourse. Volume 5 (2). 2020. – P. 285-300. DOI: https://doi.org/10.1515/ijld-2020-2037.

11. Baitūrsynūly A. Zañ sözderı turaly. Qaza» gazetı, 1914. №12.

12. Qoigeldiev M. Alaş qozğalysy. Monografia. Ekınşı kıtap. – Almaty: Mektep, 2017. – 656 b.

13. İbraeva A.S., Goncharov S.B. Qūqyq negızderı. 9-synyp. – Almaty: Mektep, 2019. – 161 b.

14. İbraeva A.S., Esetova S.K., İşanova G.T., Goncharov S.B. Qūqyq negızderı. Jalpy beretın mekteptıñ jaratylystanu- Q74 matematika bağytyndağy 10-synybyna arnalğan oqulyq. – Almaty: Mektep, 2019. – 296 b.

15. İbraeva A.S., Erkınbaeva L.K., Nazarqūlova L.T. Qūqyq negızderı. Jalpy beretın mekteptıñ jaratylystanu-Q74 matematika bağytyndağy 11-synybyna arnalğan oqulyq. – Almaty: Mektep, 2020. – 288 b.

16. Jükeşev Q.M., Saparğaliev Č.S., Asanbekova G.S. Adam. Qoğam. Qūqyq. Jalpy bılım beretın mekteptıñ 9-synybyna arnalğan oqulyq. – Almaty: Mektep, 2005. – 255 b.

17. Coleman J. L., Scott J. Sh. The Oxford Handbook of Jurisprudence and Philosophy of Law (Revised ed.). Oxford University Press, 2004. – 1041 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Рамазанов Талғат Бекболатұлы – философия докторы (PhD), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Рамазанов Талгат Бекбулатович – доктор филолософии (PhD), научный сотрудник института языкознания имени А.Байтурсынова, Алматы, Казахстан.

Ramazanov Talgat Bekbolatovich – Doctor of Philosophy (PhD), researcher at the A.Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

Солтанбекова Альфия Әбдікенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, Алматы, Қазақстан.

Солтанбекова Альфия Абдикеновна – кандидат филологических наук, заведующий отделом грамматики Института языкознания имени А.Байтурсынова, Алматы, Казахстан.

Sultanbekova Alfiya Abdikenovna - Candidate of Philological Sciences, Head of the Grammar Department of the A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

Шортанбаев Шоқан Амангелдіұлы – филология ғылымдарының магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Шортанбаев Шокан Амангелдиевич – магистр филологических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Shortanbayev Shokan Amangeldievich – Master of Philological Sciences, Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.01.07
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.09

Ж.Ә. АЙМҰХАМБЕТ
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: a_zhanat@mail.ru)

*ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВТЫҢ «1932 ЖЫЛ. ҚАЗАҚСТАН» ӨЛЕҢІНДЕ АШТЫҚ ЗҰЛМАТЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Аңдатпа. Мақалада халық басынан өткен аса ауыр кезең – аштық зобалаңының трагедиясы поэзия мысалында қарастырылады.

XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік қанқұйлы саясаттың халықты өте ауыр қасіретке тап қылғаны тарихтан белгілі. Қазақ даласындағы аштық оқиғасы қазақ халқын алапат қырғынға ұшыратты, адамдардың жаппай қырылуына, босқынға айналуына жеткізді. Халықты жаппай қырғынға ұшыратқан аштық оқиғасы сол оқиғаларды көзімен көрген, басынан кешкен адамдардың, олардың ұрпақтарының естелігімен, құпия деп ижасырылған ресми құжаттар арқылы ұлт тарихына таңбаланып, ұрпақ жадына орнықты. Халық тарихындағы бұл қасіретті кезең ұлт рухының айнасы болған көркем әдебиетке арқау болып келеді. Роман, повесть, әңгіме, драмалық туындылар, өлеңдер топтамасы, поэмалар ашаршылықтың ауыр зардабын арқау ете отырып, ұлт тағдырын суреттеді. Сондай туындылардың бірі – қазақтың классик ақыны Есенғали Раушанов өлеңіндегі ұлт трагедиясының бейнеленуі мақаланың басты зерттеу нысаны болды. Талдау барысында ақын поэзиясындағы қазақ даласының қасіретті кезеңдегі тағдыры қалай бейнеленді, елдің мұңы мен қайғысын ақын қалай танытты деген сауалдарға жауап берілді. Аштық шындығына қатысты еңбектерден дәйектемелер келтіріле отырып, өмір шындығы мен көркем шындық қатынасы көрсетілді. Тақырыпты зерделеу барысында талдау, салыстыру, даралау және жинақтау әдістері қолданылды. Талдаулар негізінде тиісті тұжырымдар жасалды.

Түйін сөздер: Есенғали Раушанов, уақыт шындығы, халық тағдыры, Шәкәрім Құдайбердіұлы, көркем кеңістік, аштық, шындықтың бейнеленуі.

Кіріспе. Қазақ халқы тарихындағы аса ауыр, қасіретті кезең – кеңестік саясат қолдан ұйымдастырған аштық оқиғасы. Кеңес өкіметі үстемдік құрып тұрған кезде бұл қасірет туралы ұрпақ толық білмеді. Бұл туралы: «Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттері аз болмаған, ол туралы қызыл идеологияның дәурені жүріп, дәуірлеп тұрған кезінде ашық айтылмады, бәрі де бүркемеленіп көрсетілді. Айтуға, жазуға талаптанғандар жазаланды... Осы шырылдаған шындықты халқымыз тек тәуелсіздігін алған сәттен бастап қана оқып, білуге мүмкіншілік алды» [1, 3], – деп жазады Е.С.Қуандық «Қазақстандағы «кіші октябрь қасіреті» атты кітабында.

Тұтастай ұлтқа қасірет әкелген «Кіші октябрь» саясаты Ф.И.Голощекин қолымен жүзеге асқаны белгілі. Бұл – тарихи шындық. Кеңестік идеология үстемдік құру, түрлі ұлт өкілдерін отарлау сияқты патша өкіметінің саясатын жалғастырды. Сөз жүзінде

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы жоба аясында әзірленді.*

«теңдік» ұранын көтерген қызыл империя отаршылдық саясатын ашық әйгілеп жүргізбей, оны «социализм» деген атаумен бүркемеледі. Түрі «социалистік», мазмұны «отаршылдық» болған кеңестік саясаттың халықты қандай қатігездікпен жазалап, қуғын-сүргінге ұшыратқаны шындықтың айнасындай боларлық әдеби-көркем туындыларда барынша айқын көрінді. Қазақ әдебиетінде аштық тақырыбы көрініс тапқан туындылар көп. Б.Майлиннің 1922 жылы жазылған «Айт күндері», «Күлпаш», 1927 жылы жазылған «Аштық құрбаны»,» әңгімелері ел басына түскен ауыр кезеңді дәл уақытында арқау еткен туындылар. Ақын Жақан Сыздықовтың 1927 жылы жазылған «Әлі қарттың әңгімесі», Шахан Мусиннің «Тас еденнің ызғары», Нұрхан Ахметбековтың 1932 жылы жазылған «Күләндам» дастандары аштықтың халыққа әкелген қасіретін суреттеген туындылар. Бұл аталған қаламгерлер де Сталиндік қуғын-сүргінге ұшырады. Аштық тақырыбы Адам Мекебаевтің «Құпия қойма» (1979 жылы жазылған), С.Елубайдың «Ақ боз үй» (1990 жылы жазылған) романдарында эпикалық кең ауқымда суреттеледі. Сондай-ақ А.Смайыловтың «Тамұқтан келген адам» (2004 жылы жазылған) романында да аштыққа ұшыраған Арқа жұртының азапты тағдыры көрінеді.

Қазақтың классик ақыны Есенғали Раушановтың туындыларында зұлмат кезеңнің ауыр шындығы көркем тілмен баяндалады. Ұлт ақыны ретінде ел тарихын көркем суреттеген ол қазақ халқының бастан кешкен ауыр тағдырын өз туындыларына арқау етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл мақалада Есенғали Раушановтың большевиктердің момын халықты аяусыз қырғынға ұшыратқан сойқан әрекеті, аштықтың сұмдық қасіретін бейнелеген туындылары қарастырылып, тарихи шындықтың көркем әдебиеттен алар орны туралы айтылады.

Зерттеу материалы ретінде аштық оқиғасы арқау болған көркем туындылар, негізінен Есенғали Раушановтың «1932 жыл. Қазақстан» өлеңі алынды. Қазақ даласында аштық оқиғасына қатысты зерттеу, танымдық еңбектер мәтіндік талдауларға ақпараттық дәйектеме ретінде ұсынылып, туындылардың тарихи негізі зерделенді. Талдау, жинақтау, интерптетация, индуктивті-дедуктивті, мәдени-тарихи, герменевтика әдістері арқылы зерттеу міндеті шешіледі.

Талқылау мен бақылау. Қазақ даласының 1930 жылдары бастан кешкен ауыр тағдыры бізге тарихи мәліметтер, жекелеген ұлт тұлғаларының жазықсыз жалалануы, құдалануы арқылы белгілі. Мысалы дәл осы аштық жылдары «қызыл» үкіметтің оғынан мерт болған Шәкәрім Құдайбердіұлы да ұлттың ар-ожданы, парасат биігі болған тұлға еді. Халықты аяусыз қырғынға ұшыратқан қаныпезерлер ұлтқа тұлға боларлық қайраткерлерден бастап қарапайым халыққа азаптың түр-түрін көрсетті. Қазақ көрген қасіреттің ауырлығы Шәкәрімнің «Мың тоғыз жүз отызыншы..», т.б. өлеңдерінен көрініс береді. Б.Майлиннің де уақыт шындығын арақұ еткен шығармалары осы кезеңнің туындысы.

Осындай қасіретті кезеңнің бір ғана суретін бірегей бейнелеумен танытқан Е.Раушановтың қазақ даласындағы аштық трагедиясын бейнелеген «1932 жыл. Қазақстан» өлеңі екі шумақтан ғана тұрады. Алайда осы екі шумақ арқылы Кеңестік қызыл биліктің халыққа тудырған сұмдық зұлматының толық картинасы қамтылған.

Ел қырылған деседі мына дөңде,
Не деймін мен осынау тұл әлемге?
Кәрі аспан.
Кәдімгі дөң.
Қараша айы.
Түк те жоқ көз тоқтайтын бұдан өңге.

Өлең шөп қара барқын мақпал сынды,
Мақпалды сусыма құм жапқан сынды.
Құм басып өлген қыздың қолаң шашы
Бұрқырап сыртқа шығып жатқан сынды,
Өлең шөп, өлең шөп – Қазақстан... [2, 136].

Екі шумақтың әр жолы халық қасіретінің жадымызда таңбаланып қалған суреттерін шынайылықпен жеткізеді.

ХХ ғасырдың басында қазақты орны толмас үлкен шығынға ұшыратқан ашаршылық оқиғасы үш дүркін қайталанды.

Алғашқысы – сол кездегі Ресей империясында 1917-1919 жылдары болған ақпан және қазақ төңкерістерінің, соған жалғаса басталған азамат соғысының зардабынан болды. Осы кезеңде көшпелі тіршілік кешкен қазақ халқының малының талан-таражға түсуі халықты аштыққа ұрындырды. Ресми деректер бойынша осы кезде қазақ халқының саны 6 218 300 адамнан 4 679 795 адамға кеміген екен.

Аштыққа екінші рет ұрыну оқиғасы – Кеңестік қызыл биліктің күшейе түскен кезінде, яғни 1921-1922 жылдары болған құрғақшылық салдарынан делінеді. Қазақтар жиі қоныстанған батыстағы Ақтөбе, Орал, Бөкей, солтүстігіндегі Орынбор, Қостанай, Торғай, Ақмола, шығысындағы Семей өңірлерінде мал қырылып, жергілікті халық аштыққа ұшырайды. Сол кездегі ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы болған жас қаламгер, кейіннен қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтің берген мәліметінде 1921-1922 жылы аштыққа душар болып қайтыс болған адамдардың саны 1 миллион 700 мың адам деп көрсетілген екен.

Аштықтың үшінші рет қайталануы Кеңестік биліктің әдейі ұйымдастыруымен болды. Большевиктер көсемі Сталин қазақ еліне Голощекинді арнайы жіберіп, «Кіші қазан төңкерісі» саясатын жүргізді. Ол «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен халықтың күн көріс үшін ұстап отырған бір бас малына дейін тартып алып, нәтижесінде халық қырылды, қоныстарына ауа көшуге мәжбүр болды. Сөйтіп қазақ халқының 60-80 пайызы жойылды. Қазақтың демограф ғалымы М.Тәтімовтың деректерінде ХХ ғасыр басындағы төңкерістер кезінде және 1930-жылдары, Сталиндік қуғын-сүргін кезінде 3 миллион 850 мың қазақ қырғынға ұшыраған екен.

«Большевиктер өкіметті басып алғаннан кейінгі жылдары қазақ жері екі дүркін – 20-жылдар басында және 30-жылдар басында жантүршігерлік ашаршылықты басынан өткерді. Осы аштықтарда қазақтың қырылғаны қырылып, аман қалғаны бас сауғалап, тоз-тоз болып, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалды» [3, 260], – деп жазады Т.Омарбеков.

Аштық туралы зерттеу, танымдық еңбектер деректерді, нақты тарихи құжаттарды негізге ала отырып, бұл кезеңнің қазақ халқының дамуына тигізген кері ықпалын, кеңестік қанқұйлы саясаттың бір халықты апатқа қалай ұшыратқанын айқын көрсетеді. «Қазақ қалай аштыққа ұшырады» [4] атты кітапта деректер мен құжаттар жинақталып, талданса, белгілі қазақ тарихшылары М.Қойгелдиев пен Т. Омарбековтың «Тарих тағылымы не дейді» [5] атты зерттеу еңбектерінің 2-бөлімінде 1930-жылдардағы аштықтың шындығы айтылады. «Қызылдар қырғыны» [6] кітабында 1931-1933 жылдардағы аштықты көзімен көрген куәгерлер сөзі арқылы сұрапыл кезеңнің халықты қандай азапқа салып, қырғынға ұшыратқаны баяндалған. Белгілі тарихшы М. Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» [7] кітабында 1930 жылдары Қазақстанда Голощекин жүргізген «Кіші Октябрь» саясатының халық басына әкелген өлшеусіз қасіреті көрсетілген. «1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты» [8] атты кітапта осы бір ұлы трагедиялық оқиғаның адамзатқа жасалған ұлы қастандық екені дәлелденеді.

Аштық оқиғасы тақырыбына бүгінгі таңда да тарихшы ғалымдар көп назар аударуда. Аштық оқиғасының себебі мен салдары ғылыми тұрғыда сарапқа салынып, қазақ даласындағы зұлматтың ақиқаты осы еңбектерде көрсетілуде. Халықтың аштықтың, құғын-сүргіннің салдарынан босқыншылыққа ұшырауын зерттеушілер құжаттар, нақты дәлдемелер арқылы дәйектеді. Мәселен «Слухи и разговоры в казахском ауле накануне голода (1927-1931 гг.)» атты мақалада: «Республикадағы белсенді қарсылықтың түрі Қытайға жаппай қоныс аудару болды...» [9, 198], – деп көрсетеді.

Қазақ даласындағы бұл сұмдық зұлмат шетелдік ғалымдар назарына да ілікті. Америка ғалымы Сара Камерон «Аштық жайлаған дала: ашаршылық, озбырлық және

кеңестік Қазақстанды орнату» («The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Creation of Soviet Kazakhstan») атты зерттеуінде халық тарихындағы осы трагедиялық кезеңді арқау еткен [10]. Бұл еңбек туралы қазақ зерттеушілері Т.Қыдырәлі мен О.Нұрлан: «Сара Камеронның зерттеуі Отан тарихының мәселелеріне бейтарап көзқарас деп бағалағанымыз жөн. Отан тарихының мәселелерін отандық тарихшылар жан-жақты зерттеп келеді дегенмен бұл мәселедегі Сара Камерон еңбегінің басты жетістігі отандық тарихымызды бейтарап көзқараспен бағалап, оны әлемдік құбылыстармен ұштастыруында болса керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда аталған зерттеудің мәселеге методологиялық тұжырымдар ұсынуы ұлттық тарихи танымға жаңалық қоса алатын еңбек деп бағалаймыз» [11, 258], – деген пікір білдіреді.

Нәтижелер. С.Камеронның Қазақ даласындағы аштық трагедиясының әр дерегіне терең үңіліп, жіті зерттеуі нәтижесінде құнды мәліметтер жүйесімен көрініс тапқан. Автор: «1932 жылға қарай республиканы жантүршігерлік ашаршылық жайлап алды. Ауылда болсын, зауытта болсын, тіпті республиканың астанасы Алматыда болсын, қала көшелерінде шашылып жатқан мәйіттерге көз жұма қарау мүмкін болмады» [10,191], – деп жазады. Кітапта мұнан да ауыр жағдайдар баян етілген. Сол жантүршігерлік зұлмат кезеңнің сұмдық көрінісін көркем әдебиет мысалдары арқылы біле түсеміз. Жазушы А.Смайылдың «Тамұқтан оралған адам» романында Арқадағы аштық, қуғын-сүргін шындығы көркем шындықтың шынайылығын нақтылайды. Осы романнан аштық кезіндегі бір ғана оқиға үзігін бейнелеген бір ғана мысалды ұсына кетейік:

«Қара базар артта қалғанда, алдыңғы жақтан әйелдің шыңғырған даусы естілді. Осы арадан жүз қадамдай жерде ескі бақсымақ болатын, жөргектегі баланы қолтығына қысып алған еркек солай қарай қираландап барады, соңында шашы дода-дода жайылып кеткен әйел сүрініп жығылады.

– Анау мына бейшараның баласын алып қашып барады, – деп түршікті көшір.

– Шап!

Арба алдын орап тұра қалғанда, қарасұр еркек баланың аяғын кергілеп ысылдады.

– Таялма! Қақ айырамын!

Түрі адам шошырлық, тістері түсіп қалған, қызыл иегінен тілі жаландайды. Әлгі екі сөзді булығып зорға айтты.

– Сабыр! Сабыр! – деп састы. Өлім мен өмірдің арасында алжасқан пәле не істеп, не қойғанын айыра алмай, нәрестені мерт қылуы мүмкін.

– Сабаңа түс! – деп алдаусыратып, қалтасынан суырып алған әмиянды аяғының астына тастай салды. – Ананы ал да, баланы босат!

Ол жылап жіберген, әлде ессіз күлген секілді түсініксіз қырылдап баланы жерге түсірді де, әмиянды ала сала баққа қарай ұмтылды. Шамасы жалғыз рет ышқынуға жетті, қисаландап барып құлап түсті».

– Өліп қалды ма? – деп аңтарылды бетіне үңілген көшір. – Иә, өліп қалыпты. Сорлы соңғы сәтінде есінен ауысқан ғой» [12, 184].

Мұндай сұмдық аштық жайлаған қазақ даласындағы әр ауылдан кездесетін оқиға еді. С.Камерон қазақ даласындағы аштық туралы американдық ғалым Мэтью Пэйн (Mattew Paune) көлемді зерттеу жүргізіп жатқанын ескертеді. «Қазақ және Украин ашаршылықтары Сталин дәуіріндегі ұжымдастырудың салдарынан орын алған екі ең ірі экономикалық нәубетке жатады... 1998 жылы Украинадағы ашаршылықты тергеумен айналысқан АҚШ комиссиясы бұл апаттағы пайыздық мөлшерде украиндарға қарағанда қазақтардың өз ұлтының көбірек бөлігін жоғалтқаны жайлы тоқтамға келгендігін» [10, 216] атап көрсетеді. Сондай-ақ 2010 жылы Еуропалық Парламент Ассамблеясы Кеңестік ұжымдастыру салдарынан орын алған Ашаршылық құрбандарын еске алып тұру туралы қарар қабылдағанын да атап өтеді. Бұл ұйымның қарарында ашаршылықтан қаза болғандар саны жағынан қазақтар Кеңес Одағының басқа халықтары арасындағы ең жоғарғысы болып көрсетілген [13].

Е.Раушановтың «Ел қырылған» тіркесімен басталатын өлең жолында жоғарыда аталған күллі зерттеулер мен деректердегі аштық суретін бір-ақ сөзге сыйдыруы өлеңнің

мазмұнын тереңдете түскен. Ақын суреттеген «Ел қырылған» дөң мен тұл әлем – аштық қасіретін бейнелеген жолдар. Бұл жолдарда қолданған «тұл әлем» – бәрінен ада болған, ештемесі қалмаған әлем деген мағынаға саяды. Осы жерде неге ақын «тұл» деген сөзді пайдаланған деген сауалға жауап бере кетейік.

Обсуждение и наблюдение. Среди трудов, посвященных американскому тексту в романе Достоевского, заметно внимание ученых к ряду вопросов. В публицистике и романах писателя предметом изучения стало отрицательное отношение писателя к католичеству и англиканству как служению дьяволу: «Это религия богатых и уж без маски» [4, 55]. Называя Европу языческой, писатель констатирует смерть там христианства.

Другое направление связано с мотивом планируемой эмиграции Свидригайлова. Фигура Свидригайлова и финал его судьбы делают Америку символом самоубийства. И это неслучайно. Здесь очевиден след полемики с романом Чернышевского «Что делать?». В противовес ассоциациям Чернышевского с Англией и Америкой, касающихся достижений промышленного прогресса, стальной мощи, воплотивших идеал писателя в мотиве хрустального дворца, представлениям Герцена об Америке как символе свободы и освобождения, для Достоевского это не только кризис, но беспросветность конца.

Об Америке в романе «Преступление и наказание» есть ряд близких интерпретаций. Как «сознательный шаг в небытие» характеризует исследователь самоубийстве Свидригайлова [4, 44]. Выводы Габдуллиной основаны на анализе архетипической основы и евангельского кода романа. Л.Сараскина не считает связь между американскими рефлексиями и европейскими переживаниями Достоевского принципиальной. Хотя вместе с тем для ученого очевидно, что Америка не являлась для автора романа ни страной чудес. Ни включалась в образ Запада [7, 146]. Приводя фактические сведения из эпохи создания романа, Сараскина обращает внимание на тех, кто предпочитал Америку Европе и видит в этом политику, меры, предпринимавшиеся государством: государство избавлялось разом от всех мазуриков, бродяг, отъявленных злодеев и людей подозрительных» [7, 135]. Приводит ученый и поднятую Достоевским в публицистике тему освобождения от колониального рабства. И еще: «Америка когда-нибудь в будущем может изобрести новое оружие, от которого радикально изменится мир … Тогда всё переменится. Границы нарушатся…» [7, 136]. Исследователь обращает внимание на функцию бегства на далекий континент как мифа, распространенного в среде дворянской интеллигенции. Между тем «Не столько действительно бежать в Америку, сколько хотеть бежать в Америку – становится часто навязчивой идеей заблудших душ, их соблазном и искушением. Уехать в Америку – значит оборвать все связи с привычным кругом» [7, 138]. Г.Кибальник включает образ Америки в отношение писателя к Западу. Ученый приводит образ героя «Игрока» как героя, наделенного свойствами положительного героя [8, 10]. В качестве источников американской темы в романе «Преступление и наказание» как неизбежном финале эмиграции ученый приводит известную современникам, связанную с А. Герценом историю Бахметева [8,12]. Если для Герцена это было финансирование его издательской деятельности, то для Достоевского эта история – символ расплаты героя за одержимость идеей. Третий важный момент, на который обращает внимание Кибальник – метаморфоза выражения «уехать в Америку» в устах Свидригайлова: для героя нет принципиальной разницы с другой страной, называется, например, и Швейцария в качестве другой страны для жизни в эмиграции. Н. Фаликова пишет о том, что двойник Раскольникова искушал сестру героя приемами, типичными для романтического героя, его манипуляции построены на стремление вызвать у Дуни жалость и сочувствие, произвести впечатление человека, виновного и грешного, но способного к возрождению [9, 214]. Кибальник сравнивает роман с «Бесами» на основе единства изображения Америки»: «Край земли, который представляется герою подходящим местом для того, чтобы начать новую жизнь, в действительности оказывается в его устах метафорой гибели» [8,20]. Развитие темы Америки другими русскими писателями проявилось в закреплении за ней мысли о ней как пространстве смерти и сведения счетов с жизнью. Интересна и установленная Е.Сударевой связь между превосходством белой европейской

расы с идеей Раскольникова о праве на преступление «выдающихся личностей» и влиянием на студента газетной новости об «ацтеках» [10]. Следует обратить внимание на то, что с темой Америки нельзя связать тип героя, которого Достоевский называет так: «русский скиталец». В публицистике писателя это утратившая связь с почвой русская интеллигенция. Спасение для нее писатель видит в возвращении к истокам.

Подход, дополненный остранением (В.Шкловский), создает целостное представление о реалистическом методе писателя. Как заметили ученые: «To understand the nature of estrangement, metaphysics-oriented speech manipulation techniques are also important» (Для понимания природы отстранения важны и техники речевой манипуляции, обусловленные метафизическими категориями) [11,194].

Поднимаемые в статье вопросы касаются идентичности. Так создается предпосылка для исследования идентичности, понятой широко: как неподвижной и подвижной самости. Широкое понятие идентичности в духе представлений П. Рикёра “Oneself as Another” («Я – сам как другой»), как корреляцию (IDEM) и подвижной самости (IPSE) [12] применили исследователи романа О. Уайльда. Ученые пишут: «Identification and description of the connection and functions of the Other and duality as factors of identity through the categories IDEM (immobile identity) and IPSE (mobile selfhood), classification of sources and manifestations of duality – dissimilarity, strangeness, otherness; I-for-Self, I-for-Others, the polyphonism of Picture as a philosophy of hedonism, analysing the immobile identity (IDEM) that does not form any duality in the novel» (выявление и описание связи и функций Другого и двойничества как факторов идентичности посредством категорий IDEM (неподвижная идентичность и IPSE (подвижная самость)» [13, 1365]. Учеными разработана классификация источников и проявления двойничества – несходности, инаковости, другости; «Я-для-себя», «Я-для-другого», полифонизма портрета как философии гедонизма.

Результаты. Предпринятый обзор оставляет поле для изучения американского текста сквозь призму направлений, обоснованных с позиций приведенных итогов. Так, рассмотрение литературной топонимики как концептов и элементов сюжета обращает внимание на религиозно-утопические взгляды писателя на возрождение России и духовное преображение преступника. Москва, Петербург, Сибирь и Америка представляют собой не географические, а символические пространства, отражающие философско-религиозные искания героев.

Москва и Петербург противопоставлены друг другу как два начала русской цивилизации: Москва – традиционная, патриархальная, духовная; Петербург – холодный, рационалистический, западнический. Сибирь в романе приобретает значение катарсиса, очищения через страдание, что соответствует православной концепции искупления.

Исследование литературной топонимики в романе с позиций сравнительно-исторического сопоставления взглядов Достоевского 40-х и 60-х гг., взглядов писателя на Восток и Запад, почвеннических убеждений делает обоснованным рассмотрение сюжета под влиянием идеи писателя. Связь с почвенничеством 60-х годов выражается в критике европеизированной интеллигенции и ее стремления к эмиграции как отказу от «почвы». Этот мотив резонирует с образом «русского скитальца», который, по мнению Достоевского, утрачивает связь с народной верой и историческими корнями.

Таким образом, исследование роли топонимов в «Преступлении и наказании» показывает, что сюжет романа строится не только вокруг нравственного кризиса отдельного героя, но и вокруг глобальной философской проблематики: столкновения западных и русских ценностей, духовного выбора между возрождением и гибелью.

В изучении литературной топонимики не становилось предметом изучения иллокутивное воздействие автора на героя. Между тем глубина психологического и эмоционального восприятия романа читателем, воспитанного на религиозной философии Православия, объясняет отношение писателя к Америке как символу смерти. Исследователи установили особенности такого влияния: «Secondly, the diachronic section

of the translations considered shows the role of such a technique of domestication as the translator's illocutionary influence on the recipient by choosing words of the same thematic field and semantic nest» (ориентацией на единое тематическое поле и семантическое гнездо) [14, 1249]. Так, рассмотрение литературных топонимов романа, отражающих концепты духовного возрождения и преображения, раскрывают своеобразие метода писателя на основе риторических приемов.

Еще один новый контекст проблемы – рассмотрение Америки как Другого. Америка, символизирующая не возрождение, а окончательный разрыв с родиной, утрату духовных ориентиров становится для Свидригайлова метафорой небытия, бегства от морального долга. Достоевский противопоставляет социалистическому представлению о Западе как пространстве свободы и прогресса концепцию русского пути, основанного на духовном возрождении. Важным в американском тексте является и отношение писателя к Западу, в том числе Наполеону. Бонапартизм Раскольникова дополняет противопоставление православной России как места духовного возрождения преступника Америке как символу духовного самоубийства.

Заключение. Америка – наряду с Россией, Европой и Сибирью – образует в романе «Преступление и наказание» новый для автора и современной ему литературы сюжет. Русскость сюжета обусловлена синтезом восприятия Достоевским Востока и Запада, Сибири как места духовного воскресения и Америки как пространства духовной смерти – результата утраты Родины, неспособности понять народную веру в Христа. Изучение американского текста в романе «Преступлении и наказании» поднимает две взаимосвязанные темы. Первая тема мировоззренческая. Она основана на критике западных ценностей и концепции духовного преображения преступника. Так формируется русская идея писателя. Вторая тема, обусловленная влиянием русской идеи писателя на сюжетообразование романа. Его специфика заключается в сюжете русского скитальчества как правдоискательства. Решение данных вопросов позволяет выявить своеобразие метода писателя, его новаторство, состоящее во влиянии русской идеи на «русский сюжет» как этап обновления литературы. В свою очередь, исследование «русской идеи» и «русского сюжета» открывает пути к изучению идентичности писателя.

Литература

1. Мочульский К.В. Достоевский. Жизнь и творчество // Гоголь. Соловьев. Достоевский. – М.: Республика, 1995. – С. 219-562.

2. Лотман Ю.М. Сюжетное пространство русского романа // О русской литературе. – М.: Просвещение, 1997. – С. 712-730.

3. Чернов А.В. Архетип «блудного сына» в русской литературе XIX века // Евангельский текст в русской литературе XVIII – XX вв. – Петрозаводск: Петрозаводский гос.университет, 1994. – С. 150-157.

4. Габдуллина В.И. Мотив блудного сына в произведениях Ф.М.Достоевского и И.С.Тургенева: учебное пособие. – Барнаул: БГПУ, 2006. – 132 с.

5. Baiturina U.K., Mokletsova I.V., Razumovskaya V.A. Metaphysics and axiology of crime and personality in F. Dostoevsky's novel "Crime and Punishment" // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. – 2023. –16(4). – P. 677-686.

6. Лотман Ю.М. Символика Петербурга // Семиосфера. – СПб: Искусство-СПб, 2000. – С. 320-334.

7. Сараскина Л.И. Америка как миф и утопия: бегство в никуда // Испытание будущим. Ф.М. Достоевский как участник современной культуры // Л.И. Сараскина. – М.: Прогресс-Традиция, 2010. – С. 133-146.

8. Кибальник С.А. Метафора свободы или аллегория самоубийства? «Америка» в художественном мире Достоевского // Литература двух Америк. – 2021. – № 11. – С 8-33. DOI: https://doi.org/10.22455/2541-7894-2021-11-8-33 .

9. Фаликова Н.Э. Американские мотивы в поздних романах Ф.М.Достоевского // Новые аспекты в изучении Достоевского: сб. науч. тр./ отв. ред. В.Н. Захаров. – Петрозаводск: Петрозаводский гос.университет, 1994. – С. 199-241.

10. Сударева Е. Европа и Америка в романе «Преступление и наказание». Открывая классику. Эссе о русской литературе». – 2018. – URL: https://ridero.ru proza.ru/2018/11/03/74 (дата обращения: 28.08.2024).

11. Urazaeva, K.B., Razumovskaya, V.A., Yerik, G. Translating «The Tale of the Fisherman and the Fish» into Kazakh: Pushkin in Other Culture // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 2022. – 1(2). – P. 187-203. DOI: 10.17516/1997-1370-0900.

12. Ricœur P. Oneself as Another. – London: University of Chicago Press, 1992. – 363 p.

13. Urazayeva K.B., Razumovskaya V.A., Yerik G., Kultanova Zh.M. The Other and duality in O. Wilde's novel "The Picture of Dorian Gray" // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 2024. – 17 (7). – P. 1363-1375.

14. Yessentemirova A.M., Urazayeva K.B., Petkova S. Genre features rendering of W. Wordsworth's sonnet in Russian translations: accuracy criteria // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 2023. – 16(7). – P. 1240 -1251.

Ұ.Қ. БАЙТУРИНА
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан
Г.К. ШОМАНОВА
Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан

Ф. ДОСТОЕВСКИЙДІҢ АМЕРИКАНДЫҚ МӘТІНІ. РЕАЛИЗМ АШЫЛЫМЫ РЕТІНДЕГІ ИДЕЯ МЕН СЮЖЕТ

Аңдатпа. Мақалада Ф. Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романы мысалында американдық мәтінді зерттеудің заманауи нәтижелеріне ғылыми шолу жасалынады. Жаңа тәсілдерді қалыптастырудың негіздері ретінде американдық мәтіннің мифологиялық контексі, романдағы сюжетті құрудағы американдық мәтіннің орны, американдық мәтінді түсіндірудегі «орыс идеясы» мен «орыс сюжетін» байланыстыру, жазушының әдісі мен реализмдегі ашылымдарының автордың философиялық-діни утопиясымен шартталуы аталды. Жаңа бағыттардың заңдылығына шолу – талдамалық, салыстырмалы, архетиптік әдістер арқылы және оларды неориторикалық тәсіл стратегиясына интеграциялау арқылы дәлелденді. Жазушы идеялары мен сюжеттің байланысын анықтауда тарихи-мәдени әдістің маңыздылығы айқындалды. Алынған нәтижелер романдағы архетиптік және інжілдік поэтиканың американдық мәтінмен синтезінің маңыздылығын көрсетті. Романдағы американдық мәтінді түсіну үшін «орыс идеясы» ұғымы тек батыстық құндылықтарды сынаумен және қылмыскердің рухани түрленуі тұжырымдамасымен шектелмеуі тиіс. Жазушының Шығыс пен Батысқа қатынасы, Сібірдің рухани қайта тірілу орны ретінде, ал Американың рухани өлім кеңістігі ретінде символизациялануы автор мен оның заманының әдебиеті үшін жаңа сюжетті қалыптастырады, оның орыстығы шындықты іздеудің формасы ретіндегі скитальниктікпен анықталады. «Орыс идеясының» «орыс сюжетіне» әсері туралы мәселені қою жазушының әдісі мен орыс реализмі мен оның болмысына жаңа көзқарасты анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Америка, Сібір, Шығыс, Батыс, почвенничество, Чернышевский, сюжетті қалыптастыру

U.K. BAITURINA
A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan
G.K. SHOMANOVA
A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

F. DOSTOEVSKY'S AMERICAN TEXT. IDEA AND PLOT AS THE DISCOVERIES OF REALISM

Annotation. Based on F. Dostoevsky's novel "Crime and Punishment" as an example, a scientific review of modern results of the study of the American text is carried out and new approaches to the topic are systematized. The grounds for the development of new approaches are the mythological context of the American text, the place of the American text in the plot formation of the novel, the connection of the concepts of "Russian idea" and "Russian plot" for the interpretation of the American text, the conditionality of the writer's method and his discoveries in realism by the philosophical and religious utopia of the author. The legitimacy of new directions is proved by means of methods - survey-analytical, comparative, archetypal, and integrated into the strategy of neo-rhetorical approach. The significance of the historical-cultural method for establishing the connection between the writer's ideas and plot formation is highlighted. The results showed the importance of synthesizing the archetypal and evangelical poetics of the novel with the American text. To understand the American text in the novel, the concept of "Russian idea" should not be limited to the criticism of Western values and the concept of spiritual transformation of the criminal. The writer's attitude to East and West, the symbolization of Siberia as a place of spiritual resurrection and America as a space of spiritual death form a new plot for the author and literature contemporary to him, the Russianness of which is conditioned by wanderlust as a form of truth-seeking. Posing the question of the influence of the Russian idea on the "Russian plot" allows us to reveal a new approach to the study of the writer's method and Russian realism and identity.

Key words: America, Siberia, East, West, polemics, Chernyshevsky, plot formation

References

1. Mochulsky K.V. Dostoevskiy. Zhizn' i tvorchestvo // Gogol'. Solov'yev. Dostoevskiy. – M.: Respublika, 1995. – S. 219–562.

2. Lotman Yu.M. Syuzhetnoe prostranstvo russkogo romana // O russkoy literature. – M.: Prosveshchenie, 1997. – S. 712–730.

3. Chernov A.V. Arkhetip "bludnogo syna" v russkoy literature XIX veka // Evangel'skiy tekst v russkoy literature XVIII – XX vv. – Petrozavodsk: Petrozavodski gos.universitet, 1994. – S. 150–157.

4. Gabdullina V.I. Motiv bludnogo syna v proizvedeniyakh F.M. Dostoevskogo i I.S. Turgeneva: uchebnoe posobie. – Barnaul: Izd-vo BGPU, 2006. – 132 s.

5. Baiturina U.K., Mokletsova I.V., Razumovskaya V.A. Metaphysics and axiology of crime and personality in F. Dostoevsky's novel "Crime and Punishment" // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 2023, 16(4). – P. 677-686.

6. Lotman Yu.M. Simvolika Peterburga // Semiosfera. – SPb: İskustvo-SPb, 2000. – S. 320–334.

7. Saraskina L.I. Amerika kak mif i utopiya: begstvo v nikuda // Ispytanie budushchim. F.M. Dostoevskiy kak uchastnik sovremennoy kultury // L.I. Saraskina. – M.: Progress-Traditsiya, 2010. – S. 133–146.

8. Kibalnik S.A. Metafora svobody ili allegoriya samoubiystva? "Amerika" v khudozhestvennom mire Dostoevskogo // Literatura dvukh Amerik. – 2021. – № 11. – S. 8–33. DOI: https://doi.org/10.22455/2541-7894-2021-11-8-33.

9. Falikova N.E. Amerikanskie motivy v pozdnikh romanakh F.M. Dostoevskogo // Novye aspekty v izuchenii Dostoevskogo: sb. nauch. tr. / otv. red. V.N. Zakharov. – Petrozavodsk: Petrozavodski gos. universitet, 1994. – S. 199–241.

10. Sudareva E. Evropa i Amerika v romane "Prestuplenie i nakazanie". Otkryvaya klassiku. Esse o russkoy literature. 2018. URL: https://ridero.ru proza.ru/2018/11/03/74 (date of access: 28.08.2024).

11. Urazaeva, K.B., Razumovskaya, V.A., Yerik, G. Translating «The Tale of the Fisherman and the Fish» into Kazakh: Pushkin in Other Culture // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 2022, 1(2). – P. 187-203. DOI: 10.17516/1997-1370-0900.

12. Yessentemirova A.M., Urazayeva K.B., Petkova S. Genre features rendering of W. Wordsworth's sonnet in Russian translations: accuracy criteria // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 2023. – 16(7). – P. 1240 -1251.

13. Ricœur P. Oneself as Another. – London: University of Chicago Press, 1992. – 363 p.

14. Urazayeva K.B., Razumovskaya V.A., Yerik G., Kultanova Zh.M. The Other and duality in O. Wilde's novel "The Picture of Dorian Gray" // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 2024, 17 (7). – P. 1363-1375.

Авторлар туралы мәлімет:

Байтурина Ұлжан Қабиқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

Байтурина Улжан Кабиевна – магистр педагогических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

Baiturina Ulzhan Kabievna – Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor of A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

Шоманова Гульнар Кайруллиновна, – Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің эксперт-оқытушысы, Павлодар, Қазақстан.

Шоманова Гульнар Кайруллиновна – преподаватель-эксперт Павлодарского педагогического университета имени А.Маргулана, Павлодар, Казахстан.

Shomanova Gulnar Kairullinovna – Expert Lecturer, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.09.91
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.13

Қ.Р. КЕМЕҢГЕР[1]
***С.Б. ЖҰМАҒҰЛ**[2]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[1,2]
(e-mail: kkemenger@mail.ru[1], sagymbai.zhumagul@mail.ru[2])

*МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ «ЕРТЕГІ» ПОЭМАСЫ: ТАРИХИ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Аңдатпа. Мақалада қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабайұлының поэма жанрындағы көркем мұрасы талданып, осы жанрдағы тұңғыш шығармасы – «Ертегі» туындысының зерттелуі, жазылу тарихы, жариялануы қарастырылады. Шығармадағы фольклорлық дәстүр, тарихи және көркемдік шындық мәселесі талданады. Фольклор кейіпкері – жезтырнақтың шығарма сюжетіндегі бейнесі айқындалады. Поэмада жезтырнақпен қатар дию, пері, жын, албасты секілді фольклорлық кейіпкерлердің суреттелуі көрсетіледі. Қазақ ұлттық жазба әдебиетіндегі поэма жанрын көркемдік асқақ биікке көтерген «Ертегі» туындысының идеясы интегративтілік фольклортану аспектісінде айшықталатыны талданады. Зерттеу нәтижесінде тарихи тұлға – Сыздық сұлтан бейнесін сомдаудағы автордың көздеген мақсаты пайымдалады. Жезтырнақ – қазақ жұртына зұлмат әкелетін, ел болуына қауіп төндіретін дұшпанның жинақталған образы ретінде берілгені көрсетілсе, Сыздық – өмірлік биік мақсатынан, ата-баба аманатынан, әке жолынан қайтпайтын асқан қайсарлықтың, ержүрек мінездің, өр намыстың, асқақ рухтың бейнесі ретінде көрсетілу сипаты ашылады.

Түйін сөздер: Мағжан Жұмабайұлы мұрасы, поэма жанры, «Ертегі» поэмасы, фольклорлық интегративтілік, шығарма идеясы, тарихи және көркемдік шындық.

Кіріспе. Алаш ақыны Мағжан Жұмабайұлының көркемдік-эстетикалық қуаты биік, тақырыптық-жанрлық ауқымы кең, идеялық тереңдігі елдік мүддемен, ұлттық санамен астасқан асқақ рухты мұрасын зерделегенде күрделі тарихи кезеңнің тынысын, ақынды қоршаған ортаның шындығын, онымен қатар жүрген замандастарының өмірін, бірге оқыған достарының тағдырын танимыз. Соның бәрі белгілі бір туындысының жазылуына себеп болғанын аңғарамыз. Мағжан тағдырын зерттеген ғалымдардың еңбегіне сүйеніп, өмірін бірнеше кезеңге бөліп қарастыра аламыз: туған ауылы Сартытомар (1893-1906) [1], Қызылжар (1906-1910) [2], Уфа (1910-1912) [3], Омбы (1913-1918), Омбы-Қызылжар (1919-1922), Ташкент (1922-1923) [4], Мәскеу (1924-1926) [5], Бурабай-Қызылжар (1927-1928), қуғын-сүргін (1929-1936), Қызылжар-Алматы (1936-1938) [6].

Ақын шығармаларында тарихи тұлғаны көркем бейнеге, тарихи оқиғаны көркем шындыққа айналдырғанда фольклор туындыларында бар көркемдік тәсіл үлгілерін сәтті пайдаланған. Әсіресе поэмаларында фольклорлық сюжет, жанр, бейнелеу формаларын молынан келтіргенін көреміз. Қазақ әдебиеттану ғылымында М.Жұмабайұлы шығармаларындағы фольклорлық дәстүр мәселесі біршама зерттелген [7]. Сондай-ақ бүгінгі әдебиеттануда М.Жұмабайұлы шығармашылығы ағылшын тілінде талданып, шетелдік рейтингісі жоғары журналдарда зерттелуде [8]. Біздің бұл мақаламызда ақын

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «BR28713085 – XX-XXI ғасырлардың алғашқы ширегіндегі зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы кешенді пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында әзірленді.*

поэмалары хронологиялық жазылу тарихына, орнына байланысты жүйеленіп, олардағы тарихи-әлеуметтік мәселенің көркем идеясы фольклорлық интегративтілік аясында зерделенеді.

Поэма жазуды М.Жұмабайұлы 1920 жылы Қызылжарда бастап, Ташкентте, Мәскеуде жалғастырған, соңғы туындыларын елге оралған кезде жазған. «Ертегі» (1920), «Қорқыт» (1922), «Қойлыбайдың қобызы» (1923), «Оқжетпестің қиясында» (1923), «Батыр Баян» (1923), «Жүсіп хан» (Шын ертек) (1924), «Қаныш бай қиссасы» (1926), «Өтірік ертек» (1926), «Тоқсанның тобы» (1927), «Толғау» (1927) сынды он поэманың барлығында фольклор ықпалы, сюжеті, көркемдік сипаты, бейнелері айқын көрінеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада Мағжан Жұмабайұлының «Ертегі» поэмасын талдауда сипаттамалы, салыстырмалы, тарихи-генетикалық, мифопоэтикалық және интертекстуалдық әдістер қолданылды. Сипаттамалы әдіс поэманың жазылу тарихы мен идеялық бағытын айқындауға, салыстырмалы талдау фольклордағы жезтырнақ, дию, жын, албасты бейнелерін шығармадағы көркем образдармен салыстыруға мүмкіндік берді. Тарихи-генетикалық әдіс Сыздық сұлтан бейнесінің тарихи шындықпен байланысын ашуға бағытталды. Мифопоэтикалық және интертекстуалдық талдау поэмада дәстүрлі фольклорлық элементтерді жаңаша игеру мен қазақ әдебиетіндегі көркемдік ізденістерін анықтауға негіз болды.

Талқылау мен бақылау. Ақындық шабыты толысқан, шығармашылық қабілеті көркемдік биікке жетіп кемелденген кезде ойын лирикалық өлеңмен ғана емес, күрделі, көлемді жанрда жеткізуді тілеген Мағжан 1920 жылдан кейін поэма жазады. Осы жылы ақын ақылға бой алдыртамын, айтқанына тоқтаймын, енді ессіз жүректің ырқымен кетпеймін деп шабытты өлеңдер жазды. 1920 жылы Мағжан жиырма жеті жасқа толды. Бұл уақытқа дейін оның өмірінде қуаныш та, қайғы да, жетістік те, реніш те орын алды. Ақын білім қуып шалғай елге аттанды, туған жерін тастап, ата-ананың айтқанына тоқтамай елінен безіп кетті. Білім іздеді, қызық қуды, ғашық болды, сүйді, күйді, үйленді, перзент көрді. Сол сағынышпен көрген перзентінен айырылып, өмір сүргісі келмеді. Өлімге мені де ал, мені де әлдиле деп жалбарынды. Осындай жеке басындағы трагедиясы мен тұрмыстық қайшылықтар, қоғам өміріндегі үлкен өзгерістер өмірін өлеңге айналдырған, қоршаған әлемді поэзия тілімен көркем суреттеген Мағжанға жаңа шабыт, жаңа толғаныс сыйлады. Ақынға поэма жазуға көңіл күйзелісі, тағдырын өзгерткен жеке басындағы түрлі жағдай әсер етті. Сонымен қатар елдегі күрт өзгерген саяси-әлеуметтік жағдай, ұлт тағдырының болашағы қалай болады деген бұлыңғыр сұрақтар, қазақ жұрты ел бола ала ма деген толғаныс та ақынға поэма жанрында қалам тербеуге жетеледі.

«Тірілдім» өлеңінде «Жиырма жеті жыл жүрекке берілдім» [9, 231]. деп жазса, поэмаға бергісіз философиялық мағынасы терең «Жан сөзінде» жиырма жеті жасқа бір ай қалғанда қайта-қайта ақылға тоқтайтынына, осы кезге дейін өмірінде жасаған барлық табысы да, жеңілісі де, қуанышы мен қайғысы да жүректің ырқымен болды деп ақтарылды:

Ақтамадың, алдадың, енді білем,
Енді бір ай – жиырма жеті жасқа келем.
Отыз, қырық, қартаям, сөнем, өлем...
Еліме есебімді не деп берем? [9, 224].

Қазақ елі, маған кінә артпа, бар айыпты жүрегіме тақ деп ақталды. Аталған өлеңінде ақын «Еліме есебімді не деп берем?» деген философиялық сұрақ қояды. Кез келген саналы адамды толғандыратын бұл сауал Мағжандай зор талант иесін де тебірентті. Тура осы кезден кейін ақын поэма жанрын жазуға әсер еткен сыртқы жағдайды да ескергіміз келеді. Мағжан жиырма жеті жасқа толған 1920 жылы Қазақ елі Ресей құрамында атономиялы республикаға айналды. Қазақ Автономиялы Советтік Республикасы Алашорда кезеңінде армандаған елдік құрылым, өз алдына билігі бар мемлекет бола алмаса да, алаш баласына үміт сыйлады. Алайда келер күннің қандай сыбаға бұйыратынын Мағжан түсінбеді. Елді тапқа бөлген ұрандарды көтерген большевик билігін жақтырмаса да, оны амалсыз мойындады. Алаш көсемдерінің бір бөлігі жаңа биліктің жағына өтіп, қазақтың

мүддесін қорғайтын елдік істерге кірісіп кетті. Мағжан да осыдан кейін аға буын алаш ардақтыларының ізін жалғап, ағартушылық сипатта еңбек етті. «Педагогика» еңбегін жазуға бел байлады. Осы кезде ақын поэма сынды көлемді, күрделі жанрда шығарма жазуды да қолға алды.

Ақынның поэма жанрында жазған тұңғыш шығармасы – «Ертегі» [10, 19-29]. Поэманың жазылған уақыты жайында Ш.Елеукеновтың «Мағжан» атты зерттеуінде мынадай дерек ұсынылған: «Қызылжарда 1920 жылы мұғалімдердің советтік курсы ұйымдастырылды. Оған әдебиет пен педагогика курсынан сабақ беруге Мағжан Жұмабаев шақырылды. Бірақ көп ұзамай «Ертегі» поэмасын оқығаны үшін Кенесары мен Сыздықты дәріптедің деп Мағжанды оқытушылықтан босатады» [11, 43].

Поэма тақырыбын автор ертегі деп қоюының астарында терең мағына бар деп санаймыз. Бұл шығарма айбарлы Абылай ханның ұрпағы, қазақ халқының соңғы ханы Кенесары Қасымұлының баласы Сыздық сұлтанға арналды. Мағжанды Сыздық сұлтан тағдыры неге қызықтырды, ол осы тақырыпқа неге көлемді шығармасын – тұңғыш поэмасын арнады деген сұрақты қойсақ, алдымен, ол – қазақты біртұтас ел ғып санаған, хан мен биге, жалшы мен кедейге бөлмеген азаматтық ұстанымдағы қайраткер ақын болды. Ақынның сан ғасырлық тарихта жасаған баһадұр бабаларының ерлік ісі, даңқты жолы туралы жазған өлеңдері бұл пікірімізге айғақ бола алады. Кеңес билігі орнай бастаған кезде бұрынғы орныққан ішкі құндылықтарын ақын бірден өзгерте алмады. Олай жасайтын болса, ата-баба жолына сатқындық жасап, аруағын қорлайтындай сезінетін еді. Ұраншыл жаңа үкімет, әсіресе қазақтың өз ішінен шыққан шолақ белсенділер бұрынғы даңқты бабалардың еңбегін қорлауға, есімін жоққа шығаруға барып жатты. Қарын қамын тілеген, заманға қарай амалын жасаған ондай таяз белсенділерге үлгі болатын, намысты бәрінен биік ұстайтын романтикалық бейне санасы ояу қазақ баласына керек болды. Сыздық сұлтан бейнесі – сондай мақсаттан туған романтикалық кейіпкер [12].

Өмірде өткен Сыздық сұлтанның ерлігі жайында, ата-баба жолына адал күресі туралы аңыз әңгімелер Мағжанға жақсы таныс болды. Ақын туып өскен Солтүстүк өңірде Абылай хандық құрды, Кенесары хан өмірге келді. Бірақ Кене хан баласы Сыздық сұлтанның тағдыры Оңтүстүкте өтті. Абылай хан, Қасым сұлтан, Кенесары ханның жолына адал Сыздық сұлтанның бейнесі Мағжан үшін қайтпас қайсарлықтың, ерен ерліктің, ұлт үшін жанын беруге даяр батырлықтың, сол қасиетті жолда құрбан болудың символындай қабылданды. Мағжан өзі де Алаш жолына адал ақын екенін, жанын ұлтқа риясыз қиятынын жүректен шыққан отты өлеңдерімен дәлелдеді. Сондықтан ақынға Сыздық сұлтан бейнесі зор шабыт сыйлады. Алайда бұл тақырыпты Кеңес билігі орнап жатқан кезде асқақ көрсетуге мүмкіндігі болмады. Сыздық сұлтан саналы ғұмырында отаршыл Патша билігімен шайқасып өтті. Патшалық отарлаудың Кеңес тұсында аты өзгерсе де, мағынасы сақталып қалатынын түсінген ақын шығармасын ертегі деп атады. Ертегі – фольклорлық жанр. Онда болған оқиға, кейіпкерлер ойдан шығарылған. Ертегіде халық қиялы көрініп, асыл арманы суреттеледі. Мағжан бұл жайды жақсы білді. Және ең басты жағдай – ертегіде бас кейіпкер үнемі мұратына жетеді. Қай ертегі де жақсылықпен, ізгіліктің зұлымдықты, жақсылықтың жамандықты жеңуімен аяқталады. Себебі халықтың арманы жаман, қараңғы бола алмайды. Мағжанның кейіпкері Сыздық сұлтан – халықтың аяулы арманындағы асыл бейне, ертегідегідей кейіпкер. Ақын поэмасын «Ертегі» деп жұмбақтамай, «Сыздық сұлтан» деп жазуына да болар еді. Алайда елде орнай бастаған саяси-әлеуметтік жағдай, таптық тұрғыдан хан мен сұлтанның есімін жоққа шығаратын ұрандар ақынға сақтық жасауға, амал етуге, ойын жұмбақтап жеткізуге себеп болды деуімізге негіз бар.

Академик С.Қасқабасов ертегі жанрының табиғатын, өзіне тән сипатын былай тұжырымдайды: «Ертегі жанры – аңыздық прозаның дамыған, көркемделген түрі, яғни көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат беру ғана емес, сонымен бірге эстетикалық ләззат беру. Басқаша айтқанда, ертегі жанрының функциясы кең, ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстекикалық роль атқарады. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшеліктері

осы екі функциядан шығады. Сондықтан ертегілік функцияның ең басты мақсаты – сюжетті барынша ғажайыпты етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек ертегі шындыққа бағытталмайды, қайта, керісінше, әсірелеуді міндет тұтады. Ал ертекші әңгімесін өмірде шын болған деп тырыспайды» [13, 174].

Шындыққа бағытталмаған деген ертегіде баяндалатын оқиғада өмір шындығы жоқ демейміз. Ертегіні ойлап шығарған адам баласы және ол адамға арналған фольклор туындысы болғандықтан, ішінде өмірлік шындықтың суреттелетіні рас. Мағжан да осы мәселені тамаша түсінген. Шығармасын ертегі дегенінен бір сыншылар оңдағы сюжет, оқиға ойдан шығарылды деп қабылдайды. Алайда санасы сергек, рухы ояу, қырағы оқырман ертегі кейіпкері неге Сыздық сұлтан болғандығы, поэма идеясы, автор айтқысы келген ой неде деген сауалдар жөнінде толғанады.

Фольклорлық ертегі жанрын Мағжан кейін бірнеше мәрте келесі поэмаларын жазуда тағы пайдаланды. 1924 жылы «Шын ертек» («Жүсіп хан»), 1926 жылы «Өтірік ертек» поэмаларын жазу кезінде осындай амалдарға тағы барды дей аламыз. «Шын ертек» және «Өтірік ертек» поэмаларымен салыстырғанда, «Ертегідегі» бас кейіпкер Мағжан туған ғасырда жасады, XX ғасыр басында өмірден озды. Оның аңызға айналған ерлігі алты алаштың баласына кең тарады. Сондықтан ақынға Сыздық сұлтан тағдыры жанына жақын, көкейін мазалаған тақырып болды.

Автор «Ертегі» поэмасын «Бүгін жаным өртке оранған жанға ұқсап»,- деген жолмен бастайды. Бұл тармақта ақын өзінің жан дүниесін от орағандай күй кешіп отырғанынан байқатады. Ақынның жан әлемін отқа ораған, қолына қалам ұстатқан қандай күш деген сауалды қоятын болсақ, оның құпиясы – Сыздық сұлтандай өр рухты, намысшыл, бірбеткей, қайсар, аманатқа адал азаматтың Мағжан заманында да қажет екендігі. Қазақ азаматтары Сыздықтың қайтпас мінезінен ғибрат алсын, оның жарқын тұлғасын үлгі санасын деген өнеге бар. Поэма басында Абылай немересі Кенесарыны аспанға өрлеп, заулап жанған өрт екен деп таныстырады да, ертеде өткен адамдардың барлығы да ер деп, өткен заманды армандайды. Кенесарының түн жағында орыс атты ел бар, сол ел Арқаға қол салған соң, ханның жүрегін шер басады. Хан Кене інісі Наурызбайды ертіп, атасының ала туын көтеріп, қазағын қорғамақ болып атқа мінеді. Орыс елін шауып, азаттық үшін күрес үстінде күн өткізіп, ел-жұрт іздеп Алатауға барады. Сол арада өз бауыры қырғыздың қолынан қаза табады. Поэманың алғашқы жеті шумағында айтылатын әңгіме осындай. Шығарманы мазмұнына қарай шартты түрде бірнеше бөлімге жіктесек, алғашқы жеті шумақты бірінші бөлімге жатқыза аламыз.

Бұл бөлімде Мағжан Кенесары хан өліміне қырғыз жұрты себеп болды деп айтады. Алайда автор қырғызды өз бауыры деп таныстырады. Бұл сөзден Кенесары хан өліміне жалғыз қырғыз ғана кінәлі емес екенін түсінеміз. Алаш қалам қайраткері Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс жеңілуінің бас себебі мынада деп көрсетеді: «Кенесарының жеңілуінің бас себептері: 1) Ұлы жүз бен қырғыздың Ресейді тәуір көргендігі, ол кезде Ресей Қытайдан қорқып, екеуін де әлдилеп арбап, алдап ұстап тұрды. Өмір бойы Ресей бізді жарылқайды деп екеуі де Ресейді жақтады. 2) Кіші жүздің мойнына құлдық бұғалығы түсіп тыпырлауға шамасының келмегендігі; 3) Орта жүздің ала болғандығы һәм шаруасының күйзелгендігі. Кенесарының бас ақылдас адамдарының ішінде тыңшы болып, Кенесарының жайынан үкімет төрелеріне хабар жеткізіп тұрған, сондай тыңшылдықтың кесепатінен арғынның Қаржас тобынан шыққан Кенесарыға ерген ағайынды: Тайжанды үкімет Қараөткелде атып, Сейтенді Тобыл жаққа айдады; 4) орыстың соғыс жөніндегі қару-жарағының һәм әскерлік ұйымының үстем болғандығы» [14, 24].

Кенесарыдай ардақты ерінен айырылған алты алаштың жүрегі дерт екен деп тебіренеді Мағжан. Хан Кене қаза тауып, Наурызбай батыр мерт болған соң, соңында қалған Сыздық сұлтан ержетеді. Жас жеткіншек әке жолын қуамын деп атқа қонады, алты алашты соңынан ертемін деп қайрат қылады. Алайда Сыздық соңынан алты алашы ермейді. Осыдан кейін батырдың жүрегін шер басады.

Алты алаштан алты адам да ермеген,
Алаш сорлы келешегін көрмеген.
Орыс алды, қимылдаған қазақ жоқ,
Қайран Сыздық құса болды шерменен [10, 124].

Поэмада оқиға желісі үшінші жақтан баяндалады. Автор болған оқиғаны, оған араласатын кейіпкерлерді сырттан суреттейді. Алайда кейде сол оқиғаға, кейіпкерге байланысты өзінің субъективті пікірін қосып, жеке көзқарасын білдіреді. Сыздық сұлтанның соңынан алты алаштың баласы ермеген соң, қазақ жерін орыс алғанын айтып, тарихтағы осы трагедиялы жағдайға қатысты Мағжан өзі де тебіренетінеді. Әке жолын жалғастыра алмай, алты алаштың баласын атқа қондыра алмай құса болған Сыздықтың жан дүниесіндегі қиналысты жеткізу үшін ақын «қайран» деген сөзді қоданады. Бұдан автордың Сыздықты аяғаны, жақтағаны, оған жәрдемдескісі келгенін байқаймыз.

Нәтижелер. Поэманың қысқаша мазмұны төмендегідей. Елдің қолдауын көрмеген Сыздық үйде жатып өлгенше, жортып қаза боламын деп бетпақ даланы кезіп кетеді. Бетпақ дала төсінде жалғыз қалған Сыздық түнге кезігіп, тынығуға аттан түседі. Сол арада қалың қопа бойында шақпақ жағып, от тұтатып отырады. Бір мезгілде алдындағы көп қамыс сылдыр-сылдыр етеді де, жат дыбыс естіледі. Түн ішінен батырға қырлы мұрынды, қырмызы ерінді, ай мен күндей сыланған, нұры шашылып бір келіншек шыға келеді. Батырдың алдына жайғасқан сұлу келіншек өзінің кім екенін айтпай, ұзын жеңінен қолын шығармай отырды. Келген бейтаныс келіншектің тегін адам емес екенін сезген Сыздық сынамаққа болып бір малтаны алдына тастайды. Келіншек ұзын жеңінен қолын шығармай малтаны алады. Осыдан кейін Сыздық кімге кездескенін түсінеді. Беліндегі садағын қолына алып, сұлу келіншекке кет деп қаһар төгеді. Сыздыққа кездескен жұмбақ келіншектің жүрісі де адамдікіндей болмайды. Ол былқ-сылқ етіп түрегеліп, аяғын баспай, жансыз жібек судыр-судыр еткендей қимылдайды. Шөл далада көп қамыстың қасында қалған Сыздық келіншектің кім болғанын түсінеді. Бұл келген жезтырнақ қой деп ұғады. Жеңінен қолын шығарса, жезтырнақ екенін біліп қалады деп ойлайды. Желден жүйрік қанішер жезтырнақ деген пері мен диюдың ойнас баласы, ол аңға да, құсқа да, адамға да оп-оңай айнала береді деп отырады. Сөйтеді де, оның не ойлағанын білу үшін сырымды сыртқа шығармай, бірден қумауым керек еді, ойынын көріп әурелеуім қажет еді деп күйінеді. Жезтырнақ түн ішінде қайтып келмес пе екен деп қамдана бастайды. Оттың басына бір қара тасты әкеп тастайды да, үстін қара қапталымен жауап қояды. Атын алысқа алып кетіп, соның астында тоңған қойшы баладай жасырынып бұғып отырады. Түннің бір мезгілінде жел көтеріліп, қамыс тербеле бастап, аяғы дауылға айналады. Сыздық от жаққан жерге жезтырнақ келе жатады. Бұл дыбысты естіген Сыздық қолына садағын алып, жезтырнақты күтіп отырады. «Маған қалай кәрленіп қарадың, қазір қаннен-қаперсіз ұйықтап жатырсың. Сенің тұқымыңның не қылғанын қалай ұмытамын. Кенесары әкемді, Абылай ағамды өлтірді. Сол үшін енді сенің көзіңді құртамын»,- деп зар төгеді жезтырнақ.

Шығарманың осы тұсына дейін келгенде оқырман шытырман оқиғалы хикая оқып отырғандай әсер алады. Көркемдік қуаты күшті хикая оқиғасы өтетін кеңістік – қазақтың бетпақ даласы. Сол жерде түнде Сыздық пен жезтырнақ кездеседі. Сыздықтың тірі қалуын тілеп, жезтырнақтық батыр қолынан жазалануын қалайды. Барлығы қазақ фольклорындағы қиял-ғажайып ертегілерінде өтетін оқиғаға ұқсайды. Алайда жезтырнақ Сыздыққа әкесі Кенесары мен бабасы Абылайды есіне салады. Және олар жезтырнақтың ата жауы, біреуі әкесін, бірі ағасын өлтіргенін айтады. Осы әңгімеден фольклорлық кейіпкер жезтырнақ – жинақталған дұшпан бейнесі екенін түсінеміз. Абылай хан не үшін күрескенін, кіммен соғысқанын, Кенесары хан атқа неге қонғанын, қалай қаза болғанын саналы оқырман жақсы біледі. Жезтырнақ бейнесі астарында қазақтың жеріне көз алартқан, елдігін жоймақ болған сырт жауын қабылдаймыз. Абылай дәуірінде қалмақ, қытай, орыспен жүргізілген елдік күреті түсінсек, Кенесары кезінде бұл дұшпан бейнесі орыстың Патша билігі екенін ұғамыз.

Академик С.Қасқабасов қазақ фольклорында ғана кездесетін жезтырнақ бейнесінің анықтамасын былай береді: «Жезтырнық туралы хикаялардың негізгі сюжеті мынау: аңшы-мерген, я болмаса жолаушы батыр кешке таман қосына келіп, ас пісіріп отырғанда, қасына шолпысын сылдыратып әдемі келіншек келеді. Жігіт оған тамақ ұсынады, ал әйел тамақты қолының ұшын жасырып алады. Тамақ ішіп болған соң келіншек жайына кетеді. Енді мергенге «осы жезтырнақ емес пе екен?» - деген ой келеді де, ол сақтанада бастайды, өзінің орнына бөренені ұйықтап жатқан адам ұқсатып орап қояды да, өзі басқа жақта аңдып отырады. Біраз уақыт өткен соң баяғы әйел ұрланып келіп, бөренені адам екен деп қапсыра құшақтап, тырнағымен қарс айырады. Осы сәтте аңдып тұрған мерген мылтығын басып қалады» [15, 118]. Ғалым анықтамасын көрсеткен жезтырнақ пен М.Жұмабайұлының «Ертегі» поэмасындағы бейне арасында айырмашылық жоқ деуге болады.

Поэмада жезтырнақпен қатар дию, пері, жын, албасты секілді фольклорлық кейіпкерлердің аты аталады. Жезтырнақтың келе жатқандағы кейпін ақын былай суреттейді

Әр дыбысқа енді құлақ түрулі,
Көз тігілді, қолда садақ құрулы
Жезтырнақ қой келе жатқан кәрленіп,
Дию ашулы, пері жүріс, жын шулы [10, 25].

Ұйықтап жатқан Сыздықты қапыда өлтіремін деп келген жезтырнақ алданып қалады. Тырнағын тасқа қадаған сәтте Сыздық жүрегінен жебесін атып жібереді. Жезтырнақ бір оқтан азаптанып өлемін, тағы бір оқ атшы дейді де қопаға қарай жүріп кетеді. Екінші оғын атса, Құдай жезтырнаққа береді деп, Сыздық оны жасамайды. Бұл сөзден біз мерген көздеген дұшпанына бір оғын ғана кетіреді деген ойды түсінеміз. Осы тұста ақын намыс туралы пікір қалдырады. Қамыстың жезтырнаққа бас игенін намыссыздық деп жақтырмайды. Шығарманың бір тұсында «Сылдыр-сылдыр қамыс басты сылдырға, // Жел сүйсе оны, жан кіреді құрғырға»,- деп желді жігітке, қамысты көңілшек қызға әдемі теңесе, енді сол қамыс жезтырнаққа жол ашқанын, алдында бас ұрғанын сынайды. Ақын бұл үзіндіде кейіптеу көркемдік тәсілін сәтті қолданады. Қамыс адам кейпінде суретеледі. Ал оның жезтырнаққа бас июі, жағынуы намыссыздық деп қабылданады.

Жезтырнақ көзден таса болады, бас иген қамыс арасына кіріп кетеді. Жапанда жалғыз қалған Сыздықты тұңғиық ой басады:

Әлдеқайда, Қырда, Сырда алаш бар...
Мұнарлы тау, балдай бұлақ, ағаш бар...
Есіл елді, есіл жерді жат алды...
Ойлы ұлына бұл кең дүние болды тар [10, 27].

Қорытынды. Оқырман қайыра романтикалық жағдайдан бірден реалистік өмірге ауысқандай күй кешеді. Фольклорлық бейне қамыс арасында жоғалып кетті. Жалғыз қалған Сыздық туған алаш жұртын, мұнарлы тауын, байтақ жерін ойлайды. Шығарма желісі бойынша жезтырнақтан құтылған бас кейіпкер аман қалудың амалын жасап, адам баласына сай тірлігін істей беруі керек. Ол қорынышты үрейге кез қылған жезтырнақ мекендейтін жерден кетуге қамдану қажет еді. Алайда жезтырнақты жоқ қылған Сыздықтың көкейінде мұң бар. Ол қайран елін, есіл жерін есіне түсіреді. Сондықтан да кең дүние ой ойлаған перзентіне тар көрінеді. Сол жанды жеген ойлардың арасында айбынды Абылай бабасының кең ақылын еске түсіреді. Шын хан бола білген Абылай өлгеннен кейін қазақ даласы солды. Әкесі Кенесары да алаш деп у ішті, қазақ деп қан жұтты. Енді қазақтың баласының басына күн орнына түн орнады деп тебіренеді. Сол айбарлы хандардың ұрпағы Сыздық сұлтан жапан далада құм кезіп жүр. Ол Кенесары, Наурызбайдың жолын неге қумайды. Ерден туған ердің жолын қуамын деп Сыздық жапанда емес, жау қолында өлемін деп атқа қонады.

Поэма соңында автор түйін жасайды. Қорытынды төрт шумақта шығарманың негізгі идеясы ашылады. Оларда Сыздық та, жезтырнақ та айтылмайды. Сыздық пен жезтырнақтың бейнесі, арасындағы сюжет негізгі ойды ашуға пайдаланғандығын түсінеміз.

Мағжан қатарынан үш шумақта «Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен», «Ерте күнде ешкі жүні бөрте екен» деген фольклор ертегілерінде қалыптасқан тұрақты тіркестерді қайталайды. Ақын бұрынғы өткен дәуірдегі ерлерді екпінді отқа теңеп, ерте заманда алаш – айбынды ел болғанын айтып, сол замандағы хандарынан, ерлерінен айырылған алты алаштың жүрегі дерт екен деп күңіренеді.

Шығармадағы жезтырнақ қазақ жұртына қасірет әкелетін, елдігіне қауіп төндіретін дұшпанның жинақталған образы болса, Сыздық – қайтпас қайсарлықтың, ерліктің, ата жолына адалдықтың, аманатына беріктіктің, өр намыстың, биік рухтың бейнесі, асқақ символы.

Әдебиеттер

1. Бес арыс (Естеліктер, эсселер және зертеу мақалалар) / Құраст. Д. Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
2. Елеукенов Ш. Мағжан: өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
3. Кәрібаева Б. Мағжан поэтикасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. – № 7. – 39-42 б., № 8. – 35-39 б., № 9. – 25-29 б., № 10. – 34-37 б.
4. Қанарбаева Б. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фольклорлық дәстүр: Филология ғылымдарының канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дис. автореферaты / 10.01.09, 10.01.02/ Қазақстан Респ. ұлттық ғылым академиясы. – Алматы: М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 1994. – 24 б.;
5. Қанарбаева Б. Мағжан шығармаларының фольклорлық қырлары. – Алматы: Экономика, 1995. – 155 б.
6. Қанарбайқызы Б. Мағжанның мұралары және фольклор // Алматы ақшамы. – 1993. – 30 тамыз;
7. Майтанов Б. Мағжан Жұмабаев поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 52 с.
8. Тілешов Е. Мағжан поэзиясындағы романтизм: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. автореф. /10.01.08/. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 26 б.
9. Daurenbekova, L., Soltanayeva, Y., Adayeva, Y.The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success // Journal of Social Studies Education Research. Open source preview, 2025, 16(2). DOI: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6503884049.
10. Жұмабайұлы М. Шығармаларының академиялық жинағы. Үш томдық. 1-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов, Ж. Рақыш, Н. Сәрсек, Т. Әкімова. – Астана: Түркі Академиясы, 2023. – 688 б.
11. Елеукенов Ш. Мағжан (Өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
12. Тілешов Е. Мағжан поэзиясындағы романтизм: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. автореф. /10.01.08/. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 26 б.
13. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 бет.
14. Кемеңгерұлы Қ. Қазақ тарихынан. – М.: Күншығыс, 1924. –147 б.
15. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

К.Р. КЕМЕНГЕР, С.Б. ЖУМАГУЛ
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

ПОЭМА МАГЖАНА ЖУМАБАЙУЛЫ «СКАЗКА»: ИСТОРИЧЕСКАЯ И ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ПРАВДА

Аннотация. В статье исследуется художественное наследие выдающегося поэта Магжана Жумабайулы в жанре поэмы, рассматриваются изучение, история написания, публикация первого произведения в этом жанре – поэмы «Сказка». Анализируются проблема фольклорной традиции, исторической и художественной реальности в данном произведений. В сюжете произведения раскрывается образ фольклорного персонажа – жезтырнак. В поэме, наряду с жезтырнак, отражено описание фольклорных персонажей, таких как див, пери, джин, албасты. Идея произведения «Сказка», развившего жанр поэмы в казахской национальной письменной литературе, раскрывается в аспекте интегративной фольклористики. В результате исследования отражена цель, преследуемая автором в определении образа исторической личности султана Сыздыка. Показано, что Жезтырнак – это собирательный образ врага, который приносит казахскому народу зло, угрожает ему, Сыздык – это образ непоколебимой самоотверженности, отважного характера, гордости, возвышенного духа, который не отступает от жизненной цели, отцовского пути, заветов предков.

Ключевые слова: Наследие Магжана Жумабайулы, жанр поэмы, поэма «Сказка», фольклорная интегративность, идея произведения, историческая и художественная реальность.

K.R. KEMENGGER, S.B. ZHUMAGUL
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

MAGZHAN ZHUMABAYULY'S POEM «FAIRY TALE»: HISTORICAL AND ARTISTIC TRUTH

Әдебиет пен тарихтың өзара байланысын көрсету үшін кешенді әдіснама қолданылып, Алаш қаламгерлерінің шығармалары ұлттық идеяның мәдениет пен саясаттағы орнын айқындауға бағытталды. Сонымен бірге, әдебиеттану және мәдениеттану тұрғысынан мәтіндік талдау жүргізіліп, Алаш қаламгерлерінің тәуелсіздік идеясына қатысты образдар жүйесі, тілдік ерекшеліктері мен көркемдік тәсілдері қарастырылды. Бұл зерттеуде ұлт-азаттық қозғалыстар, оның ішінде Алаш қозғалысының тарихи және мәдени мәнін зерттеуге арналған заманауи еңбектерді пайдалану арқылы тарихи сабақтастықтың маңызына көңіл бөлінді.

Талқылау мен бақылау. XX ғасырдың басы – қазақ қоғамының аса қарқынды қоғамдық-саяси және рухани өзгерістерге толы кезеңі. Ұлттың тарихи санасы жаңғырып, әдебиет ұлттық мұрат пен азаттық идеясын көркем ой арқылы танытуға ұмтылды. Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхаметжан Сералин сияқты қаламгерлердің шығармалары ұлттық сананы оятып, әдебиетті жаңа сатыға көтерді.

«Қазақ Кеңес Энциклопедиясында» **«Алаш»** сөзіне келесідей анықтама берілген: «Алаш, Алаш мыңы – қазақ тайпаларының ең алғаш қауымдасып, біртұтас одақ құрған кезіндегі атауы, яғни «қазақ» атауына дейінгі халықтың ортақ есімі» [1, 18]. Демек, «алаш» ұғымы тарихи семантика тұрғысынан алғанда, бір жағынан халықтың жинақталған атауын, екінші жағынан этнонимдік мәнді білдіреді.

Бұл жөнінде Алаш әдебиетін зерттеуші, профессор Ө. Абдиманұлы мынандай пікір білдіреді: «Партияның «Алаш» деп аталуына себеп – ұзақ уақыт жасырын жұмыс істеп келген бұл ұйымның ата-баба ұраны болған «Алаш» атауын өзіне таңдап, сол арқылы ашық саяси аренаға шығуында еді» [2, 26].

Демек Алаш қозғалысын тек тарихи-саяси оқиға ретінде бағалау жеткіліксіз. Бұл құбылыс – қазақ руханиятының тұтас жаңғыру дәуірі, яғни Ренессансы іспеттес. Алаш идеясы адамның ішкі жан дүниесі мен адамгершілік ұстанымдарына, гуманизмге негізделген. Ұлттың еркіндігі мен бостандығына ұмтылу, жеке тұлғаның адами қасиетін жоғары қою – осы қозғалыстың өзегі болды.

Алаштықтардың атқарған істерінен олардың екі бағытта іс атқарғандығын көреміз. Біріншісі бағдарлама жасап, оны билік өкілдеріне жеткізу болса, екіншісі «Алаш» ұранын халыққа жеткізу. Жазылған өлеңдер мен прозалар, драмалық шығармалар, мақалалар да – екінші бағыттың нәтижесі. Алаш қаламгерлерінің негізгі мақсат-мүддесінде ел тәуелсіздігі болғандығы жоғарыда айтылды. Дегенмен, бұл идеяны жаңғыртуда қолданылған ұғым, бірліктерді біз төмендегіше топтастыруды жөн көрдік (Сызба 1):

1-сызба. Тәуелсіздік идеясы қамтитын ұғымдар



Яғни Алаш қаламгерлерінің тәуелсіздік идеясының құрамындағы мұндай ұғымдар қазақ халқының ұлттық санасын жаңғыртудың, мемлекеттік дербестікті қамтамасыз етудің және рухани-мәдени тұтастықты сақтаудың негізгі аспектілерін көрсетеді. Бұл ұғымдар олардың шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметтерінде бір-бірімен тығыз байланыста өріліп, ұлттық идеяның кешенді құрылымын қалыптастырды.

Алаш қаламгерлері өз шығармаларында ұлттың тағдырын, қоғамдық міндеттерді, рухани жаңғыруды ерекше айшықты образдар арқылы сипаттады. Олар өздерін тек жеке тұлға ретінде емес, ұлт мүддесінің өкілі, халықтың рухани жетекшісі ретінде көрсетті. Бұл қасиеттер олардың ұлт жастарын тануындағы образдармен үндесіп, ұрпақтарға бағытталған жоғары идеалдарды бейнелейді. Яғни, жас ұрпаққа бағытталған өлеңдерде олардың болашаққа үміт артар күші ретінде көрінуі – олардың өздерін халық мүддесіне қызмет етуші ретінде тануымен тығыз байланысты.

Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың жастарды «Мен жастарға сенемін» өлеңінде елдің болашағы деп сипаттауы – ортақ ұғымдық жүйеге негізделген. Олар жас ұрпақты өздерінің рухани ізбасары ретінде таниды, бұл ұлттың үзілмес тамыры мен рухани байланысын көрсетеді (Сызба 2):

2-сызба. М. Жұмабаев өлеңдерінің салыстыра талдануы

Жер жүзіне ер атағым жайылған, Жан емеспін оттан, судан тайынған.		Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар, Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін!
Қайраты мол қандыбалақ қыранмын, Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.		Қырандай күшті қанатты. Мен жастарға сенемін! Жас қырандар – балапан, Жайып қанат ұмтылған. Көздегені көк аспан. Мен жастарға сенемін!
Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға, Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға. Талай тайғақ, тар кешуде таймаған Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!		Қажу бар ма тұлпарға, Талу бар ма сұңқарға, Иман күшті оларда, Мен жастарға сенемін!...
Талмай, қайтпай қамал бұзған кемеңгер, Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.		Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты – Мен жастарға сенемін! [3].

Мұндай параллелдер барлық Алаш қаламгерлерінде кездеседі. Алаш қаламгерлері мен жас ұрпақ арасындағы байланыс олардың шығармаларындағы образдар арқылы көрініс табады. Олар өздерін сипаттағанда «жалын», «от жүрек», «қасқыр мінез», «табиғат еркесі» секілді өршіл, қайсар бейнелерді қолданса, жастарды сипаттағанда да ұқсас бейнелерді қолданған. Бұл бір жағынан, олардың ұлттың рухани күші мен болашағын біртұтас жүйе ретінде қабылдағанын көрсетеді. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың жастарды «арыстандай айбатты», «құстай қанатты» деп суреттеуі олардың ұлтты көркейтер, қорғаушы күш ретіндегі көрінісін береді.

Бұл ортақ образдар тек әдеби тәсіл емес, ұлттың рухани символикасын жасау әрекеті ретінде қарастырылады. Олар жастарды елдіктің жаршысы, ал өздерін сол мақсаттың бастауында тұрған тұлға ретінде сипаттаған.

Алаш қайраткерлері өздерін бейнелегенде өздерінің қоғам алдындағы миссиясын баса көрсеткен. Олар өз образдарын ұлттық сана мен руханиятты дамытудағы құрал ретінде қарастырды. Бұл жастарға деген көзқарастарымен байланысып, олардың болашақтағы миссияларын анықтап береді. Яғни, жастардың білімді, күрескер, елшіл болуын талап еткен өлеңдері өздерінің осы жолда жүрген тұлғалар екенін түсіндіруден туындаған.

Сонымен қатар ұлттық бірлік пен тұтастық Алаш зиялыларының ұстанымында негізгі орын алды. Олар халықтың біртұтас ұлт ретінде дамуы үшін ортақ құндылықтарды сақтауды және нығайтуды көздеді.

Әлихан Бөкейханның «Түбі телім болған қазақтар басын қоспай, қазақ қазақ болмайды» деген сөзі [4, 131] Алаш қозғалысының түпкі мақсат-мұраты – бөлінген қазақты бір тудың астына біріктіру, Алаш идеясын ұлтты ұйыстырушы күш ретінде қарастырғанын аңғартады.

Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлы: «Біз барша қазақты біріктіруді басты мақсат еттік» [5, 80] , – деп өздерінің негізгі ұстанымын анық білдірген. А. Байтұрсынұлының

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас [6, 20], – деген жолдары осы концепцияны нақтылады.

Мемлекеттік егемендік пен жер мәселесі Алаш қаламгерлерінің идеяларында саяси және экономикалық тәуелсіздік ұғымдарымен ұштастырылып, отаршылдық езгінің

қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген залалын жоюдың жолдары ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, білім мен ғылымды дамыту арқылы ұлттық сана-сезімді ояту және ұлтты жаңғырту олардың ең басты мақсаты болды. Олардың пікірінше, білім беру мен ғылымның өркендеуі ұлттың тәуелсіздігінің кепілі еді.

Мұхтар Әуезов былай деп жазады: «1905 жылы Қарқаралыда Ахмет Байтұрсынұлы мен бір топ оқығандар жиналып, орталық өкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жолдаған. Бұл петицияда басты мәселелердің бірі – жер мәселесі көтерілді. Сонымен қатар, қазақ жұртына земство беруді және қазақ халқын мұсылмандық басқаруға қаратуды талап еткен. Сол кезеңдегі қазақ халқының ең өзекті мәселелері осылар болғандықтан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бұл бастаманы дала қазақтарының көпшілігі қолдап, ұлттық сананың оянуына үлкен серпін берді» [2, 20].

Бұл – Алаштықтардың бірінші бағыты еді. Ұлттық сананы жаңғыртуда М.Дулатовтың «Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп» [7, 31] деуі де, С.Торайғыровтың «Ерімізді айдаған, Елімізді лайлаған. Жерімізді шимайлаған, Өшті залым қарасы» [8, 92] деген ұраны да осы турасында болатын.

Қазақ тілі мен мәдениетін сақтау және дамыту Алаш идеясының рухани өзегін құрады. Олар тілдің ұлт бірегейлігінің басты тірегі екенін түсініп, оны мемлекеттік деңгейде нығайтуды көздеді. Әлеуметтік әділеттілік және заң үстемдігі идеялары арқылы олар қоғамда теңдік пен әділеттілікті орнатуға ұмтылды, бұл болашақ тәуелсіз мемлекеттің құрылымдық негізі ретінде қарастырылды.

Бұл кезеңде әдебиетті қалыптастырушы күш – оқу-ағарту, газет-журналдардың (мысалы, «Айқап», «Қазақ») жарық көруі, кітап бастыру ісінің дамуы болды. Жазба әдебиеттің өрісі кеңейіп, әдебиетте жаңа жанрлар мен бағыттар пайда болды. Театр өнерінің алғашқы қойылымдары, драмалық туындылар мен әдеби сынның тууы – осы кезеңнің жемісі.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін қорғау мен дамытудағы ең көрнекті тұлғалардың бірі болды. Ол қазақ тілінің грамматикасын зерттеп, жазу реформасын жасап, ұлттық әліпбиді (төте жазу) енгізу арқылы қазақ тілінің ресми және білім беру жүйесінде қолданылуын кеңейтті. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбектері қазақ тілін жүйелі оқытудағы алғашқы қадамдардың бірі болды және бұл еңбектер ұлтты сауаттандыру мен тілдік мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Міржақып Дулатұлы да өзінің шығармашылығында қазақ тілінің маңыздылығын ерекше атап өтті. Оның «Оян, қазақ!» атты еңбегі ұлттық сананы оятуға шақырып, ана тілді құрметтеу және сақтаудың негізгі ұрандарының біріне айналды. Қазақ тілін сақтау мәселесі Алаштың саяси бағдарламасында да көрініс тапты. Алаш автономиясын құру жоспары қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қолдануды көздеді.

А.Байтұрсынұлының: «Өз тілімен сөйлеп, өз тілімен жазған халықтың ұлттық болмысы ешқашан жоғалмайды. Ұлттың сақталуы мен жойылуына ең ықпалды нәрсе – тіл» [6, 307] , – деген сөзі ұлттық рух пен болмыстың негізі – тіл екендігін алғаш аңғартқан еді. Бұл пікір Алаш зиялыларының барлығының идеялық ұстанымымен үндес болды. Мысалы, Ғұмар Қараш: «Тілді сақтауға мүмкіндік болса, оны сақтау – міндет. Тілді қаншалықты сақтасақ, ұлтымызды да соншалықты сақтаймыз» [9, 25], – деп, тіл мен ұлттың ажырамас байланысын ерекше атап көрсетсе, Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухтың өзегі – ұлттық тіл. Ресей кезінде тіліміздің дамытуға мүмкіндік берілмеді. Ұлттық басылым шығару құқығымыз да болған жоқ» [10, 118], – деп, тілге жасалған шектеулердің ұлт рухына әсерін айқындаған. Халел Досмұхамедұлы: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, өзге тілді меңгеру – мақтанарлық іс. Ал өз тілін білмей жатып, бөтен тілге еліктеу – қателік. Бұл – әсіресе, оқыған азаматтар мен жастардың есінде сақтауы тиіс маңызды мәселе» [11, 242], – десе, Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуының бірінші шарты – тілі» [3, 54], – деп, тілдің ұлтты ұйыстырушы ретіндегі рөлін айрықша бағалаған.

Алаш зиялылары ана тілін ұлт болмысының басты тірегі деп қарастырды. Олардың пікірінше, тіл – ұлттық руханияттың өзегі және ұрпақ тәрбиесінің негізі. Бұл көзқарас

әсіресе, қазіргі кезеңде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне толық қол жеткізбей отырған жағдайында ерекше маңызға ие. Алаш зиялыларының тіл туралы өсиеті бүгінгі қазақ қоғамына да бағыт-бағдар беруде.

Олардың бұл ойлары тек ғылыми мақалалар мен саяси күрестерде ғана емес, әдеби шығармаларында да көрініс тапты. А.Байтұрсынұлының «Туған тілім», М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С.Торайғыровтың «Туған тіліме» өлеңдері қазақ әдебиетіндегі тіл тақырыбына арналған алғашқы көркем шығармалар болды. Бұл туындылар ана тілінің қасиеті мен маңызын көркемдік тұрғыдан жеткізіп, ұлттық санаға ықпал ету мақсатында жазылды.

Сонымен бірге, Ғұмар Қараштың «Ұлт һәм туған ел» және М.Тұрғынбаевтың «Қазақ тілін іске асыру» атты мақалалары тілдің ұлт болашағындағы орнын терең талдаған еңбектер болып табылады. Осылайша, Алаш зиялылары ана тілінің ұлтты сақтаудағы шешуші рөлін ерте түсініп, оны ұрпақ тәрбиесінде басты құрал ретінде қарастырды. Олар үшін ана тілін сақтау — ұлттық дербестікті, мәдени тұтастықты және рухани тәуелсіздікті қамтамасыз етудің басты шарты болды. Бүгінде Алаш қайраткерлерінің осы идеялары қазақ тілінің мәртебесін көтеру мен оны дамытудағы стратегиялық бағыттардың негізінде жатыр.

Сонымен бірге, рухани тәуелсіздік пен ұлттық мүддені қорғау ұғымдары халықтың тарихи санасын оятып, оның отаршылдық саясатына қарсы тұру қабілетін арттыруға бағытталды.

Бұл турасында академик Кеңес Нұрпейісов Алаш қозғалысының бастауына тоқтала келе, қазақ даласындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың аграрлық, ұлттық және таптық мәселелердің ушығуымен сипатталғанын атап өтеді. Ғалымның айтуынша, бұл шиеленістерден туындаған аграрлық және ұлт-азаттық қозғалыс ең алдымен отаршылдыққа қарсы бағытталды. Сол кезеңдегі ұлттық мүдделерді түсініп, оларды шешуге ұмтылған жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ интеллигенциясы осы істердің басында тұрды [12, 33].

Дін мен руханият мәселелеріне ерекше көңіл бөлген зиялылар ислам дінін ұлттық мәдениетпен үйлестіре отырып, оны халықтың рухани тірегіне айналдыруды көздеді. Жеке адамның еркіндігі мен құқықтарын қорғау арқылы демократиялық құндылықтарға негізделген әділетті қоғам құру олардың негізгі мақсаттарының бірі болды.

Олар халықтың діни сауатын арттыруды, ислам шарттарын дұрыс меңгеруді насихаттады және бұл арқылы ұлттың рухани жаңғыруына жол ашуды көздеді. Ахмет Байтұрсынұлының:

«Жазған сөз жаным ашып алашыма,
Алаштың адасқан аз баласына.
... Ұмытып Құдайды да, құранды да,
Бас ұрма ләнат-манат ағашына...» [6, 21], – деген жолдарында діннің мәні мен оның халықты адасудан құтқаратын рухани негіз ретіндегі рөлі айқын көрінеді. Ұлттық ұранға айналған «Алаш» идеясының тірегі ретінде Құдай мен Құранды ұмытпауға үндеп, ислам құндылықтарын ұлтты ұйыстырушы күш ретінде бағалады. Мұндай идея Міржақып Дулатовтың поэзиясынан да көрінді:

«Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын Исламның кәміл білсең,
Ақиреттік азық берер шын ғылымың» [7, 10], – деп, Міржақып ислам дінін тану мен оның шарттарын үйренуді басты орынға қойды. Ол исламды тек діни ілім ретінде ғана емес, адамның ақыреттегі өміріне рухани азық болар білім ретінде қарастырады. Бұл оның руханият пен білімді ұштастыра отырып, халықты рухани сауаттылыққа шақырғанын көрсетеді. Дулатұлының шығармашылығы исламның қазақ қоғамындағы орнын сақтап, оны жаңа заманда жаңғыртудың жолдарын іздеген күрескерлік сипатқа ие болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров та діннің ұлттық болмысты қорғаудағы маңызды рөлін ерекше атап өтеді. Төмендегі өлең жолдарында ақын ислам дінін ұлттың қадір-қасиетімен ұштастырып, оны мінсіз рухани құндылық ретінде сипаттайды.

«Ислам деп қазағымның айтсам дінін,

Дос тұрсын, дұшпан таппас оның мінін...» [8, 62]. Бұл оның исламды ұлттың рухани айнасы ретінде түсінгенін және оны заманның өзгерістеріне сай бейімдеп жеткізуді көздегенін көрсетеді.

«Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым, енді жату жарамасты» [7, 6], – деген Міржақыптың жолдарынан Алаштықтардың ортақ идеясын көруге болады. Өйткені, олардың шығармашылығында дін мен руханият тәуелсіздік пен азаттық идеяларымен тығыз байланыста болды. Алаш қаламгерлерінің шығармаларындағы азаттықшыл сарындар ұлттың рухани дербестігін сақтау арқылы саяси тәуелсіздікке жетуді мақсат еткенін көрсетеді. Олар исламды халықты біріктіріп, рухани тұрғыдан жаңғыртатын құрал ретінде қарастырып, оның құндылықтарын ұлттың жаңаша болмысында сақтап қалуға ұмтылды.

Халық санасын жаңғырту, ұйқыдағы халықтың бейқамдықтан арылтуға насихат идеясының негізі қазақ халық ауыз әдебиетінде де кездескен. Кейіннен Абай шығармашылығында жалғасын тапқандығы анық. Мәселен,

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын.

Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» [6, 70], – өлеңінде А. Байтұрсынұлы Абайдың:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» [13, 93], – жолдарындағы идеяны да, үлгісіне де кері барады. Ахмет қана емес, XX ғасырдың басында барша Алаш азаматтары өз идеяларында Абайға жүгініп отырған. Мәселен, төмендегі кестеге мән берелік:

3-сызба. Алаш ақындары шығармашылығының Абаймен үндестігі

А.Байтұрсынұлы	**М.Жұмабаев**	**С.Торайғыров**
Қазағым, елім, Қайқайып белің, Сынуға тұр таянып. Талауда малың, Қамауда жаның, Аш, көзіңді, оянып! Қанған жоқ па, әлі ұйқың? Ұйқтайтын бар не сиқың?!	Жастық - алтын, Құрып қал салтын, Салты оның – үйрену, Өнер қуып, Бел бекем буып, Надандықтан жирену! Тұрма, қарғам, ұмтыл! Аты өшкірден құтыл!	Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе. Адамдықты көздесең, Жаттап, тоқы көңілге. Сөз мәнісін білмесең, Өлең оқып не керек? Не айтқанын сезбесең, Жарапазан не бер?ед

Қазақ қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков бұл турасында былайша баға береді: «Абайдың ең басты ерекшелігі – ол көне заманның тарихын, Шығыс пен Батыс ренессансы мен жаңа дәуір мәдениетін терең меңгеріп, солардың биігінен қазақ санасына тың идеялар мен жаңа ой-пікірлер әкелуі».

Нәтижелер. Профессор Ө.Әбдиманұлы «Алаш және Абай» еңбегінде былай деп жазады: «Абай ақындығына алғаш баға бергендердің бірі Мәшһүр Жүсіп Көпеев болды, бұл пікір 1889 жылы «Дала уалаяты» газетінде жарияланды [14, 48]. Сонымен қатар, Қ.Мұхамедхановтың айтуынша, Абайды орыс қауымына алғаш таныстырған – Әлихан Бөкейханов. Ол Абайды қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы деп атаған [15, 115].

Бұл тұжырымдарды негізге алуымыздың себебі, Алаш идеясының қайнары Абайдан, Абайға дейінгі қазақ ауыз әдебиеті өкілдерінен пайда болғандығына байланысты. Алаш қаламгерлері сол жолды ұстанды, халықтың танымы мен зерделеуіне қарай қызмет етіп отырды. Ел егемендігіне жету мұраттарын да сол кездегі халықтың негізі хал-ахуалына қарай бағыттады.

Алаш ақиықтарының шығармалары әлі де өзектілігін жоймаған шығармалар. Бұл туралы "Қазақ" газетінде де таралуы туралы кеңінен айтылған. «Қазақ» газетінің Алаш қайраткерлерінің ағартушылық бағыттағы еңбектерінің таралуы жайында А.Әбсадық, Б.Боранбаева, К.Мұхитов, Легкийдің мақаласында жан-жақты талданған [16, 7] «Қазақ» газетінен бөлек, «Ақ жол» газетіндегі материалдар да алаштықтардың негізгі мақсаты мен біртұтас ұлт болу жолындағы идеясының насихатталуына орасан зор ықпал етті. Алаш қаламгерлерінің мұраларына кеңестік кезеңде көңіл бөлінбей келсе, кейінгі жылдары советшіл жазушылардың туындылары бірыңғай сыға алынып, әдеби процестегі орындары есепке аз алынып келді. Дегенмен, әдеби үрдісті бөле-жарып қарау біртұтас қазақ әдебиет де болған тарихи процестерді объективті негізде түсінуге мүмкіндік бермейді. Тәуелсіздік алған жылдардан соң алаш қаламгерлерінің мұрасы әдеби дамудағы өзінің орны бар. Алаш мұрасының тәуелсіздік жылдарында тереңінен, жаңаша көзқараста зерттелуі туралы С.Қасқабасов, Ж.Карипбаевтың мақаласында зерделенді [17, 141] Алаш мұрасының тікелей ауыз әдебиетімен байланысын да нақтылап көрсеткен.

Қорытынды. Қазіргі қоғам үшін тәуелсіздік идеясы тек тарихи құндылық емес, сонымен бірге мемлекеттіліктің тұрақтылығы мен ұлттың болашақ даму стратегиясын анықтайтын негізгі ұстаным болып табылады. Ел егемендігінің 33 жылдық кезеңі тәуелсіздік мұратының халықтың санасында тамыр жайғанын және оның елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуының басты бағдарына айналғанын көрсетеді. Сонымен қатар, тәуелсіздік идеясы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудың, мәдени мұраны қорғаудың және халықаралық аренада өзіндік орнын нығайтудың кепілі болып табылады.

Алаш қозғалысының тарихи және рухани мұрасы – қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуындағы ерекше кезең және тәуелсіздікке ұмтылыстың терең символы. Бұл қозғалыс ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртуға деген талпыныстың саяси және рухани тұғырын анықтады. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары елдің дербестігін қамтамасыз ету үшін ұлттың білім, ғылым және мәдениет саласындағы әлеуетін арттыруды басты мақсат етті. Алаш қайраткерлері халықтың мүддесін қорғап, оның еркіндігі мен бірегейлігін сақтау үшін заманауи идеялар мен әдістерді қолданды.

Алаш қайраткерлерінің еңбектері тәуелсіздік идеясының тарихи, саяси және рухани негіздерін қалыптастырды. Олар үшін тәуелсіздік тек саяси дербестік емес, сонымен бірге ұлттық мәдениетті, тілді, білім мен руханиятты жаңғыртудың негізі болды. Алаш зиялыларының ұлттық сана мен бірегейлікті сақтау жолындағы қызметі қазақ халқының азаттыққа деген мәңгілік ұмтылысын бейнеледі.

Алаш қаламгерлері ұлттық бірлік, жер мәселесі, білім мен ғылымның дамуы, тіл мен мәдениетті қорғау сияқты тақырыптарды тәуелсіздік идеясымен ұштастырды. Олардың шығармалары арқылы ұлттық сана оянып, тәуелсіздікке деген ұмтылыс әдебиет пен мәдениетте көркем бейнесін тапты.

Бүгінде Алаш идеялары тәуелсіз Қазақстанның рухани және мәдени негіздерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олардың мұрасы ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда, мәдениет пен тілдің дамуын қамтамасыз етуде өзекті болып отыр. Сонымен қатар, Алаш қаламгерлерінің еңбектері жас ұрпаққа тәуелсіздік мұратын жеткізудің, ұлттық құндылықтарды сақтаудың және жаңа кезеңде дамыту жолдарының негізіне айналды.

Алаш мұрасын заманауи тұрғыдан зерттеу оның қазіргі тәуелсіз Қазақстан үшін маңыздылығын арттыра түсуде. Бұл мұра ұлттық тарих пен мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде сақталып қана қоймай, елдің болашақ дамуы үшін де стратегиялық бағдар береді. Алаш идеяларының заманауи мәнін ашу – тәуелсіздік мұратын тереңірек түсінуге және оны жаңа буынға жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Қазақ Совет Энциклопедиясы. – 1-т. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясы, 1972. – 247 б.
2. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 408 б.
3. Жұмабаев М. Таңдамалы: Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
4. Қойшыбаев Б. О. Әлихан Бөкейханов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 160 б.
5. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
7. Дулатұлы М. Оян, қазақ! – Алматы: Н.Б. – Пресс, Алтын Орда, 1991. – 80 б.
8. Торайғыров С. Өлеңдер, поэмалар, роман. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 312 б.
9. Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
10. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық. Жинаққа кіріспе. Күреспен өткен ғұмыр // ред.алқасы.: М. Әбусейітова, Б. Жұмағұлов, И. Тасмағамбетов, К. Есмағамбетов, Д. Алимова. – 1-т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012.– 544 б.
11. Классикалық зерттеулер: көп томдық. ХХ ғасыр басындағы алаш әдебиеттануы: Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедұлы/ҚР Білім және ғылым министрлігі; М.О.Әуезов атын. Әдебиет және өнер ин- ты; жауапты ред. А.С. Ісмақова; құраст.: А.Т. Ойсылбай, М.Әзімханов, Е.Әбікенова. – 9-т. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 368 б.
12. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда: – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
13. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. – 2-т. – Алматы: Жазушы, 1986.– 200 б.
14. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 б.
15. Мұхамедханов, Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 208 б.
16. Absadyk AA, Baktyly Sansyzbaevna Boranbaeva, Kabibek Mukhitov, Dmitry Maksimovich Legkiy. The Kazakh Newspaper and Its Opponents in Kazakh Society During the First World War // Bylye Gody. 2022. 17(3). – P. 1470-1481. Journal homepage: https://bg.cherkasgu.pres. DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470.
17. Қасқабасов С.А., Карипбаев Ж.Т. Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер // Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы. №3. – 2004. – Б. 142-152. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.13.

Г.М. ТОКТАР
Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ИДЕЯ НЕЗАВИСИМОСТИ КАК ЦЕНТРАЛЬНАЯ МЫСЛЬ В ТВОРЧЕСТВЕ АЛАШОРДИНЦЕВ

Аннотация. Идея независимости всегда занимала значительное место в историческом сознании казахского народа, так как она тесно связана с национальной идентичностью и стремлением к свободе. История казахов — это хроника длительной борьбы против колонизации, внешнего давления и за сохранение национального суверенитета. Эта идея формировалась на основе исторических событий и сохранилась как важная ценность в духовном мировоззрении народа.

В статье рассматривается место идеи независимости в историческом сознании казахского народа, а также ее роль в национальной духовности и политико-культурной жизни. На основе творчества и общественной деятельности деятелей движения Алаш проанализированы пути формирования идеи независимости и ее значение в пробуждении национального самосознания.

В ходе исследования политическое и культурное наследие алашординцев изучено с точки зрения их вклада в стремление народа к свободе. Кроме того, обсуждены современные применения идей Алаша в контексте значимости независимости для современного казахстанского общества. Исследование выявляет культурные, политические и духовные основы стремления к независимости на основе литературного и исторического наследия. В современный период растет необходимость систематизации литературных, исторических и культурных исследований вклада алашординцев в независимость и изучения их наследия с новых позиций. Это открывает возможности не только для полноценного освоения национального духовного богатства, но и для понимания исторических основ идеи независимости и передачи ее будущим поколениям.

Ключевые слова: алашординцы, идея независимости, ценность, национальное самосознание, язык, культура, литература, духовное возрождение.

G.M. TOKTAR
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

THE IDEA OF INDEPENDENCE IS THE MAIN FOCUS OF ALASH WRITERS

Annotation. The idea of independence has always held a significant place in the historical consciousness of the Kazakh people, as it is closely intertwined with national identity and the aspiration for freedom. The history of the Kazakh people is a chronicle of a prolonged struggle against colonization, external pressures, and for the preservation of national sovereignty. This idea was shaped by historical events and has been preserved as a key value in the spiritual worldview of the nation.

The article examines the role of the idea of independence in the historical consciousness of the Kazakh people and its significance in national spirituality, political, and cultural life. Through the creative works and public activities of the Alash movement's leaders, the article analyzes the pathways of forming the idea of independence and its role in awakening national consciousness. The political and cultural legacy of Alash leaders is studied in the context of their contribution to the nation's striving for freedom. Additionally, the article discusses the contemporary applications of Alash ideas in relation to the relevance of independence for modern Kazakh society.

The research identifies the cultural, political, and spiritual foundations of the pursuit of independence based on literary and historical heritage. In the modern era, there is a growing need to systematize literary, historical, and cultural studies on the contribution of Alash writers to independence and to reinterpret their legacy with new perspectives. This approach opens opportunities not only for the comprehensive understanding of national spiritual wealth but also for grasping the historical foundations of the idea of independence and conveying it to future generations.

Keywords: Alash writers, idea of independence, value, national consciousness, language, culture, literature, spiritual renewal.

References

1. Qazaq Sovet Ensiklopediasy. – 1-t. – Almaty: Qazaq Sovet Ensiklopediasy, 1972. – 247 b.
2. Äbdimanūly Ö. HH ğasyr basyndağy qazaq ädebietı. – Almaty: Qazaq universitetı, 2012. – 408 b.
3. Jūmabaev M. Tañdamaly: Öleñder, poemalar, zertteuler, audarmalar. – Almaty: Čylym, 1992. – 272 b.
4. Qoişybaev B. O. Älihan Bökeihanov. – Almaty: Jetı jarğy, 2001. – 160 b.
5. Qamzabekūly D. Alaş jäne ädebiet. – Astana: Foliant, 2002. – 474 b.
6. Baitūrsynov A. Aq jol. – Almaty: Jalyn, 1991. – 464 b.
7. Dulatūly M. Oian, qazaq! – Almaty: N.B. – Pres, Altyn Orda, 1991. – 80 b.
8. Toraiğyrov S. Öleñder, poemalar, roman. – Almaty: An Arys, 2009. – 312 b.

9. Qaraş Č. Zamana. – Almaty: Čylym, 1994. – 240 b.

10. Şoqai M. Şyğarmalarynyñ tolyq jinağy: 12 tomdyq. Jinaqqa kırıspe. Kürespen ötken ğūmyr // red.alqasy.: M.Äbuseıitova, B.Jūmağūlov, İ.Tasmağambetov, K.Esmağambetov, D.Alimova. – 1-t. – Almaty: Daik-Pres, 2012.– 544 b.

11. Klasikalyq zertteuler: köp tomdyq. HH ğasyr basyndağy alaş ädebiettanuy: Ahmet Baitūrsynūly, Älihan Bökeihan, Halel Dosmūhamedūly/QR Bılım jäne ğylym ministrlıgı; M.O.Äuezov atyn. Ädebiet jäne öner in- ty; jauapty red. A.S. Ismaqova; qūrast.: A.T. Oisylbai, M.Äzımhanov, E.Äbıkenova. – 9-t. – Almaty: Ädebiet älemı, 2012. – 368 b.

12. Nūrpeiısov K. Alaş häm alaşorda: – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.

13. Qūnanbaev A. Ekı tomdyq şyğarmalar jinağy. – 2-t. – Almaty: Jazuşy, 1986.– 200 b.

14. Äbdimanūly Ö. Qazaq ädebietındegı ūlt-azattyq ideia. – Almaty: Qazaq universitetı, 2007. – 325 b.

15. Mūhamedhanov, Q. Abai mūragerlerı. – Almaty: Atamūra, 1995. – 208 b.

16. Absadyk AA, Baktyly Sansyzbaevna Boranbaeva, Kabibek Mukhitov, Dmitry Maksimovich Legkiy. The Kazakh Newspaper and Its Opponents in Kazakh Society During the First World War // Bylye Gody. 2022. 17(3). – P. 1470-1481. Journal homepage: https://bg.cherkasgu.pres. DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470.

17. Qasqabasov S.A., Karipbaev J.T. Alaş ädebietındegı fölklorlyq negızder // Eurazia gumanitarlyq instituty Habarşysy. №3. – 2004. – B. 142-152. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.13.

Автор туралы мәлімет:

Тоқтар Гулбану Мұхитқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Токтар Гулбану Мухитовна – докторант Казахского Национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Toktar Gulbanu Mukhitkyzy – PhD student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

IRSTI 16.01
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.17

***D.M. BAZARBEKOVA[1]**

Zh.K. ADILOVA[2]

G.S. SAMSENOVA[3]

Kazakh National University of Sports, Astana, Kazakhstan[1]
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan[2,3]
(e-mail: dumanbaz2013@gmail.com[1], adilova_21@mail.ru[2],
gulzhansamsenova@gmail.com[3])

APPLICATION OF PRECEDENT TEXTS IN RUSSIAN LANGUAGE LESSONS

Annotation. This article examines the application of precedent texts in teaching the Russian language. Precedent texts are stable expressions, quotes, aphorisms, names, and literary and cultural realities that are well-known to a significant part of society and possess high associative value. Their use in Russian language lessons contributes not only to the development of language competence but also to the formation of students' cultural awareness, broadening their horizons and stimulating interest in the subject being studied.

The authors emphasize the importance of selecting relevant and understandable precedent units, taking into account students' proficiency levels, age, and sociocultural characteristics. The article also provides examples of methodological techniques for working with precedent texts. Thus, the use of precedent texts is an effective tool in teaching Russian as a foreign language, as it allows not only for language instruction but also for immersing students in a broad cultural tradition, fostering associative thinking and a deep understanding of the text.

Keywords: precedent texts, Russian language teaching, intercultural communication, language competence, cultural component.

Introduction. Researchers categorize precedent phenomena as significant occurrences spanning various domains, from the names of prominent individuals to events and concepts embedded in a nation's or humanity's collective memory. A precedent is defined as a past event that serves as an example or justification for subsequent similar instances. This implies that a precedent is a factual occurrence that acts as a guide for future actions.

Precedent texts, specifically, are considered to possess historical-cultural and country-specific value. They can be viewed as exemplary cultural texts whose study enhances not only communicative but also intercultural competence. By acting as a means to establish and maintain contact between the speaker and receiver—a sort of communicate equality check—confidentiality creates a unique form of expression.

For decades, and some even for centuries, precedent texts have formed the bedrock of education, immersing learners in both global culture and their own national heritage. Through them, children learn their native language and literature. As they become educational material, these texts are sometimes memorized, and their knowledge is ″socially recognized as a necessary

attribute of an educated, 'cultured' person. They form the backbone of a person's background knowledge... ″ [1,2]. For the Russian mentality, historical and literary memory has always held great importance, making the engagement with precedent texts a significant manifestation of speech culture.

By definition, possessing axiological significance, precedent texts are undeniably a component of cultural literacy. Consequently, knowing them is crucial for successful communication, both intercultural and within a single culture. Their familiarity to group members is a prerequisite for a text to be considered precedent. Yu.N. Karaulov highlights that knowledge of precedent texts signifies belonging to a particular era and its culture, whereas ignorance, conversely, indicates alienation from that culture [3].

Methodology and research methods. The main research directions can be broadly classified as follows: linguistic studies, which focus on the etymology and semantics of precedent texts; and historical-geographical studies, which examine these texts through the lens of cultural heritage and historical events.

In this article, the study of precedent texts employed methods such as continuous sampling, comparative-historical analysis, contrastive methods, and methods of analysis and synthesis.

Discussion and observation. Precedent texts represent a unique category of utterances that evoke stable associations among native speakers and serve as crucial markers of a cultural code. Their accurate and meaningful use fosters the development of not only language skills but also intercultural competence.

In Russian language lessons, precedent texts are widely known and culturally significant, and understanding them is essential for proficient language acquisition and immersion in Russian culture. These texts possess a high degree of **symbolism** and **appellative power** for native speakers, eliciting specific associations, emotions, and knowledge.

In modern linguistic science, prominent scholars such as Yu.N.Karaulov, V.G.Kostomarov, D.B.Gudkov, I.V.Zakharenko, and V.V.Krasnykh, among others, are actively involved in developing the theoretical framework for precedent texts.

The concept of a ″precedent text″ was introduced by Yu.N.Karaulov, who defines it as a text that is (1) **cognitively and emotionally significant** for a given individual, (2) possesses a **supra-personal character,** meaning it is well-known to the individual's wider social circle, including their predecessors and contemporaries, and (3) is **repeatedly invoked in the individual's discourse** [3, 216]. Yu.N.Karaulov considers their axiological significance, widespread recognition, and frequent use as the primary characteristics of precedent texts, examining them within the framework of national culture.

Yu.N.Karaulov defines precedents as ″a text fixed in the consciousness of a native speaker of a given linguistic community, representing a cultural fact in a broad sense and actualizing a certain situation″ [3, 152]. It is noted that precedent texts are ″iconic″ for a particular sociocultural community: they are recognizable, frequently quoted, and symbolic.

Precedent texts are repeatedly reproduced in the speech of Russian native speakers, have a ″fixed″ structure, and are reproduced in a ″ready-made″ form without being a single word, which brings them closer to phraseological units in a broad sense. Consequently, a precedent text is ″well-known to all members of society″ because they are aware of its existence and possess a common understanding that is obligatory for all carriers of a specific cultural mentality. When referring to the constant appeal to a precedent text, it implies that invocations of a particular precedent text may not be frequent, but they must be understandable to the interlocutor without additional decoding or commentary.

The study of issues related to precedent texts has gained widespread recognition among scholars. Researchers have investigated the evolutionary trends of this term [4]. A multitude of derivative terms have been identified: precedent name, precedent toponym, precedent utterance, precedent situation, precedent phenomena, precedent genre, precedent world, precedent image**.**

It is worth noting that researchers of this phenomenon emphasize various aspects of precedent texts as primary [5, 6]. One group of researchers focuses on the historical-cultural and country-

specific value **of** precedent texts. They underscore that such texts hold particular significance within a given culture, embodying its heritage and specific characteristics. Additionally, scholars highlight the **cognitive significance** of precedent texts: they function as cultural-axiological signs, representing complete, coherent, and emotionally charged semantic units. Another group of linguists, investigating the role of precedent texts in creating a comic effect, views them as a **linguistic stereotypical situation**. They explain that a reference to such a text creates a certain expectation in the recipient, which is then intentionally violated or played upon in a humorous context.

G.G. Slyshkin offers a broader interpretation than Yu.N. Karaulov. He posits that not only widely known texts but also those significant **to narrow social groups** (e.g., family jokes, student anecdotes, or professional terms among medical workers) can be precedent. Furthermore, Slyshkin notes that texts can be precedent for only a **short period of time,** such as advertising slogans or anecdotes, which quickly lose their popularity and are not passed down to subsequent generations [7].

A collective of authors—D.B.Gudkov, V.V.Krasnykh, I.V.Zakharenko, D.V.Bagaeva—refines the very concept of ″text″, reducing it to a completed and self-sufficient product of speech-thinking activity**.** They argue that reference to a precedent text occurs through associated precedent utterances or symbols, which are, in essence, precedent phenomena [8, 112].

Researcher V.A.Maslova noted that a special place ″in neurolinguistics is given to the study of precedent names and key cultural concepts. Precedent names are individual names associated with widely known texts (Oblomov, Taras Bulba), with situations known to most representatives of a given nation (Ivan Susanin, Grandfather Talash) ″ [9]. Considering the precedent phenomenon in scientific and linguistic texts, researchers also note that they are ″evidence of the anthropomorphism and personification of linguistic science... ″ [10,129].

Finally, in contemporary research, E.A.Nakhimova's definition is frequently cited. She emphasizes that precedent phenomena are easily recognizable by members of an intercultural community, are relevant to their thinking, and are actively used in speech [11]. More broadly, the term ″precedent phenomena″ is also used to define verbal or verbalization phenomena known to any average representative of a particular cultural-linguistic community and forming its cognitive base.

In scientific literature, several key characteristics of precedent texts are commonly distinguished [12]. Firstly, they possess a **supra-personal character,** meaning they are widely known and recognized not only among contemporary native speakers but also by previous generations. Secondly, these texts are capable of **storing a significant amount of information in a ″folded″ form**, serving as a type of cultural capsule. Thirdly, precedent texts hold **great significance for native speakers** in both cognitive and emotional terms, evoking specific associations and feelings. Fourthly, they are distinguished by **repeated use in speech,** which confirms their widespread prevalence and relevance. Lastly, precedent texts offer **broad possibilities for creating linguistic play and transformations**.

Following researchers such as V.V.Krasnykh and D.B.Gudkov, three main categories of precedent texts are distinguished based on their recognizability and prevalence: **universally-precedent, socio-precedent, and nationally-precedent** [13].

Universally-precedent texts are known to most people worldwide. This is explained by the fact that all cultures share common components that serve as a basis for mutual understanding among representatives of different intercultural communities. Such texts often come to us from ancient times and are therefore called ″eternal″. They allow for parallels with global cultural-historical processes.

Socio-precedent texts are recognizable within a group of local cultures. Researchers note that nationally specific features can be common to several cultures. Examples of such texts include those known throughout the post-Soviet space.

Finally, **nationally-precedent texts** are those familiar not only to speakers of a specific language, such as Kazakh, but also to anyone deeply acquainted with the culture and history of that particular nation.

In the approach to selecting precedent texts for language teaching, researchers often rely on a classification that distinguishes two main ways of referencing them [14]. The first type involves the **exact or distorted reproduction of the precedent text**, while its original meaning remains recognizable, or it simply involves a **reference to it without direct quotation,** serving as an appeal to the cultural and historical heritage of the people. The second type involves **references to television precedent texts**, such as commercials, titles of popular films, TV and cinema films, and musical works.

In language teaching, researchers most often turn to the first type of precedent texts, using them either in their original form or with pun-like transformations. As such precedent units, the following can be used**: ideologized texts**, including appeals, slogans, and specific ideological attitudes; **cult quotes** or stable phrases associated with religion; **phraseological units**—integral and reproducible speech units; **classical literary quotes** that remain relevant in the speech of native speakers for generations; **winged expressions** that enrich the expressiveness of speech; **songs,** their titles and phrases, both in original and transformed forms; and **proverbs and sayings** that reflect various aspects of human existence.

It should be noted that in modern research, the classification of precedent texts takes into account the following key criteria [15]. One of these is **conceptual source spheres,** which are the domains from which precedent names originally derive (e.g., literature, theater, politics, cinema, sports, music, science, or subculture). Also important are **conceptual target spheres,** into which these names migrate, acquiring new, secondary meanings (as in advertising, sports, politics, science, or media). Classification can also be based on **national-cultural sources of confidentiality**, distinguishing between domestic and foreign names. Furthermore, the **cultural-historical source of confidentiality** is significant, determining whether the names belong to modern times or to other historical epochs. A crucial criterion is the **real existence of the source concept** (e.g., a historical figure) or its belonging to the **world of literature and art** (a fictional character). The **type of source onym** is also considered—this can be an anthroponym (a person's name), a toponym (a place name), an astronym (a celestial body name), and others. Finally, the classification relies on **basic cognitive structures**, such as stereotypes, oppositions, or elements of the world picture, which find their external expression in corresponding precedent names [11].

Researchers note that the use of precedent texts in Russian language lessons is ″didactically justified, allows for studying the Russian language with reliance on the specifics of national culture, and forms intercultural and communicative competencies, which are the most important principles of teaching Russian as a foreign language″ [16,15].

Results. In Russian language classes, precedent texts borrowed from world classical fiction are considered, including foreign, Soviet, and national literature from past centuries and the present.

The concept of precedent texts is closely linked to the idea of **precedent phenomena,** which encompass: **precedent names** (Pushkin, Abai, Ablai Khan); **precedent utterances** (″My uncle, of most honest rules″, ″Long live the sun, let darkness vanish!″); **precedent texts** (″War and Peace″, ″Az i Ya″); and **precedent situations** (the Great Patriotic War, Nauryz).

In language teaching practice, different types of precedent texts are used based on their origin. In Russian language classes, a variety of precedent texts can be employed, categorized as follows: **Folklore texts** include Russian folk tales such as ″Kolobok″, ″Repka″, and ″Morozko″, as well as widely known proverbs and sayings (″Without labor, you can't even pull a fish out of a pond″, ″Measure seven times, cut once″) and riddles. Among **classical literature,** valuable sources are I.A.Krylov's fables (″The Dragonfly and the Ant″, ″The Crow and the Fox″), A.S.Pushkin's poems (″I remember a wonderful moment... ″, ″By the Lukomorye, a green oak... ″), and excerpts from L.N.Tolstoy's novels (″War and Peace″) and N.V.Gogol's (″Dead Souls″). **Soviet literature and cinema** materials include V.V.Mayakovsky's poems (″What is good and what is bad? ″), songs from popular films (″Katyusha″), and winged phrases from famous comedies (″Gentlemen of Fortune″, ″The Irony of Fate, or Enjoy Your Bath! ″). The category of **contemporary texts**

Аннотация. В данной статье говорится об оценке устной речи при использовании кооперативных стратегий обучения на уроках иностранного языка. Цель данной статьи – изучить возможность оценки устной речи в совместном обучении на основе единого международного стандарта. Рассматривается внедрение системы Общеевропейской компетенции владения иностранным языком (CEFR) в методы оценивания. Исследование имеет несколько частей. Теоретическая часть посвящена обзору литературы на тему развития устных навыков, применения кооперативных стратегий обучения (cooperative learning strategies) и стандартов CEFR. Экспериментальная часть исследования состоит из опроса преподавателей университета на их отношения к оцениванию устной речи студентов в контексте парной и групповой работы. Результаты исследования несут в себе практическую и теоретическую значимость, потому что могут помочь преподавателям и исследователям посмотреть по-иному на оценивание устной речи вне индивидуальной работы и популяризировать этот активный метод обучения. Исследование делает вывод, что для учителей интересна тема оценивания устных владений в рамках кооперативного обучения. Был интерес в вспомогательных средствах в виде рубрика, который был создан по этой причине. Некоторые учителя изъявили желание участвовать в семинарах, посвященных кооперативным стратегиям обучения.

Ключевые слова: владение устной речью, стратегии совместного обучения, CEFR, оценка, коммуникация, работа в команде, взаимодействие, рубрик для оценивания владение устной речи.

References

1. Vališová A., Kasíková H. Pedagogika pro učitele. – Praha: Grada Publising, 2007. – 148 p.

2. Hornblower S., Spawforth A., Eidinow E. The Oxford classical dictionary. – Oxford University Press, 2012. – 1792 p.

3. Johnson D. W., Johnson R. T., Smith K. A. Cooperative learning: increasing college faculty instructional productivity. – Washington, D.C.: School of Education and Human Development, George Washington University, 1991. – 176 p.

4. Kagan S. Cooperative Learning: Seventeen Pros and Seventeen Cons Plus Ten Tips for Success / S. Kagan // Kagan Online Magazine. – 1999. – Режим доступа: URL: https://www.kaganonline.com/free_articles/dr_spencer_kagan/ASK06.php.

5. Osipova N.N., Trofimenko M.P. Angliski iazyk: podgotovka spesialistov v vysşih uchebnyh zavedeniah (uroven magistratury): praktikum: uchebnoe posobie. – Nijnevartovsk: NVGU, 2022. – 251 s.

6. Johnson D. W., Johnson, R. T., Holubec, E., Roy, P. Circles of Learning. – Edina: Inter-Action Book Company, 1993. – 89 p.

7. Kasíková, H. (2010). Kooperativní učení, kooperativní škola. 2. vydání, rozšířené a aktualizované [Cooperative Learning, Cooperative School. 2nd edition, expanded and updated]. Praha: Portál [in Czech].

8. Qojahmetova A.T., Aldaberdıqyzy A. Oqytu Ürdısında Ağylşyn Tılında Söilesım Dağdylaryn Bağalau Ölşemderı / A.T. Qojahmetova, A. Aldaberdıqyzy // Vestnik Toraigyrov Universiteta. – 2020. – Vol. 3. – P. 323-330. DOI: 10.48081/omhw9141.

9. Litovkina A., Zhorabekova D., Issabekov A. Level teaching of the English language in schools of Kazakhstan: perception and understanding of the reform by teachers / A. Litovkina, D. Zhorabekova, A. Issabekov // Bulletin of the Karaganda University. – 2020. – Vol. 100(4). – P. 136–144. DOI: https://doi.org/10.31489/2020ped4/136-144.

10. Fraga-Viñas L., Bobadilla-Pérez M. Comparative study on speaking assessment rubrics in Trinity and Cambridge Language Certificates / L.Fraga-Viñas, M. Bobadilla-Pérez // Acta Universitatis Sapientiae. – 2022. – Vol. 14(2). – P. 50–67. DOI: https://doi.org/10.2478/ausp-2022-0015.

11. Alderson J.C. Foreword to the Special Issue "The Common European Framework of Reference for Languages (CEFR) for English Language Assessment in China" of Language Testing in Asia / J.C. Alderson // Language Testing in Asia. – 2017. – Vol. **7**(20). – P. 1-9. DOI: https://doi.org/10.1186/s40468-017-0049-9.

12. Council of Europe. Common European framework of reference for languages: Learning, teaching, assessment (CEFR). – Strasbourg: Council of Europe, 2001. – 273 p.

13. Utesheva E. A. Developing Oral Proficiency (Western Experience) / E. A. Utesheva // Prospects for the Development of Modern Science. – 2018. – Vol. 2(1). – P. 376-382.

Авторлар туралы мәлімет:

Бейсенбаева Ляззат Жумабекқызы – философия докторы (PhD), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Бейсенбаева Ляззат Жумабековна – доктор философии (PhD), преподаватель Евразийского университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Beisenbayeva Lyazzat Zhumabekovna – Doctor of Philosophy (PhD), Assistant Professor of the L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.25
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.19

Ж.Ж. КҮЗЕМБЕКОВА[1]
***Ж.О. ДЕМЕСИНОВА**[2]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: zhanna_22@list.ru[1], demesinovaz@mail.ru[2])

*АЙТЫЛЫМ СУБТЕСТІЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа. Мақалада айтылым субтесті тілдік тестілеудің күрделі формасы ретінде қарастырылады. Айтылым дағдысын бағалау тек тілдік білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік құзыреттілікті, тілдік бірліктерді дұрыс қолдану, ойды жүйелі жеткізу, сөйлеу мәдениеті мен прагматикалық мүмкіндіктерді меңгеру деңгейін айқындауды көздейді. Мақалада көтеріліп отырған мәселе ауызша сөйлеуді бақылау және бағалау жүйесін ұйымдастыруға қызығушылықтың артуымен байланысты. Қазақ тілі бойынша білімді бағалауға арналған тестілеу жүйесі, оның ішінде айтылым субтесті аталған мәселе бойынша ғылыми айналымдағы зерттеулердің аздығымен ғалымдардың қызығушылығын тудырып отыр. Зерттеу жұмысында осы саладағы ізденістердің нәтижесінде тест құрастыру мен өткізудің спецификалық өзгешеліктері мен тестілеудің қолданбалы мүмкіндіктері көрсетіледі. Жұмыста тілдік тестілеу саласындағы тілдік дағдыны, тілді білу деңгейін анықтау тәсілдерінің ғылыми-теориялық және қолданбалы тұстары зерттеліп, сипаттау әдісі арқылы әлемдік бірқатар тестілеу жүйелері қарастырылады.

Түйін сөздер: тест, тестология, тілдік тестілеу, айтылым, сөйлеу, тілдік дағды.

Кіріспе. Тілдік тестілеу тілдік құзіреттілікті өлшейтін құралдарды қарастыратын тіл білімінің бір саласы ретінде әр заманда әдіскерлердің, оқытушы-профессорлар мен зерттеушілердің назарында. Тілдік тестілеудің мақсаты құрылымдық лингвистиканың жетістіктерінің арқасында тестіленушінің оқытылатын тілдің жеке аспектілерін (грамматика, лексика, айтылым, емле) қаншалықты меңгергенін анықтау және өлшеу болып табылады [1, 1089].

Тілдік тестілеу айтылым, жазылым, оқылым және тыңдалым сияқты сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тілдік құзіреттілікті анықтауға бағытталады. Тілдік тестілер рецептивті және перцептивті сөйлеу дағдыларын бағалауда тиімділігін дәлелдеген өлшеу құралдары болып табылады.

Әлемдік тестология саласында тілдік тестілердің ішіндегі айтылым субтестін құрастыру ең күрделі мәселелердің бірі болып есептеледі. Айтылым субтесті ауызша тестілеудің бір түрі болып саналады.

Ауызша тестілеу – тестіленушінің ауызша айтуы негізінде сөйлеу қабілеті бағаланатын ауызша коммуникативтік құзыреттілікті тексеру процедурасы. Ауызша тестілеуді өз бетінше немесе кешенді коммуникация тестінің бөлігі ретінде жүргізуге болады. Ауызша сөйлеу дағдыларын тексеруге арналған айтылым субтестілерінің бірнеше түрі бар: автономды және интегративті, конструктивтік және тапсырмаға негізделген, табиғи және дыбыстық жазбаға негізделген.

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP19678059 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді деңгейлік оқытудың жүйесі» ғылыми жобасы аясында әзірленді.*

Ауызша тестілеудің басқа тест түрлерінен негізгі айырмашылығы, сыналушыларға деген көзқарасында. Сөйлеу әрекетінің перцептивті түрлерін бақылайтын тестілерде бақылау-өлшеу материалдары негізгі рөл атқарады, ал тестілеуге қатысушылардың рөлі өте шектеулі – тест тапсырмаларын орындау кезінде тестілеушілер белгілеген шекарада әрекет ете отырып, өз ойын жеткізуге мүмкіндік бермейді. Ауызша тестілеуде бастысы – адамдар және олардың арасындағы әрекет. Бұдан шығатыны, ауызша тест құрастыру кезінде ең алдымен тестілеуге қатысушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеру қажет. Дәл осы ерекшелігі айтылым тестілерінің негізгі қиындықтарының бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі кезеңде тестологтардың басты міндеті қатысушылар арасындағы табиғи ауызша қарым-қатынасты қамтамасыз етіп, олардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін тестілерді әзірлеу болып табылады. Сонымен қатар, айтылым тесті кезінде сөйлеуді бағалауда жоғары объективтілік болу қажет [2, 125].

Айтылым субтестінің кең таралған формаларының бірі – сынаққа қатысушы әңгімелесушілердің табиғи тілдесуі. Әлемдік тәжірибеде телефон немесе бейне телеконференцияарқылыжүзегеасырылатынайтылымсубтестілерітікелейтілдесуарқылы жүзеге асатын тестілерге қарағанда сирек кездеседі. Табиғи қарым-қатынас форматында өткізілетін сынақтар әрқашан екі жақты сипатта болады, себебі, бір сұхбаттасушы екінші сұхбаттасушының жауабына реакция беріп отырады және мұндай өзара әрекеттесу кезінде тілдесім сипатын өзгерту оңай. Керісінше, аудио тасымалдаушыға жазылған сынақтар бір жақты болып келеді. Өйткені, емтихан алушы жазбаға бейімделе алады, бірақ керісінше жағдай орын алуы мүмкін емес. Айтылым тестінің бұл түрінде сөйлеу әрекеті емес, сөйлеу өнімі бағаланатыны анық. С. Луоманың зерттеуі бойынша бірдей тұлғаларды тестілеудің екі түрі бойынша сынақтан өткізгенде шамамен бірдей нәтиже көрсеткен [3, 373].

Дегенмен, аудио тасымалдаушыларға жазылған сынақтар кезінде айырмашылықтар орын алған: сыналушылар жауабын аудиоға басу барысында олардың сөйлеуі ауызша сөйлеу стиліне сәйкес келмейді де кітаби стильге айналып кетеді. Сол себепті С.Луома жоғарыда аталған екі тест түрін біріктіру қажеттілігі туралы мәселені көтереді.

Айтылым субтестінің ерекшеліктері – бұл тесттің қатысушылардың сөйлеу дағдыларын, тілдік қабілеттерін және коммуникациялық дағдыларын бағалауға арналған аспектілері. Айтылым субтестінің негізгі ерекшеліктері мыналар [4, 131]:

1. Сөйлеу дағдылары: Айтылым субтесті қатысушылардың сөздерді дұрыс айту, интонация мен акцентті қолдану, сөйлеу жылдамдығы мен анықтылығын бағалайды.

2. Тілдік құрылым: Тест барысында грамматикалық құрылымдарды, сөз тіркестерін және сөйлемдерді дұрыс қолдану қабілеті тексеріледі.

3. Тақырыптық әртүрлілік: Айтылым субтестінде әртүрлі тақырыптар бойынша сөйлеу талап етілуі мүмкін, бұл қатысушылардың әртүрлі контексттерде өз ойын жеткізу қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

4. Коммуникациялық дағдылар: Тест барысында қатысушылардың тыңдау, жауап беру, пікір алмасу және сұрақ қою қабілеттері де бағаланады.

5. Креативтілік: Кейбір тапсырмаларда қатысушылардан шығармашылықпен ойлап, өз идеяларын еркін жеткізу талап етілуі мүмкін.

6. Уақыт шектеулері: Айтылым субтестінде уақыт шектеулері болуы мүмкін, бұл қатысушылардың қысқа мерзімде тиімді сөйлеу қабілетін тексеруге мүмкіндік береді.

7. Бағалау критерийлері: Тесттің нәтижелері нақты критерийлер бойынша бағаланады, мысалы, грамматикалық дұрыстық, лексикалық байлық, сөйлеудің логикасы мен құрылымы.

Айтылым субтесті – тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын дамытуға және олардың тілдік деңгейін анықтауға арналған маңызды құрал.Ауызша сөйлеу дағдыларын бағалауға арналған субтестілер келесі формаларда жүзеге асуы мүмкін:

1) сұхбат – емтихан тапсырушы мен қабылдаушының арасында сыналушының шет тілінде ауызша сөйлеу дағдыларын (тыңдау дағдылары, монологтық және диалогтік дағдылар) анықтау мақсатындағы тікелей ауызша өзара әрекеттесуі. Емтихан қабылдаушы

сырттай әңгімелесушінің рөлін атқара отырып, әңгімелесуде басымдыққа ие болады, емтихан тапсырушыны бағыттайтын және оны шет тілінде тілдесуге ынталандыратын әдістерді қолдана отырып, сыналушыға бағыт-бағдар береді. Емтихан қабылдаушы мен емтихан тапсырушының әрекеттері белгілі бір дәрежеде бағдарламаланғанына қарамастан, емтихан тапсырушы сұрақтарға жауап таңдауға және өз көзқарасы мен бағасын айтуға ерікті;

2) талқылау/әңгімелесудің сұхбаттасудан айырмашылығы талқылау мен әңгімелесу кезінде тақырып таңдау сияқты бастамалар емтихан тапсырушыдан туындайды, яғни емтихан алушы әлі де әңгімелесушінің рөлін атқарады, бірақ көбіне тыңдаушы ретінде;

3) сұрақ-жауап формасы жеңіл сұрақтардан басталып, күрделі конструкциялармен жалғасатын логикалық байланысы жоқ сұрақтар тізбегінен тұрады. Айтылым субтестілерінде қолданылатын бұл форма негізінен тілді бастапқы деңгейде меңгерген сыналушыларға арналған;

4) ауызша хабарлама тест тапсырушыны қызықтыратын тақырыптардың біріне арналған 5–10 минутқа созылатын хабарламаны қамтиды. Хабарламаның тақырыбын таңдау ең қиын сәттердің бірі болып табылады, өйткені тақырып аса мамандандырылған және тек емтихан тапсырушының өзіне ғана түсінікті болмауы керек, сонымен бірге хабарланатын тақырып тым жалпылама және көпке белгілі болмауы тиіс;

5) рөлдік ойын – ауызша сөйлеуді бағалауда қолданылатын кең тараған әдістердің бірі. Ойынға қатысушының әрқайсына нақты нұсқаулар беріледі. Рөлдік ойындарға арналған жағдайлар әлеуметтік құзыреттілік немесе белгілі бір тілдік материалдағы дағдыларды бақылау мақсатында таңдалады;

6) ақпаратты қайта кодтау (суреттер сериясының сипаттамасы). Әдетте серия кемінде 4, көп дегенде 12 суреттен тұрады. Суреттерде қарапайым тақырыптар бейнеленеді. Суреттер ынталандыру үшін қолданылатын көрнекі құрал қызметін атқара отырып, түсіндіруге оңай келеді. Емтихан тапсырушылардың суретті сипаттауда лексикалық бірліктерді (синонимдер, ауыспалы мағынағы сөздер және т.б.) қолдануы бағаланады. Сипаттау барысында суретте маңызды рөл атқаратын элементтерді түсіндіретін лексикалық бірліктерді білмеу тест нәтижесіне кері әсерін тигізеді;

7) модификацияланған ақпаратты қалпына келтіру. Айтылым субтестілерінде қолданылатын бұл тәсіл бойынша сыналушыларға тапсырманы орындауға қажетті ақпараттың бір бөлігі ғана беріліп, мәтінді толықтыру ұсынылады немесе сөздер реті бұзылған сөйлемдерді қалпына келтіру тапсырылады. Бұндай тапсырмалар сыналушының мәнмәтінді түсінуін және синтаксистік құрылымдардың заңдылықтарын меңгеруін тексеруге мүмкіндік береді.

Ғалымдардың пайымдауынша, айтылым субтестілері шамадан тыс стандартталған болмауы керек. Себебі, қатаң регламент пен нормаларды сақтау талабы сыналушылардың индивидуалды қасиеттерін ескеруге кедергі келтіреді. Олай дейтініміз ауызша сөйлеу кезінде сөйлеушілердің вербалды және бейвербалды амалдарды қолдануы және түрлі экстралингвистикалық факторлар ескеріледі. Оған қоса, ауызша сұхбаттасулар кезінде сыналушылардың психофихологиялық ерекшеліктеріне де аса мән беріледі. Себебі, табиғатынан тұйық адамдарға қарағанда пысық, шапшаң және мінезі ашық адамдарға өзге адаммен тілдесу оңайға түседі.

Жалпы алғанда, ауызша сөйлеу дағдыларын тексеру мәселесі көптеген заманауи шетелдік және отандық әдіскерлердің зерттеу нысанына айналып отырғанына қарамастан, айтылым субтестілерінің теориялық және практикалық мәселелері әлі де жеткілікті зерттелмеген.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Кеңестік ғылымда тест ұғымына байланысты алғашқы анықтамалар С.Г.Геллерштейн және С.И.Федоров сынды психологтарға тиесілі. С.И.Федоровтың пікірінше, тестіленушінің бойында белгілі бір қабілеттердің болуын талап ететін тапсырмалар басты өзегін құрайтын тапсырмалар жиынтығы тест деп аталады [5, 16]. С.Г.Геллерштейн тестті «белсенділіктің белгілі бір түрін ынталандыратын, сандық

және сапалық бағалауға сәйкес белгілі бір қызмет түрлерінің даму сипатын анықтауға мүмкіндік беретін сынақ эксперименті» деп анықтайды [6, 37].

Тестілеу тарихы ұзақта жатыр. Ғылыми дерекерге сүйенсек, алғашқы тестілеу 4 мың жыл бұрын қолданылған. Дегенмен, педагогикалық тестілеуді қазіргі сипатында жүзеге асыру XIX ғасырдың аяғында басталды. Өлшеу әдісі сипатындағы тестілеу мен тест терминдері XIX ғасырдың 90-шы жылдары енгізілген. Бұл ұғымдарды XIX ғасырда ғылыми айналымға әкелген американдық психолог Дж.Кэтелл болды [7, 373].

Тілдік тестілеу – бұл өткен ғасырдың алғашқы жылдарында АҚШ-та пайда болған тестілеудің ерекше категориясы. Бүгінге дейін тілдік тестілеу білім берудегі бағалаудағы негізгі пеадгогикалық құрал болып келді. Бұндай тестілер тілдік білім мен дағдыларды бақылау мен бағалаудың негізгі құралы ретінде қызмет етеді. Сол себепті қазіргі тестологияда көптеген зерттеу жұмыстары тілдік тестілеуді өткізу мен ұйымдастырудың жаңа әдістерін іздеуге арналады.

Тілдік тестілеу үшін тестілеудің технологиялық әдістерін дұрыс таңдау өте маңызды. Себебі тест бойынша шынайы әрі нақты нәтижелер алу, тест параметрлерін анықтау сияқты мәселелер тестілеу әдісінің дұрыс таңдалуына байланысты.

Тілдік тестілеудің ішінде ұйымдастырылуы мен өткізілуі тұрғысынан айтылым субтесті күрделі сипатқа ие. Айтылым – қоғамда-қатынас жасау, өз көзқарасын білдіріп, болмысын таныту үшін қолданатын маңызды сөйлеу дағдысы. Әлемде айтылым дағдылары бойынша құзіреттіліктерді бағалауға арналған тестілеу нәтижелері халықаралық ұтқырлық бағдарламалары үшін, шетелге жоғары оқу орнына түсу және жұмысқа орналасу үшін маңызды болып саналады [8, 198]. Айтылым субтесті еліміздегі және шетелдегі тілдік тестілердің басым көпшілігінің құрамдастарының бірі болып табылады. Айтылым субтестінің кеңінен таралуына бүгінгі таңдағы тілдерді оқыту мен бағалау үдерістерінде коммуникативтік құзіреттілікті меңгерту міндетінің басымдыққа ие болуымен байланысты (Fulcher, 2000). Жылдар бойы лингводидактика мен тілдік бағалауда айтылым субтестінің басымдыққа ие болғанына қарамастан, айтылым дағдысына арналған тестілер сенімді және негізделген тұжырымдар жасау мен бағалауды қиындататын материалдық емес құрылым ретінде қарастырылды. Бұл айтылымның динамикалық сипатына, сөйлеудің монолог, диалог, топтық талқылау сияқты түрлі формаларда жоспарланған немесе дайындықсыз күйде жүзеге асуына байланысты [9, 15].

Жұмыстың зерттеу материалын әлемдегі тілдік тестілеу жүйелерінің құрылымындағы айтылым субтестілерінің түрлері мен спецификалары құрайды. Тілдік тестілеу жүйелерінің ерекшелігін қарастыру үшін талдау, жүйелеу, сараптау сияқты теориялық әдістер тобы пайдаланылды. Әлемдік тест жүйелеріндегі айтылым субтестінің индикаторлық көрсеткіштері топтастыру әдісінің негізінде айқындалды. Синтездеу әдісі арқылы жалпы тестологияға қатысты ұғымдарға түсініктеме берілді. Тестілеу жүйелеріндегі тапсырмалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау мақсатында салыстыру әдісі қолданылды. Сонымен қатар, шетелдік және отандық тест жүйелерін салғастыру арқылы еліміздегі жүйенің ұтымды және кемшін тұстары айқындалды. Көрсетілген әдістер зерттеу міндеттеріне сай кешенді сипатта реттілікпен қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Шет тілі бойынша коммуникативтік құзыреттіліктің деңгейін анықтауға арналған ауызша емтихандар маңыздылығының артуына байланысты айтылым субтестін өткізудің оңтайлы форматын таңдау мәселесі ерекше өзекті болып табылады.

Айтылым субтестін ұйымдастыруда Кэмбридж университетінің ғасырға жуық тәжірибесі бар. Кембридж университеті өткізген ағылшын тілін меңгеру сертификатын алуға арналған ең алғашқы емтиханында (Certificate of Proficiency in English – CPE) сөйлеу дағдыларын тексеруге арналған айтылым субтесті қолданылған.

Қазіргі таңда Кембридж синдикаты жүргізетін емтихандардың арасында ауызша сөйлеу дағдыларын бақылаудың бірыңғай үлгісін анықтау қиын. Мәселен, IELTS (International English Language Testing) емтиханы 1+1+1 форматында өтеді, яғни бір тест тапсырушы, бір сұхбаттасушы экзаменатор және бір бағалаушы экзаменатор. Тест

тапсырушының жауабы басынан аяғына дейін аудиоға таспаланады және кейінірек бағалаушы экзаменаторлар тыңдап, баға қояды.

Басқа емтихандар ауызша сөйлеу дағдыларын топтық тестілеу арқылы тексереді, Яғни, бір уақытта екіден көп үміткер бағаланады. Мұндай емтихан түріне ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған CEELT (Certificate in English for English Language Teachers) сертификатын жатқызуға болады. Кембридж университеті өткізетін емтихандардың көпшілігінде (KET, PET, FCE, CAE) айтылым деп аталатын компонент «жұптық» тестілеу түрінде жүзеге асырылады.

Ағылшын тілі бойынша тілдік құзіреттілікті анықтаудағы әлемдегі ең танымал тестілеу жүйелерінің бірі – IELTS. Аталған тест жүйесі Ұлыбританияға, Канадаға, Австралияға және Жаңа Зеландияға оқуға түсу және қоныс аудару үшін тапсырылатын ағылшын тілі сынағы. IELTS тесті Cambridge ESOL Examinations, DP: IELTS Australia және Британдық кеңеске тиесілі.

IELTS тестінің үш түрі бар: Academic IELTS (академиялық); General Training IELTS (жалпы); IELTS Life Skills (Common European Framework of Reference шкаласы бойынша A1 немесе B1 деңгейінде сөйлеу және тыңдаумен тең).

Нәтижелер. IELTS Speaking емтиханы – 3 бөлімнен тұратын үміткер мен емтихан алушы арасындағы сұхбат. Ұзақтығы шамамен 15 минут. Жалпы IELTS және академиялық IELTS тестілерінің айтылым бөлімі бірдей. Емтиханның қалған бөлігі сияқты сөйлеу бөлімі де алдын ала дайындықты қажет етеді.

1-кесте. IELTS Speaking-тің құрылымы

Тестілеу кезеңдері	Сипаттамасы
Бірінші кезең	IELTS Speaking-тің бірінші бөлімі танысу кезінде қолданылатын салыстырмалы түрде қарапайым сұрақтардан тұрады: сыналушының өзі туралы, хоббиі, отбасы, тұрғылықты жері сияқты тақырыптарға қатысты. Бұл бөлім қарапайым болып көрінгенмен, өзіндік қиындығы бар. Өйткені, үміткерлер қарапайым сұрақтарға тым қарапайым жауап беру жеткілікті деп ойлайды. Тест тапсырушылар тақырыпты ашуға, өрбітуге және грамматикалық құрылымдардың әртүрлілігіне баса мән беру керек.
Екінші кезең	Екінші бөлімде үміткерлерге тақырыптық картадағы сұрақтарға жауап бере отырып, ұзақтығы 1-2 минут болатын монолог құрастыру ұсынылады. Дайындалуға шамамен бір минут уақыт беріледі. Мұнда маңызды аспект – жауаптың толықтығы, яғни барлық тармақтарға тоқталу, тұжырымын дәйектеуге тырысу. Көбінесе бұл бөлімде қандай да бір атақты не болмаса тарихи тұлғаны, бағдарламаны, фильмді немесе кітапты, затты, оқиғаны немесе орынды сипаттау қажет.
Үшінші кезең	Үшінші бөлімде үміткерлер лексикалық қоры мен грамматикалық құрылымдарды меңгеру дәрежесін көрсету мүмкіндігіне ие. Себебі, бұл бөлімде тілдесім білім, саяхат, қоғамдағы өзгерістер, елдер, өнер, тарих, ойын-сауық, технологиялар тақырыптары бойынша абстрактілі, дерексіз ұғымдарды баяндауға арналады. Үміткерге қазіргі жағдайды сипаттау немесе бағалау, белгілі бір уақыт кезеңінде болған өзгерістерді салыстыру немесе сипаттау және болашақтағы жағдайды болжау ұсынылады. Жақсы жауап логикалық байланысқан 7-10 сөйлемнен тұрады. IELTS емтиханының осы бөлігінде жоғары ұпай алу үшін күрделі грамматикалық құрылымдарды, сөз тіркестерін, фразалық етістіктерді, фразеологиялық бірліктерді сенімді түрде меңгергенін көрсету керек. Маңызды аспектілердің бірі – үміткердің жеке дыбыстарды айтуы ғана емес, сөйлеуінің жалпы интонациялық үлгісі мен ырғағы [10, 336].

TOEFL – ағылшын тілін меңгеру дәрежесін анықтауға арналған стандартталған тест. Оның нәтижелері ағылшын тілінде сөйлемейтін елдердің үміткерлерінің АҚШ, сондай-ақ Еуропа мен Азия университеттеріне құжат тапсыру кезінде ағылшын тілін меңгеру деңгейін растау үшін пайдаланылуы мүмкін. 1962 жылы АҚШ университеттерінде білім алғысы келетін шетелдіктер мен ағылшын тілінде сөйлемейтіндер үшін ағылшын тілінен тестілеуді қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін Ұлттық кеңес құрылды. Бұл кеңестің шешімімен TOEFL әзірлеу ұсынылды. Тест бастапқыда Стэнфорд университетінің қолданбалы лингвистика орталығында лингвистика профессоры доктор Чарльз А. Фергюсонның басшылығымен әзірленген [11, 415].

Тесттің бірнеше нұсқасы бар: қағаз нұсқасы (PBT - қағазға негізделген тест), компьютерлік нұсқасы (CBT - компьютерлік тест), Интернет нұсқасы (iBT - интернетке негізделген тест) және өз бетінше үйде тапсыруға арналған Интернет нұсқасы (Home Edition). Қазіргі уақытта көптеген университеттерде iBT нұсқасы қолайлы болып саналады, өйткені ол оқылым, тыңдалым және жазылым тапсырмаларын ғана емес, сонымен қатар айтылым тапсырмаларын қамтиды [12, 23].

IBT TOEFL тестінің айтылым субтесті төрт тапсырмадан тұрады: бір дербес және үш біріктірілген тапсырма. Жалпы 17 минут беріледі.

2-кесте. TOEFL Speaking-тің құрылымы

Тапсырма түрі	Сипаттамасы
Дербес тапсырма	Тест тапсырушы жалпы тақырып бойынша өз пікірін білдіріп, таңдалған әрекетін негіздеуі керек. Тапсырмалар үміткерлердің өз ойларын ағылшын тілінде анық және дәйекті түрде жеткізу қабілетін тексереді. Жауап беру барысында үміткер жеке тәжірибесін пайдалану керек. Бастысы, тақырыптан ауытқымай өз пікірін білдіруі керек. Әр жауапқа дайындалуға 15 секунд, ал жауаптың өзіне 45 секунд беріледі.
Кіріктірілген тапсырма	Бұл тапсырмада мәтін үзіндісін оқып, қысқаша академиялық лекцияны немесе әңгімені тыңдап, мәтін мен аудиожазбадан алынған ақпаратты салыстыратын сұрақтарға жауап беру керек. Әр тапсырманы дайындауға 30 секунд және жауап беруге 60 секунд уақыт беріледі.
Академиялық тақырыптағы аудио жазба	Үміткерлер академиялық тақырыптарға лекцияны тыңдап, көтерілген мәселенің ықтимал шешімдерін өз сөзімен баяндап беруі керек. Тапсырмаға дайындалуға 20 секунд, жауап беруге 60 секунд беріледі.
Қорытынды тапсырмада	Соңғытапсырмадабелгілібіртерминніңмағынасытүсіндіріліп,мысалдар келтірілетін дәрісті қайтадан тыңдау керек. Тест тапсырушының міндеті – мысалдар мен терминге берілген анықтаманың арасындағы байланысты түсіндіру. Кіріктірілген тапсырмаларда адамның оқыған және естіген ақпарат негізінде қаншалықты салыстырып, қорытынды шығаратынын тексеру басты мақсат болып табылады [13, 47].

1992 жылы посткеңестік кеңістіктегі жаһандық әлеуметтік-саяси қайта құрулар аясында Ресей Федерациясында шет тілі ретінде орыс тілінен лингводидактикалық тестілеудің мемлекеттік жүйесі (ТРКИ) қалыптаса бастады. Бұл жүйені құрудың өзектілігі Ресейді халықаралық білім беру қауымдастығына біріктіру және оның мәдени және тілдік мұрасына қызығушылықты арттыру қажеттілігінен туындады. Аталмыш тестілеуді М.В. Ломоносов атынды Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей Халықтар достығы университеті, А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік орыс тілі институты, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің ғалымдары құрастырды.

Орыс тілінен екінші деңгейдегі шет тілі ретінде тестілеудің (ТРКИ-II) айтылым субтестінде 15 тапсырма беріледі.

3-кесте. Орыс тілінен екінші деңгейдегі шет тілі ретінде тестілеудің құрылымы

Тапсырма түрі	Сипаттамасы
1-12 тапсырма	Бұл тапсырмалар интенцияға беріледі. Бұл тапсырмаларды дайындықсыз орындау керек. Тапсырма ретінде белгілі бір жағдаят бойынша диалогқа түсу және өз сөйлеуінде антонимдерді немесе бұйрық рай формасындағы етістікті қолдану; репликаларға жауап беру; мәтінді белгілі бір интонацияда оқу сияқты тапсырмалар берілуі мүмкін.
13-тапсырма	Видеофрагментті сипаттауға арналады. Тест тапсырушы видеоны сипаттап, сюжетте орын алған жағдайдың себеп-салдарын түсіндіруі тиіс.
14-тапсырма	Тестіленуші экзаменатормен диалогқа түседі. Сыналушы берілген тапсырмаға сәйкес диалогты бастауы керек. Дайындыққа үш минут уақыт беріледі.
15-ші тапсырма	Тест тапсырушы тестілеушімен арнайы тақырып аясында 10 минуттық талқылауға қатысуы тиіс. Бұл тапсырмада дайындыққа уақыт берілмейді. Талқылау барысында сыналушы өз көзқарасын дәлелдеп, аргументтер келтіріп сөзін дәйектей алу керек [14, 150].

Нәтижелер. Қазақстандық білім берудің қазіргі даму сатысында тестілеудің рөлі айрықша. Ізденістен, нәтижелерде бар. Тестілеу, әсіресе тілді оқытуда, тілдік құзыреттіліктерді анықтауда кеңінен қолданыла бастады. Бұл ретте тест тапсырмаларының формасы мен мазмұнын жан-жақты зерделеу, тұтастай алғанда, тест тапсырмаларын құрастыру үдерісін және оның тиімділігін мониторингтен өткізу маңызды. Қазақ тілін тестілеу тәжірибесінің енгізілгеніне біраз уақыт болса да, қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған тест жүйесінің әлі де жетілдірілетін тұстары бар.

Қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюі және Қазақстан Республикасы азаматтарының ғана емес, шетелдіктердің де қызығушылығының артуы оқу-ағарту ұйымдары мен ғылыми-зерттеу орталықтарында қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде оқытудың әдістемелік жүйесін одан әрі дамытуды, сәйкесінше қазақ тілі бойынша білім деңгейін, тілдік құзыреттілігін анықтаудың әдістері мен құралдарын жетілдіруді талап етіп отыр. Бұл қазақ тілі бойынша білім мазмұны мен меңгерілген тілдік білімді бағалаудың сапасына деген көзқарастың өзгеруіне әкелді. Осы жағдайларда тест тапсырмаларының сенімділігі мен шынайылығына ерекше назар аударыла бастады.

Қазіргі таңда қолданыстағы «ҚАЗТЕСТ» жүйесіндегі айтылым субтесті бойынша тапсырмалар әлі де жетілдірілу үстінде. Бұл, біріншіден, интернет-технологиялардың мүмкіндіктерін жете ескерілмегендігімен байланысты болса, екіншіден, әртүрлі санаттарға тиесілі Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ қазақ тілін үйренетін шетелдіктердің қазақ тілі бойынша тілдік құзыреттілігін анықтау кезінде әртүрлі талаптарға жарамды (орыс тілінде – валидный) тест тапсырмаларын құрастырудың лингвистикалық тетіктерінің жетілдірілмегендігімен де түсіндіріледі.

Қазіргі лингвистика мен лингводидактикада қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеру деңгейін өлшеу мақсатында әртүрлі тестілік жүйелер тәжірибеге енді. Алайда тестілік жүйелерде жазылым, оқылым, тыңдалым және лексика-грамматика бөліктерінен басқа айтылым бөлігі бойынша субтестінің жарамдылығы мен шынайылығы әлі де айқын емес. ҚАЗТЕСТ бөлімдерінің ішінде ең кеш енгізілгені де айтылым субтесті. ҚАЗТЕСТ ерекшелігі келесіде:

- жалпы ҚАЗТЕСТ қағаз күйінде және электронды түрде өткізіледі;
- қағаз күйінде тест тапсырушылар айтылым субтестін тапсырарда жазылым, оқылым, тыңдалым және лексика-грамматика бөліктерін тапсырып болған соң арнайы аудиторияға барады;
- тестілеу орталығының өкілі нұсқауымен тест парағында жазылған тапсырмалар бойынша ауызша жауабын арнайы диктофонға жазады;

- электронды түрде өткізілетін тестілудің айырмашылығы тестіленушілердің компьютер класында отырып тест тапсыруында;
- электронды нұсқадағы айтылым субтестінде де тестіленушінің жауабы диктофонға басылады;
- арнайы әңгімелесуші тестор болмайды [15, 71].

Әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, ҚАЗТЕСТ жүйесі жылдан жылға жетілдірілуде. Қазіргі айтылым субтестін өткізуде сұхбаттасушы экзаменатор қатыспайды. Тестіленушінің жауабы аудиоға таспаланады. Таспаланған хабарлама бойынша сөйлеушінің ауызша сөйлеу құзіреттілігін бағалау қиынға соғатыны рас. Себебі, ауызша сөйлеудің құрамдастары болып саналатын ым-ишара, дене қозғалысы, бет-әлпетінің өзгеріп отыруы және басқа да бевербалды амалдар ескерілмейді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «ҚАЗТЕСТ қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, айтылым субтестін өткізуде тестіленушілермен арнайы мамандар сұхбаттасатын болады. Әлемдік озық тест үлгілерінің тәжірибесін зерттеп, қазақ тілі бойынша тілдік құзіреттілікті анықтауға арналған тестілерді жетілдіру жұмыстары жалғасын табуы тиіс.

Қорытынды. Айтылым субтесті – бұл тест тапсырушының ауызекі тілдегі коммуникативтік құзыреттілігін жан-жақты бағалауға бағытталған маңызды сынақ түрі. Тесттің форматы мен бағалау критерийлерін білу және оған дұрыс дайындалу табысты нәтижеге жетудің кепілі болып табылады.

Айтылым субтестінің спецификасы бірнеше аспектілерді қамтиды: тест тапсырушының ауызекі түрде ойын еркін және түсінікті жеткізе алу қабілетін бағалау; коммуникативтік құзыреттілікті, яғни әртүрлі жағдайларда тілді қолдана білуді анықтау.

Тестілеу жүйесі бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы ғылыми ұжымдар мен мектептердің тәжірибесіне жүгінбей, еліміздегі тестология саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру оңай емес. Қандай да бір тіл бойынша білімді бағалауға арналған тестілерді құрастыру үшін белгілі бір эталон керегі сөзсіз. АҚШ, Ресей сияқты мемлекеттерде тестология күрделі ізденістерден өтіп, әлемдік тестологияға қомақты материал ұсынып, жоғары мәртебеге ие болып отыр. Бүгінгі таңда қазақ тілі бойынша тестілеу жүйесінде кездесетін көптеген мәселелер дамудың белгілі бір кезеңінде АҚШ пен Ресей Федерациясының академияларында да орын алған. Шетелдегі тілдік тестілеудің тарихи дамуын талдау еліміздегі қазақ тілі бойынша субтестілерді жетілдіріп, тестілеуде қолданылып жүрген сәтсіз не болмаса тиімсіз әдістемелерді қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

Тілдік тестілеудің құрамдастары ретінде сипатталатын субтестілер білімді бағалау құралы ретінде анықталады және мемлекеттік тілді меңгеруге, тілді үйрену әрекетін дамытуға және ынталандыруға бағытталған тетіктің маңызды қызметін атқарады. Қазақ тілі бойынша білімді бағалауда отандық ҚАЗТЕСТ жүйесі қолданылады. Елімізде тілдік білімді тест түрінде бағалау мемлекеттік деңгейдегі іс-шара ретінде қарастырылып отыр. Себебі, мемлекеттік тіл бойынша тестілеу жүйесін регламенттеу тілді білуге қойылатын талаптарды анықтау, тілдік білімді бағалау және оны үйрену әрекетін ынталандыру секілді маңызды қызметтерді іске асыруға септігін тигізеді.

Қазіргі лингвистика мен лингводидактикада қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеру деңгейін өлшеу мақсатында әртүрлі тестілік жүйелер тәжірибеге енді. Алайда тестілік жүйелерде жазылым, оқылым, тыңдалым және лексика-грамматика бөліктерінен басқа айтылым бөлігі бойынша субтестінің жарамдылығы мен шынайылығы әлі де айқын емес. Осымен байланысты қазақ тілін тестілеу жүйесінің айтылым субтесті мен ағылшын және орыс тілдері бойынша айтылым субтестілерін салыстыру нәтижесінде анықтаған айырмашылықтар көптеген мәселенің шешімін табуға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Бахарлу Х. Из истории стандартизованных языковых тестов IELTS и TOEFL (на основе анализа соответствия теориям языкового тестирования) // Молодой ученый. – No 8 (88). – 2015. – С. 1089-1094.

2. Цатурова И.А., Балуян С.Р. Тестирование устной коммуникации: учеб.-метод. пос. – М.: Высшая школа, 2004. – 127 с.

3. Luoma S. Assessing Speaking. – Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – P. 373-381.

4. Isaacs T. Assessing speaking, in Handbook of Second Language Assessment. eds D. Tsagari J. Banerjee. Boston MA. – Vol. 12. – Berlin: De Gruyter, 2016.– P. 131-146.

5. Федоров С.И. Тестирование в обучении иностранному языку // ИЯШ. 1986. – №2. – С. 16-20.

6. Геллерштейн С.Г. Прогностическая ценность тестов в связи с упражнениями // Тесты. (Теория и практика). – М.: Наука, 1928. – С. 37-53.

7. Cattell J. McK. (1890). Mental tests and measurements. – Mind, 1890. – P. 373-381.

8. Fulcher G. Assessing second language speaking. Language Teaching, 48. – 2015. –P. 198–216. DOI: https://doi.org/10.1017/S0261444814000391.

9. Carter R., McCarthy M. Spoken grammar: Where are we and where are we going? Applied Linguistics, 38. – 2017. – P. 1-20. DOI: https://doi.org/10.1093/applin/amu080.

10. Яковлева А.С. Об особенностях подготовки к субтесту «Говорение» в структуре международного экзамена IELTS. В Сб.: Мир без границ: русский язык как иностранный в международном образовательном пространстве. Материалы Международной научно-практической конференции. Псков. – 2020. – С. 336-342

11. Sharpe P.J. TOEFL IBT. – 13th ed. / P.J. Sharpe. - N.Y.: Baron's Educational series. – 2006. – 817 p.

12. Bakri H. Evaluating and Testing English Language Skills: Benchmarking the TOEFL and IELTS Tests // International Journal of English Linguistics, 12(3). – 2022.

13. Umirov S. The Future of Language Assessment: Enhanced TOEFL IBT takes the Lead over IELTS for Students' Success // American Journal of Philological Sciences. – 2023, 3(07). – P. 47-55.

14. Захарова А., Лукьянов Е., Парецкая М., Шакира Г. Учебно-тренировочные тесты по русскому языку как иностранному B2-C1: Учебное пособие, Выпуск 4. Аудирование, Говорение. – СПб.: Златоуст, 2012. – 168 с.

15. Абдыхаликов А., Оценка уровня владения государственным языком гражданами в Республике Казахстан. Педагогическиеизмерения.–Обществосограниченнойответственностью «Научно-исследовательский институт школьных технологий». – 2012. – С. 71-74.

Ж.Ж. КУЗЕМБЕКОВА, Ж.О. ДЕМЕСИНОВА
Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

СТРУКТУРА И СИСТЕМА ОЦЕНОК СУБТЕСТОВ ПРОИЗНОШЕНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается субтест говорения как один из сложных форм языкового тестирования. Оценка навыков произношения предполагает определение не только уровня языковых знаний, но и коммуникативной компетентности, уровня правильного использования языковых единиц, системного изложения мысли, овладения культурой речи и прагматическими возможностями. Рассматриваемая в статье проблема связана с растущим интересом к организации системы контроля и оценки устной речи. Система тестирования для оценки знаний казахского языка, включающая субтест по говорению, представляет интерес для ученых в связи с отсутствием научных исследований по этому вопросу. В работе будут освещены особенности разработки и реализации тестов, а также возможности применения тестирования как результат исследований в этой области. В работе рассматриваются научные, теоретические и прикладные аспекты методов определения языковых навыков и уровня владения языком в

области языкового тестирования, а также анализируется ряд мировых систем тестирования с использованием описательного метода.

Ключевые слова: тест, тестология, языковое тестирование, говорение, речь, языковые навыки.

J.J. KUZEMBEKOVA, J.O. DEMESSINOVA
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

STRUCTURE AND EVALUATION SYSTEM OF PRONUNCIATION SUBTESTS

Annotation. The article discusses the speaking subtest as one of the complex forms of language testing. Assessment of pronunciation skills involves determining not only the level of language knowledge, but also communicative competence, the correct use of language units, systematic expression of thoughts, mastery of speech culture and pragmatic capabilities. The problem considered in the article is related to the growing interest in organizing a system of control and assessment of oral speech. The testing system for assessing knowledge of the Kazakh language, including the speaking subtest, is of interest to scientists due to the lack of scientific research on this issue. The work will highlight the features of the development and implementation of tests, as well as the possibilities of using testing as a result of research in this area. The work considers scientific, theoretical and applied aspects of methods for determining language skills and language proficiency in the field of language testing, and also analyzes a number of world testing systems using the descriptive method.

Key words: test, testology, language testing, speaking, speech, language skills.

References

1. Baharlu H. İz istorii standartizovannyh iazykovyh testov IELTS i TOEFL (na osnove analiza sootvetstvia teoriam iazykovogo testirovania) // Molodoi uchenyi. – No 8 (88). – 2015. – S. 1089-1094.

2. Saturova İ.A., Baluian S.R. Testirovanie ustnoi komunikasii: ucheb.-metod. pos. – M.: Vysşaia şkola, 2004. – 127 s.

3. Luoma S. Assessing Speaking. – Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – P. 373-381.

4. Isaacs T. Assessing speaking, in Handbook of Second Language Assessment. eds D. Tsagari J. Banerjee. Boston MA. – Vol. 12. – Berlin: De Gruyter, 2016.– P. 131-146.

5. Fedorov S.İ. Testirovanie v obuchenii inostrannomu iazyku // İAŞ. 1986. – №2. – S. 16-20.

6. Gelerştein S.G. Prognosticheskaia senöst testov v sväzi s uprajneniami // Testy. (Teoria i praktika). – M.: Nauka, 1928. – S. 37-53.

7. Cattell J. McK. (1890). Mental tests and measurements. – Mind, 1890. – P. 373-381.

8. Fulcher G. Assessing second language speaking. Language Teaching, 48. – 2015. –P. 198–216. DOI: https://doi.org/10.1017/S0261444814000391.

9. Carter R., McCarthy M. Spoken grammar: Where are we and where are we going? Applied Linguistics, 38. – 2017. – P. 1-20. DOI: https://doi.org/10.1093/applin/amu080.

10. İakovleva A.S. Ob osobenostäh podgotovki k subtestu «Govorenie» v strukture mejdunarodnogo ekzamena IELTS. V Sb.: Mir bez granis: ruski iazyk kak inostrannyi v mejdunarodnom obrazovatelnom prostranstve. Materialy Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. Pskov. – 2020. – S. 336-342.

11. Sharpe P.J. TOEFL IBT. – 13th ed. / P.J. Sharpe. - N.Y.: Baron's Educational series. – 2006. – 817 p.

12. Bakri H. Evaluating and Testing English Language Skills: Benchmarking the TOEFL and IELTS Tests // International Journal of English Linguistics, 12(3). – 2022.

13. Umirov S. The Future of Language Assessment: Enhanced TOEFL IBT takes the Lead over IELTS for Students' Success // American Journal of Philological Sciences. – 2023, 3(07). – P. 47-55.

14. Zaharova A., Lükänov E., Pareskaia M., Şakira G. Uchebno-trenirovochnye testy po ruskomu iazyku kak inostrannomu V2-S1: Uchebnoe posobie, Vypusk 4. Audirovanie, Govorenie. – SPb.: Zlatous, 2012. – 168 s.

15. Abdyhalikov A., Osenka urovnä vladenia gosudarstvennym iazykom grajdanami v Respublike Kazahstan. Pedagogicheskie izmerenia. – Obşestvo s ogranichennoi otvetstvenöstü «Nauchno-issledovatelski institut şkölnyh tehnologi». – 2012. – S. 71-74

Авторлар туралы мәлімет:

Күзембекова Жанна Жалайырқызы – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Кузембекова Жанна Жалаировна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Казахского национального университета им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Kuzembekova Zhanna Zhalairovna – doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Демесінова Жұлдыз Октябрьқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Демесинова Жулдыз Октябриновна – докторант Казахского национального университета им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Demessinova Zhuldyz Oktabrinovna – doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Техникалық редакторлар: **М. Аманғазықызы, А.Т. Жұмсақбаев**

Компьютерде беттеген: **Ж.Қ. Оспан**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. 2025. – 3.
– Астана: А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты.
– 228 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.